

Ж О Ғ А Р Ы Б І Л І М



Б. Боранбаева

Орта ғасырлар тарихы



FOLIANT

УДК 94(100)'' 05

ББК 63.3 (0) 4

Б 76

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жасаратылыстану
ғылымдар мамандықтары секциясы (№2 хаттама, 30 мамыр 2012 ж.) ұсынған*

Пікір жазғандар:

Мұсаметханұлы Н. – тарих ғылымдарының докторы, профессор;

Сайлан Б. – тарих ғылымдарының докторы, профессор;

Құрманалин С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Боранбаева Б.

Б 76 Орта ғасырлар тарихы (V ғ. екінші жартысы – XVII ғ. ортасы): Оқу құралы. –
Астана: Фолиант, 2013. – 256 бет.

ISBN 978-601-292-700-9

Автордың жоғары оқу орнында оқытылатын «Орта ғасырлар тарихы» пәнінің типтік бағдарламасына негіздеп дайындаған бұл оқу құралында феодалдық қоғамдық-экономикалық формацияның теориялық-методологиялық аспектілеріне баса назар аударылып, ортағасырлық қоғамның дамуындағы маңызды тарихи үдерістер баяндалады. Ортағасырлық Еуропа мемлекеттері және Қытай, Жапония сияқты шығыс елдерінде феодалдық қатынастардың қалыптасуы, феодалдық қоғамның орнауындағы өзіне тән ерекшеліктер қарастырылады.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистрларға, дүниежүзі орта ғасырлар тарихына қызығушылық танытушы тарихшы мамандарға арналған.

УДК 94(100)'' 05

ББК 63.3 (0) 4

ISBN 978-601-292-700-9

© Боранбаева Б., 2013

© «Фолиант» баспасы, 2013

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	5
Кіріспе.....	7

I бөлім. Ерте орта ғасырлар

1.1. IV ғ. аяғы – XI ғ. ортасындағы Еуропа	11
1.2. Батыс Рим империясының құлауы және жаңа патшалықтардың пайда болуы.....	16
1.3. Франк державасындағы феодализмнің дамуы. Меровингтер патшалығы.....	24
1.4. IV-VII ғасырлардың бірінші жартысындағы Византия (Шығыс Рим) империясы.....	33
1.5. XI ғасырдың аяғындағы Батыс Еуропаның феодалдық құрылымының негізгі сипаты.....	41
1.6. VIII-X ғасырлардағы Италия	49
1.7. IX-XI ғасырлардың басындағы Германия.....	53
1.8. XI ғасырдың ортасына дейінгі Англия	56
1.9. VIII-XI ғасырлардың ортасындағы Испания.....	63
1.10. Қытайда феодалдық қатынастардың қалыптасуы (III-X ғғ.).....	69
1.11. Ерте орта ғасырлардағы Жапония (III-IX ғғ.).....	75

II бөлім. Дамыған орта ғасырлар

2.1. Орта ғасырлық калалардың пайда болуы мен дамуы.....	85
2.2. Крест жорықтары және Батыс пен Шығыс	91
2.3. XI-XV ғасырлардағы Франция	97
2.4. XI-XV ғасырлардағы Англия	103
2.5. XIV-XV ғасырлардағы Германия.....	110
2.6. XI-XV ғасырлардағы Италия	115
2.7. X-XV ғасырлардағы Қытай.....	121
2.8. X-XV ғасырлардағы Жапония	128

III бөлім. Кейінгі орта ғасырлар

3.1. Батыс Еуропа елдерінде капиталистік қатынастардың пайда болуы	138
3.2. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Германия.....	145

3.3. Швейцариядағы реформация. Еуропадағы контрреформация.....	153
3.4. XVI–XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Италия.....	159
3.5. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Англия.....	165
3.6. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Франция.....	174
3.7. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар.	185
3.8. Қытайдағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі және XVII ғасырдағы шаруалар көтерілісі.....	191
3.9. Жапонияның бірігуі	195
Тест сұрақтары.....	201
Тест сұрақтарының жауаптары.....	246
Глоссарий.....	247
Орта ғасырлар тарихының хронологиялық кестесі.....	250
Әдебиеттер.....	255

III бөлім. Кейінгі орта ғасырлар ББК 63.3.04 50 900104.05

АЛҒЫ СӨЗ

Дүниежүзі орта ғасырлар тарихы – әлем тарихының ежелгі дүние мен жаңа заман аралығындағы тарихи кезең. Еуропа құрлығында 12 ғасырға созылған бұл тарихи кезең Азияда одан да ұзақ уақытты камтиды. Бұл кезеңде феодалдық қоғамның қалыптасуы, дамуы және ыдырауы сынды үдерістер болып өтті.

Жоғары оқу орындарының студенттері мен магистрларына арналған бұл оқу құралы V-XVII ғасырлардағы дүниежүзі орта ғасырлар тарихының үш кезеңін қысқаша баяндайды.

V ғасырдың аяғынан XI ғасырдың ортасына дейінгі мезгіл орта ғасырлардың бірінші кезеңі болып саналады. Бұл үстемдік етуші өндіріс тәсілі ретінде феодалдық құрылыстың қалыптаса бастаған кезеңі болып табылады; екінші кезең – XI ғасырдың ортасы мен XV ғасырдың аяғын камтиды. Бұл кезең феодалдық құрылыстың дамып шарықтауымен ерекшеленеді; үшінші кезеңі – кейінгі орта ғасыр, яғни XVI ғасырдың бірінші жартысынан XVII ғасырдың ортасына дейінгі мезгіл. Бұл кезеңде Еуропада феодалдық қоғамдық жүйе ыдырап, оның орнына жаңа капиталистік қатынастар пайда болып, үстемдік ала бастады.

Құлиеленушілік қоғаммен салыстырғанда феодалдық құрылыстағы қоғамның әлдеқайда прогрессивті екені белгілі. Жер үлесіне ие болған шаруалар еңбек өнімділігін арттыруға мүдделі болып отырды. Бұл мүдделілік оларды жер мен жекебас тәуелділігінен құтқарды. Феодалдық қоғамда сауданың ұлғаюына негіз болып, мәдениет ошағына айнала бастаған қалаларда ұсақ тауарлы өндірістің дамуы сақталып отырды. Қалаларда алғашқы капиталистік кәсіпорын – мануфактуралар мен буржуазиялық қоғамның жаңа таптары қалыптасты. Тауарлы-ақша шаруашылығының дамып ұлғаюының нәтижесінде аграрлық қатынастардың сипаты өзгеріп, кейбір жерлерде капиталистік типтегі фермерлік шаруашылықтардың түрлері пайда бола бастады.

Аталмыш оқу құралында феодалдық қоғамдық-экономикалық формацияның теориялық-методологиялық аспектілері және ортағасырлық қоғам дамуының кезеңдеріндегі маңызды тарихи үдерістер назарға алынып, Еуропаны негіз ете

отырып, Қытай, Жапония сияқты шығыс елдерінің ортағасырлық тарихы да қарастырылады.

Дүниежүзі орта ғасыр тарихы болып саналатын V-XVII ғасырлардағы феодалдық қоғамның он екі ғасырлық даму үдерісін концептуалды пайымдауды көздеген бұл оқу құралының негізгі құрылымдық компоненттерін кіріспе және орта ғасырлар тарихының негізгі кезеңдері бойынша алынған үш негізгі бөлім, пайдалануға ұсынылған әдебиеттер, сондай-ақ жалпы курстық білім деңгейін тексеруге арналған тест сұрақтары мен оның дұрыс жауаптары, орта ғасырлар тарихының басты оқиғаларының кестесі, түсіндірмелі сөздіктер (гlossарий) және тақырыптық карталар мен суреттер топтамасы құрайды. Оқу құралына енгізілген әрбір тақырыптың соңынан студенттердің білімін пысықтауға көмектесетін бақылау сұрақтары берілді.

Осы оқу құралын дайындауда негізге алып пайдаланған еңбектердің қатарына көрнекті кеңестік медиевист ғалымдар З.В. Удальцова, С.П. Карпов, С.Д. Сказкин және Н.Ф. Колесницкийдің редакциялық басқаруымен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналып жазылған «Орта ғасырлар тарихы» оқулықтарымен бірге көптеген елдерде жарық көрген монографиялар, ғылыми мақалалар (еңбектер әдебиеттер тізімінде көрсетілді) жатады. Сонымен қатар Шығыстағы Қытай, Жапония елдерінің ортағасырлық тарихы үшін Н. Алдабектің авторлығымен жазылған «Қытай тарихы» оқулығы, «История Востока» деп аталатын VI томдық энциклопедиялық еңбектің II, III томдары (История Востока в шести томах. Т. 2; Восток в средние века – М.: Изд. «Восточная литература» РАН, 1999. Т. 3; Восток на рубеже средневековья и нового времени XVI-XVIII вв. – М.: изд. «Восточная литература» РАН, 1999.) пайдаланылды.

«Орта ғасырлар тарихы» оқу құралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен Қазақстан Республикасы жалпыға бірдей міндетті Мемлекеттік білім беру стандарты бойынша жоғары оқу орнында оқытылатын «Орта ғасырлар тарихы» пәнінің типтік бағдарламасына негізделіп жазылды.

Автор отандық жоғары оқу орындарындағы тарих мамандығы бойынша білім алатын қазақ топтарына арналған мемлекеттік тілде жазылған оқулықтардың тапшылығын ескере отырып, студенттердің ортағасырлық дүниежүзі тарихын өз ана тілінде оқып-үйреніп, ғылыми түсінік-танымдарын кеңейтуіне септігі тисін деген ізгі ниетпен көпжылдық оқу тәжірибесіне сүйене отырып жазылған оқу құралын ұсынып отыр.

КІРІСПЕ

Тарихтану ғылымында адамзат тарихын белгілі бір тарихи кезеңдерге бөліп қарастыру қалыптасқан қағида. Сол бойынша алдымен қарастырып отырған кезеңдегі тарихи дәуірлер мен маңызды ұғымдық терминдерді анықтап алуды жөн көрдік.

Тарих ғылымындағы «орта ғасырлар» және «феодализм» терминдерінің мазмұны. «Орта ғасырлар» терминін (латын тілінде «medium aevum» деп аталған) XV-XVI ғасырларда Италияның гуманистік бағыттағы әдебиетшілері мен тарихшылары кеңінен қолдана бастады. Тарих ғылымы дамуының әр түрлі кезеңдерінде түрлі мазмұнда түсіндіріліп келгендіктен, бұл атау шартты түрде қолданылып келеді.

Адамзат даму тарихын «көне заман», «орта ғасырлар», «жаңа заман» кезеңдеріне бөлген XVII-XVIII ғасыр тарихшылары, антикалық дәуір мен жаңа заман арасындағы «орта ғасырлар» дәуірінде мәдениеттің терең құлдырауы болды деген тұжырым жасады. Жалпы буржуазиялық тарихшылар «орта ғасырлар» ұғымы туралы бірыңғай ортақ ғылыми анықтамаға келе алған жоқ.

Маркстік-лениндік тарих ғылымы бұл дәстүрлі дәуірге бөлу туралы пікірге мүлде өзгеше мазмұн береді. Тарихи даму үдерісін қоғамдық-экономикалық формациялардың заңды түрде орын алмастыруы деп түсінген марксист тарихшылар, феодалдық өндіріс әдістеріне негізделген орта ғасырлар дәуірі құлнеленушілік құрылыспен орын алмастырып, кейін тарихи аренадағы өз орнын жаңа заман кезеңінде капитализмге ауыстырды деп санайды. Олардың пікірінше, орта ғасырлар феодалдық әлеуметтік-экономикалық формацияның қалыптасу, даму және құлдырау дәуірі ретінде анықталады.

Бүгінгі күні Еуропа және Азия құрлығында тұрып жатқан халықтардың барлығы, сондай-ақ Африка, Латын Америка халықтарының көпшілігі дерлік өзінің даму тарихында феодалдық формация кезеңінен өтті. Демек олар орта ғасырлар дәуірі кезеңін басынан кешірді. Сондықтан буржуазиялық тарихнама ғылымында түсіндіріліп келгендей, орта ғасырлар ұғымы батысеуропалық немесе Еуропа халықтарының тарихына ғана қатысты емес, оған дүниежүзілік тарихи маңыз беріледі.

Еуропадағы орта ғасырлар дәуірін кезеңдерге бөлу. Дүниежүзі елдері феодализмге бір мезгілде өткен емес. Сондықтан орта ғасырлар дәуірінің хронологиялық шеңбері түрлі континенттер мен кейбір жеке елдер үшін әр түрлі тарихи дәуірлермен анықталады.

Құл иеленуші құрылыстың ішкі дағдарысы салдарынан Рим империясы құлады. Таптық күрестің шиеленісуі терең дағдарысқа соғып, Рим империясын көршілес герман және славян тайпаларының «варварлық» шабуылы алдында дәрменсіз күйге түсірді. Герман тайпаларының мемлекет территориясына баса-көктеп енуі империяның ыдырауын және құлиеленушілік құрылыстың жойылуына әкелді. Сөйтіп орта ғасырлар дәуірін ежелгі дүние тарихынан бөліп көрсететін терең әлеуметтік төңкерістің негізі пайда болды.

Жалпы Еуропа тарихында аса зор маңыз алатын, Батыс Еуропада капиталистік құрылыс үстемдігінің негізін қалаған 1640-1660 жылдардағы бірінші буржуазиялық Ағылшын революциясы орта ғасырлар мен жаңа заман аралығын анықтаған тарихи көрсеткіш болды.

Батыс және Орталық Еуропа елдерінің тарихында V ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың ортасына дейінгі аралықта – он екі ғасырға созылған ортағасырлық кезең алып жатыр. Қоғам дамуының бұл кезеңінде өндірістік күштердің өсуімен бірге феодалдық әлеуметтік-экономикалық қоғам да ілгері жылжып отырды. Сол уақытта өндірістік қатынастардың сипаты өзгеріп қана қоймай, феодалдық мемлекеттердің әлеуметтік құрылымымен бірге саяси келбеті де өзгерістерге ұшырады. Сондықтан тарихнама ғылымы орта ғасырлар тарихын негізгі үш кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезеңі – V ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың ортасына дейінгі (ерте ортағасырлық – ерте феодалдық) кезең. Бұл – үстемдік етуші өндіріс тәсілі ретінде феодалдық құрылыстың қалыптаса бастаған кезеңі. Екінші кезеңі – дамыған феодалдық кезең – XI ғасырдың ортасынан XV ғасырдың аяғына дейін, бұл тұста феодалдық құрылыстың шарықтап өркендеу дәуірі болды. Үшінші кезеңі – кейінгі ортағасырлық кезең, яғни XVI ғасырдың бірінші жартысынан XVII ғасырдың ортасы, феодалдық қоғамның ыдырауы және феодалдық құрылыс қойнауында жаңа капиталистік қатынастардың пайда болып, дами бастаған кезеңі.

Феодалдық құрылыстың мәні. Орта ғасырлар тарихы адамзат өмірінің аса маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Ол құлиеленушілік құрылыстың орнына феодалдық құрылыстың келуімен анықталды. Феодалдық құрылыс бұрынғы құлиеленушілік қоғамға қарағанда озық құрылыс болды. Қоғамның негізгі өндіргіш күші – еңбекші халық бұқарасының еңбек өнімділігін арттыра түсуге деген ынтасы феодалдық құрылыс кезеңінде әлдеқайда өсе түсті.

Орта ғасырларда дүниежүзіндегі халықтар мен мемлекеттердің даму деңгейі бірдей болмады. Ерте орта ғасырлар мен дамыған феодализм кезінде Шығыс елдері шаруашылығы мен мәдениетінің дамуы жағынан Еуропа елдерінен едәуір алда болып келсе, кейінгі орта ғасырларда, әсіресе қайта өркендеу тұсында Еуропа дамып алға озып шықты.

Батыс Еуропа елдері жаңа капиталистік қатынастарға аяқ басқанда, Шығыста феодализм үстемдігі мызғымай тұрды. Тіпті кейбір Азия мен Африка, Австралия мен Латын Америкасы елдерінде алғашқы қауымдық құрылыстың сарқыншақтары сақталып қалды.

Феодалдық қоғам — феодалдардың жерге жекеменшік өндірістік қатынастарына негізделген қоғамдық-экономикалық формация. Феодалдық қоғамда шаруалар ешуақытта өздері өндейтін жердің иесі болған емес, олар белгілі бір шарт бойынша жерді пайдаланушы ғана болды. Батыс Еуропада феодалдық меншіктің дамыған формасы – «феод» (латынша – «*feodum*»), «феодализм» термині осыдан шыққан, жерге мұрагерлік жеке меншікті бейнелейді, ол міндетті түрде әскери қызмет атқарумен, жоғары мәртебелі сеньордың пайдасына басқа да міндеткерліктерді атқарумен тығыз байланысты болды.

Жоғары мәртебелі сеньор және кейде одан жоғары тұрған сеньорлар да заң жүзінде сол феодтың меншігі болып саналды. Феодалдық қоғамда жер меншігін бөлу, сонымен бірге феодалдар тобына бағынушылық құрылым сипатын қалыптастырды. Феодалдар арасындағы қарым-қатынас саты түрінде ұйымдық құрылым тәріздес болды. Әр жоғары саты төмендегінің сеньоры, ал төмендегілер вассалы немесе вассалдың вассалы болып бағыну жүзеге асырылды. Шаруалар феодалдық сатыға енбеді. Жер иелену және вассалдық байланыстар арқылы үстем таптың барлық топтарының өкілдерін біріктірген бұл феодалдық иерархия қоғам үшін шаруаларды қанауды ұйымдастыру мен олардың қарсылық наразылықтарын жаныштаудың маңызды құралына айналып отырды. Феодалдар мен шаруалар антагонистік таптар ретінде бір-біріне қарама-қарсы тұрды. Шаруаларды қанау феодалдық рента түрінде жүргізілді. **Феодалдық рентаның үш формасы болды:** 1. Жұмыспен өтеу түріндегі рента (барщина); 2. Өнімдік рента (заттай натуралды оброк); 3. Ақша түріндегі рента (салық – ақшалай төлем түрінде жүргізілді). Көп жағдайда рентаның осы үш түрін бір мезгілде атқару талабы қойылып отырды.

Бақылау сұрақтары

1. Орта ғасырлар тарихы қандай үш кезеңге бөлінеді?
2. Орта ғасырлар тарихының үш кезеңінде шаруашылықта қандай өзгерістер орын алғанын анықтаңыз.
3. Орта ғасырлар кезеңі жалпы тарихта қандай орын алады?
4. Орта ғасырлар тарихы қай ғасырлар аралығын қамтиды?
5. Феодалдық құрылыс, құлиеленуші құрылысқа карағанда, анағұрлым жоғары болғанын дәлелденіз.
6. Феодалдық құрылыс өз орнын капиталистік құрылыспен ауыстыруға тиісті болғаны неліктен?
7. Феодалдық құрылысқа көшу әр халықта қалай өтті?
8. Таптардың пайда болуына байланысты мемлекеттің пайда болу себебі неде?
9. Феодалдық құрылыстың құлиеленушілік құрылыстан қандай айырмашылығы болды?
10. Шаруалар феодалдарға қандай басты-басты міндеткерліктер атқарды?
11. Дамыған орта ғасырлар кезеңімен салыстырғанда, кейінгі орта ғасырлар дәуірінде шаруашылықта қандай өзгерістер болды?

I бөлім

ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАР

1.1. IV ғ. аяғы – XI ғ. ортасындағы Еуропа

1. Құлдық қоғамның дағдарысы
2. Колонат эволюциясы. Эмфитев-енс. Прекарий
3. III-IV ғасырлардың аяғындағы Рим империясының қоғамдық және мемлекеттік құрылымы

Құлдық қоғамның дағдарысы. IV ғасырдың соңында Рим империясының құрамына Еуропаның едәуір бөлігі (бүтіндей дерлік Батыс Еуропа, Дунайдың оңтүстік жағалауындағы облыстар, Балкан түбегі, Жерорта теңізіндегі аралдар), Солтүстік Африка мен Египет, сонымен қатар Азияның бірқатар елдері (Кіші Азия, Қара теңіздің шығыс жағалауы, Месопотамияның бір бөлігі, Сирия, Палестина) кірді.

IV-V ғасырларда Рим империясы қатты күйзеліске ұшырады. Шаруашылықтың негізі болған егіншілік өнімі төмендеді. Өңделмей бос жатқан жерлер көбейіп, ауылшаруашылық өнімдерін шығаратын құл иеленуші

шаруашылықтардың саны азайды. Оның есесіне мал шаруашылығын экстенсивті дамыту үшін жерін пайдаланған ірі имениелер саны көбейді. Сауда айналымы төмендеп, қолөнер кәсібі күйзеліске ұшырады. Қалалар өзінің бұрынғы маңызын жоғалтып, қоғамдық өмірдің ауыртпалығы қаладан ауылдарға ауыса бастады. Ірі жер иеленушілер жеке құрал-саймандарымен өз шаруашылығының қажетін өтеуге тырысып отырды. Ірі шонжарлардан жер алған колондар өндірілген өнімнің бір бөлігін рента түрінде жер иесіне төлеуге міндетті болды. Мемлекет халықтан салықты заттай жинауға көшті, яғни чиновниктер мен армия үшін еңбекақыны заттай төлеуге мәжбүр болды. Аймақтардың (провинциялар) арасындағы бұрынғы экономикалық әлсіз байланыс одан әрі әлсірей түсті. Рим империясында сауда, тауар-акша қатынасы мүлдем жойылмағанымен, тауар айырбас саудасы төмендеп, тауар-акша қатынасының шеңбері барған сайын тарыла түсті.

Рим империясындағы экономикалық дағдарыс, қоғамның ішкі қайшылықтарын тудырды. Құлиеленушілік қатынастарға негізделген өндірістің даму мүмкіндіктері жыл өткен сайын әлсіреп, өндіргіш күштердің одан әрі дамуына кедергі келтірді. Құлдардың еңбегінің өнімсіздігімен бірге олардың өндірген өнім сапасы да төмен болды. Әсіресе, империяның батыс провинцияларының экономикалық құлдырауының бірте-бірте күшеюі, б.з. II ғасырының соңында-ақ Рим империясында басталған құлиеленушілік өндірістік тәсілдің зардабынан туындаған дағдарыс орын алды. Өйткені құлиеленушілік қоғамның ішкі қайшылықтарының шиеленісуі осы дағдарысқа әкеліп соқты. Құл еңбегімен құлиеленушілік қатынастарға негізделген өндірістің даму мүмкіндігі барған сайын тарыла түсті. Құлдық өндіргіш күштердің дамуына тежеу болып отырды. Қоғамда құлдардың өз еңбегінің жемісін көруге құштарлығының болмауы, қандайда болмасын техникалық прогрестің дамуына кедергі жасаушы басты фактор болды. Рим империясындағы ірі жер иеленушіліктің ұдайы өсіп отыруымен бірге, құлдардың еңбек өнімі бұрынғыдан да төмендей түсті. Өйткені үлкен жер иеліктеріндегі құлдар еңбегін бақылау жасау жүйесі де әлсірей бастаған еді. Сонымен бірге елде жұмыс күшімен камту тәртібі де үлкен өзгерістерге

ұшырады. Рим империясындағы құлиеленушілік қоғамның бірқалыпты шаруашылық жүйесі бағындырылған елдердің халқын зорлықпен әкеліп құлдыққа салу арқылы ішкі рынокты үнемі толықтырып отыруға негізделген еді. Енді Рим әскери күшінің әлсіреуімен бірге мұндай мүмкіндіктен айырыла бастады. Құл еңбегіне негізделген ірі жер иеленушіліктің өсуі Рим әскерінің басым бөлігін құрайтын ұсақ және орташа шаруалардың күйзелісіне әкеліп соғып, Рим мемлекетінің әскери күшін әлсірете түсті. Жаулап алу соғыстарының азайып, әскер күшінің әлсіреуі арзан құлдар көзінің қорын тауысты.

Рим империясының экономикалық және саяси жағдайларының осындай өзгерістерге ұшырап, әлсіреуі құл еңбегін қанау әдістерін өзгертуді талап етті. Құлдарды жерге отырықшыландырып, оларға жер телімдері мен барлық қажетті құрал-саймандар берілді. Енді құлдар өздеріне тиесілі жерден алынған өнімнің бір бөлігін ғана қожасына беріп, жер иесінің жерінде жұмыс істеуге тиіс болды.

Мұндай үлес жер беріліп отырықшыландырылған құлдардың жағдайы екі жақты көрініс алды. Біріншіден, олар болашақ ортағасырлық басыбайлы шаруалар секілді дербес шаруашылық кәсібін жүргізді, жекеменшік иелігінде құрал-сайман-

дары, мал мүлкі (пекулиі) болды. Құл еңбегін қанаудың бұл жаңа әдісі құлдардың еңбекке деген құштарлығын оятып, оның шаруашылық өнімін көбейтуіне септігін тигізді. Екіншіден, құлдар мүлкімен бірге өзінің қожасының меншігі болып отырғандықтан, отырықшыландырылған құлдардың жағдайы тұрақты болмады.

Құлиеленушілік шаруашылық жүзесінің құлдырауы нәтижесінде еркіндікке жіберілген құлдар саны өсе түсті. Империяның кейінгі кезеңінде шаруашылықтан құлдарды босату тәжірибесі ұлғайды. Әдетте еркіндік берілген құлдар император именован, шонжарлардың, шіркеудің жерлерін тұтынушыларға айналды. Құлдарға еркіндік беріп және оларға жер учаскелерін берудегі басты мақсат олардың еңбек өнімділігін жақсартуына үміт артқандық еді.

Колонат эволюциясы, эмфитевсис, прекарий. Рим империясы экономикасының кейінгі кезеңінде колонаттардың маңызы артты. Империяның алғашқы ғасырларында колонаттар ірі және орташа жер иеленушілердің ұсақ жер алушылары болып, заттай төлем төлеп келді, олар кейде қожасының пайдасына өзге де қызмет түрлерін атқарды, солай бола тұрса да колонаттар толық құқылы ерікті адамдар болып саналды. Империяның кейінгі дәуірінде күйзеліске ұшыраған шаруалар, ұсақ

және орташа жер иелері мен тұтқынға түскен варварлар есебінен колондар саны едәуір көбейіп отырды. Бірте-бірте ірі жер иеленушілерге тәуелді күйге түскен колондардың әлеуметтік жағдайы нашарлай берді. Олардың заңдық мәртебесі де өзгерістерге ұшырады. Ірі жер иеленушілер мен мемлекет мүддесіне үздіксіз салық түсіріп отыру үшін колондарды өздері өндейтін жерге бекітіп еңбек еткізді. Олар ерікті адамдарға тән бірқатар құқықтардан ада болды. Мәселен, заң бойынша олардың меншігі болуы тиіс болмады, өйткені оның мүлкі қожасының иелігіне жатты. Сондай-ақ олардың тұрғылықты мекенжайын еркін ауыстыруға, азаматтық істер бойынша өзінің қожасымен соттасуына (салықтарды дұрыс жинамау талаптарынан басқасы), мемлекеттік лауазымды қызметке ие болу, діни атақ алу сияқты азаматтық құқықтарға ие бола алмады.

Солай бола тұрса да бірқатар ерекшеліктерге ие болған колондар құлдар қатарына қосылмады. Құлдарға қарағанда олар шаруашылықтарын дербес жүргізіп, өздерінің жинаған өнімдерін сата алатын, колондардан жиналатын алым белгіленген мөлшерден аспауы тиіс болды. Сонымен бірге колондар ерікті адамдарға тән мемлекеттік салық төлеу, әскери қызмет атқару, кейбір жағдайларда мырзасының үстінен

мемлекеттік соттарға арыз шағым айту сияқты бірқатар артықшылықтарға да ие болды. Колондарды жерсіз сатуға рұқсат етілмеді.

Сондықтан кейінгі Рим империясындағы колондар егіншілікпен айналысатын ортағасырлық басыбайлы шаруаларға едәуір жақын тұрды. Колондар ортағасырлық басыбайлы шаруалар сияқты жер мен жеке басы тәуелді күйде болса да өзінің дербес шаруашылығын жүргізе алды. Өнімнің косымша бөлігін жер иесіне беріп отырды.

Алайда ортағасырлық басыбайлы шаруалардан колондардың басты айырмашылығы құлиеленушілік қатынастың ықпалындағы колондарды қанау әдістері жерге байланған құлдарды қанау әдісіне тым жақын болды. Сонымен бірге колондардың мүліктік құқының болмауы және заңдық мәртебесінің анықталмауы (кейбір құқықтық қатынас жағдайларында олар құлдармен теңестіріліп отырды) феодалдық қоғамдағы шаруаларға тән болған еңбек күштарлығының артуына кедергі болып отырды. Сондай-ақ колондар ортағасырлық шаруалар сияқты жеке жер иелеріне ғана бекітіліп қана қойған жоқ, құл иеленуші мемлекет тарапынан да қатаң қанауға, екі-жакты зорлыққа ұшырап отырды. Колондардың феодалдық қоғамдағы шаруаларға тән қауымдық ұйымдары болмады.

Рим империясының кейінгі дәуірінде аграрлық құрылыс үшін жер иеленудің эмфитевсис деп аталатын түрі кең тарады. Әдетте эмфитевтер қазына мен шіркеудің ірі иениелерінен жалға жер алушылар болды. Олар жыл сайын жер иелеріне белгіленген төлемдерді өтеуге және шаруашылықты жақсы жүргізіп отыруға тиісті болды. Эмфитевтердің иелік ету құқығының ауқымы кең болған. Мәселен, олар жерлерін арендаға беріп, мұраға қалдыра алатын, тіпті сатуға да құқылы болды. Эмфитевт тиісті төлемді үш жыл мерзім ішінде төлей алмаған жағдайда ғана өзі өлген соң артында мұрагер болмаса немесе иелік ету мерзімі өтіп кетсе (егер ондай мерзім алдын ала белгіленсе) ғана жер өз иесіне қайтарылып берілетін болған.

Құлдар, азат етілгендер, колондармен бірге егіншілікпен айналысатын қаналушы халықтың құрамына ұсақ прекаристер де жатты. Ірі жер иеленушілерден әр түрлі шарттармен жерді пайдалануға алушы еріктілер прекаристер деп аталды. Прекарист пайдалануға алған жерді иесіне тиімді уақытқа дейін ғана пайдалана алатын еді.

III-IV ғасырлардың аяғындағы Рим империясының қоғамдық және мемлекеттік құрылымы. Құлиеленуші құрылыстың дағдарысы Рим империясының қоғамдық-саяси және идеологиялық өміріне де әсерін тигізді. Елдегі тап қайшылығының

шиеленісуі, ішкі аймақтардың орталықтан оқшаулануының өсуі, империя шекарасына сыртқы жаулардың шабуылының күшеюі Рим мемлекетін саяси құрылымдық өзгерістер жүргізуге мәжбүр еткенін байқауға болады. Мемлекетті басқару императордың және император тағайындаған чиновниктердің қолына көше бастады. Император енді шексіз билік иесіне айналды. Елдегі сенаттың маңызы жойылып, орталық пен жергілікті жерлердегі барлық өкімет билігі әскери-бюрократтық аппараттың қолына көшірілді. Қалалар автономиясы да жойылды. Армия қатары енді римдік шаруалардан емес, жалдамалы варварлардан құралды. Алайда империяның әскери-бюрократиялық билікті нығайту мақсатында жүргізген бұл шаралары құлиеленуші мемлекеттің біртіндеп күйреуіне және феодалдық саяси құрылыс элементтерінің қалыптасу үрдісіне кедергі бола алмады. Құлиеленуші құрылыстың дағдарысы жағдайында дүниежүзілік Рим империясы өзінің тұтастығын сақтап қала алмады. Бір жағынан римдік батыс және екінші жағынан шығыс провинциялардың экономикалық, саяси және мәдени жағынан өзара оқшауланулары IV ғасырдың аяқ шенінде (395 ж.) Рим империясының Батыс және Шығыс империя болып екіге бөлінуіне алып келді. Батыс Рим империясы құрамында Италия, Галлия, Британия, Испания, Дунай

жағалауындағы провинциялар (Иллирия, Паннония), сонымен бірге Солтүстік Африка қалды. Балкан түбегі, Кіші Азия, Египет және басқа да шығыстағы провинциялар Шығыс Рим империясы құрамына кіріп, кейіннен Византия деп аталды. Батыс және Шығыс империялар іс жүзінде дербес мемлекеттер болды.

Батыс Рим империясының саяси құрылысының өзгеруі ақсүйек шонжарлар мен шіркеудің дара билік жүргізуінің күшеюінен, жекелей қорғаушылық (патроциния) қатынастардың тамыр жайып таралуынан, жергілікті өкіметтердің орталық үкіметке тәуелділігінің әлсіреуінен және провинциялардың сепаратистік бағыттарының күшеюінен байқалды. Кейбір жағдайларда Батыс Рим мемлекетінде аймақтардағы ірі жер иелеріне колондардан салық жинау, оларды рекурттар есебінде армия қатарына ұсыну құқығының берілуі жергілікті шонжарлар билігінің күшеюіне ықпалын тигізгенін байқау қиын емес. Кейін бұл дара билік шонжарлардың дербестігіне әкеледі. Осылайша дүние мүлкін оқшаулап қалың қабырға, мұнаралармен қоршаған шонжарлар енді өздерінің жеке-дара жалдамалы әскерін ұстады.

Сөйтіп, Батыс Рим империясында Батыс Еуропаның болашақ феодалдық қоғамына тән белгілер – саяси өкіметті ірі жер иелерінің қолына топтастыру кезеңі басталды.

Бақылау сұрақтары

1. Құлиеленушілік құрылыс Рим шаруашылығын неліктен құлдырауға әкелді?
2. Құлиеленуші құрылыста техника дамуының тежеліп отыруының себебін анықтаңыз.
3. Римде таптық күрес неліктен шегіне жете шиеленісті? Ол неге байланысты болды?
4. Жер иелерінің арендаға жер беріп және құлдардың шаруашылық құруына жол беруіне мәжбүр еткен қандай жағдай?
5. Колондар мен құлдардың арасындағы айырмашылық пен олардың ұқсастықтары неде?
6. Эмфитевсис деген не?
7. Прекарий ол...?
8. Ортағасырлық басыбайлы шаруалардан колондардың басты айырмашылығын түсіндіріп беріңіз.
9. Рим империясының құл еңбегін қанау әдістерін өзгертуінің себептерін анықтап сипаттама жасаңыз.
10. Рим империясы қай жылы Батыс және Шығыс империя болып екіге бөлінді?

1.2. Батыс Рим империясының құлауы және жаңа патшалықтардың пайда болуы

1. Халықтардың ұлы қоныс аударуының себептері. Герман тайпаларының көш жолдары
2. Рим империясы құлағаннан кейінгі патшалықтар
3. Жаттардың жаулап алуының нәтижесі мен мәні

Халықтардың ұлы қоныс аударуының себептері. Герман тайпаларының көш жолдары. Біздің заманымыздың IV ғасырының аяғында «халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталатын герман тайпаларының

және басқа да тайпалардың ұлы көші басқыншылық сипатта болды. Олардың шабуылдары күшейіп Рим империясының территориясына жетті. Жат тайпалардың империя жеріне шабуылы герман тайпаларының арасындағы мүліктік және әлеуметтік теңсіздікті тереңдете түсті, сондай-ақ ұлан-байтақ жер мен әскери мол табысты иемденуді көкसेген ру ақсүйектерін Римнің жақсы өңделген құнарлы жерлері мен бай қалалары ерекше қызықтырды. Герман тайпаларының отырықшылық өмірге көшуі нәтижесінде олардың тұрмыс-тіршілігіндегі өзгерістер «Ұлы қоныс аудару» факторларының біріне айналған еді. **Сонымен қатар Азиядан**

барған ғұн тайпаларының сыртқы шабуылының күшеюі де герман тайпаларының қоныс аударуының негізгі себептерінің бірі болды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ғұн тайпалары ұлан-байтақ кеңістікті иемденуге тырысты. Көшпелілердің қалың атты әскерінің шабуылына қарсылық көрсетуге қабілетсіздік танытқан герман тайпалары өз территорияларын қалдырып, енді қоныстануға жарамды жаңа жерлер иемдену үшін көрші тайпалар жеріне баса-көктеп кірумен қатар әлсіреген Рим мемлекетіне қарсы шабуылдарын үдете түсті.

Біздің заманымыздың IV ғасырының аяғынан VI ғасырға дейін болған жат тайпалардың ілгері жылжуы бұрын болған қоныс аударулардан өзінің аумағы мен сипаты жағынан өзгеше орын алды. Өйткені бұл қоныс аударуларға сол кездегі «варвар тайпалар» деп аталатын жат тайпалардың басым бөлігі қатысып, мыңдаған шақырымға көшу арқылы Еуропа құрлығына таралып қоныс тепті.

Ол жат тайпалар Рим мемлекетінің шекаралық аймақтарына ғана емес, империяның ішкі аудандарына да баса-көктеп кірді. Ол кезде күлиеленушілік өндіріс әдісінің дағдарысы тереңдеп, тап тартысының күшейген кезі болатын, сондықтан Рим империясы сырттан келген басқыншыларға қарсы пәрменді қарсылық көрсетуге қауқарсыз болды.

Құлдық қоғамның азабын шеккен құлдар, колондар, тағы да басқа зорлық-зомбылық көрушілер сырттан келген жат елдің шабуылшыларын өздерін азат етушілер деп санады.

Б.з. II ғасырына дейін төменгі Висла бойын мекендеген гот тайпалары солтүстікте Балтық бойында іргелес жатқан аймақтардан Қара теңіз бойына (Днестр мен Төменгі Днепр) қоныс аударды. Днестрден шығыста Қара және Азов теңіздерінің жағалауына дейінгі аймақтарды иемденген готтарды шығыс готтар (остготтар), Днестр мен төменгі Дунайдың бойын мекендеген гот тайпаларын батыс готтар (вестготтар) деп атады. Осы жерден империя территориясына шабуыл жасап отырған готтар римдіктер үшін қорқынышты күшке айналды.

Рим империясы құлағаннан кейінгі патшалықтар. 376 жылы ғұн тайпаларының шабуылынан кейін Дунай арқылы Мезия жеріне келген (қазіргі Болгарияның бір бөлігі) вестготтарды Рим империясы федераттар, яғни өз одақтастары ретінде қабылдап орналастырды. Рим елімен жасалған келісім бойынша вестготтар енді өздерінің басқару жүйесін, әдет-ғұрпын сақтай отырып, шекара күзетінде әскери қызмет атқаратын болды. Ал әскери қызмет атқарушы вестготтарды Рим өкіметі азық-түлікпен қамтамасыз етуге уәде берді. Алайда Рим өкіметі тарапынан бұл келісім жиі бұзылып, уәде орын-

далмады. Сондықтан бір жағынан аштық, екінші жағынан римдік әскери жоғары шенділердің зорлық – зомбылығы мен үстемдігіне шыдамаған вестгот әскерлері римдіктерге қарсы көтеріліске шығады. Вестготтарды қолдап көтеріліске герман тайпаларының бір бөлігі қосылады. Сондай-ақ Фракия рудниктеріндегі кен қазушылар мен римдік құлиеленушілердің қол астындағы варвар-германдықтар да көмекке шығады. 378 жылы Адрианополь түбіндегі шайқаста римдіктер готтардың атты әскерінен жеңіліп, император Валент қаза табады.

382 жылы Рим императоры Феодосий вестготтар көтерілісін басып, оларды одақтастар (федераттар) ретінде Мезия, Фракия мен Македония жерлеріне орналастырды. Бірақ 395 жылдан кейін вестготтар король сайланған аксүйек Балт руынан шыққан әскери тапқыр көсем Аларихтың басқаруымен тағы да көтеріліске шықты. Рим әскерлері көтерілісті талқандағанмен, Балкан түбегінің батысындағы бай аймақ Иллирияны вестготтарға беруге мәжбүр болды. Алайда вестготтар мұнымен тынбады. V ғасырдың басында вестготтардың римдіктермен мұнан кейінгі күресі Батыс империяға ауысып, V ғасырдың басында олар Италия жерлеріне басып кірді. Бірнеше жылдар бойы Вестготтардың Римге қарсы жасаған әскери жорықтарының нәтижесі олардың одақтастық тура-

лы келісімдерімен аяқталып отырды. Алайда вестготтармен шешуші шайқастар жүргізген қолбасшы Стилихонды Рим үкіметі орнынан алып, дарға асып өлтірген соң, 408 жылдан бастап вестготтардың шабуылы бұрынғыдан да үдей түсті.

Аларих бастаған вестготтар жағына Стилихон әскерінен көптеген варвар – германдықтар мен римдік құлдар өтіп отырды. Аларих бірнеше рет Римді қоршауға алып, ақыры 410 жылы қаланы талқандап, талан-тараж етті. Дегенмен, вестготтар азық-түлік тапшылығына байланысты Италияда ұзақ тұра алмады, өйткені бұл ел талқандалғаннан кейін Африка наместнигі Италияға астық жеткізуді тоқтатқан еді. Сондықтан вестготтардың Сицилияға, одан әрі Африкаға өту жоспарлары сәтсіз аяқталғаннан кейін, олар әскери көсем Аларихтың мирасқоры Атаульфтің бастауымен Оңтүстік Галлия жеріне өтті.

Багаудтардың халық көтерілісі мен император тағына үміткерлердің бүлігі, әр түрлі жат тайпалардың шапқыншылығы Галлиядағы Рим билігін әлсірете түсті. Сондықтан Галлияға басып кірген вестготтарға тойтарыс беруге Рим өкіметінің дәрмені жетпеді. Ұзақ жылдарға созылған күрестен кейін вестготтар империялық үкіметтің келісімімен федераттар ретінде Оңтүстік-Батыс Галлияға (Аквитания) қоныс тепті. Сонымен 418 жылы Рим империя-

сының территориясында астанасы Толоза (қазіргі Тулуза) болған алғашқы жат жұрттың мемлекеті Вестгот корольдігі құрылды. Аквитанияға орналасқан вестготтар көп ұзамай жергілікті тұрғындармен жерді бөліске салып, егістік жердің үштен екісін иемденді. Сондай-ақ вестготтар алдымен император қазынасына тиесілі және ірі Рим магнаттарының құнарлы жерлерін өздеріне қаратты.

V ғасырдың екінші жартысында вестготтар Луара мен Дюранстың оңтүстігіне дейінгі бүкіл Галлияны және Испания территориясының үлкен бөлігін жаулап алды. VI ғасырдың басында франктер вестготтардың Тулуза корольдігін талқандағаннан кейін, 507 жылы Аквитания Франк корольдігінің құрамына кірді. Вестгот корольдігінің орталығы енді Испанияға ауысты. Вестгот мемлекетінің құрамына Испания жерлерінен басқа, Галлияның оңтүстігіндегі Септимания аймағы да енді. Варварлық герман мемлекеттерінің ішінде Испаниядағы вестгот корольдігі VIII ғасырдың басында арабтар жаулап алғанға дейін ұзақ өмір сүрді.

Бургундия корольдігінің құрылуы. V ғасырда Оңтүстік-Шығыс Галлияда Бургунд корольдігі құрылды. V ғасырдың басында бургундар вандалдармен, аландармен және свевтермен бірге Рейннен өтіп, орталық Рейн бойында орталығы Вормс қаласы болған өз корольдігінің негізін қалады. 437 жылы Бургундия

корольдігін ғұндар талқандағаннан кейін Рим қолбасшысы Аэций бургундардың қалғандарын федераттар ретінде Сабаудияға (қазіргі Савойя), Женева көлінің оңтүстігі мен оңтүстік-батысына орналасуға рұқсат етті. 457 жылы астанасы Лион болып Бургундия корольдігі құрылды. Бургундар қандас, туыстас топтарға бөлініп, (көп жанұяларымен) қоныстанды, олар фар (ал олардың мүшелері фараман) деп аталынды. Бургундар жергілікті тұрғындармен жер бөлісіп, ормандар мен жайылымдардың жартысын, құлдардың үштен бірін және галло-римдік жер иелерінің егістік жерлерінің ең әуелі жартысын, ал кейінірек үштен екі бөлігін алды. Жергілікті халық вестготтар сияқты бургундарға да өздерін азат етуші санап, қарсылық білдірмеді. Бургундия корольдігін 534 жылы франктер жаулап алды.

Африкада Вандал корольдігінің құрылуы. Вестготтардың ізінше көп кешікпей рим территориясында германдық вандал тайпаларының корольдігі құрылды. Б.з. III ғасырында вандалдар Германияның ішкі аймақтарынан Дунай мен Дакияға IV ғасырдың басында Паннонияға, кейін ғұн тайпаларының қысымымен батысқа қоныс аударды. V ғасырдың басында вандалдар басқа герман тайпаларымен бірге Рейн бойындағы Рим қорғанысын бұзып, Галлияға басып кірді. Свев және алан тайпа-

ларымен бірге Галлиядан Испанияға өткен вандалдар көп кешікпей вестготтармен қақтығысты.

429 жылы вандалдар аландармен бірге бұғаз арқылы (қазіргі Гибралтар) Солтүстік Африкаға өтеді. Вандалдар королі Гейзерих Солтүстік Африкадағы Рим үкіметіне қарсы Рим наместнигінің бүлігі мен жергілікті тайпалардың (берберлер) көтерілісін және әлі де басыла қоймаған агонистердің халықтық қозғалысын тиімді пайдалана отырып, Жерорта теңізіне жалғасып жатқан Марокко, Алжир территориясын және Тунистің батыс бөлігін жаулап алып, одан әрі Солтүстік Африканың Тунис және Триполи аймақтарының шығыс бөлігін өздеріне қаратты. Сөйтіп, 439 жылы Римге тәуелсіз орталығы Карфаген болған тағы бір жат жұртық мемлекет – Вандал корольдігі құрылды. Гейзерих вандал тайпалары қоныстанған Солтүстік Африка жеріндегі (қазіргі Тунис және Ливия) Рим ақсүйектері мен шіркеудің жерлерін және дүние-мүліктерін тартып алды. Балеар аралдарын, Корсика, Сардиния, Сицилияға иелік ете отырып, Гейзерих 455 жылы теңіз арқылы Италияға шабуыл жасап Римді талқандады. Вандалдар қаланы ойрандап талқандап қана қоймай, көптеген мәдени ескерткіштер мен өнер туындыларын жойып жіберді. Осыдан соң мәдени мұраларды тағылықпен жою мағынасын білдіретін «вандализм» термині пайда болды.

Вандал корольдігі Шығыс Рим императоры Юстинианның әскері 534 жылы Солтүстік Африканы талқандап, империяның шығыс бөлегіне қосқанға дейін (VI ғасырдың 30-жылдары) өмір сүрді.

Остгот корольдігінің құрылуы.

Ғұн тайпалық одағы ыдырағаннан кейін остготтар Шығыс Рим империясының федераттары (одақтастары) ретінде Дунай жағалауы, Паннония, Фракия жерлерін мекендеді. Белгілі Амал руынан шыққан остготтар көсемі Теодорих патриций және елші деген римдік атақтарға ие болды. Теодорих 488 жылы остготтарды қол астына біріктіргеннен кейін, Шығыс Рим императоры Зенонмен келісе отырып, Одакр басқарып отырған Италияға жорық ұйымдастырды.

Остготтар шапқыншылығынан кейін Одакр Италияны бөлісу туралы Теодорихпен келісім жасады. Алайда көп уақыт өтпей-ақ Теодорих Одакрді сатқындықпен өлтіреді де, 493 жылы Италияда астанасы Равенна болған Остгот корольдігі құрылады. Остгот корольдігінің территориясына солтүстікте Италиядан Дунайға дейінгі аймақтар – қазіргі Тироль, Швейцария, Бавария, Австрия, Венгрияның (Паннония) бір бөлігі, сондай-ақ Адриат теңізінің шығыс жағалауындағы Иллирия енді. Остгот тайпаларының негізгі бөлігі Солтүстік және Орталық Италияға орналасты. Оңтүстік Италияда тек гот гарнизондары тұрды. Жер-

гілікті халықтармен жер бөлісу жер иелерінің жерлерінің үштен бір бөлігін готтарға беру негізінде жүзеге асырылды. Жер алдымен Одакр жолын қуушылар деп танылып готтарға берілді. Алайда Остгот корольдігі ұзақ өмір сүре алмады. **Корольдіктің жеріне 533 жылы Шығыс Рим (Византия) императорының әскері басып кіріп, 555 жылы Остгот корольдігі өмір сүруін тоқтатты.**

Италияны лангобардтардың жаулап алуы. Дегенмен Византия Италияда өз үстемдігін ұзақ сақтай алмады. Византия остготтармен соғысқа жалдамалы әскер ретінде лангобардтарды пайдаланған еді (лангобардтар бұрын Эльбаның шығыс жағалауына, кейін Дунайдағы Паннонияға қоныс аударған герман тайпалары). **568 жылы лангобардтар король Альбонның бастауымен Италияға басып кірді.**

VII ғасырдың басында лангобардтар Италияның солтүстігі мен орталығындағы (келешектегі Ломбардия мен Тоскана) және Оңтүстік Италияның таулы аймақтарын иемденіп, Беневенто және Сполето деп аталатын лангобард герцогтығын құрды. Алайда теңіз порттарының едәуір бөлігі византиялықтар қолында қалды. Лангобард корольдігінің құрамына Равенна маңындағы аймақтар (Равенна экзархаты деп аталған – Византия наместнигі), сондай-ақ Рим төңірегіндегі аймақ (Папа аймағы) енбей қалды.

Лангобардтар Италияға туыскандық топтармен (үлкен жанұялармен) қоныстанды. Бургундтағы сияқты бұлар да фарлар деп аталынды. Бургундтар мен вестготтар сияқты лангобардтар жергілікті Рим халқымен жер бөлісуді жүйелі түрде жүргізбегенімен, римдік ірі және орташа жер иелерінің жерлерін тартып алу, кәмпескелеу арқылы жүргізілді. Лангобардтардың басқыншылығынан жергілікті шаруалар, колондар мен құлдар азап шекті. Рим құлдары мен колондарының негізгі бөлігі лангобард құлдары мен жартылай еріктілермен (альдиялармен) сіңісіп кетті.

VIII ғасырдың 70-жылдарына дейін өмір сүрген Лангобард корольдігін франктер жаулап алады.

Британиядағы англосаксондық корольдігінің құрылуы. V ғасырдың ортасынан бастап (449 жыл дәстүрлі дата) Британияға Германияның солтүстігіндегі герман тайпалары және Ютландия түбегінен – англдар, сакстар, юттар, сол сияқты Солтүстік теңіз жағалауын мекендеген фриздердің шапқыншылығы басталды. Бұл тайпалардың ішінде көпшілігі англдар мен сакстар болды. Сондықтан Британияға басып кіріп осында қоныстанған тайпаларды жалпы атпен англосакстар деп атайды. Бриттер – Британияның негізін құраған кельт тайпалары шапқыншыларға қатты қарсылық көрсетті. VII ғасырдың басына де-

йін созылған ұрыстың нәтижесінде кельт халқының көп бөлігі қырғынға ұшырады немесе құлдыққа айналдырылды. Ал бас бостандығы мен жерін қорғап қалған бір бөлігі кейін уақыт өте келе германдық шапқыншылармен араласып кетті, енді бір бөлігі Галлияға, Арморикке (келешек Бретанға) қоныс аударды.

Кельттер өздерінің дербестігін негізінен аралдардың батыс бөлігі (Уэльсте, Корнуоллде) солтүстікте (Шотландияда), сол сияқты Ирландияда сақтап қалды.

Британия территориясын жаулап алушы басқыншылар өздерінің бірнеше варварлық англосаксондық корольдіктерін құрған болатын.

Франктердің Галлиядағы шапқыншылықтары және Франк корольдігінің құрылуы. Ежелгі герман тайпаларынан құралған үлкен тайпалық одақ франктер туралы мәліметтер б.з. III ғасырындағы римдік деректерден кездеседі. Франктер Рейннің төменгі, орта ағысы бойында және Шельденің теңіз жағалауында тұрды. III-IV ғасырларда Рейн төңірегіндегі жаңа жерлерге қоныстануды мақсат еткен франктердің римдік Галлияға шапқыншылығы күшейеді. IV ғасырдың екінші жартысында Токсандрияны (Маас пен Шельда аралығындағы аймақ) иеленіп, империяның одақтасы (федераты) ретінде қоныс тепті. V ғасырдың орта шамасында салийлік франктердің иеліктері

батыста Соммаға және оңтүстікке дейін, ал рипуарлық франктер Маас пен Рейн аралығын меншіктеді. Батыс Рим империясы құлағаннан кейін салийлік франк тайпаларының көсемі Хлодвиг (481-511) бұрынғы император наместнигі римдік шонжар Сиагрий билеп отырған Солтүстік Шығыс Галлияға шапқыншылық жорық бастады. 486 жылы Суассонға жақын жерде Сиагрий әскерін талқандап, Хлодвиг Сенаға дейінгі жерді басып алды, кейін франктер иелігін Луараға дейін ұлғайтты. Галлияның едәуір бөлігін иемденген соң, Хлодвиг айлакерлікпен жекелеген франк тайпа көсемдерін, кейін бүкіл франктерді біріктіріп, өзіне бағындырды. Билігін нығайтуды көздеген Хлодвиг 496 жылы христиан дінін қабылдады.

Вестгот, остгот және басқа да германдық тайпаларға қарағанда франктердің империя жерлерін бағындырудағы өзіндік ерекшеліктері болды.

Франктер Галлия жеріне басып кіргеннен кейін де алыста қалған өз отанынан байланыстарын үзбеді. Бұл Галлия территориясындағы ұзаққа созылған шапқыншылық соғыс үдерісі кезінде арттан немесе Рейннің ар жағынан франктерге жаңа тың күштердің келіп қосылып отыруына септігін тигізді.

Түп деректерде франктердің жергілікті галл-римдік тайпалармен жүйелі жер бөлісуі жөніндегі деректер кездеспейді. Бұған қарағанда франк-

тер негізінен бос жатқан жерлерге қоныстанған, әрине жергілікті халықтан зорлықпен тартып алынған жерлер де болуы мүмкін, бірақ өзге вестгот, остгот, т.б. герман тайпаларымен салыстырғанда аз болғандығы байқалады. Бургундтар мен лангобардтар сияқты франк тайпалары жаулап алынған жерлерге туысқандық бірлестіктер болып үлкен жанұялармен орналасты.

Жат тайпалардың жаулап алуының нәтижесі мен мәні. Еуропа тарихы үшін жат тайпалардың («варвар») шапқыншылығының маңызы зор. Жат тайпалардың жаулап алуының нәтижесінде батыстағы құл иеленуші Рим империясы құлады. Империяның құлауы Еуропаның саяси картасына үлкен өзгерістер әкелді. V ғасырдың аяғы мен VI ғасырдың басында бұрынғы Батыс Рим империясының территориясында жаңа қоғамдық қатынастардың дамуына және феодалдық қоғамға өтудің алғышарттары жасалған жаңа мемлекеттер пайда болды.

Жат жұрттардың жаулап алуынан кейін Батыс Еуропаның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси құрылысында терең өзгерістер орын алды. Жат тайпалардың римдік жер иеленушілерді жеке немесе толық экспроприациялауы шаруашылықтың құлиеленушілік жүйесін одан әрі әлсіретіп, құлдық қоғамның ыдырауын тездетте түсті. Германдықтардың Батыс Рим империясының жеріне қоныстанған өнім өндірушілерінің арасынан ерікті ұсақ жер иеленуші қауымдастар маңызды орын алды.

Жат тайпалардың жаулап алуының нәтижесінде құлдық қоғамнан прогрессивті феодалдық қоғамға өтуге кедергі болып келген құлиеленуші құрылыс ыдырады.

Батыс Рим империясының ыдырауы және оның территориясында жаңа германдық корольдіктердің құрылуы Римнің құлиеленушілік құрылысы мен рулық құрылысының орнына германдық феодалдық құрылысты әкелген терең әлеуметтік төңкеріс жасалды.

Бақылау сұрақтары

1. Батыс Рим империясының құлауының негізгі себептері қандай?
2. Рим империясының территориясына «варварлардың-жаттардың» баса-көктеп кіруінің негізгі бағыттарын картадан көрсетіңіз.
3. Германдар Батыс Рим империясының территориясына қоныстанғаннан кейін олардың құрылысында қандай өзгерістер болды?
4. «Варварлар – жаттар» қысымы IV-V ғасырларда неліктен күшейе түсті?

5. Көрнекті қолбасшы Ганнибал Римді қоршап ала алмағанда, Аларихтың оны қаратып алғанын қалай түсінесіз?
6. Франктардың христиан дініне өтуі Галлияны жаулап алумен және мемлекеттің құрылуымен неліктен тұстас келді?
7. Франктарда таптардың құрылуы неліктен тез жүрді?
8. Бургундия корольдігі қашан құрылды?
9. 439 жылы Рим территориясында пайда болған жаңа мемлекет.
10. 486 жылғы шешуші шайқаста франктер Римдіктерді қай қала түбінде талқандады?
11. 376 жылы ғұн тайпаларының шабуылынан кейін Дунай арқылы Мезия жеріне келген тайпаларға сипаттама беріңіз.
12. Аларих қай жылы Римді талқандап, талан-тараж етті?
13. Остгот корольдігі қай жылы өмір сүруін тоқтатты?
14. Хлодвигтің 496 жылы христиан дінін қабылдаудағы мақсатын анықтаңыз.
15. Бургундия корольдігінің астанасы.

1.3. Франк державасындағы феодализмнің дамуы. Меровингтер патшалығы

1. «Салий заңдары» – франктердің қоғамдық құрылысын зерттеу үшін маңызды дерек
2. Меровингтік кезеңдегі франк қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс
3. Хлодвиг мұрагерлері тұсында мемлекеттің ыдырауы
4. Австризия майордомдарының елді біріктіруі
5. Каролингтердің франктік державасы
6. Франктердің арабтармен күресі
7. Карл Мартелдің бенефициялық реформасы, оның әлеуметтік алғы-шарттары, нәтижелері

«Салий заңдары» – франктердің қоғамдық құрылысын зерттеу үшін маңызды дерек. 486 жылы

салий франктерінің Мервей руынан шыққан көсемі (Меровингтер династиясының атауы осы ру атымен аталады). **Хлодвигтің басқаруымен (481-511) Солтүстік Галлияны жаулап алғаннан кейін Франк мемлекеті құрылды. Франк мемлекетінің ең алғашқы дәуірі V ғасырдың аяғынан VII ғасырдың соңына дейінгі кезең шартты түрде меровингтік дәуір деп аталады.** Хлодвигтің тұсында Аквитания (507), ал оның мұрагерлерінің тұсында Бургундия (534 жылы) жаулап алынды. 536 жылы остготтардан Провансты өздеріне қосып алып, VI ғасырдың ортасына қарай Франк мемлекеті Галлияның бұрынғы римдік провинциясының барлық территориясына иелік етті. Франктердің жоғарғы өкіметін Рейннің сырт жағындағы бірқатар герман тайпалары тюрингтер, алемандар, баварлар да

мойындап, сакстар жыл сайын алым төлеп тұруға тиісті боды.

Меровингтер дәуіріндегі франктердің қоғамдық құрылысының маңызды дерегі «Салий ақиқаты» болып табылады. Франктердің сот заң-тұрыптарының жинағы «Салий ақиқаты» VI ғасырдың басында Хлодвиг тұсында жазылған деп есептеледі. Франк қоғамының алғашқы қауымдық құрылыстан феодалдық құрылысқа дейінгі даму эволюциясының бейнеленуі «Салий ақиқатының» тарихи дерек ретіндегі құндылығын арттыра түседі. «Салий ақиқаты» Галлия территориясына келгенге дейін алғашқы қауымдық құрылыста өмір сүрген франктердің екі тұрмыстық тәртіп ережелері туралы бірқатар дұрыс деректер береді. Екіншіден, «Ақиқаттан» біз франктердің жаңа жерді жаулап алу үрдісі мен Галлияға иелік етіп қоныстану кезеңіндегі мүліктік және әлеуметтік теңсіздіктер туралы, жерді жекеменшік мұраға қалдыру құқығы, мемлекеттің пайда болу себептері туралы мәліметтерді көре аламыз.

VI-IX ғасыр аралығында франк корольдері «Салий ақиқатына» көптеген қосымшалар енгізіп жетілдіріп отырған. Сондықтан бұл заңның кейінгі дәуірдегі жарияланған деректермен ұласып отыруы франктер қоғамының алғашқы қауымдық құрылыстан феодалдық қоғамға қарайғы эволюциялық даму жолдарын анықтауға көмектеседі. Сонымен бір-

ге «Салий ақиқатының» деректері біздің заманымыздың II ғасырының аяғындағы Тацит сипаттаған ежелгі германдардың шаруашылығының даму дәрежесімен салыстырғанда франктер шаруашылығының даму деңгейі жоғары болғандығын көрсетеді. Екіншілікті негізгі кәсіп еткен франктер VI ғасырда дәнді дақылдардан қара бидай, бидай, сұлы, арпадан басқа бұршақ тұқымдастар мен жөке ағаштарын егіп, бау-бақша, жүзім өсірумен айналысқан. Франктерде мал шаруашылығы да жақсы өркендеп, ірі мүйізді қара мен қой, ешкі, әсіресе шошқа сияқты ұсақ малдарды да, үй құстарының түрлерін де көп өсірген. Сонымен бірге аңшылық және балық аулау мен ара шаруашылығы да франктердің негізгі кәсібінә айналады.

Меровингтік кезеңдегі франк қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс. «Салий ақиқаты» арқылы франктер қоғамындағы әлеуметтік жіктелістерді анық көруге болады. Мысалы, қарапайым ерікті франк үшін төленетін құнның мөлшері 200 солид болса, ал корольдің жасақшылары (антрустиондар) немесе корольдің қызметін атқарушы қызмет адамдары үшін төленетін құнның мөлшері 600 солид болып белгіленді. Сонымен қатар «Салий ақиқатында» ерікті халықтың жоғарыда айтылған категорияларынан басқа жартылай ерікті литтар да көрсетілген. Литтардың өмірі үшін белгіленген

құнның мөлшері небәрі 100 солид болды. Франктердің құл еңбегін пайдаланғаны белгілі, бірақ олардың құнын төлеу мүлдем болмады. Құлды өлтірген адам оның тек қожасына келтірген зиянын өтеумен ғана шектеліп қойған.

Франктердің Галлияны жаулап алуы және одан әрі елдің территориясын ұлғайту мақсатында жүргізген басқыншылық соғыстары құлдықтың дамуына негіз болып отырды. Мысалы, кіріптарлыққа ұшырап, қарыздарын өтей алмағаны үшін өлім жазасына кесілген қылмыскерлер ерікті түрде құлға айналуға мәжбүр болатын еді. Міне, мұндай көріністер франктер еліндегі құлдар санының көбеюінің қайнар көзі болып табылды. Олар көбіне өздері үшін құн ақысы мен сот айыптарын төлеушілердің басыбайлы құлына айналып отырды. Дегенмен, Рим империясымен салыстырғанда франктер елінде құл еңбегі өндірістің негізі бола алмады. Франктерде құл еңбегі ірі жер иелерінің үй малайлары, темір ұстаханаларында қолөнерші немесе алтын бұйымдарының зергері ретінде пайдаланылды. Сонымен бірге құлдар кейде ауыл шаруашылығы жұмыстарына да араласып, бақташы, жылқы бағушы қызметтерін де атқарды, бірақ ауыл шаруашылығындағы негізгі жұмыс күші болып есептелмеді.

«Салий ақиқатында» франктер қоғамындағы ерікті қауымдастық-

тың жіктелушілігі жайында ашып айтылмағанмен де, VI ғасырдың басқа да деректерінен франктердің арасында мүліктік жіктелістің болғандығы жөнінде мәліметтер алуға болады. Бұл тек руластар арасындағы жіктелушілік қана емес, франктер қоғамында орын алған қарыздар мен борыш өтеу міндеткерліктері жөніндегі деректер болып табылады. Бұл деректерде қоғамдағы ауқатты бай «ықпалды» адамдар (*meliores*) мен кедейлер (*minofidi*) туралы, тіпті жокшылыққа ұшырап, төлем төлеу қабілетінен мүлдем айырылған қаңғыбастар жөніндегі мәліметтер де кездеседі.

Аллотдың пайда болуы жай қарапайым қауымдастардың арасындағы әлеуметтік жіктелуді бұрыңғыдан гөрі тереңдетіп, үлкен жер иелігінің шығуына негіз болды. Жаулап алу нәтижесінде Хлодвиг бұрыңғы императордың жерін иемденіп, ірі жер иесіне айналды. Ал оның мирасқорлары бүкіл халықтың қазынасы деп саналып, қауымдар арасында бөліске түспей бос жатқан жерлерге бірте-бірте иелік етіп, басып ала бастады. Осылайша осы жердің есебінен ірі жер иеленушіге айналған франк корольдері кейін бұл қордың жерін туыстары мен шіркеуге толық (аллоттық) меншік түрінде үлестіріп отырды. Міне, енді VI ғасырдың аяғында франктер қоғамында ірі жер иеленушілердің болашақ феодалдар

тобы қалыптасады. Олардың жер иеліктерінде құлдармен бірге жартылай еріктілер литтар және Рим құқы бойынша жекебас азаттығы болғанмен, міндеткерліктер атқаруға тиісті галло-римдіктер (римляне – трибутари) (бұрынғы Рим колондары болуы мүмкін) қаналып отырды. Қауым ішіндегі аллодтың дамуымен бірге ірі жер иеленушіліктің өсуі ерекше күшейе түсті. Ірі жер иеленудің өсуі ірі жер иелерінің жеке билігінің нығаюына әкеліп соқты. Қалыптаса бастаған феодалдық қоғамға тән құбылыс экономикадан тыс билік құралы ретінде жеке биліктің күшеюі еді. Ірі жер иелері мен король төңірегіндегілердің қысымы мен озбырлығы ерікті адамдардың бас бостандығынан бас тартып, олардың аксүйектер мен шіркеу иелерінің «камқоршылығына» еріксіз өтуге мәжбүрлеп отырды. Мұндай өзгенің камқорлығына кіру актісі «коммендация» деп аталынды. Ал «камқоршылар» ірі жер иелері мен діни қызметкерлер енді олардың сеньорлары атанды. Коммендация аксүйектер қауымының саяси ықпалын күшейтіп, рулық қауым мен тайпа одақтарының түпкілікті ыдырауына негіз болды.

Хлодвиг мұрагерлері тұсында мемлекеттің ыдырауы. Феодалдық құрылыстың нығаюымен байланысты Франк мемлекетіндегі ірі жер иеленушілік пен ірі жекеменшік жер иелерінің жеке-дара билігінің өсуі Хлодвигтің ұлдарының тұсында

король өкіметінің әлсіреуіне алып келді. Жекеменшік (домендік) жерлерін аяусыз үлестіру салдарынан жерімен бірге табыстарының да едәуір бөлігінен айырылған Франк корольдері ірі жекеменшік жер иелерінің сепараттық билігіне қарсы күрес жүргізуге дәрменсіз болып отырды. Бұл жағдай, әсіресе Хлодвиг өлімінен кейін Франк мемлекетінің ыдырауын тездетті.

VI ғасырдың аяғында Франк мемлекетінің құрамындағы орталығы Париж болған үш аймақ: Солтүстік Батыс Галлия – Нейстри аймағы, Франк мемлекетінің солтүстік-шығыс бөлігі – Австразия аймағы (бұл аймаққа Рейн мен Массаның екі жағалауындағы ежелгі Франк аймақтары кірді) және Франк мемлекетінің құрамына енген бұрынғы бургундар корольдігінің территориялары – Бургундия аймағы дербес оқшаулана бастады.

VII ғасырдың соңында Нейстри аймағының құрамынан оңтүстік батыс бөлігі – Аквитания бөлініп шықты. Осылайша Франк мемлекетінің территориясы негізінде пайда болған бұл төрт аймақтың халқының этникалық құрамы, әлеуметтік құрылысының ерекшелігі мен феодалдану деңгейі жөнінен бір-бірінен өзара айырмашылықтары болды.

Франктердің жаулап алуы қарсаңында Нейстри аймағында романданушылық жоғары деңгейде кө-

рінді. Тіпті басқа аймақтағылармен салыстырғанда бұл аймақтағы халықтардың ең күрделі бөлігі болып табылатын галло-римдіктер басқыншы франктермен ертерек араласып, тез сіңісіп кетті. Мұнда VI ғасырдың аяғы VII ғасырдың бас кезінде-ақ шіркеулік және аксүйектік ірі жер иеленушіліктің маңызы артып, ерікті шаруалардың жойылу үрдісі жедел қарқын алды.

Халқының негізгі бөлігі франктерден және оларға тәуелді герман тайпаларынан құралуына байланысты галло-римдік тәртіптердің ықпалы төмен Австразия аймағында VIII ғасырдың басына дейін өте қарапайым қоғамдық құрылыс сақталып келді. Сондықтан мұнда қауымдық марка өте баяу ыдырады. Қауымдық марканың құрамына еніп әскери жасақ негізін құрған ұсақ ерікті жер иелері – аллодшылардың маңызды рөлі бұрынғыша сақталып қалды. Жаңадан қалыптаса бастаған феодалдар негізі ұсақ және орташа феодалдар тобынан құралды. Олар ерікті аллодшылармен бірге ірі жер иелерінің мүддесін көздейтін орталық өкіметтің негізгі тірегі болып отырды. Нейстри аймағына қарағанда мұндағы шіркеулік жер иеленушілік әлсіз болды.

Галлия – римдік халықтарының басым бөлігі германдармен (әуелі бургундар, вестготтармен, кейін франктермен) араласып кеткен Бургундия және Аквитания жерінде ұсақ

ерікті шаруашылық және орташа поместьелі жер иеленушілік ұзақ сақталды. Сонымен қатар ірі жер иеліктерімен бірге шіркеулік иеліктер де сақталып отырды. Ал VI ғасырда-ақ барлық жерде дерлік ерікті қауым жойылған еді.

Франк корольдігіндегі аймақ аралық шаруашылық байланыстарының әлсіз болуы (бұл кезде натуралды шаруашылық үстем болды) аймақтардың мемлекет құрамына бірігуіне кедергі жасады. Франк мемлекеті ыдырағаннан кейін аймақтарды басқарып отырған, сонымен қатар Меровингтер әулетінен шыққан корольдер мен ірі жер иелерінің өзара билікке таласының күшеюі мемлекеттің ыдырауын тездеті түсті.

Австразия майордомдарының елді біріктіруі. VII ғасырдың аяғында Франк мемлекеті территориясында құрылған төрт аймақтың барлығында өкімет билігі майордомдардың қолына өтті. Алғашқы кезде майордомдар «*maiordomus*» – үйдегілердің үлкені, сарай шаруашылығын басқарушы) король сарайын басқарушы қызмет адамдары болды. Кейін бұл майордомдар ірі жер иеленушілерге айналды. Аталған аймақтардағы корольдің басқару жұмыстарының барлығын өз қолдарына алғаннан кейін, майордомдар жергілікті жер иелерінің көсемі мен әскери қорғаушысына айналды. Майордомдар алым-салық жинау ісімен де

айналысты. Мервей руынан шыққан корольдерді тағайындау, орнынан алу майордомдардың қолында болды. Осылайша өкімет билігінен шеттетілген корольдерді замандастары ажуалап «жалқау корольдер» деп атады.

Франк ақсүйектерінің арасындағы ұзаққа созылған күрестен кейін 687 жылы Австразия майордомы Пипин Геристальский бүкіл Франк мемлекетінің майордомы атанды.

Пипин Геристальский басқарған Франк мемлекетінің қайтадан бірігуі аймақтың әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктеріне байланысты болды. Өзге аймақтармен салыстырғанда феодалдану үрдісінің дамуы баяу жүрген Австразияның ірі жер иелері майордомдар ұсак және орташа феодалдардың, сондай-ақ шаруаларға ұқсас ерікті аллодтардың көмегіне сүйенді. Өйткені бұлардың өздері ірі жер иеленушілердің қысымына қарсылық жасап, басыбайлы шаруаларды езіп-жаншып отыруға және жаңа жерлерді жаулап алу үшін орталық өкіметтің нығайып күшеюіне мүдделі болып отырды. Міне, осындай әлеуметтік топтардың қолдауына сүйенген Австразия майордомдарының бүкіл Франк мемлекетіне билігі күшейді.

Каролингтердің Франк державасы. Австразияның Пипиндер әулетінен шыққан майордомдары (Пипин Геристальскийдің ұрпақтары) біріккен Франк мемлекетінің би-

леушісі болғаннан кейін Франк корольдерінің жаңа династиясының негізін қалады. Бұл династия кейіннен Ұлы Карлдің есімімен Каролингтер династиясы деп аталды.

VII ғасырдың аяғы IX ғасырдың ортасына дейін Франк мемлекетін Каролингтер әулеті әуелі «жалқау корольдердің» жанындағы майордомдар, кейін 751 жылдан бастап король санатында билеп басқарды. Франк мемлекетінің тарихында бұл дәуір әдетте «каролингтік дәуір» деп аталады.

Каролингтер билігі тұсында Франк қоғамында аграрлық қатынастар саласында төңкеріс жасалды. Төңкеріс феодалдық меншіктің қалыптасып, шаруалардың крепостнойға айналуын, нақтырақ айтқанда феодалдық құрылыстың орнауын тездетті. Төңкерістің мәні – қауым ішіндегі әлеуметтік жіктелудің есебінен ірі жеке жер меншігінің тез нығайып өсіп, ерікті қауымдас шаруалардың әбден кедейленуінде еді. Меровингтер тұсында VII-IX ғасырларда ірі ақсүйектер мен шіркеу иелерінің шаруалардың жер үлестерін тартып алуы аса тез қарқын алып, күшейе түсті. Олар күш жұмсау немесе алдау-арбау арқылы қауымдастықтың жерлерін өздерінің меншігіне айналдырып отырды. Өздеріне қолайлы деп тауып, жерді күшпен тартып алып отырған жердің жаңа қожалары жердің бұрынғы иелеріне, яғни шаруаларға оброк немесе бар-

щиналық міндеткерліктер атқару үшін жерді қайта беріп отырды. Осылайша бұрынғы басы бос жер иесі енді басыбайлы немесе крепостной шаруаларға айналып шыға келді.

VIII ғасырдың бірінші жартысында басталған жер қарым-қатынасындағы бұл төңкерістен кейін Франк мемлекетінде антагонистік әлеуметтік топтың екі өкілі қалыптасты. Бірі – жерге жекеменшіктік (аллод) құқығы бар ірі жер иелері. Бұл ірі жер иелері енді орталық өкімет билігіне бағынудан бас тартып, кейде қарулы күрес жүргізіп отырды. Екіншісі – жерінен айырылған тәуелді каналушы шаруалар табы. Тәуелді адамдардың басым бөлігін галлоримдік құлдардың ұрпақтары, колондар, германдық құлдар және литтар құрады. Бұл категориядағылардың арасындағы айырмашылық барған сайын бірте-бірте азайып отырды. Осы әлеуметтік топтармен қатар Франк қоғамында халықтың көптеген аралық топтары ішінара еріксіздер еңбегін пайдаланушы ұсақ және орташа аллодшылар да болды. Олар кейде аллодпен бірге феодалдық жер иеленушілер ретінде вотчиналарда (ұсақ вотчина иелері) жер ұстау кәсібімен айналысты. Бұлар осылайша феодалдық шаруашылық жүйесіне біртіндеп жаңадан көше бастағандар болды.

Сөйтіп, VIII-IX ғасырлардың басында жүзеге асырылған аграрлық

төңкеріс барысында бұл аралық топтар феодалдық қоғамдағы тәуелді шаруалар табының қалыптасуына негіз болды. Франк қоғамындағы әлеуметтік құрылыстағы өзгерістердің дамуы Пипин Геристальскийдің мирасқоры – майордом Карл Мартеллдің саясаты тұсында қарқынды сипат алды.

Франктердің арабтармен күресі. Карл Мартелл 715-741 жылдар аралығында билік жүргізді. К. Мартелл франк мемлекетінің солтүстік және шығыс территорияларын ұлғайтып, Аквитания және Прованс герцогтарын және Рейн өзенінің сыртқы жағында жүрген герман тайпалары – сакстар мен фриздерді, аламандар мен баварларды бағындырып, оларға алым-салық төлетіп отырды. Карл Мартелл VIII ғасырдың басында Испанияны жаулап алып, 720 жылы Оңтүстік Галлияға еніп, Франк мемлекетіне қауіп төндіріп отырған арабтарды 732 жылы Пуатье маңындағы шайқаста ойсырата жеңді. Арабтардың қолбасшысы Абдеррахман шайқаста қаза тапты. Осы жеңістің құрметіне Карл «Мартелл» (молот) атанды. Франктердің Пуатье түбіндегі жеңісі арабтардың Еуропаға одан әрі жылжуына тосқауыл қойды. Арабтардың қолында енді Оңтүстік Галлияның тек шағын бөлігі Септимания ғана қалды.

Карл Мартеллдің бенефициялық реформасы, оның әлеуметтік алғышарттары, нәтижелері. Франк мемлекетінде жүргізілген аграрлық

тоңкеріс нәтижесіндегі феодалдық қатынастардың дамуы феодалдық меншік түрін өзгертуді талап етті. Аллодтық меншік феодалдық меншік формасының неғұрлым дамыған түрімен ауыстыруды қажет етті. Қоғамның антагонистік екі тапқа бөлінуі қоғамдағы қаналушы шаруалар бұқарасының сословиелік жағынан толық құқылы емес екендігін заңдық тұрғыда бекіту қажет болды. Басым бөлігі кедейшілікке ұшыраған еркін шаруалардың жасақ құрамында әскери қызмет атқаруға заттық мүмкіндігі азайғаннан кейін жасақ күшін түбегейлі өзгерту қажеттігі туындады. Карл Мартеллдің бенефициялық деген атауға ие болған реформасының әлеуметтік алғышарттары осындай еді.

Араб басқыншыларына тойтарыс бере отырып, К. Мартелл атты әскерден құралған армияны қайта жасақтау қажет екендігіне көзі жетіп, әскери реформа жүргізді. К. Мартелл шаруалардан құралған жаяу жасақтың орнына атты әскер құруды көздеді. Атты әскер құрамына астындағы соғыс жылқысын азықпен қамти алатын және жеке қару-жарағы бар материалдық әл-ауқаты жоғары адамдар қабылданатын болды. Бұл кезеңде атты әскердің соғыста шешуші рөл атқаратыны Пуатье түбіндегі шайқастан кейін анық көрінген еді.

К. Мартеллдің бенефициялық реформасының (латынның қайырым,

сыйлық деген сөзінен шыққан) мәнісі меровингтер әулеті король жерін аллод ретінде толық жекеменшікке сыйлыққа берген еді. К. Мартелл енді «бенефиция», яғни «сыйлық» деп аталынатын жер иеленудің тұңғыш жаңа формасын енгізді. Бенефиция енді атты әскер қызметін атқарған жауынгердің өмірінің соңына дейін пайдалана алатын сыйлық ретінде берілді. Сыйлыққа жер алушы (вассал – бағынышты) әскери қызметін адал атқаратыны үшін ант берді. Сыйлыққа жер беруші (сеньор-мырза) жерге меншік құқын сақтай отырып, бенефициялық шарт орындалмаса (әскери қызметі жөнінде) қайтарып алатын болды.

Алайда уақыт өте келе IX-X ғасырларға қарай әскери қызмет атқарушыларға жер (феод) түпкілікті беріле бастады.

К. Мартелл сыйлыққа қажетті жерді шіркеу жерлерін мемлекет меншігіне айналдыру арқылы бенефициялық реформа жүргізіп отырды. Бенефициялық жүйені нығайту мақсатында шіркеу жерлерінің бір бөлігін пайдалануға мән берген Карл Мартелл христиан дінінің таралуына да аса мән беріп отырды. Шіркеуге өкімет билігін нығайтудың құралы ретінде қараған ол діни шіркеу қызметкерлерінің заттық жағдайын жақсарту жолдарын да қарастырып отырды. Сөйтіп К. Мартелл бенефициялық реформа арқылы өкімет билігін нығайтумен бірге бірқатар

сырда қалалар елі атанған Византияда қолөнер мен сауданың дамуы Батысқа қарағанда жоғары деңгейде көрінді. Темір, алтын, мыс, мәрмәр қорының молдығы тау-кен өндірісінің дамуына ықпал етті. Қару-жарақ, қолөнер және ауыл шаруашылығы құралдарын өндіру ісі өрістеді. Сондай-ақ құрылыс заттары әйнек және тоқыма бұйымдары, әсіресе нәзік талшықты жүн маталар мен жібек мата шығару жақсы дамыды. Батыста қала тіршілігі құлдырау деңгейінде көрініс тапса, ал шығыстағы жағдай өзгеше сипат алып, қолөнер мен сауда орталығына айналған қалалар дами бастады. Әсіресе, елдің астанасы Константинополь ерекше көзге түсті. Оның шеберханаларынан шыны ыдыстар, алтын, күміс жалатылған зергерлік бұйымдар, жүн және жібек маталар шығарылды, сондай-ақ ол аса бай көркем кішкене суреттермен (минатюралармен) безендірілген қолжазба кітаптарымен де алыс елдерге танымал болып отырды. Қолайлы сауда жолының бойында орналасқан империя астанасы Константинопольді К. Маркс Шығыс пен Батыс арасындағы «алтын көпір» деп атаған еді. Ерте орта ғасырлар кезеңінде Византия елі ірі теңіз державасына айналды. Византиялық көпестер шығыста Үндістанға, Тапробанға (Цейлон аралы), Қытай елдеріне, оңтүстікте Аксум (Эфиопия) патшалығына, сондай-ақ Аравия түбегіне сапар шекті.

Иран және Соғды елімен қызу сауда жүргізілді. Сонымен қатар византиялық көпестер шығыстан піл сүйектерін, жібек, алтын, бағалы тастар, бұрыш, тағы басқа тәтті тағам түрлерін әкелсе, ал ол жаққа тігулі киімдер, кестелер, шыны бұйымдар жеткізіп отырды. Византиялық өнімдер тиелген теңіз кемелері солтүстікте Британия аралдары мен Скандинавия жағалауларына дейін барды. Византиялықтар Жерорта теңізіндегі үстемдігін сақтай отырып, VI ғасырда Қара теңіз жағалауы және Кавказ елдерімен сауда байланысын күшейтті.

Византия империясының Константинопольден басқа Египетте Александрия, Сирияда Антиохия, Солтүстік Месопотамияда Эдесса, Финикияда Тир мен Бейрут, Кіші Азияда Эфес, Смирна, Никея, Никомидия, ал империяның еуропалық бөлігінде Фессалоника мен Коринф сияқты ірі сауда орталықтары болды.

Византия қалаларындағы қолөнер кәсібінде құл еңбегі кеңінен қолданылды. Жеке шеберханаларда жұмыс істейтін эргастери қолөнерші құлдардан басқа көптеген әр түрлі дәрежедегі мемлекеттік құлдар және жеке қалалардың әкімшілігіне бағынышты құлдар да болды. Мемлекеттік құлдардың көпшілігі император шеберханаларында монополиялық қару-жарақ және әскери киімдер тігу, император сарайының сәнді жасауларын дайындаумен айналысты.

Византия елінің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіндегі өзіндік ерекшеліктерін атап көрсетуге болады. Біріншіден, Батысқа қарағанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде бірқатар артықшылықтары болды. Өйткені Византия империясының территориясына енген елдердің байырғы диқаншылық өнері мен егіншілік мәдениетінің деңгейі жоғары болды. Бұл аймақтардағы ауа райының қолайлылығы мен топырақтың құнарлылығы жылына 2-3 рет өнім жинауға мүмкіндік беретін, сонымен бірге елдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы елдерде (Египет, Шығыс Сирия) ежелден ирригациялық жүйе қалыптасқан еді. Суармалы егістік жерлерге жеміс ағаштары жүзім, зәйтүн шаруашылығы, құрма ағаштарын өсіру кеңінен өрістеп дамыды. Зығыр майы сияқты техникалық дақылдар өсіріліп, мал шаруашылығы да жоғары деңгейге көтерілді. Византияның аграрлық саладағы екінші ерекшелігі елдегі жердің басым бөлігі императорлық қазына мен шіркеу меншігінде болып, ірі жекеменшік жер иелерінің елде аз болуы еді. Үшіншіден, жерге иелік етуші ерікті шаруалар саны көбейді. V-VI ғасырларда Дунай жағалауындағы аймақтар – Фракияда, Македонияда, Кіші Азияның орталық аймақтарында ерікті шаруалар қауымдарының шаруашылықтары кеңінен дами бастады.

Византия империясының ауыл шаруашылығы сияқты қолөнер кәсі-

бінде де қолөнерші құлдарға пекуля түрінде шеберханалар мен сауда дүкендерін беру кең қолданылды. Бұл әдіс құлдардың жұмысқа ынтасын күшейтіп, еңбек өнімділігін арттыра түсті. Демек, қолөнер кәсібі сауданың дамуына ықпал етіп, нәтижесінде сауда орталығы қалалар көбейіп, бұл Византия империясының экономикалық тұрақтылығының бірден-бір кепіліне айналды.

Сонымен бірге Византия императорлары қолөнер мен саудадан түскен қаржы есебінен елді сыртқы жау шабуылынан қорғайтын әскер мен әкімшілік басқару аппаратын ұстауға және ең басты мемлекет бір орталықтан басқаруды күшейтуге мүмкіндік алып отырды.

Алайда, V ғасырдың аяғы VII ғасырдың бас кезінде Византияда құлдық өндіріс тәсілі дағдарысқа ұшырады. Елде иесіз жерлер көбейіп, аграрлық мәдениет тұралап, суландыру жүйесі бұзылды. Әр түрлі ұсақ жер иелерін қанауға негізделген ірі жер иеленушілер көбейді. Патронаттар кең тарала бастады. Енді патронаттарға бас еркі бар құлдар ғана емес, көптеген ерікті жер иелері де ірі жер иеленушілерге тәуелді күйге түсті. Демек, елде феодалдық қоғамға тән феодалдық қоғамдық қатынас барған сайын орнығып келе жатты. VII ғасырдағы феодалдану үрдісінің айқын көрінісі ретінде империяның шығысындағы Египет, Сирия, Палестина елдерінде тап күресі өрши

түсті. Бұл елдерде үстем тап – ірі жер иеленушілер «қарақшылар» деп атаған қашқын колондардың езушілерге қарсылығы күшейді.

Сонымен елдің экономикалық құлдырауы, әлеуметтік-саяси дағдарыс және VII ғасыр басындағы азамат соғысы империяның әлсіреп, елге славяндардың баса-көктеп кіруіне қолайлы жағдай туғызды. Славян тайпалары VII ғасырдың басында-ақ Фракия, Македония, Греция, Далмация және Истрия жерлеріне, ал VII ғасырдың ортасында бүкіл Балкан түбегіне орнығып алды.

I Юстинианның патшалық құруы. VI ғасырдың ортасында I Юстинианның (527-565) билігі кезінде Византия империясы гүлденіп дами түсті. Осы кезеңде Византия мемлекетінің ішкі жағдайы тұрақталып, сыртқы жаулап алу соғыстары кең көлемде жүргізіледі. Юстиниан Македонияда кедей иллирия жанұясында дүниеге келеді. Ағасының өлімінен кейін Юстиниан алып империяның өктем билеушісіне айналды. Юстинианның жанындағы тарихшы Прокопий Кесарийский өзінің «Тарих құпиясы» атты еңбегінде императорды қатал тиран, мақтан сүйгіш, атакқұмар дей отырып, оны кемеңгер саясаткер, қажымас реформатор деп екі жақты образ негізінде сипаттайды. Ақылымен бірге ерік-жігері мықты, білімді Юстиниан мемлекеттік істерге бар күш-жігерін жұмсады.

Юстиниан тұсында елдің ішкі саясаты мемлекетті орталықтан басқаруды күшейтуге, елдің экономикасын нығайтуға, жаңа сауда жолдарын ашып, сауда ісін дамытуға бағытталды. Қытай елінде ғасырлар бойына айтылмай келген жібек өндірісінің құпия-сырының ашылуы византиялықтар үшін үлкен табыс болды. Аңыз бойынша екі несториандық монах жібек құртының пілләсын аса таяқтың қуысына тығып Қытайдан Византияға алып келген. Осыдан кейін VI ғасырдан бастап империяның өзінің (Сирия мен Финикияда) жібек маталары шығарыла бастады. Константинополь қаласы дүниежүзілік сауда орталығына айналады. Империяның бай қалаларында колөнер кәсібі техникасының күшейіп, жетілдірілуі Юстинианға сарайлар мен храмдар тұрғызуға және шекаралық аудандарда қорғаныс құрылыстарын салуға мүмкіндік жасады. Византияда құрылыс техникасының дамуы архитектураны дамытудың маңызды көзіне айналып отырды. VI ғасырдан бастап металл өңдеу ісі күшейе бастады. Юстинианның тұсындағы әскери кәсіпорындардың кеңеюі соғыс қару-жарақ өндірісі дамуының тұрақты негізіне айналды.

Юстинианның аграрлық саясаты ірі шіркеу жерлерімен бірге жер иеленушілердің орта тобының жерлерінің ұлғаюына да қолдау көрсетті. Ол жүйелі түрде болмаса да ірі жер

неленушілердің, ең алдымен бұрынғы сенаторлық аристократияның билігін шектеу саясатын жүргізіп отырды.

Юстиниан билігі тұсында Рим құқығын реформалау ісі жүргізілді. Византия қоғамының ілгері дамуына кедергі болып отырған әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіне түпкілікті өзгертулер енгізіп, ескі құқықтық нормаларды жаңарту қажет болды. **Трибониан бастаған белгілі заңгерлерден құралған комиссия қысқа мерзім ішінде (528-534 жылдар аралығында) аса үлкен жауапкершілікпен «Азаматтық құқық заңдар жинағын» шығарды.** Ол Рим императорларының (Адрианнан Юстинианға дейінгі) түрлі азаматтық істер жөніндегі маңызды заңдарының 12 кітаптық жинағы «Юстиниан кодексі» және белгілі Рим заңгерлерінің «Дигестар» немесе «Пандектер» («Дигесты» и «Пандекты») деп аталатын құқықтық пікірлерінің 50 кітаптық жинағы мен Римнің азаматтық құқық заңдарына қысқаша түсінік беретін «Институциялар» деген үш бөлімнен тұрды.

534-565 жылдар аралығында Юстинианның өзі шығарған заңдары кейін осы «Азаматтық құқықтар жинағының» төртінші бөлімі ретінде құрастырылды да, ол «Новеллалар» («Жаңа заңдар» деген мағынада) деп аталды.

Император Юстинианның тұсында кең түрде жүргізілген құрылыстар, жаулап алу жорықтары, мем-

лекеттік басқару аппаратын ұстау, салтанатты император сарайларының салынуы үлкен қаржы шығынын қажет етті. Бұл Юстиниан өкіметінің салық мөлшерін өсіруін талап етті. Салық мөлшерін өсіру, еретиктердің монофизиттерді қудалаушылығының күшеюі халық бұқарасының наразылығын күшейтті. 532 жылы Византиядағы халық қозғалыстарының ішінде тарихта «Ника» деген атпен белгілі ең ірі көтеріліс басталды. Көтерілістің басталуы Константинопльдегі цирктік партиямен шиеленіскен күреске байланысты болды.

532 жылы 11 қаңтарда Юстиниан үкіметінің саясатына қарсы партия – прасиндердің («жасылдардың») Константинопль ипподромындағы қарсылық әрекеттерінен кейін басталды. Көп ұзамай «жасылдарға» олардың қарсыластары венеттердің «көкшілдердің» партиясы қосылып, екі партияның да төменгі сатыдағылары салық мөлшерінің қысқартылуын және жеккөрінішті чиновниктердің жұмыстан кетуін талап етті.

Юстинианның сыртқы саясаттағы көздеген басты бағыты Батыс Римді қалпына келтіру еді. Саяси мәні зор осы ойын жүзеге асыру үшін Юстинианға Батыс Рим империясының территориясында пайда болған варварлық жаңа мемлекеттерді бағындыру қажет болды. Осы мақсатпен 534 жылы Византия әскерлері ең алдымен Солтүстік Аф-

рикадағы вандалдар мемлекетін талқандады. Вандал ақсүйектерінің өзара алауыздығы мен жергілікті бербер тайпаларының вандалдар үстемдігіне наразылығы және вандалдықтардан қысым көрген римдік құлиеленушілер мен ортодоксальдық діндарлардың көмектесуі Юстинианның қолбасшысы Велисарийдің жеңіске жетуіне қолайлы мүмкіндік жасады. Бірақ бағындырылған аймақтардағы құлиеленушілік қатынас пен Римнің салық жүйесінің қалпына келтірілуі жергілікті халық наразылығын туғызды. Оның үстіне жаулап алынған елдердің жерінен Византия әскерлері үшін жер үлесінің берілмеуіне қарсы болған солдаттар 536 жылы көтеріліске шығады. Византия армиясының солдаттары Стотза бастаған көтеріліске жергілікті берберлік тайпалар мен қашқын құлдар және колондар қолдау көрсетті. Алайда, көтеріліс басшысы Стотзаның өзі қанды соғыста қаза тауып, VI ғасырдың 40-жылдарының аяғында Солтүстік Африка империя билігіне бағындырылды.

Италиядағы остготтар корольдігін бағындыру Рим империясын орасан зор шығынға ұшыратты. 535 жылы жазда аз ғана әскерімен Велисарий Сицилия аралын басып алып, Оңтүстік Италия арқылы елдің ішкі жағына кеулеп кіре бастады. Италиялық құлиеленуші ақсүйектер мен ортодоксальдық діндарлар (вандалдар сияқты готтар да ариандар

еді) көмегі арқасында 536 жылы Рим империясының көне астанасы Римді жаулап алады.

Бірақ Юстинианның қайта құру (реставраторлық) саясаты мен римдік басқыншылардың жүгенсіздік әрекеті талантты қолбасшы, көреген саясаткер осгот королі Тотила (551-552) бастаған жаппай халық көтерілісін туғызды.

Жауды халық бұқарасының көмегінсіз жеңе алмайтынына көзі жеткен Тотила құлдар мен колондарға бостандық беріп, оларды әскер қатарына қабылдады. Сонымен бірге ол Римнің ірі жер иеленушілерінің жерін тартып алып, осготтық және итальяндық шаруаларға алып берді.

Тотиланың бұл саясаты Юстиниан үкіметінің реставраторлық саясатынан жапа шеккендер тарапынан қолдау тауып, 546 жылы византиялық әскерлерді талқандап, Римді қайтарып алуға мүмкіндік жасады. Тотила әскері Италия жерінің басым бөлігі мен Сицилия, Сардиния және Корсиканың жерлерін де басып алды. Тотиланың бұл жеңісі осготтық ақсүйектер арасындағы бақталастарын қауіптендіре бастады. Осылайша олардың көпшілігі халық бұқарасы үшін көп жеңілдіктер жасады деп кінәлап Тотиладан бойларын аулақ ұстай бастады. Сонымен бірге Тотиланың өзі де әлеуметтік-экономикалық саясатта тиянақтылық таныта алмады. Көбінесе ол остгот және римдік ақ-

сүйектер ықпалында қалып отырды. Бұл халық бұқарасының көңілін қалдырып, өзінен безіндіре бастады. Сөйтіп елдегі таптық күштердің қайта қалыптасуы Тотиланың жеңілісіне және Италиядағы осгот корольдігінің күйреуіне әкелді. 555 жылы Византиялықтар Италияны түгел жаулап алады.

Солтүстік Африка сияқты Юстиниан Италия елінде де құлиеленушілік қарым-қатынасты сақтауға және мемлекет басқарудың римдік жүйесін қалпына келтіруге тырысты. 554 жылы ол «Прагматикалық санкцияны» жариялап Тотила реформасын өзгертіп, оны жоққа шығарды. Тотила кезінде құлиеленушілерден кәмпескеленіп алынған жерлермен бірге еркіндік алған колондар мен құлдар қожаларына қайтарылып берілді.

Италияны жаулап алумен бірге Юстиниан Испаниядағы вестготтарға қарсы соғыс ашып, Пиреней түбегінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі бірқатар тірек пунктерді басып алды.

Сөйтіп, Юстинианның Рим империясын қалпына келтіруді ойлаған арманының жүзеге асар күні жақындай түсті. Византия мемлекетіне тиісті бұрынғы Далмация, Италия, Солтүстік Африка, Испанияның оңтүстік-шығысы, Сицилия, Сардиния, Корсика және Балеар аралдары қайтадан қосылды. Алайда византиялықтардың үстемдігіне қарсы жергілікті езілуші халық на-

разылығының өсуіне байланысты Юстинианның жаугершілік билігі тұрақты бола алмады.

Византия VI ғасырда Шығыста сасанидтік Иранмен ұзаққа созылған қырғын соғыс жүргізіп келді. Кавказдың (Армения, Иберия, Азербайжан) бай аймақтары, әсіресе Лазика (қазіргі Батыс Грузия) үшін талас екі ел арасындағы ғасырларға созылған соғыстың басты себебіне айналып отырды. Сонымен қатар Византия мен Иран ертеден Қытай, Цейлон және Үндістан елдерімен жібек, басқа да бағалы тауарлар саудасында өзара бәсекелесіп отырды. Византияның остготтармен соғысын пайдаланған сасанидтік патша I Хосров Аношарван 540 жылы Сирияға басып кірді. Бұл оқиға Иранмен 562 жылға дейін созылған ауыр соғыстың басталуына әкелді. Бейбіт келісім бойынша Лазика жері Византияға, Сванетия және Грузияның басқа облыстары Иранға берілді. Иранға әр жыл сайын төлем төлеп тұратындығына қарамастан, Византия кемелері Жерорта, Қара теңіз жағалауларына жіберілмеді.

Юстинианның солтүстікте жүргізген соғыстары сәтсіз аяқталды. Византия территориясына Дунай өзені арқылы славяндар, аварлар, ғұндар, болгарлар, герулдар, гепейдтармен, басқа да жат («варвар») тайпалары мен халықтарының шапқыншылығы күшейе түсті. VI ғасырда Византияның ең жақын көршілері славян тайпалары шабуылды үдетіп,

аса қауіпті жауға айналды. Славян тайпаларының шаруашылығының негізгі түрі отырықшы егіншілік, сондай-ақ тайпа мүшелерінің арасында мал шаруашылығы да кең дамып отырды. Славяндардың тұрмыстық өмірінде балық және аң аулау, сондай-ақ ара шаруашылығы кәсібі де маңызды орын алды. Археологиялық деректер славяндарда металл қорыту және оны өңдеу ісінің жоғары дамығандығын көрсетеді. Славяндардың ежелгі мекендерінен қола, темір бұйымдардың, Рим ақшаларының көптеп табылуы олардың империямен сауда байланысын жасағанын дәлелдейді.

VI ғасырда славян тайпаларының арасындағы рулық байланыс бірте-бірте ыдырап, сипаты жағынан герман тайпаларының егіншілік қауымына, кейін көршілік маркаға ұқсаған қауымға айналып, әлеуметтік өмірдің басты негізіндегі көрініске ие болды. Славяндарда үлкен жанұялар немесе үй қауымдары (оңтүстік славяндарда оларды задругами «дос-жарандар» деп атады) ұзақ сақталды. Сонымен бірге патришалды құлдық та болды.

Славян тайпаларының саяси құрылысы туралы Прокопий Кесарийский: «Бұл славяндар мен анттарды бір адам басқармайды, олар ежел-

ден халық басқаруымен өмір сүреді, сол себепті олар өмірдегі бақытты да, бақытсыздықты да бәріне ортақ санайды», – деп жазды. Славяндар аса маңызды мәселелерді халық жиналыстарында шешіп отырды. Әрбір тайпаның князь деп аталатын басқарушы көсемдері болды. VI-VII ғасырларда славяндар арасында мүліктік және әлеуметтік дифференциация (жіктелу) үдерісі күшейді. Князьдардың жеке үстемдігі күшейіп, мұрагерлік өкімет билігіне айнала бастады. Ақсүйектердің де билігі күшейіп, жеке славян тайпалары тайпа одақтарына біріктіріле бастады.

VI ғасырдың аяғы – VII ғасырдың басындағы славян тайпаларының Византия шекарасына жиі шабуыл жасап, қауіп төндіруі Юстиниан билігімен тұспа-тұс келді. Славяндардың шабуылды үдете отырып, Константинополь түбіне дейін жақындаған сәттері де болды. Юстиниан билігі тұсында аса қиындықпен болса да оларға қарсы тойтарыс беріліп отырды. Алайда VI ғасырдың екінші жартысында Византия елінің ішкі бірлігінің әлсіреуі славяндармен басқа да жат тайпаларының жаңа шабуылдарға шығып, империя шекараларына қоныстануына жол ашып берді.

Бақылау сұрақтары

1. «Византия» деген атпен белгілі болған Шығыс Рим империясы қашан құрылды?
2. Шығыс Рим империясы Батыс Рим империясына қарағанда неліктен берік болғанын түсіндіріңіздер.

3. Франк корольдігінде және Византияда ерікті қауым мүшелерін шаруаларға айналдыру әдістерінде қандай ортақ нәрселер болды?
4. Славяндардың қоныстануына байланысты Византияда қандай өзгерістер орын алды?
5. Неліктен Шығыс Рим империясы славяндардан жеңіле берді?
6. Батыс Еуропаға қарағанда VI-XI ғасырларда Византияда білім беру ісі мен ғылымның ілгері дамуының себептерін түсіндіріңіз.
7. Византия мәдениеті өзге елдер мәдениетіне қандай ықпалын тигізді?
8. XI ғасырда Византия империясының әлсіреуіне не себеп болды?
9. Юстинианның жеке басы туралы сипаттама жасаңыз. Ол алдына қандай мақсат қойған еді?
10. Юстинианның заңдары қандай маңызға ие болды?

1.5. XI ғасырдың аяғындағы Батыс Еуропаның феодалдық құрылымының негізгі сипаты

1. IX-XI ғасырларда Батыс Еуропа елдеріндегі феодалдық құрылымның нығаюы

2. Саяси бытыраңқылық және алғашқы Капетингтер билігі тұсындағы король билігі

3. Франциядағы негізгі феодалдық иеліктер. Иль-де-Франс

4. Шаруалар жағдайы және шаруалар көтерілістері

IX-XI ғасырларда Батыс Еуропа елдеріндегі феодалдық құрылымның нығаюы. IX-XI ғасырларда Батыс Еуропаның көпшілік елдерінде феодалдық қатынастардың қалыптасу

үдерісі аяқталады. Феодалдық құрылыстың негізгі белгілері Италия, Франция елдерінде X ғасырда-ақ көрініс тапса, Англия мен Византияда бұл үдеріс XI ғасырдың аяғында, ал Германияда бұдан да ұзаққа созылып,

XII ғасырдың басында аяқталады. Скандинавия елдерінде феодалдық қоғамның орнауы тым баяу жүрді. Бірақ XI ғасырдың соңына қарай Батыс Еуропа елдерінің басым бөлігі мен Византияда феодалдық өндірістік қатынастар үстемдік ала бастады. **Феодалдық қоғамның негізі болған жерге жекеменшік (поместье) вотчина түрінде орнықты.** Енді феодалдық жер иеленушілерге тәуелді күйге түскен шаруалар бұқарасының негізгі бөлігі ауыр қанауға ұшырады. Тәуелді шаруаларды феодалдық рента түріндегі қанау экономикалық күштеуден тыс түрлі құралдардың көмегімен жүзеге асырылып отырды. Демек, феодалдық қоғам толық орныққан кезде бұрынғы тәуелсіз еркін отырған ауыл (село) қауымы енді феодалға бағынышты немесе басыбайлы (крепостной) қауымға айналды. Қарапайым өндіріс құралдарына негізделген ауыл шаруашылығы баяу дамыды. Аяусыз қанаушылық жағдайында еңбек ете-

тін шаруалардың жер өңдеу құралдарының тым қарапайымдылығы салдарынан олардың алатын өнім мөлшері де төмен болды. Феодалдық қоғам дамуының ерте кезеңінде бірыңғай өнім өндіретін тұйық (натуралды) сипаттағы шаруашылықтарда айырбас түріндегі сауда байланысы нашар дамып, қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуі өте баяу жүрді. Дегенмен, ұсақ шаруалар шаруашылығы феодалдық қанаушы таптың езгісіне ұшырады десек те, ірі құлиеленушілік шаруашылыққа немесе алғашқы қауымдық құрылыстағы егіншінің еңбегімен салыстырғанда бұл кезеңдегі еңбек өнімділігі анағұрлым жоғары болды.

IX-XI ғасырлардағы феодалдық қатынастардың орнауы мен Еуропаның экономикалық өміріндегі зор жетістіктер феодалдық қоғам дамуының артықшылығын дәлелдеді. Нақты айтқанда қоғам дамуының бұл кезеңде Еуропаның далалары ормандардан тазартылып, жаңа жерлер өңделіп игеріле бастады. Әсіресе, Рим империясының соңғы жүз жылындағы құлдырау кезеңінде бос қалған жерлерде суландыру (ирригациялық) жұмыстары жүргізіліп, жүзімдер мен зәйтүн ағаштары егілген далалық алаңдар ұлғайтылды. Үй жануарларының тұқымдарын жақсартуға көңіл бөлінді. Жылқы жануары жұмыс көлігі ретінде кең қолданысқа түсті. Жер өңдеу құралы соқаның жаңа жеңіл түрлері жетілдіріле түс-

ті. Шаруашылық өмірдегі осы жетістіктер қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөліну үрдісін тездетіп, сауда орталықтары қалалардың дамуына ықпалын тигізді.

XI ғасырдың ортасына қарай Еуропада қалыптасқан саяси-әлеуметтік қатынастарға тән белгі феодалдық жерге жекеменшік пен феодалдық саяси билік арасындағы тығыз байланыс болды. Өйткені бұл тұстағы вотчиналар үлкен ірі шаруашылық қана емес, өз алдына дербес шағын мемлекет түрінде көрініп отырды. Қол астындағы тұрғындар үшін ірі жекеменшік иелері жер иесі ғана болып қойған жоқ, сот, әкімшілік, әскери, саяси күштерді қолына шоғырландырған ірі билік иесі ретінде танылды. Қоғамдық осындай бірлестіктер X-XI ғасырларда Еуропадағы саяси бытыраңқылыққа (кейбір елдерде кейінірек) алып келді.

XI ғасырда Батыс Еуропаның көпшілік елдері мен Византияда қоғам екі антагонистік тапқа бөлініп: жер иеленуші феодалдар және тәуелді шаруалар табы пайда болды. Тәуелді шаруалардың басым бөлігін құрайтын басыбайлы (крепостной) шаруалар кейбір (Франция, т.б.) елдерде өте ауыр жағдайда өмір сүрді. Жеке басы, жер мен құқықтық қатынастар жөнінен бағынышты болып отырған шаруалар қожаларына түрлі төлемдермен бірге ауыр міндеткерліктер атқарып, ерекше қанауға ұшырап отырды. **Осылайша феодал-**

дық қоғамда билеуші тап өкілдері – феодалдар мен дінбасылар тәуелді шаруалардың адал еңбегі есебінен өмір сүрді.

Батыс Еуропа мемлекеттерінде феодалдар жеке атақ-лауазымына қарай тарихта феодалдық иерархия немесе феодалдық саты деп аталған сатыға бөлінді. Феодалдық иерархияның немесе сатының басында барлық феодалдардың жоғары басшысы король тұрды. Одан төмен корольдің вассалдары деп аталған герцогтар, графтар, архиепископтар және ірі монастырлардың епископтары мен аббаттары тұрды. Ал бұларға вассал ретінде бір саты төмен «барондар» деп аталатын ірі жер иеленушілер, одан соңғы кейінгі сатыда ұсақ феодалдар рыцарлар тұрды. Үстем таптың бұл өкілдерінің вассалдары болған жоқ. Олардың қол астына феодалдық иерархияға кірмейтін жер ұстаушы шаруалар қарады. Сонымен әрбір феодал өзінен кейінгі феодалға жер берсе, оның сеньоры болып есептеледі, ол жер алушы жоғары сатыдағы феодалдың вассалы болды. Алайда, шын мәнінде, үлкен аймақтың жеріне иелік етіп, қолдарына әскер ұстап отырған бұл феодалдардың корольге бағыныштылығы сөз жүзінде ғана болып отырды.

Феодалдық иерархияның төменгі сатысындағы феодалдар жоғарыда тұрған сеньорларының вассалдарына бағынбады. Сондықтан Батыс

Еуропаның барлық елдерінде (Англиядан басқа) дерлік феодалдық иерархиялық ішкі қатынаста «менің вассалымның вассалы – менің вассалым емес деген» қағида орын алды.

Феодалдардың арасындағы вассалдық қатынастың негізі вассалдың өз сеньорынан жеке иелігіне алып отырған жекеменшік жері (феод немесе неміс тілінде «лен») болып табылады. Феод – бенефицийдің ілгері дамыған түрі. Бенефиция сияқты әскери міндеткерлігін атқарғаны үшін феод (жеке жер) берілді. Бенефициядан айырмашылығы феод мұрагерлікке қалдырылып отырды. Сондықтан феод бенефициймен салыстырғанда, өзінің өміршеңдігімен ерекшеленеді. Демек, феод үстем тап өкілдерінің меншігіндегі әскери қор есебінде тұрды да, сеньордан жер алып отырған жер иесі вассал ғана емес, иерархиялық сатыдағы барлық сеньорлар феодтың шартты меншік иесі болып есептелді.

Феодалдық дәстүр бойынша, сеньордың вассалдың иелігіне феод беру рәсімі (инвеститура – латынша) вассалдардың қатысуымен үлкен салтанатты жағдайда өткізілетін болды. Салтанат кезінде вассалдық тәуелділікті қабылдаушы феодал сеньордың алдына бір тізерлеп отырып бұдан былай «оның адамы» (французша – оммаж) болатындығы туралы хабарлап және екі қолын сеньордың қолының үстіне қойып оған өзінің адалдығы (французша foi-фуа – адалдық) туралы ант береді.

Вассалдың негізгі міндеттері – бір жыл ішінде қырық күн әскери қызмет атқару, сеньордың иелігін қорғау, ешқашан оған зиян келтірмеу, сот істеріне қатысу, белгіленген феодалдық дәстүрлерге сай ақшалай көмек көрсету. Өз кезегінде сеньор да вассалдың адалдығына адалдықпен жауап беріп, қиындық түскен кезде оған көмек көрсетуге тиісті болды.

Вассалдық лендік келісімдердің екі жақ тарапынан жиі бұзылуы салдарынан IX-XI ғасырларда феодалдық соғыстар жиілей түсті. Соғыс феодалдық дау-жанжалдарды шешу құралына айналды. Ал соғыстан қарапайым шаруалар зардап шегіп, егіс далалары тапталып, деревнялар отқоранып, тонаушылыққа ұшырады.

Алайда вассалдық-лендік қатынастар негізінде туатын үстем таптар арасындағы шиеленістерге қарамастан, феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілдерінің иерархиялық ұйымы IX-XI ғасырлардағы экономикалық және мемлекеттік бытыраңқылық жағдайда оларды саяси жағынан топтастырып, шаруаларға үстемдік жүргізуге көмектесті.

Феодалдық қоғам дамуының ерте кезеңінде тонаушылық сипаттағы соғыс феодалдардың басты кәсібіне айналып отырды. Көңіл көтеріп аң аулау, ат жарыстары мен турнирлер өткізу олардың сүйікті істері еді.

X ғасырдан бастап Еуропада феодалдардың камалы көбейді. Камалдар феодалдар үшін тұрғын үй

және сыртқы жау шабуылынан, көрші феодалдардан, көтеріліске шыққан шаруалардан қорғаныс камалы қызметін атқарды. Камалдардың жаппай көптеп тұрғызылуы нормандардың, арабтардың, венгрлердің шапқыншылығымен де байланысты болды. Әдетте камалдар төңіректі жақсы бақылап көріп отыру үшін төбе басына немесе өзеннің биік жағаларына салынды. X ғасырдың аяғына дейін камалдар ағаштан, екі қабатты мұнараға ұқсас етіп салынатын. Камалдың жоғарғы қабатында феодалдың жанұясы, төменгі қабатында жасақтар мен қызметшілер тұрды. Камалға жалғас салынған құрылыстарда қару-жарак, азық-түлік қоймалары, мал қоралары, т.б. болды. Камалдар дуалдар мен су толтырылған орлармен қоршалды. Ор үстінен көтерме көпірлер салынды.

Шамамен XI ғасырдың басында феодалдар екі немесе үш биік тас дуалдармен қоршалған, бұрыштарына жауынгерлер мен бақылау мұнаралары қойылған тас камалдар сала бастады. Камалдың ортасында көп қабатты басты мұнара «донжон» феодал мен оның жанұясы тығылып қорғанатын орын болды. Мұндай мұнаралардың астында соғыс тұтқындары, бағынбаған вассалдар мен айыпты шаруалар қамалатын түрме орналасты. Әрине, ортағасырлық соғыс техникасы жағдайында мұндай тас камалдарды алу

оңайға түспейтін. Тек бірнеше күнге созылған қоршаудан кейін ғана жау ішке еніп кіре алатын.

X-XI ғасырларда Еуропадағы әскердің негізгі түрі атты әскер болды. Әрбір феодал әскери-рыцарьлық қызмет етуге міндетті болды (рыцарь – немістің «Ritter» – «салт атты жауынгер» деген сөзінен шыққан). Рыцарьлар крест сияқты сабы бар семсермен және ұзын ауыр найзамен қаруланды. Рыцарьдың денесін темір шығыршықтардан тоқылған берен көйлек қорғады. Ал басына дулыға киіп, қауіп төнген кезде ол дулығаның көз көретіндей ойығы бар металл пластинкалы бет қалқанын түсіріп жіберетін. Қолына темір қолғап, аяғына темір торлы шұлық киді. Кейін XII-XIII ғасырларда рыцарлардың сауыттары жетілдіріле түсті. Рыцарьдың астындағы аты да қорғаныш сауытымен қорғалды. Сондықтан қару-жарағы өте ауыр жауынгерлер икемсіз әрі ебедейсіз қимылдады. Егер рыцарьды аттан аударып тастаса, ол өздігінен орнынан тұра алмайтын, осы себептен оңай тұтқынға түсіп қалатын. Ауыр қару-жарақ асынып, ат үстінде шайқасу үшін ұзақ уақыт жаттығу қажет болды. Сондықтан феодалдар жастайынан әскери қызметке даярланып салт атпен жүруге, күресуге, суда жүзуге, найза лақтыруға үздіксіз жаттығып отырды.

Еуропада бүкіл өмірлерін тонаушылық соғыспен өткізетін рыцарь-

лар мінезінің кодексі жасалып, XII-XIII ғасырларда олар әлсіздерді қорғаушы ретінде дәріптелгенмен, шындығында рыцарьлар өздерінің ерекше дәрежесі, топас, қатал әрекеттерімен ерекшеленді.

Саяси бытыраңқылық және алғашқы Капетингтер тұсындағы Король билігі. 843 жылы Каролинг империясы ыдырағаннан кейін Францияны Германия мен Италиядан бөліп тұрған шығыс шекарасы 870 жылғы Мерсен келісіміне сәйкес үлкен өзендердің Маастың төменгі ағысы, Мозел және Ронаның бойымен өтіп жатты. Франциядағы соңғы Каролингтер билігінің қол астында Нейстрия және бұрынғы Бургундияның солтүстік-батыс бөлігі Бургундия герцогтігі қалды. 933 жылы қайтадан біріккен Бургундия корольдігі (Арелат) мен Аквитания іс жүзінде тәуелсіз болды.

X ғасырда неміс және француз Каролингтерінің арасында үздіксіз соғыстар болып отырды. Оның үстіне нормандар шапқыншылығы да үлкен қайғы-қасіретке душар етті. Нормандарға қарсы күресте әбден шаршаған, оның үстіне поместьелерінің көп бөлігінен айырылған Каролингтерге Париждің бай әрі беделді графтары көмекке келіп, Париж, Орлеан қалаларын және Орталық пен Оңтүстік Нейстрияны жаудан қорғап қалды. Алайда, X ғасырдың басында Сена өзенінің құяр сағасына жалғас солтүстік-батыс аймақтағы

Нормандия герцогтігін нормандарға беруге тура келді. X ғасырда патша тәжі үшін Париж (Робертиндер) және соңғы Каролингтер графтары арасында күрес жүрді. Ақыры 987 жылы ірі ақсүйек және діни феодалдар Робертин Гуго Капетті король сайлады да, Капетингтер ұрпақтары 1848 жылға дейін билік етті.

X ғасырда Франция корольдігінде феодалдық қатынастардың орнығуының әлеуметтік-экономикалық негізі қаланып, сонымен бірге әр түрлі этникалық топтардың ұзаққа созылған өзара бірігу үдерісі аяқталды.

Германдықтармен араласқан галл-рим халықтарының негізінде тілі мен территориясы жағынан туыс жаңа феодалдық солтүстік француз және провансаль халықтары қалыптасты. Бұл халықтар болашақ француз ұлтының негізі еді. Олардың шекарасы Луара өзенінің оңтүстік ағысының бойымен өтіп жатты. Сөйтіп, Галлия немесе Батыс Франк корольдігі аталып келген бұл ел X ғасырдан бастап қазіргі Франция (Париж төңірегіндегі Иль-де-Франс аймағының атымен) атауына ие болды.

Франциядағы негізгі феодалдық иеліктер. Иль-де-Франс. Солтүстік француз халықтары мекендеген территорияда бірнеше ірі феодалдық иеліктер құрылды. Ла-Манш бұғазының бүкіл жағалауын Нормандия герцогтігі алып жатты. Нормандия герцогтігінің негізін қалаушы нормандар солтүстік француз халқының тілі мен француз феодалдық

мекемелерінің билігін тез қабылдады. X-XI ғасыр басында норман герцогтары өздерінің иеліктерін Ла-Манш жағалауынан батыста Бретанияға дейін, шығыста Соммаға дейін кеңейтіп, Мэн графтығын өздеріне қаратты.

Орта және төменгі Луара бойында Блуа, Турень және Анж графтықтары: Луара өзенінен біраз оңтүстікке қарай Пуату орналасты. Париж бен Орлеанның арасы Копетингтер жері (король домені) болды. Олардан кейін шығыста Шампань графтығы, оңтүстік-шығыста Бургундия герцогтігі орналасты.

Солтүстік-батыс шетінде кельттер мекендеген Бретань, Солтүстік-шығысында Фландрия герцогтігі болды. Солтүстік француз халқының тілі бұл графтықтың тек оңтүстік бөлігінде ғана кең тарады, ал солтүстігіндегі халықтар герман тілінде сөйледі. Провансаль халықтарының территориясында – Пуату және Гаронна графтығының арасында Аквитания герцогтігі, Гаронна мен Пиреней аралығында Гаскон герцогтігі, оның шығысында Тулуза графтығы орналасты. Тулуза графтігі мен Бургунд герцогтігі арасындағы Орталық таулы аймақты Овернь графтығы иемденді. Француз корольдігінің құрамына, сондай-ақ IX ғасырда Испан маркасы деп аталатын жер иелігінен бөлініп шыққан Барселон графтығы да кірді.

X-XI ғасырларда феодалдық сатының басында тұрған корольдің

вассалы болып есептелгенмен, ірі феодалдар герцогтар мен графтар бүтіндей тәуелсіз жағдайда өмір сүрді.

Францияда тілдік жағынан туыс болғанмен де, екі халықтың өмір сүруі феодалдық бытыраңқылық үрдісін тездете түсті. Мәселен, елдің оңтүстік аймақтары XIII ғасырға дейін номиналды түрде ғана бағынышты болып келді. Франция королі солтүстік француз халқының ғана жоғары сюзерені (феодалдық иерархияның басшысы) болды.

Король домендерінің стратегиялық жағынан маңызды Сена мен Луара өзендерінің орта ағысы бойларына, сонымен қатар Париж бен Орлеан қаласының арасындағы ежелгі Рим кезеңінен бері келе жатқан құрлық жолдарының бойына орналастып үстемдік етуінің Франция тарихы үшін үлкен маңызы болды.

Капетингтер үйінен шыққан корольдердің алғашқы да ірі феодалдардан айырмашылығы болмады. Себебі корольдің белгілі тұрағы болмағандықтан, нөкерлерімен бірге жиі көшіп-қонып жүрді. Тіпті өз домендерінде корольдерге қамалдарын тірек етіп жолдарда қарақшылықпен айналысатын вассалдарымен күрес жүргізуге тура келді. Алайда XI ғасырда Капетингтер өз иеліктеріндегі крепостной тәуелді шаруаларды қанау арқылы түсірілген пайда есебінен баяу да болса өз жерлерін ұлғайта бастады.

Шаруалар жағдайы және шаруалар көтерілістері. X-XI ғасырларда

француз шаруаларының басым бөлігі феодалдық ауыр езгіге түсті. Басыбайлы жерсіз шаруа жеке басы мен құқықтық жағынан жер иесі сеньорға толық тәуелді болып отырды. Осы үш түрлі тәуелділік үшін басыбайлы шаруаның әрқайсысына төлейтін айып, төлемдері болды. Мысалы, жеке басы тәуелді адам ретінде ол жан басы салығын (сарaticum), басы бос еркін адаммен некеге отырса немесе өзге сеньордың сервіне үйленетін болса, неке салығын, өлім салығын, сондай-ақ көбіне мал түрінде мұра салығын төледі.

Қорытып айтқанда, сеньордың сервтерден (басыбайлы шаруа) алатын төлемдері мен айыптарының шегі болмады. Жер учаскесінің мұрагері ретінде шаруа сеньорға: егістік барщинасын өтеуге (аптасына үш күннен кем емес), құрылыс, транспорт және басқа айыптарды орындауға, сол заман үшін мөлшері аса үлкен емес заттай және ақшалай төлемдер төлеуге тиісті болды. Құқықтық жағынан да тәуелді шаруа сеньор куриясында (иелік сотта) дау көтеріп сотқа жүгіне алатын болды. Алайда ол алдын ала сот алымдары мен айыптарын және базар, көпір, жол, т.б. алым-салықтарын төлеуге тиісті болды.

Сеньор диірмен, шие және жүзім сыққыштарға (баналитеттер деп аталады) монополиялық еркіндік құрып отырғандықтан, шаруалар оның диірменіне астық тартқаны, пешке нан пісіргені, жүзім сыққышын пай-

даланғандары үшін заттай, ақшалай ақы төлеп отыруға тиісті болды. Шаруалардың бір бөлігі жекебас бостандығын сақтағанымен, (виландар) олар сеньорға жер мен құқықтық жағынан тәуелді күйде отырды.

Осылайша феодалдық қатынастардың қалыптасып дамуы қоғамдағы езілуші таптың каналуының күшеюімен қатар жүріп отырды.

Қанаушы топтың мүддесіне сай төленетін әр түрлі айыптардың да саны жыл өткен сайын көбейіп отырды. X-XI ғасырларда феодалдар шаруалар қауымының жерлерін зорлықпен басып алып, шаруалар пайдаланып отырған орман, су, егістік жерлер үшін қосымша ақы төлеттірді. Міне, ауыр алым-салық, езгі, феодалдық соғыстар шаруалар өмірін бұрынғыдан да күйзелтіп, адамдардың аштықтан өлуі әдеттегі құбылысқа айналып кетті.

Феодалдық езгіге қарсы шаруалар әр түрлі бағытта қарсылықтар көрсетіп отырды. **997 жылғы бүкіл**

Нормандия территориясын қамтыған шаруалар көтерілісі бұрынғы қауымдық жерлерін қалпына келтіріп, тегін пайдалану құқығын беруді талап етті. Көтеріліс аса қаталдықпен басып тасталды.

1024 жылы Бретань шаруаларының көтерілісі басталды. Деректерде шаруалар көтеріліске «көсемдерсіз және қару-жараксыз шықты» делінгенмен, шаруалар мұздай қаруланған рыцарьларға қарсы ерлікпен күресті. Көтеріліске тұтас қауым болып шыққан шаруалар өздерінің құқықтарын талап ету арқылы феодалдарға тұтас қорқынышты күш ретінде көрінді. Шаруалар көтерілісін талқандағанмен, феодалдар енді рентаның мөлшерін біраз шектеп, шаруаларға өзінің жеке жерінде шаруашылығымен айналысып, жұмыс істеуі үшін көбірек уақыт бөлуге мәжбүр болды. Сөйтіп, шаруалар феодалдық езгіге қарсы күрес жүргізе отырып, феодалдық қоғамдағы өндірістік күштердің анағұрлым тез дамуына жағдай жасалды.

Бақылау сұрақтары

1. Феодалдық мемлекет құрылысында VI ғасырдан XI ғасырға дейінгі аралықта қандай өзгерістер орын алды? Олар неге байланысты туындады?
2. Феодалдық саты қандай баспалдақтарға бөлінді?
3. Феодалдық құрылыстың басты белгісі қандай?
4. Феодалдық құрылыс өзіне дейінгі құрылыстарға қарағанда не себепті озық болды?
5. Натуралды шаруашылық дегенді қалай түсіндіңіздер?
6. Ауыл шаруашылығы мен колөнердегі жетістіктер бір-бірімен қалай байланыста болды?

7. Қалалардың неліктен және қалай пайда болғанын түсіндіріп беріңіздер.
8. Қалалардың пайда болуы мен өсуіне байланысты еңбектің қандай маңызды бөлінісі өмірге келді?
9. Қалалардың өсуі не себепті сауданың дамуына әкеліп соқтыруға тиісті еді?
10. Қалалардың өсуі шаруалар шаруашылығында еңбек өнімділігіне қандай ықпалын тигізді?
11. Ерте орта ғасырлар дәуірінде шаруалар не үшін және қандай тәсілдермен күресті?
12. Рыцарьлардың басты міндеті қандай болды?
13. Феодалдық камал қандай қызмет атқарды?

1.6. VIII-X ғасырлардағы

Италия

1. Италияның саяси бытыраңқылығы
2. Феодалдық қатынастардың дамуы
3. Антикалық қаладан ортағасырлық қалаға өту континуитеті

Италияның саяси бытыраңқылығы. Орта ғасырларда Италия біртұтас мемлекет болып құрыла алмаса да, бұл ел территориясында өз кезегінде жеке феодалдық мемлекеттерге бөлшектеніп отырған тарихи үш аймақ – Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Италия қалыптасқан еді. Апеннин түбегінің саяси, экономикалық және географиялық өзгешеліктеріне қарай үш аймақтың өзіндік ерекшеліктері сақталды.

VI-VIII ғасырларда лангобардтардың қол астында болып, кейін VIII ғасырларда Каролинг империясының құрамына кірген Солтүстік Италияның По өзенінің алқабындағы жерді

Ломбардия алып жатты (оның Ломбардия атауы осы лангобардтардан шыққан). Орталық Италияның басым бөлігін Папа аймағы, орталығы Римді қосып, ақсүйектік папалар мемлекеті (оны «Қасиетті Петр Вотчинасы» деп атады) және лангобард иеліктерінің қалдықтары – бірде папаға, бірде Каролингтерге вотчиналық тәуелділікте болған Беневент және Сполето герцогтіктері иемденді. 843 жылғы Верден бітімінен кейін Солтүстік және Орталық Италия жоғары сюзерен король билігіндегі жеке корольдік бола алмады. Сонымен бұл Италиядағы үш аймақтың өкімет билігі жекелеген феодалдардың қолында болды.

XI ғасырдың соңына дейін Оңтүстік Италия мен Сицилия аралы жеке феодалдардың қол астында болып келгендіктен, жиі-жиі шетел басқыншыларының қолына өтіп отырды. Мәселен, VI ғасырдан бастап ұзақ уақыт бойы елдің оңтүстік едәуір бөлігі Апулия, Калбрия, Неаполь және Сицилия Византия провинция-

ларына айналды. Ал IX ғасырда мұнда арабтар шапқыншылық жасап, Сицилияны алғаннан кейін орталығы Полермо болған эмират құрады. Арабтар уақытша Апулия жерін де өздеріне қаратты. Ел ішіндегі үздіксіз жүріп жатқан феодалдық қырқысулар мен византия және араб басқыншыларының арасындағы соғыстар Оңтүстік Италияға нормандардың басып кіруіне себепші болды (Нормандиядан келді). Нормандар XII ғасырдың (1130 ж.) басында Оңтүстік Италия мен Сицилияны жаулап алып, бүкіл Оңтүстік Италия жерін қамтыған Сицилия корольдігінің негізін қалады.

Феодалдық қатынастардың дамуы. Италияның саяси картасының ала-құла болуы феодалдық қатынастардың дамуына әсерін тигізіп, күрделендіре түсті. VII ғасырдың басында лангобардтар Италияның солтүстігі мен орта бөлігін (келешектегі Ломбардия және Тоскана) және Оңтүстік Италияның таулы аймақтарын өздеріне қаратып, Беневент және Сполето лангобард герцогтігін құрды. Италия жеріне баса-көктеп қоныс аударып келген лангобардтар өздерінің «фара» деп аталған қандас рулық қауымдарға, туыскандық топтарға қарай жергілікті халықтан окшауланып бөлек қоныстанды. Олар жергілікті римдік ірі және орташа жер иелерінің жерлерін тартып алып, бағындырылған жергілікті тұрғындардан,

әсіресе колондар мен басқа да жер өңдеушілерден астық түсімінің 1/3 көлемінде заттай салық алып отырды.

Үздіксіз жүргізілген соғыстар нәтижесінде лангобард аксүйектерінің жаңа жерлерді жаулап алуы және римдік жекеменшіктің ықпалымен VII ғасырдың аяғында лангобардтардың егістік жерлері аллодка айналып, фаралар ыдырай бастады. Фаралардың (қандас рулық қауымдар) ыдырауы ірі жер иелері король жасақшылары – гезенидтерді, әскер басшылары – герцогтарды, графтар мен корольдерді, сондай-ақ шіркеулер мен монастырьларды қалыптастырды. Осылайша IX ғасырға қарай аксүйектік және діни ірі жер иеленушілері негізінде бірте-бірте феодалдар табы қалыптаса бастайды. Қанаушы таптың өсуіне байланысты жерге жекеменшік құқынан айырылған ауыл тұрғындары еріксіз жер иелері магнаттарға (патронат және коммендация) тәуелді шаруаларға айналды. Демек, бірте-бірте тәуелді халық бір-бірімен, атап айтқанда римдік құлдар мен колондардың лангобардтық құлдар мен жартылай ерікті, тәуелді адамдармен қосылып, біртұтас феодалдық тәуелді шаруалар табына айналды. Алайда лангобардтардың тұрғылықты мекендері бір-бірінен алшақ жатқандықтан және рулық қауымдық қатынастардың ұзақ уақыт сақталуымен байланысты VII-VIII ғасырларда лангобардтарда феодалдық қоғам

баяу дамыды. Дегенмен, VIII ғасырдағы франктердің жаулап алуы феодалдық қатынастардың дамуын тездетіп, елдегі ерікті егіншілердің тәуелді шаруа-жер ұстаушыларға айналу үрдісін күшейтті. IX-XI ғасырларда келісімшарт бойынша 29 жылға арендаға жер беріп шаруаларды ұстау кең таралды. Либелла деп аталған аренданың бұл түрі шын мәніндегі феодалдық қанаудың жаңа бір әдісі еді, өйткені арендаға жер алған шаруа-либелляр жерінен түскен өнімнің үштен немесе төрттен бір бөлігін феодалға беріп және оған барщиналық қызмет етті. Сонымен бірге оброк төлеп, барщиналық қызмет етіп прекрарий жағдайында жер ұстаушы шаруалар да көбейді. Сондай-ақ натуралды немесе ақшалай салық төлеу арқылы мәңгілік мұрагерлікке арендаға жер шудың эмфитевзис түрі де кең тарайды.

Феодалдарға тікелей бағынышты либеллярлар мен прекристердің басым бөлігі кейін IX-X ғасырларда бірте-бірте басыбайлы (крепостной) шаруаларға айнала бастады. Крепостной шаруалар атқаратын міндеткерліктің барщиналық түрі басым түсті. Олар жылына 2-ден 12 аптаға дейін феодалға барщиналық қызмет жасауға міндетті болды. VIII-IX ғасырларда тәуелді және басыбайлы шаруалар жұмыс жасайтын ірі шіркеу шаруашылықтары құрылады. Крепостной шаруалар шіркеу шаруашылықтарында көктемгі егіс пен

күзгі егін жинау науқаны кезінде аптасына 3-5 күн барщиналық қызмет етті. Барщиналық қызметпен бірге шаруалар азық-түлік рентасын да төлеп отырды. VIII ғасырда шаруалар ақша түрінде де төлем төлеп тұрғандықтан, өзге Еуропа елдеріне қарағанда Италияда ақша рентасы ерте қалыптасты.

Крепостной шаруалармен бірге өз алдына бөлек жер ұстаған жеке басы тәуелсіз шаруалар да болды, бірақ олар бәрібір жер үшін феодалға кіріптар болып түрлі міндеткерліктер атқарып отырды.

Антикалық қаладан ортағасырлық қалаға өту континуитеті. Феодалдық қатынастардың ерте дамуы мен шаруаларды ұстаудың либеллярлық түрінің кең таралуы ауыл шаруашылығында өндіргіш күштердің дамуына ықпал етіп, Солтүстік және Орталық Италияда тауар-ақша қатынастарының неғұрлым ерте қалыптасуына және колөнердің ауыл шаруашылығынан бөліну үрдісін тездетте түсті. Нәтижесінде Еуропаның басқа елдерімен салыстырғанда Италияда IX-XI ғасырларда-ақ жаңа экономикалық орталық қалалар пайда болады. Сонау Рим кезеңінен бері сақталып келе жатқан Италия қалаларының көне дуалдары мен ескі үйлері колөнер мен сауданың дамуы негізінде көркейіп өсіп отырды.

IX-X ғасырда-ақ Лукка қаласының колөнершілері жұқа шұғамен бірге ақша да шығарып отырды. X ғасырда Павии қаласында көпестер

мен қолөнершілердің (тері илеушілер, теңге соғушылар, т.б.) корпорациясы жұмыс жасады. Міне, қолөнердің өркендеп дамуы Италия қалаларындағы сауданың дамуына кең жол ашты.

По өзені алқабындағы қолайлы сауда жолдарының бойында орналасқан Ломбардия қалаларында қолөнер мен сауда өркендеп дамыды. Мәселен, Милан қаласы қолөнер орталығы ретінде танылды. Пьяченца қаласы ертеден қару-жарақ және тоқыма өндірісімен белгілі болды. Тоқыма өндірісі дамыған Верона қаласында IX ғасырда жылына 4 рет жәрмеңке өткізіліп отырды.

IX-XI ғасырларда Италияда Батыс пен Шығыс елдері арасындағы делдалдық сауда жасайтын қалалар

саны көбейді (ішкі сауданың даму деңгейі төмен болды). Портты қалалардағы сауданың дамуы кеңейіп, Венеция қаласы VIII-IX ғасырларда Адрیات теңізі жағалауларында грек қалаларымен, Египет және Сириямен сауда байланысын жасады. X ғасырда Генуя мен Пиза қалаларының Батыс Жерорта теңізімен сауда байланысын жүргізіп отыруы маңызды орын алды. Оңтүстік Италия порттары Амальфи мен Бари делдалдық саудаға көшіп, олардың кемелері Византияға астық, зәйтүн майын, қару-жарақ әкеліп, бұл жақтан шығыс тауарларын тасып отырды. Бұл Италияның түрлі аймақтарында белгілі бір тауар түрлерінің өндірісін күшейтіп, ішкі сауда айналымының кеңеюіне ықпалын тигізді.

Бақылау сұрақтары

1. Италиядағы үш аймақтың өкімет билігі кімдердің қолында болды?
2. Нормандар Оңтүстік Италия мен Сицилияны қашан жаулап алды?
3. Беневент және Сполето лангобард герцогтігі қашан құрылды?
4. Либелла бұл ...?
5. VIII ғасырда Италияда рентаның қандай түрі жақсы дамыды?
6. IX-X ғасырда Лукка қаласының қолөнершілері қандай өнімдер шығарумен айналысты?
7. Пьяченца қаласы ертеден қандай өндіріспен белгілі болды?
8. Италияда жаңа экономикалық орталық қалалар қай ғасырларда пайда болады?
9. Фаралардың (қандас рулық қауымдар) ыдырауы нәтижесінде орын алған өзгерістерді сипаттаңыз.
10. IX ғасырға қарай ақсүйектік және діни ірі жер иеленушілері негізінде лангобардтар қоғамында қандай тап өкілдері қалыптаса бастады?
11. IX-XI ғасырларда келісімшарт бойынша қанша жылға арендаға жер беріп шаруаларды ұстау ісі кең тарала бастады?

12. VIII-IX ғасырларда құрылған ірі шіркеу шаруашылықтарында кімдер жұмыс жасады?
13. Крепостной шаруалар үшін міндеткерліктің қай түрі кең таралды?
14. IX-X ғасырда Лукка қаласының қолөнершілері жұқа шұғамен бірге тағы өнімнің қандай түрін шығару арқылы белгілі болған еді?
15. Ертеден қару-жарақ және тоқыма өндірісімен белгілі болған қала.
16. Италияда қай ғасырларда жаңа экономикалық орталық-қалалар пайда болады?

1.7. IX-XI ғасырлардың басындағы Германия

1. Шығыс-Франк патшалығы. Феодалдық институттардың қалыптасу үдерісінің ерекшеліктері
2. Италияға жасалған жорықтар және I Оттонның Римде тәж киюі
3. Империялық шіркеу. Оттондардың «Римдік империясы»

Шығыс-Франк патшалығы. Феодалдық институттардың қалыптасу үдерісінің ерекшеліктері. X ғасырдың басында Германияда феодалдық қатынастардың қалыптасу үрдісі байқала бастады. Қоғамның негізгі таптары ірі жеке-меншік жер иелері – феодалдар мен феодалға тәуелділер және крепостной шаруалар табы болды. Сонымен бірге барлық жерде феодалдық вотчина кең тарала бастады.

Дегенмен, Францияға қарағанда Германияда феодалдық қатынастардың қалыптасу үдерісі баяу қарқын алып отырды. Селолық қауымда тұрып жатқан, орта және ірі аллодтардың едәуір үлкен жерлері бас бостандығы жоқ адамдардың көмегімен өңделетін еді. Бірақ бұл ал-

лодтар тәуелді шаруалардың еңбегін қанау арқылы шаруашылықтарын жүргізіп отырған феодалдық меншік иесіне толық айнала алған жоқ. Ірі шонжарларда, әсіресе шіркеу сияқты саяси ұйымдарда күштеуге негізделген басқару аппаратының болмауы X ғасырдың бас кезінде Германияда феодалдық қатынастың қалыптасу үрдісінің әлі аяқталмағанын аңғартады. Графтық қызмет пен жергілікті басқарудың бүкіл жүйесі феодалдық қоғамға икемделмеген, көптеген аймақтарда әлі күнге сонау тайпалық дәуірден келе жатқан көне соттық және әскери ұйымдар сақталып келген еді. Феодалдық иерархия да ақырына дейін түпкілікті қалыптасып болған жоқ.

Ерте феодалдық мемлекеттердің баяу қалыптасуы X ғасырдың басында Германия территориясында: Саксония мен Тюрингия (Солтүстік Германияда, Рейн мен Эльбаның және оның бір тармағы Заальдің аралығында), Франкония (Рейн мен Майна өзендерінің орта ағысы бойында), Швабия (Дунай мен Рейннің және оның бір тармағы Неккардың жоғарғы ағысы бойында) және Ба-

вария (Дунайдың орта ағысы бойында) тайпалық герцогтарының сақталуынан айқын көрінді. Бірте-бірте ірі жекеменшік жер иесіне айналған герцогтар өз билігін нығайту мақсатында тайпа көсемі ретінде ежелгі тайпалық туыстық байланыстарын пайдаланды. Ал бұл Германияның тарихи дамуына тежеу болып келген тайпалық бытыраңқылықтың ұзақ сақталуына себеп болды.

Италияға жорықтар және I Оттонның Римде тәж киюі. X-XI ғасырларда Италия біртұтас елге айнала алмады. Италиядағы феодалдық бытыраңқылық толып жатқан көптеген феодалдық князьдықтар мен қала-мемлекеттер арқылы анық көрінді. Италия қалаларының ерте дамуы олардың феодал сеньорларға тәуелділіктен ерте құтылуына мүмкіндік жасады. X-XI ғасырға дейін Солтүстік және Орта Италия қалаларының саяси билігі герцогтар, графтар, епископ феодалдар қолында болды. X ғасырдан бастап қалалардың сеньорлармен жүргізген ұзақ күресі нәтижесінде кейбір қалаларда өзін-өзі басқаратын қалалық қауымдар (коммуналар) пайда бола бастады. Олардың көпшілігі XI ғасырдың соңына таман дербес қалалық республикаларға (Милан, Пьяченца, Верона, Парма, Венеция, Генуя, Пиза, Флоренция, Лукка, Сиена, т.б.) айналады.

Италиядағы саяси бытыраңқылық пен итальян феодалдарының өзара

алауыздық күресін пайдаланған герман королі I Оттон 962 жылы Римге соғыс ашып, қаланы басып алған соң, император тәжін киіп, құрамына Германия және Италияның едәуір бөлігі кіретін жаңа Рим империясының құрылғандығын жариялайды. Осылайша, ешбір ақылға сыймайтын, ешбір ортақ экономикалық базасы, этникалық тұтастығы жоқ жасанды саяси құрылым Италия тарихындағы бірнеше жүз жылдарға созылған қайғы-қасіреттің себепшісі болды. Өздерін Италия жерлерінің қожасы санаған герман корольдері мен императорлары Италияға үздіксіз тонаушылық соғыстар ұйымдастырып отырды.

Римдегі папа тағына әрқайсысы өз адамдарын отырғызуды көздеген итальяндық феодалдар үнемі өзара қырқысып келген болатын. Енді I Оттонның жорығынан кейін папа тағына неміс императорлары өздерінің қалаған адамдарын отырғыза алатын болды. Сөйтіп, XI ғасырға дейін Рим шіркеуінің басшысы – папа герман билеушілеріне тәуелді болып отырды.

Осылайша папаның герман корольдері басқарған қуатты Рим империясын құру туралы негізсіз идеясын қолдап отыруы Италия халқы үшін реакцияшыл сатқындық әрекет болды.

Папа мен герман корольдерінің айдап салуымен, итальян феодалдарының өзара алауыздық күресінің барған сайын күшейіп отырғандығын пайдаланған шетелдік жаңа басқыншылар – византиялықтар, венгрлер,

герман феодалдары, арабтар, нормандар Италияға басып кіріп, талан-тараж жасап, елдің саяси өміріндегі шиеленісті одан әрі күшейте түсті.

Бірақ осындай әлеуметтік-экономикалық және саяси қиын жағдайларға қарамастан, IX-XI ғасырларда шетел басқыншыларына қарсы ауыр да ұзаққа созылған күрес жағдайында Италия халқының қалыптасу үрдісі басталады. Сансыз көп жаугершілік соғыстардан бұл халық құрып кетпеді, керісінше шет жерлік басқыншылар жергілікті тұрғындармен араласып, латын тілі негізіндегі итальян халқының тілін үйреніп, ғасырлар бойы қалыптасқан жоғары мәдениетін өздеріне қабылдады.

Империялық шіркеу. Оттондардың «Римдік империясы». Сыртқы жауларға қарсы күрестегі қол жеткен табыстарға қарамастан, елдегі король өкіметінің жағдайы бұрынғыша тұрақсыз күйінде қалып отырды. Король өкіметінің орталықтандыру саясатына тайпалық герцогтар танды қарсылық көрсетіп бақты. Олар I Генрих герцогтардың қандай да болмасын ішкі істеріне араласудан бас тартқан жағдайда ғана король атағын мойындайтындықтарын білдірді. Бірақ I Генрихтың ұлы және мирасқоры I Оттонның (936-973) герцогтардың билігі мен дербестігіне шектеу қоюы олардың қарсылығын туғызды.

Сондықтан герцогтардың сепараттық (жеке-дара) билігін тежеп, орта-

лық өкімет билігін күшейту үшін жергілікті жерлердегі король саясатын қолдайтын басқару органдарын құру қажет болды. Бұл істі I Оттон шіркеумен одақ құру арқылы жүзеге асырмақ болды. Сондықтан Оттондық шіркеулік саясаттың мәні шіркеуді мемлекет мүддесіне қызмет еткізу еді.

Міне, осындай мақсатта X ғасырларда король өкіметі шіркеумен одақтасу үшін I Оттон және II Оттон тұсында шіркеу меншігіне орасан зор көлемде сыйлыққа жер беріледі. Сонымен бірге сыйлыққа жер алған шіркеуге сол жердің тұрғындарына да саяси үстемдік жүргізу құқығы берілді. Сөйтіп шіркеу ірі имунист-феодалға айналды. Шіркеулік имунитеттік округ территориясында шіркеу сотынан басқа сот құруға тыйым салынды. Шіркеу соты жергілікті бағынышты тұрғындар үшін жоғарғы заң (қылмыстық) орны мекемесі құқығы берілді.

Осылайша Оттондық имунитеттік артықшылықтар жасау арқылы шіркеулік мекемелер шын мәнінде кең өкілеттілігі бар мемлекеттік маңызды атқару органдарына айналдырылды. Императорға немесе корольге тікелей бағынышты епископтарға және аббаттықтарға олардың меншігіндегі жерден тыс территориялардан корольдік банн деп аталатын жер берілді. Корольдік банн мемлекеттік қызмет пен корольге және оның қарамағындағыларға бе-

рілген (соттың, әскери, әкімшілік, т.б.) өкілдіктердің жиынтығы.

I Оттон мырзалық көрсетіп шіркеуге жер иелену мен саяси құқықтарды бергенмен, шіркеуді корольдік өкімет билігінің бағынышты құралы ретінде ұстауға тырысты. Елдегі барлық епископтық және аббаттық қызметтерге дін иелері ұсынған үміткерлерді корольдің өзі бекітіп, тағайындап отырды. Сондай-ақ епископтың немесе империялық корольдік аббаттың орны босап қалған жағдайда, оның жерінен түсетін салық тікелей король қазынасына тү-

сетіндіктен король (босаған орынға) жаңа тағайындауға асықпайтын.

Король шіркеудің жоғарғы қызметкерлерін әкімшілік, дипломатиялық, әскери, мемлекеттік қызметтерге тартып отырды. Оттондық әскердің басым көпшілігін епископтық және империялық аббаттардың вассалдары құрады. Епископ пен аббат басқаратын әскери бөлімшелер аз кездеспейтін еді. Міне, осылайша корольдік өкімет билігіне қызмет етіп, оның сенімді тірегіне айналған шіркеу ұйымдары тарихи әдебиеттерде императорлық шіркеу (Reichkirche) деп аталды.

Бақылау сұрақтары

1. Германияда феодалдық қатынастардың қалыптасу үдерісі қашан басталды?
2. X ғ. Германияны біріктіру үдерісін неліктен Саксон герцогтары жүзеге асырды?
3. Германияда X ғасырда шіркеу саясатын жүргізген кім?
4. XI-XIV ғасырларда Еуропадағы шіркеудің қуаттылығы немен байланысты болды?
5. X-XI ғасырға дейін Солтүстік және Орталық Италия қалаларының саяси билігі кімдердің қолында болды?
6. I Оттонның Италияға сапарының мақсаты туралы түсінік беріңіз.
7. I Оттонның шіркеумен одақ құрудағы мақсатын анықтаңыз.
8. Барлық епископтық және аббаттық қызметтерге дін иелері ұсынған үміткерлерді кім тағайындап отырды?
9. Оттондық әскердің басым көпшілігін кімдер құрады?
10. Өзін-өзі басқаратын қалалық коммуналар қай ғасырда пайда болды?

1.8. XI ғасырдың ортасына дейінгі Англия

1. Британиядағы англосаксондық патшалықтар және феодалдану үдерісінің ерекшеліктері

2. Жергілікті басқару ұйымдары
3. XI ғасырдағы феодалдану үдерісінің қарқын алуы

Британиядағы англосаксондық патшалықтар және феодалдану

үдерісінің ерекшеліктері. Англосакстар жаулап алғаннан кейін V ғасырдың екінші жартысынан бастап VII ғасырдың басына дейін Британия территориясында бірнеше англосаксондық варварлық корольдіктер құрылды. Олар: оңтүстік-шығыс шетте юталықтар негізін қалаған Кент, аралдың оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігінде іргетасын сакстар қалаған – Уэссекс, Суссекс, шығысында англдар негізін қалаған – Шығыс Англия, солтүстігінде Нортумбрия және орталығында Мерсия корольдіктері еді. Бұл корольдіктер – бір кездегі Еуропа континентінде құрылған вестготтар, бургундтар, франктер, лангобардтар және тағы басқа германдық тайпалар құрған корольдіктер сияқты Британия территориясында құрылған (кейін Англия аталған да осы территория еді) алғашқы феодалдық мемлекеттер болатын.

Британияның кельт тұрғындарының бір бөлігі жаулап алушы германдықтармен араласып, кейін ағылшын халқының этникалық құрамына енген еді.

Батыс Еуропаның алғашқы өзге феодалдық мемлекеттерімен салыстырғанда англосаксондық корольдіктердегі феодалдық құрылыстың қалыптасуының кейбір өзіндік ерекшеліктері болды. Мұндағы ең маңыздысы қауымдық тәртіптің тұрақтылығы, франктарға қарағанда аллодтың пайда болуы және ерікті

шаруалардың жойылуы мен ірі феодалдық жер иеленушіліктің қалыптасу үдерісінің баяулығы еді. Сонымен бірге, римдіктердің Британияға әуелден ықпалы әлсіз еді, осы әлсіздікті англосаксондықтардың жойқын шабуылы одан әрі әлсіретіп жойып жіберген болатын. Сондықтан Британияға қоныс аударған англ, сакс, юттар және фриздардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері римдік Галлияға орналасқан франктар, вестготтар және бургундтарға қарағанда анағұрлым төмен болды. Британия жерлерін жаулап алған тұрғындардың басым бөлігін құрайтын англо-сакстар мен юттарда феодалдық қатынастардың дамуы алғашқы қауымдық құрылыстың ішкі эволюциясы негізінде жүрді.

VI-VII ғасырларда Британиядағы, әсіресе елдің орталығы мен оңтүстігіндегі англосаксондықтардың басты кәсібі – егіншілік, сонымен бірге мал шаруашылығы да үлкен рөл атқарды. Сондай-ақ балық шаруашылығы, аң аулау және орман кәсіпшілігі, бірқатар жерлерде тұз, темір, қорғасын өндіру ісінің зор маңызы болды.

Англо-сакстар жер жыртуға 4 және 8 өгіз жегілген ауыр соқалар қолданатын. Кейде жерді пар өгізге жегілген жеңіл соқалармен жыртатын. Қос танапты егіншілік кең дамыды. Күздік бидай, қара бидай, арпа, сұлы, асбұршақ және бұршақ тәрізді дәнді дақылдар егілді. Егін

егілетін жекеменшік жерлер әдетте қоршалып қойылатын, өнім жиналып алынғаннан кейін қоршаулар жиналып, жер деревнядағы бүкіл қауымның мал жайылымына айналдырылды.

IX ғасырға дейін тұрғындардың негізгі бөлігін ерікті шаруа қауымдары (кэрлдер) құрады, олардың қауым ішінде өздеріне бөлінген гайда деп аталатын ірі егістік жері (бір жыл ішінде төрт пар өгізбен, бір соқамен өңдеп үлгеруге боларлықтай жер учаскесі) болды. Бұл шаруашылықты бірігіп жүргізіп отырған үлкен жанұяларға берілген жер үлесі болатын. Өйткені VII ғасырдың ортасына дейін англо-сакстарда көршілік қауымға өту аяқталмаған, яғни бөлініп шыққан жеке жанұялардың белсенді тіршілік әрекетінің әлі баяу кезеңі болатын. Сондықтан үлкен жанұяларға берілген жерден пайдаланылмай артық қалған шабындық, жайылым, тақыр, орманды жерлерді жеке жанұялар шаруашылығына пайдалана алатын құқығы болды.

Англо-сакстарда жер осылайша қауым болып отырған бауырлас адамдардың (үлкен жанұя) меншігінде болды. Тарихи құжаттарда дәстүрлі негізде қандас қауым мүшелерінің жерді бірігіп пайдалану құқығы негізіндегі жер иеленушілік «фольклэнд» (халықтық жер) деп аталған. «Фольклэндті» әйелдерге немесе басқа адамдарға мұраға қалдыруға болмайтын. Жер иеленудің осындай

фольклэндтік түрі және жоғарыда көрсетілгендей ұзаққа созылған шектеулері Англияда жерге жекеменшіктің қалыптасуы мен ірі феодалдық жер иеленушіліктің дамуына тежеу болып, феодалдық қоғамдық қатынастың даму үдерісін баяулатып отырды.

Британияға қоныстанғаннан кейінгі алғашқы жүзжылдықтар шамасында англо-сакстарда кэрлдармен қатар анағұрлым дәулетті, анағұрлым жоғары вергельдпен қорғалған эрлдер қауымы пайда болды. Эрлдер өздерінің мал-мүліктерінің артықшылығымен оқшауланып тұратын. Кейін әлеуметтік теңсіздік күшейіп, қауымдардың ыдырауына байланысты эрлдер ірі жер иеленушілерге айналады. Күшпен басып алғаннан кейін кельт тұрғындарын англосаксондықтар құлға, жартылай еріктілерге айналдырды. Негізінен ақсүйектер құлдарды малай есебінде пайдаланды немесе құлдардың өздері аз-аздап бөліс алып, ақсүйектер жерін өңдейтін. Жартылай ерікті лэттер мен уилдер (англосаксондықтар басып алған кельттерді уэльдіктер деп атайтын) міндетті түрде өзгенің жеріне қоныстанатын да, жер иелеріне заттай оброк төлеп отырады немесе жер иесінің егістігінде еңбек етеді. Жекеменшік жері мен бас бостандығын сақтап қалған кельттердің аз ғана бөлігі корольге төлем төлеп отырды.

VII ғасырда қауымдардың ыдырау нәтижесінде мүлік теңсіздігі шығып

англо-сакстарда феодалдық қатынастардың даму үрдісі басталады. Осы кезде арнайы грамота арқылы король жерді сыйға бере бастайды. Мұндай грамота арқылы берілген жер бокленд (англосакс тілінде «бок» – грамота деген сөз, «бокленд» – яғни грамота арқылы иемденетін жер деген мағына береді) деп аталды. Бокленд арқылы алынған жерді – мұраға қалдыруға, өсиет етіп беруге, кепілдікке қоюға немесе сатуға да болатын еді. Сондықтан Англияда ірі феодалдық жер иеленушіліктің нығайып өркендеуіне боклендтің тигізген ықпалы зор болды. Мүлік теңсіздігі күшейіп, ру аксүйектері мен (родовой и военно-служилой знати) әскери шонжарлардың қысымшылық жасауы салдарынан англо-сакстардың ерікті қауым мүшелері бірте-бірте аксүйектерге тәуелді бола бастады. Сөйтіп англо-сакстар қауымының ыдырауының нәтижесінде пайда болған англо-сакстардың ірі жер иелері «глафордтар» деп аталды. Бұл сөзден кейінірек «сеньор» немесе «мырза» («господин») деген мағына беретін «лорд» сөзі қалыптасты. Алайда IX ғасырға дейін ұзақ уақыт бойы ерікті қауым маңызы жойылмай сақталып отырғандықтан, ерікті шаруалардың басым бөлігі феодалдық қоғам өміріне тартыла алмады. Сондықтан аксүйектер мен шіркеу және король жасақшыларының меншігіндегі жерлерде негізінен кельт халқынан шық-

қан құлдар мен жартылай еріктілер жұмыс жасады.

Англияда ірі жер меншігінің және жалпы феодалдық қарым-қатынастың қалыптасып нығаяуында король өкіметі маңызды роль атқарды. Сондай-ақ феодалдық қоғамның дамуына шіркеудің үлкен ықпалы болды. Англо-сакс халқын христиандандыру ісі VI ғасырдың (597) аяғында басталып негізінен VII ғасырдың II жартысында ғана аяқталды. Бұл жаңа христиан діні төңірегіне жер иеленуші үстем тап өкілдерін топтастырған король өкіметінің мүддесін қорғады. Өйткені корольдер мен аксүйектердің епископтар мен көптеген монастырьларға сыйға берген жерлері ірі шіркеулік жер иеленушіліктің өсуіне ықпал етті. Өсиет қалдыру, сыйға тарту және жер бөлудің тағы басқа түрлері арқылы жер алуға ынталы шіркеу жерге жекеменшіктің дамуы мен шаруаларды тәуелділікке айналдыру ісін барынша қолдап отырды. Сондықтан да христиан дініне дейінгі діни ұғымдарын қауымдық тәртіптің тірегі деп санаған англосаксондық ерікті шаруалар христиан дінінің таралуына ұзақ уақыт бойы табанды қарсылық көрсетті.

Жергілікті басқару ұйымдары. Алғашқы құрылған кезеңінен бастап англосаксондық корольдіктер король билігінде болды. Бірақ Британияны жаулап алған англосаксондықтар жергілікті басқару ісін бұрынғыша селолық қауымдық құрылыс негізін-

де ұйымдастырды. Селоның ерікті тұрғындары өздерінің (сход) жиналыстарында араларынан староста сайлап алатын да, түрлі шаруашылық мәселелерін, басқа да даулы мәселелерін шешіп отыратын. Англо-сакстарда жүздіктер деп аталатын белгілі бір территориялық округке кіретін қауым өкілдері, жүздіктер жиналысын басқаратын старшындарын сайлап алғаннан соң көбіне мұнда жүздікке кіретін әр түрлі ауыл тұрғындарының қылмыстық істері талқыланатын еді.

Феодалдық қатынастардың дамуына байланысты селолық жиындар мен жүздік жиналыстарының сипаты өзгере бастады. Енді селолық қауым және селолық жиын глафордқа және оның приказчиктеріне, ал жүздік жиналыстарда ерікті керлдер сайлаған өкілдерінің орнын жүздіктің ірі және беделді жер иеленушілері, сол сияқты селоның ресми өкілдері: староста, священниктер және ең ауқатты төрт шаруа алмастырды. Жүздіктің старшинасы кейін корольдік чиновникке айналды.

Англо-сакстардың халықтық жиналыстары бастапқыда барлық тайпалық әскерлерінің бас қосқан жиынына, ал кейін жекелеген корольдіктердегі қауым мүшелеренің жиынына айналған болу керек. IX ғасырдан бастап жеке корольдіктердегі ірі әкімшілік округтердің көлеміндегі скирлердің (кейін шайрлар деп

аталған) жиынына айналған. Кейін мұндай ірі әкімшілік округтер графтар деп аталған. Бұл жиналыстарда бастапқы кезде рулық-тайпалық аксүйектердің элдормен басқарған өкілдері басты роль атқарған. Кейін король өкіметінің күшеюіне байланысты элдормен корольдік чиновник – скир-герофамен (немесе шайр-рив, кейінірек осы сөзден «шериф» сөзі шыққан) ауыстырылады. Осы кезден бастап басты мәселелерді шешуге скирдің атақты адамдары мен ірі аксүйек жер иеленушілер, сондай-ақ епископтар және аббаттар қатынасады. Сонымен, ерте феодалдық англосаксондық мемлекеттердің саяси құрылысының ерекшелігі – басқарудың қауымдық түрінің ұзақ сақталуы және олардың феодалдық мемлекеттік органдарға айналу үдерісінің баяу көрініс табуы болды.

XI ғасырдағы феодалдану үдерісінің қарқын алуы. Англосаксондық корольдіктер өзара қырқыс соғыстар арқылы бірінің билігін бірі тартып алып отырды. VI ғасырдың аяғы – VII ғасырдың басында олардың арасында Кент ерекше маңызға ие болды. Ал VII ғасырдың орта шамасында билік Нортумбрияға, VIII ғасырда Мерсияға, ал IX ғасырдың басында үстемдік Уэссекстің қолына көшеді. 829 жылы Уэссекс королі Эгберттің тұсында барлық англосаксондық корольдіктер ертефеодалдық мемле-

кетке біріктіріледі. Англосаксондық корольдіктердің бірігуіне ішкі және сыртқы себептер әсер етті. Біріншіден, феодалдық қоғамның дамуы нығайған сайын басыбайлы (крепостной) шаруалардың үстем тап езгісіне қарсы күресінің күшеюі англосаксондық корольдіктердің бірігуін қажет етті. Екіншіден, VIII ғасырдың аяғында Англияға нормандардың шапқыншылығы басталды. Англия тарихында даттар деген атпен белгілі болған (өйткені олар көбінесе Дания жерінен шабуылдап тұрған) сыртқы жау – нормандарға қарсы күш біріктіру қажеттілігі англосаксондық корольдіктердің саяси бірігуін тездетті. Оңтүстік-Батыс Англия жерінде орналасқан Уэссекс корольдігі англосаксондықтарды біріктіріп, шапқыншыларға қарсы күрес орталығына айналады. Елдің солтүстік-шығыс бөлігін жаулап алған даттықтар өздерінің дәстүрлері мен тәртіптерін емін-еркін енгізе бастады.

Англосаксондық корольдіктер біріктірілгеннен кейін халық жиналысының орнына корольдіктің беделді шонжарлары король жанынан құрылған уитенагемотка («даналар кенесі» деген мағынада) жиналатын болды. Енді уитенагемоттың келісімінсіз король ешбір мәселені дербес шеше алмады.

Король Альфредтің (871-899 жж.) билігі тұсында англосаксондық фео-

далдық мемлекеттер дамуының ерекше маңызды кезеңі болды. Уақытша тыныс алып, әскери күшті қайта жасақтауды ойлаған Альфред алым-салық төлеуге міндеттеніп, даттармен соғысты тоқтатады. Англосаксондық әскер ерікті шаруалардың ежелгі халықтық жасақтарынан («фирд») және әскери міндеткерлік атқарушы ұсақ жер иелері феодалдардың ауыр қару-жарақпен қаруланған атты әскерінен құрылған еді. Сонымен бірге Альфред соғысқа қабілетті әскери ірі флот пен шекаралық мықты бекіністер құрды. Осылайша, әскерді күшті қайта құру арқылы жаудың шапқыншылығын тоқтатқан Альфред даттарды Англияны екі бөлікке бөлу туралы келісімшарт жасауға мәжбүр етті. Келісім бойынша елдің оңтүстік-батыс бөлігі орталығы Уэссекс ағылшын корольдерінің қолында, ал солтүстік-шығыс бөлігі (Дат құқығы аймағы «Денло») біраз уақыт даттардың меншігінде болды.

Альфредтің тұсында англосаксондық қоғамның дамуында ерекше роль атқарған заңдар жинағы «Альфред корольдің шындығы» құрастырылды. Енді үстем тап мүддесі заң жүзінде қорғалып отырды. X ғасырдың екінші жартысында король Эдгардың тұсында (959-975) англо-сакстар даттықтардың қол астындағы «Денло» аймағын өздеріне қайтарып, ағылшын жерін біртұтас мемлекетке айналдырды. Нәтиже-

сінде Англия территориясында орналасқан даттықтар мен тағы басқа скандинавиялықтар тілі мен қоғамдық құрылысы жағынан өздеріне жақын англо-сакстарға сіңіп, ағылшын халықтарының этникалық құрамын кеңейте түсті.

Англо-сакстармен салыстырғанда, IX-X ғасырларда даттықтарда қауымдық қоғамның белгілері көбірек сақталып, ерікті шаруалар басым болды. Сондықтан әлеуметтік жіктеліс пен тап тартысы баяу өрбіген даттықтардың орналасуы Англияда, әсіресе солтүстік-шығыста феодализмнің дамуын тежеп отырды.

Дегенмен, даттықтармен күрес кезінде де англосаксондық қоғамның феодалдану үрдісі баяу болса да көрініс тапты.

Мәселен, мемлекет қолдауына сүйенген үстем тап өкілдері даттардың шапқыншылық соғысы мен ақсүйектер езгісінен әбден күйзелген шаруалар жерін өздеріне алып, елдегі ірі жер иеленушілер санын көбейте түсті. Сонымен қатар шіркеу мен ірі діни жер иеленушілер бокленд түрінде шаруалар қауымының жерін алып алғаннан кейін, өз жерінде еркін отырған шаруалар енді жер иелеріне түрлі міндеткерліктер атқаруға, үлеске жер алуға, салық төлеуге тиісті шаруаларға айналып шыға келді. Осылайша X ғасырдың аяғы XI ғасырдың басында Англияда, әсіресе елдің оңтүстігінде басым бөлігі тә-

уелді шаруалардың баршиналық қызметі негізінде өңделіп отырған ірі вотчиналар пайда болады. Даттармен соғысудың нәтижесінде бұрынғы корольдік жасақшылардың орнына тэн деп аталатын жаңа әскери үстем өкілдер қалыптасты. Ал бұлар кейін ұсақ және орта жер иеленушілерден англосаксондық рыцарьларға айналды. Ұсақ және орта жер иелері тэндерге қарағанда жер көлемі үлкен, саяси ықпалы күшті бұрынғы ірі жер иеленуші рулық ақсүйектердің әрлдік атағы сақталып қалды.

X-XI ғасырларда еркін англосаксондық шаруаларды ірі жер иеленушілерге бағындыруда Франк мемлекетін табыстарға жеткізген иммунитеттің Англияда «сока» деп аталған түрі ерекше маңызды роль атқарды. Иммунитет құқығына ие болған жер иеленушінің қол астына түскен шаруаның (сокмен деп аталатын) бас бостандығы мен жерге иелік ету құқығы сақталғанмен, бірақ шаруа ірі жер иеленушіге сот жағынан тәуелді болды. Сондықтан шаруа бәрібір бірте-бірте ірі жер иеленушіге түрлі міндеткерліктер атқарып, төлемдер төлеп, тәуелділікке түсетін еді. Міне, XI ғасырдың бірінші жартысында Англияда феодалдану үрдісі тез қарқын алып, едәуір жетістіктерге жеткенмен де, XI ғасырдың ортасында Англияда ерікті қауымдық құрылыс сарқыншақтары әлі де сақталып отырды.

Бақылау сұрақтары

1. Британия территориясында англосаксондық варварлық корольдіктер қашан құрылды?
2. Англосаксондық корольдіктерде феодалдық құрылыстың қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері қандай?
3. VI-VII ғасырларда Британиядағы англосаксондықтардың басты кәсібі.
4. Глафордтар деген кімдер?
5. 829 жылы барлық англосаксондық корольдіктерді ертефеодалдық мемлекетке біріктірген кім?
6. Англияға нормандар шапқыншылығы қашан басталды?
7. Шапқыншыларға қарсы күрес орталығына айналған корольдік.
8. Ерікті шаруалардан құрылған халықтық жасақтар қалай аталды?
9. «Альфред корольдің шындығы» кімдердің мүддесін көздеді?
10. «Денло» аймағын қайтарып, ағылшын жерін біртұтас мемлекетке айналдырған король.
11. Тэн атауының мәнін түсіндіріңіз.
12. Король Альфред қай жылдары билік құрды?
13. Уитенагемот деген не?
14. Англосаксондықтардың даттарға қарсы күресінің сипаты.
15. Британия территориясында құрылған англосаксондық варварлық корольдіктер.

1.9. VIII-XI ғасырлардың ортасындағы Испания

1. Испанияны мұсылмандардың жаулап алуы
2. Мұсылмандық Испания Дамаск халифаты құрамында
3. Христиандық испан мемлекеттерінің пайда болуы және реконкистаның басталуы

Испанияны мұсылмандардың жаулап алуы. VII ғасырдың соңында Солтүстік Африкадағы Византия иелігін жаулап алуды аяқтағаннан кейін арабтардың алғашқы жауынгерлік тобы 709 жылы Вестгот ко-

рольдігінің жеріне қоныс тепті. Бұл соғысқа арабтармен бірге Солтүстік Африканың ислам дінін қабылдаған байырғы бербер тайпалары (әдетте оларды христиан әлемінде маврлар деп атады) да қатысты. **711 жылы арабтардың Испанияға шапқыншылығы басталды. Арабтар сан жағынан басым Вестгот әскерлерін алғашқы ірі шайқастарда-ақ талқандап, 714 жылы корольдіктің ірі камалдарын қолдарына қаратты. Арабтар мен берберлер Пиреней түбегінің солтүстігіне дейінгі Вестгот корольдігінің жерлерін иемденді. Алайда арабтардың одан әрі Франк корольдігінің жеріне ішке-**

рілеп енуіне король Карл Мартелл жол бермеді. Әлеуметтік және саяси ішкі жағдайы шиеленісіп отырған Вестгот корольдігі сыртқы жау шапқыншылығына қарсылық көрсетуге дәрменсіздік танытты. Өйткені түрлі алым-салықтар мен мемлекеттік міндеткерліктер шаруаларды әбден күйзелткен еді. Ел ішіндегі ақсүйектердің билік үшін күресі тоқтамады. Король үкіметі мұрагерлік тәртіп ережесін де нақты белгілей алмады. Католик шіркеуінің ықпалының күшеюі елдегі діни ақсүйектер мен ариан және иудей дініндегі тұрғындардың наразылығын туғызды. Сондықтан халық бұқарасының басым бөлігі арабтар шапқыншылығына немқұрайлық танытты, тіпті үстем тап өкілдерінің арасында (мысалы, архиепископ Севилья) басқыншыларға көмектескендері де болды. Түбектің солтүстік таулы аймақтарында кейінірек қалыптасқан испан-христиандық мемлекеттер ғана маврларға табанды қарсылық көрсетті.

Мұсылмандық Испания Дамаск халифаты құрамында. Мұсылмандық Испания 755 жылға дейін Дамаск халифатының құрамына кірді. Аббасидтер үкімет басына келгеннен кейін Омейядтар династиясының өкілі Абд-ар-Рахман өзін Әл-Андалус әмірі деп жариялады. Астанасы Кордова қаласы болды. Әмір III Абд-ар-Рахман 929 жылы араб Испаниясының өзге мұсылман мемлекеттерден

тәуелсіздігін түпкілікті бекітіп, халиф атанды. X ғасыр Әл-Андалустың саяси өрлеу ғасыры болғанмен, 1008-1031 жылдар аралығындағы феодалдық бытыраңқылықтың күшеюі және өзара қырқыс пен сарай төңкерістерінің жиілеуі салдарынан халифат бірнеше ондаған тәуелсіз князьдықтарға ыдырап кетті. Олардың ішінде Кордова, Толедо, Севилья, Валенсия, Сарагоса сияқты ірі князьдық-тайфтер болды.

Мұсылмандық Испания ерте ортағасырлық Еуропаның экономикасы гүлденген аймағына айналды. Түбектің оңтүстігіндегі каналдар арқылы суландыру (ирригациялық) жүйесінің кең қолданылуы дәстүрлі шаруашылық өнімдерін (бидай, жүзім) көбейтуге жол ашты, жаңа шығыс дақылдары: күріш, қант құрағы, мақта, құрма пальмасы, анар ағашы және т.б. өсірілді. Елдің орталық аудандарында көшпелі мал шаруашылығы дамыды. Басқыншы арабтардың басым бөлігі орналасқан қалалар қысқа уақыт ішінде ірі қолөнер-сауда орталығына айналды. Әл-Андалустың мата, керамика, металл және былғары бұйымдары арқылы даңқы шықты. Өзге араб әлемімен қарым-қатынасының күрделілігіне қарамастан, Жерорта теңізінде сауда үстемдігіне ие болған мұсылмандық Испанияның теңге айналымы Үндістаннан Ирландияға дейінгі өте үлкен территорияны қамтыды.

Арабтардың жаулап алуы Испания қоғамындағы феодалдану үрдісінің

кең қарқын алып тұрған кезеңіне сәйкес келді. Олар алдымен вестгот, Испан-Рим ақсүйектерінің және шіркеу мен корольдің жер иеліктерін басып алды. Вестгот феодалдары мен діни өкілдерінің көпшілігі солтүстікке, Астурия мен Пиренейдің таулы аудандарына қашуға мәжбүр болды. Ал байырғы тұрған жерлерінде қалып қойған шаруаларға алғашында бірқатар жеңілдіктер берілді. Алайда жерге басыбайлы тәуелділікке түскен шаруалар феодалдық рента, сонымен бірге араб басқыншыларына салық төлеп отырды. Ерте ортағасырлық Батыс Еуропа елдерінен айырмашылығы мұсылмандық Испанияда салық төлемдері ақша түрінде жүргізілді. Сөйтіп уақыт өткен сайын елдегі феодалдық міндеткерліктер мен мемлекеттік салықтың өсуі, мұсылман діни фанатизмінің христиан дініндегі жергілікті халыққа деген өшпенділігінің күшеюімен бірге жүріп отырды.

Мұсылмандық Испаниядағы жоғары дамыған қалалар өркениеті ерте ортағасырлық Батыс Еуропа мәдениеті дамуының негізі болды. X ғасырда Испанияда қалалар саны 400-ге жетті. Елдің астанасы Кордова қаласы X ғасырда Еуропаның қолөнер, сауда және мәдени ірі орталығына айналды. Мұсылмандық Испания мықты теңіз флотының арқасында Африка, Италия, Византия және Левант қалаларымен, ал құрлықта Оңтүстік Франция және

Ломбардиямен қызу сауда жүргізіп отырды.

Мұсылмандық Испанияның экономикалық табыстары оның мәдени дамуымен қатар жүрді. Кордова қаласында бай кітапхана мен жоғары мектеп (университет) жұмыс жасады. Еуропадағы алғашқы жоғары мектептер осы мұсылмандық Испанияда пайда болған еді. Кордова, Севилья, Толедо қалаларының ақсүйек және діни мектептерінде құқық, философия, тарих ғылымдары бойынша сабақтар өткізіліп, тіпті бұл сабақтарға білім алуға талаптанған христиандық еуропалықтар келіп қатысып отырған. Испаниядағы араб мәдениеті Еуропа ғана емес, әлем мәдениетінің дамуында маңызды орын алады. Еуропа елдеріне математика, астрономия, география, физика, алхимия, медицина, анатомия, зоология, философия ғылымдары андалустық ғалымдар мен аудармашылардың еңбектері арқылы ғана жетіп отырды. Мұсылмандық Испания өз заманында көрнекті прогресшіл философтар Ибн Рошд (Аверроэс) пен Маймонидтің отаны болды. Қайта өрлеу дәуіріне дейін Батыс Еуропа ежелгі грек ойшылдары мен ғалымдарының (Аристотель, Эвклидтің, Птоломей, Гиппократ, т.б.) араб тілінде жазылған көптеген еңбектерін латын тіліндегі аудармалары арқылы оқып танысты. Біздің заманымызға дейін жеткен араб-испан архитектуралық ескерт-

кіштері: VIII-X ғасырларда салынып, XIII ғасырда христиан храмына айналдырылған атақты Кордова мешіті, Гранададағы Альгамбра билеушілер сарайы (XIII-XIV ғғ.), Севильядағы Алькасар сарай камалы (XII ғ.) және т.б. мұсылмандық Испаниядағы жоғары дәрежеде дамыған құрылыс ісінің тарихи ескерткіштері болып табылады.

Христиандық испан мемлекеттерінің пайда болуы және реконкистаның басталуы. 709-714 жылдар арасындағы басқыншылық жорығы кезінде арабтар Кантабрий таулары мен Пиреней және Бискай шығанағының арасындағы шағын жерді ала алмады. Заманында римдіктер де, готтар да жаулай алмаған кантабрлер, астурлар, баскілер (кельттерге дейінгі Пиреней түбегінің автохтонды халықтары) мекендеген бұл жерлерде феодалдану үрдісі өте баяу дамыды. Арабтардан қашып Астурияға паналаған вестгот әскерлерінің шағын бөлігіне жергілікті халық қолдау көрсетіп, 718 жылы Ковадонга елді мекеніне жақын жерде вестготтарды жоюға жіберілген араб әскерлері талқандалды. **Бұл Ковадонга шайқасы реконкистаның басталуы деп есептеледі.** Жеңімпаз әскер басшысы соңғы гот королінің туысы Пелайо енді Астурияның бірінші королі болып сайланды. X ғасырдың басында реконкиста арқылы шекарасын ұлғайтқан Астурия Леон корольдігіне айналды. X ғасырда одан 1037 жы-

лы корольдік болып құрылған жана мемлекет Кастилия бөлініп шықты. Кейін бұл екі корольдік қайтадан бірігіп реконкистадағы басты күшке айналады. VIII ғ. аяғы – IX ғ. басында франктер жорығы нәтижесінде Пиреней түбегінің солтүстік-шығысында орталығы Барселона болған Испан маркасы құрылады. IX ғасырда Испан маркасынан Наварра, одан соң кейінірек Каталония және Арагон мемлекеттері бөлініп шығады. 1337 жылы бұл екі мемлекет Арагон корольдігіне бірігеді. XI ғасырдың соңында түбектің батысында Португалия графтығы құрылып, ол кейін XII ғасырда корольдікке айналады.

XII ғасырдың соңында осы үш корольдік: Кастилия, Арагон және Португалия арабтардан түбектің едәуір бөлігін қайтарып алды. **Испан-христиан мемлекеттерінің мұсылмандар иелігіндегі жерлерін қайтару мен отарлық бұғаудан біржола құтылу үрдісі реконкиста деп аталады (испан тілінде «reconquista» – қайта жаулау).** Экономикалық жағынан анағұрлым жоғары дамыған Араб халифатының XI ғасырдың басында жеңілуіне олардың өзара қырқысып, алауыз болып отырған (20-дан астам) әмірліктерге бөлінуі себеп болды. Алайда испан мемлекеттерінің де өзара бірлігі мықты емес еді. Корольдің билігін мойындамай, өзара қырқысып отырған кейбір ірі феодалдар мұсылман мемлекеттерінен көмек алып отырды. Соған қарамастан

Солтүстік Испания арабтық-маври-
тандық оңтүстікке қарағанда сая-
си бірлігі, әскери күші жағынан
басым еді. Басқыншы арабтар үшін
Испанияның жергілікті христиан
халқы қанаудың негізгі объектісіне
айналды. Христиан дінін ұстанатын,
бірақ арабтардың тілі мен кейбір
әдет-ғұрыптарын қабылдаған (мо-
сарабтар), тіпті мұсылман дінін қа-
былдаған (ренегадос) қаланың неме-
се ауылдың басыбайлы шаруалары да
бәрібір сол бағынышты әрі каналушы
күйде қалып отырды. Арабтардың
алғашқы діни еркіншілік әрекеттері
кейін ашық фанаттық түрге ауыс-
ты. Мұсылмандар үстемдігіне қарсы
әлденеше рет бой көтерген қала
мен село халқының солтүстікке ке-
тіп қалуы мұсылман мемлекетін
әлсіретіп, реконкистаны күшейте
түсті. Солтүстікте үздіксіз күрес
жүргізіп, бірін-бірі жеңе алмай отыр-
ған, әсіресе Кастилия мен Арагон
сияқты христиан мемлекеттері жә-
не өзара қырқысып отырған фео-
далдар сыртқы ортақ жауға қарсы
күресте күш біріктіре алды. Рекон-
киста басталған алғашқы күннен-ақ
халықтың басым бөлігінің белсенді
қолдауына ие болып, бұқаралық әс-
кери-отаршылдық қозғалыс сипатын-
да болды. Христиан мемлекеттері
әскерінің негізін құраушы қарулы
шаруалар мұсылмандардан қайтарып
алған территориялардан үлес жер
алып қойған жоқ, олар сонымен бір-
ге жекебас еркіндігіне де ие бол-

ды. Сондықтан реконкистаға қаты-
суға феодалдармен бірге шаруалар
да ынталы болды. Әр кезеңде ре-
конкистаға испандықтардан өзге
француз және италия рыцарьлары да
қатысты. Реконкиста жорықтарын
«крест жорығы» деп бағалаған папа
реконкистаға қатысушы еуропалық
рыцарьларды «жарты айға» қарсы
«қасиетті соғыста» ерлік көрсетуге
шақырды.

Реконкиста Пиреней түбегі елде-
рінің әлеуметтік және саяси құры-
лысының ерекшелігін де айқындап
берді.

XII-XIII ғасырларды реконкиста
қозғалысы белсенді сипат алып, кү-
шейе түсті. 1085 жылы испандықтар
арабтардың ең ірі қалаларының бірі
Толедоны басып алып, маңызды
жеңістерге қол жеткізді.

Соғыс пен өзара қырқысулардан
әбден әлсіреген мұсылман мемле-
кеттері солтүстік африкалық бер-
берлердің (альморавидтер) көмегіне
жүгініп, Кастилия әскерін талқанда-
уы реконкистаны уақытша баяулатты.
XII ғасырдың ортасында альморавид-
терді жаңа басқыншы альмохадтар
(Мароккалық Атлас тауын мекендеген
тайпалар) алмастырды. Алайда альмо-
хадтар түбектің мұсылман эмиратта-
рын біріктіре алмады.

1212 жылы Кастилия, Арагон,
Португалия және Наварранның бірік-
кен күштері Лас-Навас-де-Толоса
түбінде маврларды аса үлкен жеңі-
ліске ұшыратты. Осы соққыдан соң

олар қайтып бас көтере алмады. Кастильялықтар 1236 жылы Кордованы, 1248 жылы Севильяны, ал Арагон корольдігі 1229-1235 жылдар аралығында Балеар аралдарын, 1238 жылы Валенсияны басып алды. Кастильялықтар 1262 жылы Кадисті алып, Атлант мұхитының жағалауына дейін жетті. XIII ғасырдың соңында маврлар иелігінде орталығы Гранадада орналасқан Испанияның оңтүстігіндегі егіншілік, қала және сауда мәдениеті жоғары дамыған бай өлке Гранада эмираты ғана қалды. Маврлар бұл территорияны 1492 жылға дейін мекен етті.

Реконкиста сыртқы жаулардан қайтарып алынған жерлерді жергілікті жеңімпаздарға үлестіріп, соғыста босап қалған жерлерге қоныстандыру жұмыстары арқылы жүрді. Реконкистаға шаруалармен бірге қала колөнершілері және Оңтүстік Испанияда қала орталықтарының дамуына

мүдделі болып отырған рыцарьлар да белсене қатысып, үлкен роль атқарды. Реконкиста негізінен ірі феодалдар үшін пайдалы болды. Өйткені олар мұсылмандардан қайтарылған жер есебінен аса үлкен көлемдегі жерлерге ие болды. Сондай-ақ реконкиста арқылы Испанияда ірі жекеменшік жер иеленуші Санть-Яго, Алькантара және Калатрава сияқты жаңа діни-рыцарьлық ордендер пайда болды. Еуропа елдерімен салыстырғанда Испанияда мұсылмандарға қарсы ұзаққа созылған соғыста үлкен роль атқарған католик шіркеуі де кең көлемдегі жер үлесін алды. Маврларға қарсы жеңімпаз соғыстың ұйымдастырушысы кастильяндық дворян Сиде туралы поэма испан халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресінің ескерткіші болып табылады. Пиреней түбегінде құрылған барлық мемлекеттер бір-бірінен өздерінің тарихи ерекшеліктері арқылы өзгешеленді.

Бақылау сұрақтары

1. Арагон корольдігіндегі сословиелік өкілетті органдарының басқа испандық кортестерден қандай ерекшелігі болды?
2. Арабтардың Вестгот корольдігін бағындыруы.
3. X ғасырда Испанияда қалалардың даму ерекшеліктері.
4. Мұсылмандық Испанияда салық төлемдері қалай жүргізілді?
5. Испанияда қандай діни-рыцарьлық ордендер пайда болды?
6. Пиреней түбегінің солтүстік-шығысындағы Испан маркасының құрылуы.
7. Феодалдық бытыраңқылықтың күшеюі, өзара қырқыс пен сарай төңкерістерінің жиілеуінің салдарын анықтаңыз.
8. Арабтардың Испанияға шапқыншылығы қай жылы басталды?
9. Испан-христиан мемлекеттерінің мұсылмандар иелігіндегі жерлерін қайтару үшін күрес жүргізуі.

10. Реконкистаға испандықтардан басқа кімдер қатысты?
11. Ковадонга шайқасының қандай маңызы болды?
12. Халифат елдерінің ғалымдары ғылымға қандай жаналықтар енгізді?

1.10. Қытайда феодалдық қатынастардың қалыптасуы (III-X ғғ.)

1. Қытайда феодалдық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы
2. Сыма Янь реформасы
3. Ғұндар, тағы басқа көшпенділер шапқыншылығы және оларға қарсы күрестер
4. Суй әулетінің Қытайды біріктіруі
5. Шаруалар соғысы және Суй әулетінің құлауы

Қытайда феодалдық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы.

Қытайдың саяси тарихында орта ғасырлар кезеңінің басталуы ежелгі дүние заманында 400 жылдан астам өмір сүрген ірі Хань империясының құлауымен (220 ж.) тұстас келеді. Хань империясы б.з. III ғасырының соңында құлады. Хань державасында орын алған әлеуметтік терең дағдарыстың салдарынан шаруалар мен құлдар көтерілісі, жергілікті қытайлықтардан өзге тайпалар мен халықтардың жаппай бас көтерулері орын алды. Елдің басым бөлігін қамтыған көтерілісшілер алдында дәрменсіздік танытқан орталық билік пен үкімет әскеріне өздерін «күшті үйлер» («сильных домов») деп атаған ірі жер иеленушілер көмекке келді. Алайда

Хань династиясының құлауына жеткізген шаруалар көтерілісі талқандалған соң «күшті үйлер» арасында билік үшін күрес басталады. Мемлекеттік биліктің орталықтанған бюрократиялық жүйесінің ыдырауымен бірге құлиеленушілік қоғамға соққы болып тиген бұл оқиғадан соң жаңа феодалдық қоғамның белгілері тез қалыптасып дами бастады.

III ғасырдың соңында Цинь Ши-Хуандидің Қытайды біріктіруімен феодалдық қоғам қалыптаса бастады. Құл еңбегі, әсіресе ауыл шаруашылығында (ірі жер иелерінің иеліктерінде жүздеген, мыңдаған құлдар еңбек етті) кең қолданылғанмен, негізгі материалдық байлықты өндірушілер, салық төлеушілер шағын жер үлесі бар еркін қауым мүшелері болды. Феодалдық құрылыс ірі жер иеленушілердің экономикалық-саяси жағынан күшеюі және жекеменшікке тәуелді ұсақ шаруалар шаруашылығының ұлғаюымен бірге қалыптасып отырды. Қытай қоғамындағы тәуелді шаруалар мүліктік дифференциация нәтижесінде қалыптасқан еді. Патронимия басшысы – ірі жер иеленушілер тәуелді шаруаларды мемлекеттік сарай тізіміне көрсетпеуге кол жеткізді. Өйткені ірі бай жер иеленушінің кол астына тәуелділікке түскен қа-

уым мүшелері – шаруалар мемлекетке салық төлеуден және әскери қызметтен босатылған еді. Ұзақ уақыт бойы тәуелді шаруалардың еңбегі құл еңбегімен қатар пайдаланылғанмен, кейін шаруаларға үлес жер мен еркіндік беріле бастады. Жер иелерінің аса үлкен дербес ірі шаруашылық иесіне айналуы біртұтас орталықтанған мемлекеттің ыдырауының экономикалық басты себебіне айналып отырды.

Ерте орта ғасырларда Қытайдың материалдық және рухани мәдениетінің дамуы жоғары деңгейде көрінді. Елдің басым бөлігінде жасанды жолмен суаруға негізделген ауыл шаруашылығының өнімдері табысты бола түсті. Өйткені суармалы егіншіліктің ирригациялық жүйесінің тармақталған күрделі түрінің кең қолданылуы, тыңайтқыштар себу, жоғары дамыған топырақ өңдеу мәдениеті мол өнімнің негізі болған еді.

Қытай халқы сапалы темір өндірісіне қол жеткізіп, тұнғыш рет жібек, қағаз шығаруды (біздің заманымыздың басы) меңгерді. Қолөнер кәсібінің басқа түрлерін, әсіресе ақ керамика, бамбук, сән-салтанат бұйымдарын шығарумен даңқы шықты. Жаратылыстану, әдебиет, өнер саласы жоғары деңгейде көрінді.

Алайда б.з. III ғасырдың басында өзара қырқыс басталып, Хань империясы құлағаннан кейінгі шаруашылық пен мәдениеттің құлдырауы орын алды. Ел іші қаңырап егістік

жерлер өңделмей бос жатты, күрделі суландыру жүйесінің қызметі бұзылды. Деректерде елді жиі-жиі топан су басып, тағы басқа табиғат апаттары болғандығы, аштық жайлағандығы айтылады. Елдегі осындай ауыртпалықтың салдарынан халық саны азайып, 157 жылы 56,5 млн. болса, 280 жылы бұл көрсеткіш 17 млн. дейін қысқарған. Бұған қоса ішкі жанжалдардың өсуі елдің шаруашылығын күйзелтіп, жаңа әлеуметтік қозғалыс қаупін тудырды. Сондықтан бұл жағдай елді біріктіріп, біртұтас мемлекет құруды қажет етті.

Сыма Янь реформасы. Біртұтас Қытай мемлекетін құру солтүстіктегі Хуанхэ өзенінің жағалауына жақын орналасқан Вэй патшалығының үлесіне тиді. Вэй патшалығының Сыма әулетінің өкілі әскери қолбасшылық қабілетімен көзге түскен Сыма Янь жаңа императорлық Цзинь әулетінің негізін қалады.

III ғасырда Қытайда феодалдық қатынастардың дамуы екі бағытта анық байқалды. Біріншіден, ұланбайтақ бос жатқан егістік, жайылым жерлерді иемденіп алған ірі жер иелері кедейленіп, жұтаған жері жоқ шаруаларды өздеріне бағынышты етіп, тәуелді күйге түсірді. Осыншама байлыққа ие болып өзара бәсекелесіп отырған дәулеттілер әскери қызметшілер мен үй қызметшілері үшін шағын жер үлесін бөліп отырды. Бірақ олар мемлекет қазынасына

салық төлеуден бас тартты. Екіншіден, жерге мемлекеттік меншік қатынасты нығайтып, кең көлемде ирригациялық және жол құрылыс жұмыстарын жүргізу қажет болды. Сондықтан ірі ақсүйектер қолындағы жерді мемлекет меншігіне айналдыру үшін Сыма Янь 280 жылы жер үлестігі туралы заң шығарды. Бұл заң бойынша жер императорлық мемлекет меншігі, ал халық (шаруалар және феодалдар) жер үлесін пайдаланушылар болып табылды.

Жалпы III ғасырда қаңырап бос жатқан жерлердің мол болуы мемлекеттік меншік қатынасын дамыту үшін қолайлы жағдай туғызды. Сыма Янь заңы бойынша еңбекке жарамды 16 мен 60 жас аралығындағы шаруалар үшін 120 му көлемінде (1 му – 6,6 а) жер үлесі берілді. Оның 70 му жерін шаруа жеке отбасы қажеті үшін, ал 50 му жерін мемлекет пайдасына салық төлеу үшін өз еңбек құралымен өңдеп, өнімді салық түрінде мемлекетке төлеуі тиіс болды. Бұдан басқа шаруа мемлекетке әр жыл сайын дайын өнім 3 орам жібек мата өткізуге және 30 күн тегін мемлекеттік жұмыс атқаруға тиісті болды. Бұл еңбек түріндегі салық еді.

Әйелдер үшін жер үлесі 50 му, ал 13 пен 15 және 61 мен 65 жас аралығындағы жастар мен үлкен адамдар үшін жер үлесі одан да төмен мөлшерде берілді.

Кең көлемде жүргізілген реформа нәтижесінде III ғасырдың соңында

мемлекеттік салық төлеушілер қатары 2 есе көбейді.

Мемлекеттік үлестік жер беру жүйесі ерте орта ғасыр кезеңінде жүргізген Қытайдың аграрлық саясатының басты факторы болып табылады. Алайда бұл үлестік жер беру жүйесі феодалдардың жекеменшік жер иелену құқын жоққа шығармады. Керісінше, оларға елдің 20-ға жуық бос жатқан бөлігінің жерін, шаруалармен қоса жергілікті билік өкілдеріне бөліп берген болатын. Бенефицияға ұқсас шартты түрде жер иеленген әкімшілік иелері тез байып, кейін өзара бір-бірімен бакталастық соғыс жүргізді. Сондықтан Қытайдағы феодалдық жер қатынасының орнығуымен бірге ұзақ жылдар бойы қарапайым халық наразылығы, ауқаттылар арасындағы бакталастық күрес толастамай жүріп отырды. **290 жылдан 306 жылға дейін 16 жылға созылған күрес тарихта «8 уаңның бүлігі» деп аталды. Бұл Батыс Цзинь империясының әлсіреуіне алып келді.** Империяның әлсіреуінің негізгі факторына айналған осы ішкі саяси батыраңқылықты пайдаланған көшпенділердің, елдің солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс бағыттағы шабуылы күшейе түсті. Көшпенділердің үздіксіз шапқыншылығы империяның басшылығын елдің астанасын Лояннан оңтүстікке ауыстыруға мәжбүр етті. Осы қиын кезеңде Қытай елінің қайтадан ұсақ саяси бөліктерге бөліне бастауы, Ба-

оның жаңа бөліктерінің құрылысын салу жұмыстарына 1 млн-нан астам адам күштеп жұмылдырылғаны белгілі.

Ян Цзяньнің орталықтанған билік өкіметі жергілікті сепараттық күштердің қарсылығын аяусыз басып тастап отырды. Суй әулеті тұсында қалыптасқан мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі белгілері бүкіл орта ғасырлар бойы сақталып қалды. Император елде шексіз билікті күшейте отырып, бюрократиялық күштердің көмегіне сүйенді. Аспан асты елінің императоры жанында көрнекті төрелерден құралған кеңес пен үш палата жұмыс жасады. Кейін алты (шен беру, қаржы, дәстүрлер, әскери сот ісі және жаза, қоғамдық жұмыстар) ведомство құрылды. Елді әкімшілік бөлу реформасының жүргізілуі империяны орталықтандыру ісін одан әрі күшейтуге мүмкіндік жасады.

Суй империясының кезеңі күрделі халықаралық жағдайға тұспа-тұс келді. Империя үшін солтүстік-батыста құрылған Түрік қағанаты аса қатты қауіпті күшке айналып отырды. Мұздай қаруланған әскер мен Ұлы Қытай қорғаны да көшпелілерге қарсы сенімді қорған бола алмады. Сонымен бірге Қытайды Таяу және Орта шығыс елдерімен байланыстырып отырған Ұлы Жібек жолындағы үстемдік үшін Түрік қағанаты Қытайдың басты бәсекелесіне айналды. Сондықтан Қытай дипломатиясы Түрік қағанатына қатысты «вар-

варларды өздерінің қолымен өздерін» әдістерін шебер қолдана отырып, іштен ірітіп, ақыры Батыс және Шығыс Түрік қағанатына бөліп тынды.

Шаруалар соғысы және Суй әулетінің құлауы. Қытай елі үшін Когуремен болған соғыс аса ауыр ауыртпалықтар әкелді. Соғыс салдарынан күйзеліске ұшыраған халық наразылық күресін күшейте түсті. Солтүстік-Шығыс Қытай аймағы түгелдей көтерілісшілердің қол астына көшті. Суй әулетінің мемлекеттік барщиналық міндеткерліктің мерзімін заңды түрде ұлғайтуы мен шамадан тыс салықты көбейтуі көтерілісшілер қарсылығының өрши түсуіне себепші болды. Хэнань және Шандунь аймағында көтерілісшілер дербес мемлекет құрып, бұрын ауыл әкімі әрі жауынгер болған Доу Цзяньды басшы етіп тағайындайды. Шаруалар көтерілісі Солтүстік Қытайдағы феодалдық-аристократиялық ақсүйектер күшін әлсіретті. Көтеріліс барысында құлдар мен жекебас тәуелсіздігін жоғалтқан шаруалардың көпшілігі бостандыққа шықты. Сонымен қатар ірі жер иелері елдегі дағдарысты пайдаланып, түрлі жолдармен жерлерін ұлғайтып, атақ-шенге ие болып, кейбір жерлерде кіші император атағына ие болғандар көбейді. Бұған қоса билеуші Суй әулетінің өз ішінде тақ таласы басталды. Сөйтіп 598-617 жылдар аралығында билік құрған Суй әулеті құлатылды. Шаньсидің билеушісі

елдегі кіші императорлардың бірі болып отырған ірі феодал Ли Юань 618 жылы өзін император жариялап,

Қытайда 300 жылға жуық билік еткен Тан империясының (618-907) негізін салды.

Бақылау сұрақтары

1. Хань империясының құлауының себептері.
2. Ерте орта ғасырлардағы Қытайдың материалдық және рухани мәдениетінің даму деңгейін анықтап көрсетіңіз.
3. Сыма Янь заңы қай жылы шықты және оның мәні?
4. III ғасырда Қытайдағы феодалдық қатынастардың даму бағыттарын анықтандыра бер.
5. Суй әулетінің негізін салушы кім?
6. Солтүстік Қытай тұрғындарының оңтүстікке қоныс аударуының себебін түсіндіріңіз.
7. Император шексіз билікті кімдердің көмегіне сүйеніп жүргізді?
8. Суй әулеті билігінің құлауына қандай жағдайлар себеп болды?
9. IV-VI ғасырларда Солтүстік Қытай жері үздіксіз соғыс аренасына айналды. Неліктен?
10. Таң әулеті билігінің негізін салушы кім?

1.11. Ерте орта ғасырлардағы Жапония (III-IX ғғ.)

1. III-VII ғасырлардағы Жапония. Жапония аралдарын мекендеген халықтың этникалық құрамы туралы түсінік

2. «Тайк» мемлекеттік төңкерісі
3. Жапониядағы аграрлық қатынастар
4. Тайхоре заңдар жинағы
5. VII-IX ғасырлардағы Жапония мәдениеті

III-VII ғасырлардағы Жапония. Жапония аралдарын мекендеген халықтың этникалық құрамы туралы түсінік. Жапон халқының эт-

никалық құрамы жөнінде айтқанда айндік, индонезиялық (кумасо, хаято), ежелгі шығыстық (ва тайпаларының бабалары), корейлік және қытайлық текті бес компонентті атап көрсетуге болады.

Жапон халқының қалыптасу үрдісі біздің заманымызға дейінгі күріш өсіру Жапония шаруашылығының негізіне айналған яей кезеңіне сәйкес келеді. Сонымен қатар осы кезеңде жапон тілі пайда болады. Жапония халқының қалыптасуы Орталық және Оңтүстік Қытай аборигендерінің Жапонияға суармалы күріш өсіру мәдениетін енгізудегі шаруашылық байланыстарынан да көрінді. Жапония халқының біржағынан Мань-

тыс Цзинь империясының ұзақ өмір сүре алмайтындығын анық көрсетті.

Ғұндар, тағы басқа көшпенділер шапқыншылығы және оларға қарсы күрес. Қытай елінде орын алған саяси бытыраңқылық салдарынан мемлекеттік шекара күзет қызметінің әлсіреуі көрші көшпелілердің шабуыл жасауына қолайлы жағдай туғызып отырды. III-IV ғасырларда Қытайдың солтүстік және солтүстік-батыс шекаралық аймақтарында сол заманғы мықты көшпелі оңтүстік ғұндар, тибет-танғұттар, цян, сяньшілер, ди, цзе деп аталған тайпалар өмір сүрді. Даланың қатаң көшпелі өмір заңына бейімделген көшпелілер шабуылы алдында отырықшылар дәрменсіздік танытты. Қытайға алдымен ғұн, кейін цян, жужан, тибет-танғұт тайпалары шабуыл жасады. IV-VI ғасырларда Солтүстік Қытай жері үздіксіз соғыс аренасына айналды. Қытайдың теріскей жағында орналасқан тайпа одақтарының мемлекеттері бір-бірін тез ауыстырып, солтүстікте үнемі өзгерістер болып жатты.

Осы кезеңде экономикалық жағынан ілгері дамыған, халық тығыз орналасқан ежелгі Қытай мәдениетінің ошағы – Солтүстік Қытайдың тұрғындары оңтүстікке қоныс аударып, көше бастайды. Янцзы өзенінің оңтүстік территориясына 900 мыңнан астам адам немесе солтүстік тұрғындарының 1/8 бөлігі қоныс аударған. Оңтүстіктегі кейбір

аймақтарда жергілікті бір тұрғынға бір көшпелі сәйкес келді. Бұл феодалдық Қытай тарихындағы ең ірі миграциялық құбылыс еді. Солтүстіктің қоныс аударушылары оңтүстік Қытай шаруашылығының тез қарқынмен дамуына ықпал етіп, олар өздерімен бірге анағұрлым дамыған егіншілік және қолөнер кәсібінде ала келді. Сонымен бірге халықтардың этникалық қалыптасу үрдісі де белсенді сипат алып, жергілікті юэ деп аталатын тау халқы қытайлықтармен араласып кетті. Осы ассимиляция нәтижесінде жергілікті тайпалармен бірге қоныс аударушылар да байырғы халықтардың физикалық түр сипаты мен тілдік ерекшеліктері негізінде өзгеріске ұшырап отырды. Оңтүстікке көбінесе кәрі аксүйек өкілдері мен император жанұясы мүшелерінің басым бөлігі келді. Оңтүстікте мемлекеттік үлес жер көлемі айтарлықтай көп емес еді. IV-VI ғасырларда Оңтүстік Қытайдағы аграрлық құрылыс сипаты түпкілікті өзгеріске ұшырап, шаруалардың басым бөлігі жекебас еркінен айырылып, ірі жекеменшік жер иелеріне тәуелділікке түсті.

Осы тұста солтүстіктегі халықтардың этникалық әлеуметтік қалыптасу үрдісі тез қарқын алды. Жаулап алушылар жергілікті халықтың кәсіби шаруашылығының түрін игеріп, Қытайдың материалдық және рухани мәдениетінің үлгісі негізінде қалыптаса бастады. V ғасыр-

дың соңында солтүстікті жаулап алушылардың басым бөлігі көшпелі өмірден отырықшылыққа ауыса бастады. Олардың мемлекеттік билік құрылымдары да Цзинь дәуіріндегі Қытай әкімшілік билігі негізінде құрылды. Сөйтіп сырттан келген келімсектермен солтүстіктегі қытайлық феодалдар арасында бірте-бірте саяси одақ қалыптаса бастады.

Суй әулетінің Қытайды біріктіруі. VI ғасырдың аяғынан бастап солтүстік пен оңтүстік арасындағы экономикалық және саяси айырмашылықтар едәуір азая бастады. Солтүстікті жаулаған тобалар (табғаштар) бірте-бірте жергілікті Қытай халқымен араласып кетті. Үлестік жер жүйесінің енгізілуі ауыл шаруашылығының дамуына қолайлы жағдай туғызды. Оңтүстіктегі феодалдардың өзара қырқысы мен езгісінен бой тасалап қашқан халықтың кері қайтуы басталды.

VI ғасырдың ортасында Орталық Азияда түркі тайпаларының күшті әскери державасы Түрік қағанатының құрылуы Қытай шекарасына жаңа қауіп төндірді. Сондықтан осы күрделі қалыптасқан саяси сыртқы жағдайға байланысты төрт ғасырлық батыраңқылықтан соң Қытайдың мемлекеттік біртұтастығы әскери жолмен тез қалпына келтірілді. Әскери қолбасшы Ян Цзянь император тағына отырып, Суй деп аталатын жаңа әулеттің негізін қалады. Біртұтас мемлекеттік бірлестіктің

құрылуының елдің экономикалық және мәдени өрлеуі үшін прогрессивтік маңызы болды. Егістік жерлер ұлғайып, халық саны өсе түсті. IV-V ғасырлардағы ішкі феодалдық талас-тартыс соғыстары мен көшпенділердің шапқыншылығынан соң Қытайдың қалалары түгелге жуық өртеніп, қиратылған еді. VI ғасырдан бастап қираған қалалар қалпына келтіріліп, сауда-саттық жандана бастады. V ғасырдың аяғы – VII ғасырдың басында Суй династиясы билігі тұсында ірі Хуанхэ және Янцзы өзендерінің аңғарларын жалғастырып Ұлы Канал құрылысы салынды. Бір мың шақырымға созылған бұл каналмен оның шлюздерін жасауға 80 мың адам қатысты. Ұлы Каналдың салынуы суармалы жер көлемін ұлғайтып, су жолы арқылы астық және әскермен қару-жарақ тасымалын едәуір жеңілдетті.

VI ғасырдың аяғынан бастап бірорталықтандырылған мемлекет үлес жер беру жүйесін қалыпқа келтіріп нығайта түсті. Ян Цзянь тұсындағы қатаң түрде жүргізілген халық санағы нәтижесінде бұрын салық төлейтіндер тізіміне тіркелмеген 1,5 млн. астам шаруалар анықталды. Үлес жер көлемін азайтып, ал салықтың мөлшерін өсіріп, әсіресе еңбек міндеткерлігі арттырылды. Тарихи деректерден империя астанасы Лоянды тұрғызуға 2 млн., сондай-ақ Ұлы Канал құрылысы мен Ұлы Қытай қорғанын қайта қалпына келтіріп,

чжуриямен, екінші жағынан (Корея арқылы) Солтүстік Қытаймен мәдени байланысы жақсы дамып отырды. Маньчжурлік және корейлік металл өңдеу мәдениетін Жапонияға енгізушілер мен Батыс Жапония тұрғындарының арасындағы байланысты күшейтуге септігін тигізді. Шығыс Маньчжурлар шапқыншылығы тұсында Ямато тәртібі орнады. Шапқыншылар алдымен оңтүстікке қарай жылжып, Оңтүстік Кореяны жаулап алады. Алайда жеңіліс тапқан олар Миман түбінде бекініп, кейін шамамен VI ғасырдың бірінші жартысында Солтүстік Кюсюға жылжи бастады. IV ғасырдың аяғы V ғасырдың басында күшейіп алған олар Оңтүстік Кореядағы үстемдігін қайта қалпына келтіргеннен кейін елдің саяси орталығын Қытайға көшіріп, Ямото тәртібін орнатып, елді біріктіруге қол жеткізді.

Корея түбегі арқылы Жапонияға шетелдіктердің келуі үш кезеңнен тұрады: IV-V ғасырдың басы, VI ғасырдың екінші жартысы – VII ғасырдың басы, VII ғасырдың 60-жылдары – VIII ғасыр. Бұл келген иммигранттар қатаң түрде белгілі аймақтарға жинақталып орналасты.

V ғасырдан бастап ая халқы Жапон теңізінің ішкі жағалауындағы патша билігіне жақын жерде орналасқан, әсіресе Хонсюға тығыз қоныстанды. Ая (ямато) халқы, сонымен қатар Ямато, Кавати аймақтарына

да қоныстанды. Патша билігі үйіне жақын жерде орналасу бағытынан танбаған хата халқы негізінен Ямасиро, Сэтцу, Кавати аймақтарына орын тепті. «Ая» және «хата» атаулары иммигранттардың алғашқы ұрпақтарының рулық тегі ретінде V ғасырдан бастап көріне бастады.

Көне замандағы Жапония аралдарының ең ежелгі негізгі тұрғындары кумасо және эбису тайпалары болып табылды. Кейін жаңа заман дәуіріне дейін ғасырлар бойы Жапон аралдарына солтүстік-шығыстан маньчжуртұңғыс, сонымен қатар Индонезия, Корея, Үнді-Қытай жағалауларынан, Тынық мұхит аралдарынан тайпалар қоныс аударды.

III-VII ғасырларда алғашқы қауымдық қатынастың ыдырауы және ерте таптық қоғамның қалыптасу үдерісі жүрді. Осылайша мүліктік теңсіздіктің өсуі нәтижесінде қауымдық қоғам көршілік қауыммен орын алмастырады. Ерікті шаруалармен қатар, жартылай тәуелді қауым мүшелерімен (бэ, бэмин) бірге құлдар да пайда болды. «Бэ» сөзі құл деген мағынаны білдіреді. Үй шаруашылығына жұмсалатын «яцуке» деп аталған құлдан табәнің айырмашылығы оның жеке мүлкі болды. Сонымен бірге оны қожасы сатып немесе өлтіріп тастай алмады. Бұларды жартылай еріктілер деп атады. Көбіне қолөнермен айналысқан бұл жартылай еріктілер қатарын Корея мен Қытайдан қоныс аударып кел-

гендер мен жапондықтардың Кореяға жүргізген тонаушылық соғыстары кезінде қолға түскен тұтқындар толықтырып отырды. Эбису мен кумасо тайпаларынан шыққан жергілікті аборигендердің арасындағы өзара жанжал соғысы кезінде қолға түскен тұтқындар құлдарға айналып отырды. Бірақ бұлардың саны сырттан келген құлдармен, яғни бэмен салыстырғанда едәуір аз болды. Тайпа көсемдері мен ақсүйектер егіншілік пен қолөнер кәсібіне құлдар еңбегін пайдаланды. Осылайша Жапонияда феодалдық қоғамның қалыптасуымен бірге құлиеленушілік қатынастар да орын алып отырды. Бірақ шаруашылықтың негізгі саласы – егіншіліктің қауым мүшелеріне тиесілі болуы құлиеленушіліктің дамуына бірден-бір басты кедергі болды.

Тайпалар мен жеке ру арасындағы билік үшін болған соғыстар нәтижесінде жеңіске жеткен тайпалар тайпа одақтарын құрды. Сумэраги (патша, император) атанған тайпа одағының көсемі әрі жоғарғы әскери басшы, жоғарғы сот және тайпаның діни басшысы қызметін атқарды.

Жапон аралдарына үндіқытайлық оңтүстік нәсіл өкілдерінің қоныстануы палеолит және мезолит дәуірі кезеңіне жатады. Шығысасиялық нәсілдер б.з.д. 18 мыңжылдықта келіп қоныстана бастаған Жапония аралдарын мекендеген халықтардың этникалық негізі неолит дәуірі кезеңіне сәйкес келеді.

VII ғасырда алғашқы жапон халқының қалыптасу үрдісі жоғарғы шегіне жетіп, архипелагтың біртектест тұрғындарының құрылуына негіз болды.

«Тайк» мемлекеттік төңкерісі.

VII ғасырда Жапонияның орталықтандырылған мемлекетке айналуына тарихта «Тайк» төңкерісі деген атпен белгілі болған 645 жылғы саяси төңкеріс маңызды роль атқарды. Наконооэ және Накатоми Камако (кейін Фудзивара Каматари атанды) бастаған аристократтар тобы император сарайындағы ықпалды Сога әулетін биліктен тайдырды. Бұл «Тайк» төңкерісі мен кейінгі реформалар қоғамдық дағдарыс жағдайында жүргізілді. VI-VII ғасырдың алғашқы жартысында пайда болған жаңа ақсүйектер мен көне ірі әулеттер Ямото билеушілері жер және жерге тәуелді адамдар мен еркін қауым мүшелеріне үстемдік жүргізу үшін өзара күресіп отырды. Қауымдық қоғам кезеңінен сақталып келе жатқан бұрынғы басқару жүйесі арқылы халықты езіп-жаншып басқару мүмкін болмады.

Корея түбегін жаулап алуға ұмтылып отырған Тан империясының күшейіп, Жапонияға қауіп төндіруі реформалық өзгерістер жасауды тездетуші сыртқы факторлық күшке айналды.

645 жылдан бастап мемлекеттік билікті қайта құру жұмыстары жүргізіліп, сол және оң жақ министрлік,

император кеңесшісі – утицуоми (Накатоми Камоко басқарды) және саяси кеңесшілер – кунихакасэ (Қытайдан оралған монахтар Накамуко-но Гэнри, Мин болды) қызметтері құрылды. Сондай-ақ жергілікті басқару жүйесіне өзгерістер енгізіліп, шығыс провинцияларының жер өлшемдері алынды, сарай төңірегіндегілердің тізімі жасалды, халыққа тұрақты салық жүйесі енгізілді, уезд басшылары мен провинция губернаторлары тағайындалды. Сотқа шағым берудің жаңа жүйесі жасалды, тәуелді және тәуелсіз адамдар статусы жөніндегі заң шығарылды. Ішкі теңіз жағалауындағы Нанива елді мекені астанаға айналдырылды (қазіргі Осака қаласы).

646 жылғы үкімет жарлығы бойынша реформа төмендегідей мазмұнда көрінді: 1) император жанұясы және ақсүйектер үшін жекеменшік жер иелену мен тәуелді адамдар категориясы алынып тасталды. Жер және адамдар мемлекет иелігі болып саналады. Аристократия өкілдері ранголық түріндегі компенсацияға ие болып, қазынадан төлемдер алуға, шаруаларға салық салуға және олардың жерін өңдеу құқына ие болып, үстем тап ретіндегі артықшылықтарын сақтап отырды. 2) басқарудың орталық органдары құрылып, әкімшілік территориялық аймаққа бөлу енгізілді. 3) бос жерлер тізімін құрастыру мен сарай төңірегінде санақ жүргізу туралы жарлық бо-

йынша аристократтарға жер үлесі берілді. 4) жаңа бірыңғайланған салық жүйесі енгізілді. Осылайша бұл реформа орталықтанған мемлекет құру мақсатын көздеді. Реформа толықтырылып, 647 жылы 13, 649 жылы 19, 664 жылы 26 рангалы жаңа жүйе енгізілді. 644 жылы ірі рутайпаларға мемлекеттік бақылауды күшейту үшін кландық ақсақалдар тағайындалды, сондай-ақ кландарға тәуелді (якобэ, какибэ) үй шаруашылығының құлдарын ұстауға келісім берілді.

Қарастырылып отырған кезеңде Жапонияның сыртқы саясаттағы белсенділігі тым ұзаққа созылмады. Оның 663 жылы Кореяның ісіне араласуы Қытай империясы мен корейлік Силла мемлекеті әскерлерінің жеңісімен аяқталды. Қытайдан қауіптенген жапондықтар жағалауларға бекіністер тұрғыза бастады, ерекше әскери «жағалаулық күзет» штабтары құрылды. 667 жылы Нанива портынан астананы елдің ішкі аймағы Оми ауданына көшірді. Бірақ жаудың шабуылына тойтарыс беріп, әрі екі жақты мәдени жетістіктерді дамытып отыру үшін Қытаймен байланыс қажет еді. Сондықтан 653, 654, 659 және 665-жылдары қатарынан Қытайға елшіліктер жіберіліп отырды.

668 жылы император Тэндзи тұсында шығарылған (бұрынғы принц Наканооэ) алғашқы «Омире» заңы

мен 670 жылы бүкіл ел көлемінде тұңғыш рет халық санағының жүргізілуі орталықтанған мемлекеттің құрылуына негіз болған еді.

Алайда император өлімінен кейін елде 671-672 жылдары принцтер Отомо мен Оама арасындағы қарулы күрес күшейді. Соғыста жеңіске жеткен Оама Тэмму император атанды. Бұл күреске қытай үлгісі негізінде тез қарқынмен жүргізіліп отырған орталықтанған мемлекет құру ісіне жергілікті ақсүйектер мен халықтың бір бөлігінің наразылығы себепші болды. Осындай жағдайда Тэмму реформалық өзгерістерді жалғастыра отырып, мемлекеттік басқару механизміне бірқатар өзгерістер енгізді. Ол 675 жылы бағынышты адамдарға (какибэ) тәуелсіздік беру және рулық қауым ішіндегі жеке жер иелерінің жерін қайтарып алу туралы жарлық шығарды. 676 жылы губернаторларды тағайындау тәртібін ретке келтірді. 678 жылы чиновниктердің қызметінің нәтижесіне қарай жоғарылату тәртібін орнатып, рулық қауым ақсүйектерінің мемлекеттік қызметтерге араласуына мүмкіндіктер қарастырды. Сонымен бір мезгілде саяси және діни салада қытайлықтарға қарсы жапондық әрекеттерді күшейтуге, сарайлардағы синтоистік діни мерекелерге (673-677) аса үлкен мән берді. 674 жылы синтоистік Исэ храмына барды. Барлық синтоистік храмдарға сыйлықтар таратылып,

храмдарды жергілікті салықтан босату тәртібі жүйеленді.

680-жылдары орталықтанған мемлекеттік құрылысты аяқтаудың базалық негізі қаланды. 681 жылы император Тэммудың бұйрығы бойынша жаңа әкімшілік-қылмыстық кодекс жазу жұмысы бастады. 684 жылы 8 дәрежелі жаңа қауымдық лауазым жүйесі енгізіліп, бұрынғы әртүрлі атақтар бірыңғайланып, императорлық жүйеге келтірілді. Келесі жылы мемлекеттік органдардың күрделі құрылымына сәйкестендірілген 48 рангалы сарай төңірегіне қатысты атақтар енгізілді. Орталық және шеткі аймақтардың әкімшілік басқару жұмыстары жетілдіріліп, император Тэмму тұсында 6 үкіметтік ведомство құрылды, ал 690 жылы бас министрліктер мен 8 ведомстволық жүйе пайда болды. 689 жылы «Киёмихараре» (Дзито ханымның тұсында, император сарайы орналасқан жердің атымен байланысты) кодексі жазылуының аяқталуы және 701 жылы Момму император кезіндегі «Тайхо рицуре» жаңа кодексінің қарастырылуы орталықтанған мемлекет құруды көздеген реформаторлардың мақсатына жеткендігін көрсетеді. 690 жылдан бастап 6 жыл сайын тұрақты түрде халық санағы және жерді қайта бөлу жұмыстары жүргізіліп отырды. 694 жылы қытайлық үлгідегі алғашқы астана Фудзивараке қаласы тұрғызылды.

Осы кезеңнен бастап жаңа қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси сипаттағы дамуы кең қарқын ала бастады.

645 жылғы төңкерістен кейін мемлекеттік атақ пен қызметтер негізінде барлық үстем тап өкілдерін Қытай үлгісінде орталықтанған бюрократиялық жүйеге біріктіру бағыты ұсталды. Армияны іріктеп жинақтаудың орталықтанған жүйесі енгізілді. 684 жылы жеке адамдардан қару-жарақтар жинап алынып, уездік басқармаларға тапсырылды. Алайда қытайлық бюрократиялық құрылысқа карағанда Жапонияның мемлекеттік құрылысының елеулі айырмашылығы болды. Сонымен бірге орталық әкімшілік орган – Мемлекеттік кеңеспен қатар (Дадзекан) синтоистік мерекелердің барысын және елдегі бүкіл синтоистік храмдарды бақылаушы дін істері жөніндегі Кеңес құрылды. Қытай әкімшілік жүйесінде мұндай орган қызметі болмаған еді. Бұдан басқа Мемлекеттік басқару орындарындағы қызметке, уақытша отыру принципінің ерекшеліктері болды. Чиновниктік иеарархиядағы төменгі және жоғарғы сатыдағы қызметтік орындарға қарапайым адамдардың келуі қиын болды. Белгілі бір жасқа жеткен аристократиялық топ өкілдерінің балаларына жоғарғы атақ тез берілді, кейін олар барлық жоғарғы қызметтер мен экономикалық кіріс көздерін түгел-

дей дерлік монополияландырып отырды.

Бюрократиялық мемлекеттік құрылыс принципінен ауытқу уездердің әкімдерін тағайындау тәртібінің өзгерістерінен де көрінді. Уезд бастығы қызметіне тағайындалған бұрынғы рулық қауым көсемдерінің белгілі бір мерзім аралығында билік етуші провинциялық губернаторлардан ең басты айырмашылығы, олар бұл қызметте өмірінің соңына дейін отырды. Жергілікті басқарманың атақтарын негізгі қызмет түрлері: сарай төңірегіндегілердің тізімі мен үлесті жер мөлшерінің тізбесін жасау, салықтарды тіркеу, жинау, сақтау және қылмыстық тергеу жұмыстарын жүргізуге уездік басқармаға шексіз құқық берілді.

Осындай жағдай әскери жүйеде де орын алды. Әскери бөлімдердің басшылығы қызметіне уезд бастықтарының жанұя мүшесінен немесе жергілікті ауқатты байлардан шыққан губернаторлар тағайындалды. Бұрынғы рулық аристократияға, формальды бюрократиялық құрылыс түрінде ұйымдасқан және басқарудың дәстүрлі әдістерін пайдаланатын жергілікті әкімшіліктегі бұрынғы қауымның басшылығы тобына сүйенетін орталықтанған монархия пайда болды.

Қорыта айтқанда, Тайка реформасының нәтижесінде мемлекеттік құрылыс классикалық қытайлық үлгіден уақыт өткен сайын бірте-бірте

алыстап, жапондық бағытқа бейімділе түсті.

Жапониядағы аграрлық қатынастар. Жапониядағы қоғамның экономикалық негізін егін шаруашылығы құрады. VII-X ғасырларда өндіргіш күштердің бірте-бірте өсуі қарқын ала бастағанмен, жалпы даму деңгейі ерте феодалдық қоғамға тән төмен сипатта көрініп отырды. Халықтың көбеюі шамамен VII ғасырда 6 млн. болса, XII ғасырда 10 млн-ға дейін жетті. VII ғасырда өңделген жер көлемінің мөлшері 600-700 мың те (1 те – 1 га шамасында) болса, X ғасырда 860 мың те-ға жетті. Сонымен бірге аң және балық шаруашылығы да маңызды роль атқарды.

Мемлекет қауымның егістік жер көлемін белгілеп беріп отырды. Бірақ осы үлестік жер жүйесінің тиімділігіне қарамастан, VIII ғ. бірінші жартысында жерге мемлекеттік меншік принципіннің сақталуы тұрақсыз болды. Реформаға дейінгі кезеңнен ақ жерге мәңгілік иелік етуші храмдардың өз жерлерін сатуға да толық мүмкіндіктер бар еді. Сарай төңірегіндегі аристократтарға жер үлестері уақытша мерзімге берілгенмен, мұрагерлік қызмет атқарып отырған олардың жанұясы жерге тұрақты түрде ұзақ уақыт иелік етті. Сонымен бірге, үлестік жер жүйесі шаруалар үлесіндегі жерлерін өмір бойы жекеменшік ретінде пайдаланады.

Сонымен қатар бұл үлес жер жүйесінің тәртібі бойынша шаруа-

лардың үлеске алған жерлерін жекеменшік иелігіндегі жер ретінде өмір бойына пайдалана алатын еді. Жанұялар үлесі белгіленген мөлшерде анықталып берілді: ересек ер адамға – 2 те, әйел адамға – сол көлемдегі жердің үштен екі бөлігі, жасөспірімдер, қариялар мен құлдарға да жер бөліктері берілді. Белгіленген мөлшерден артық бөлінген жер мемлекетке қайтарылып, тиісті мөлшерден аз жер алған жанұяларға берілді. Әрбір 6 жыл сайын халық санағы жүргізіліп, жанұядағы өзгерістерге қарай жер үлестері қайта бөлініп отырды. Шаруалар үйінің төңірегіндегі жер бөліктері, бау-бақшалық жерлер жекеменшікке берілді. Бұл жерлерді олар мемлекеттің рұқсатымен сата алатын немесе мұраға қалдыра алатын еді. Арендалық жер қатынас түрлері де жүргізіліп отырды. Өңделмеген жерлер мемлекет меншігі болып саналғанмен, шын мәнінде бұл жерлер қауымның игілігіне қызмет етті.

VIII ғасыр басында (713 және 715 жж.) шөлейт жерлерді игеруді кеңейту мен минералды ресурстарды өңдеуді жетілдіру жөніндегі мемлекеттің бұйрықтары шығарылды. 722 жылы суармалы жер көлемін 1 млн. те, яғни екі есеге дейін ұлғайту жоспарланады. Осыдан соң құнарлы жер көлемін арттыру мақсатында мемлекеттің жер танаптарына тікелей бақылауы күшейеді. 723 жылы заң бойынша тың жерлерді үш

ұрпаққа дейінгі мерзімде игеріп, пайдаланылғаннан кейін ғана үлес жерге айналдыруға рұқсат берілді. Бұл заң мемлекет бақылауынан тыс игерусіз бос жатқан жерлерді игеруге үкіметтің баса назар аудару бастағандығын аңғартады.

Алайда 20 жылдан кейінгі қабылданған жаңа заңның бұл шектеулерге тыйым салуы, мемлекеттің шаруалар шаруашылығының тұрақтылығын сақтап қалу мақсатындағы шараларды ұлғайтып отырғанмен, жекеменшік иеліктердің барған сайын көбейе бастағандығын көрсетеді. Бұл көріністер сауда жөніндегі бұйрықтардан анық байқалады. Қауым ішіндегі қарыз орнына күріш беру арқылы көмек көрсету дәстүрі ертеден бері жалғасын тауып келді. Мемлекет үлес жүйесін енгізу арқылы барлық жеке қарыздарға тыйым салып, маңызды кіріс көзі ретінде оларды монополияландыру әрекетіне көшті.

«Тайхоре» заңдар жинағы. Отыздан астам баптардан тұратын «Тайхоре» заңдар жинағында жапон мемлекетінің шаруашылық жүйесінің мазмұны айқындалған. Заңдар жинағына жер туралы (9-бап), түрлі міндеткерліктер туралы (10-бап), жалқы туралы (15-бап), шаруалардың қора-жайлары (8-бап) сияқты маңызды баптар енгізілген.

Заңның 1-5-баптары әкімшілік ұйымдардың қызметіне арналған. «Тайхоре» заңында қоғамның әлеуметтік құрылысы «пирамида» түрін-

де үш топқа бөліп көрсетілген: 1) феодалдық шенеуніктер мен дін қызметкерлерінің өкілдерінен құралған жоғарғы топтар; 2) шаруалар «қайырымды халық» (ремин); 3) тәуелді құлдар («арамза халық») (сэммин). Сонымен қатар заңның 4, 13 және 28-баптарында қашқын құлдар мен қашып кеткен құлдардың оралуы, сондай-ақ құлдыққа күштеп көндіру, өзін-өзі және балаларды құлдыққа сатуға тыйым салу ережелері көрсетілген. Жер үлесі жүйесінің принципі негізінде сол кезеңдегі қоныстандыру қызметінің іске асырылуын жер туралы заңның 11-бабынан анық көруге болады. Жер салығы бір тана (9,9 акра), жерден 2 соку 2 ха күрішке теңестіріліп жиналды. Ал бұл салық мөлшері егістік жердің топырағының құнарлылығы мен жиналған өнімнің көлеміне байланысты болмады.

Тайхоре заңының 10-бабы бойынша «қайырымды халық» және «арамза халық» тобына жататын еңбекке қабілетті ер адамдар үшін жер салығынан басқа міндетті салық пен міндеткерліктер белгіленді. Заң бойынша әрбір 17 жастан 65 жасқа дейінгі ер адамдар салық түрін жібек маталар, мақта, кенеп, сонымен бірге әр түрлі колөнер бұйымдарымен (өрме бұйымдар мен темірден жасалған заттар), тұз, май, т.б. азық-түлік түрлерімен өтеу міндеттелді. Олардың өлшемі шамамен мынадай:

8 сяку 5 сун (шамамен 5 м) жібек макта, 8 ре жібек шикізат, 1 кан (3,75 кг) жібек макта және 2 дзе 6 сяку (12 м шамасы) кенеп, бұдан басқа азық-түлік түрінде алынған салық мөлшері жібек пен кенеп бағасымен есептелді.

21 мен 65 жас аралығындағы ерлер жылына 10 күн жұмыс істеуге міндеттенді. Мұнымен бірге суландыру жүйесіндегі жұмыс, жолдарды жөндеу, т.б. жұмыстар жасап, жылына 60 күн міндеткерлік атқаруы тиіс болды. Қолөнершілер сарайға қажетті балта, тырнауыш, орақ сияқты еңбек құралдарын дайындады. Жұмыспен өтеу міндеткерлігіне, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердегі қызметші жұмыстары да кірді.

VII-IX ғасырлардағы Жапония мәдениеті. Ортағасырлық жапон елінің мәдениетіне қытайдың тигізген ықпалы айқын аңғарылады.

Орта ғасырларда Қытай өркениетінің барлық жетістіктерін бойына сіңірген жапондық үстем тап өкілдерінің мәдениеті мен қарапайым халық мәдениетінің арасындағы елеулі айырмашылықтар сақталып отырды. Аралға Қытайдың иероглифтік жазуы (әсіресе, аристократтардың күнделікті өмірінде кең қолданыс тауып отырды) ене бастады. VIII ғасырда жаппай кең тарала бастаған будда скульптурасы қытай үлгісі негізінде жасалды. Мысалы, VIII ғасырдың ортасында поэзияда қытай тіліндегі «Кайфусо» («Думы

о ветре») өлеңдер жинағы мен басым бөлігі әсем табиғат пен махаббат сезімдерін жырлауға арналған 4-5 мың өлеңдер жинағынан құралған жапон тіліндегі «Маньесио» («Сборник множества стихов») жинағы қатар жүрді.

VI ғасырда Қытайдан келген будда діні жапондық қоғамдағы жоғарғы топ өкілдері арасында кең таралып, VIII ғасырда мемлекеттік дінге айналады. 752 жылы Нара қаласында будда дінінің құрметіне Тодайдзи храмында биіктігі 16 метр Будда мүсіні тұрғызылды. Осы кезеңде Қытайдан 6 буддалық секта келді. Барлық аймақтарда арнайы буддалық храмдар мен монастырьлар тұрғызылып, мемлекет олардың иелігіне арнайы жер мен тәуелді адамдар бөліп отырды. Алайда көмек берумен бірге мемлекет тарапынан секталар қатаң бақылауға алынды. Қарапайым халық арасында бұл схоластикалық секталар кеңінен танымал емес еді.

IX ғасыр басында Тэндай және Сингон жаңа буддалық секталары пайда болады. Бұлар да өздерінің мемлекетті қорғау мақсатын көздейтінін айтқанмен, бірде-бір мемлекеттік ұйымдармен тікелей байланысы болмады, олардың орталық монастырьлары елдің астанасына емес, алыс тау шатқалдарына салынды. Олар мемлекет үшін ғана емес, өздерін қорғаушы жекелеген аристократтарға да арнап дұға оқып отырды. Жапониядағы бұл жаңа секталар

будда мәдениетінің шеткі аймақтарға тез таралуына жағдай жасап, будданың қауымдық синтоистік дінмен ұласып кетуін қалыптастырып отырды. Будда діні аристократиялық қоғамның сыншысы емес, олардың рухани тірегіне айналды. Егер VIII ғасырда Қытай мәдениетінің енуі әлі де үстіртін түрде жүргізілсе, ал IX ғасырда қоғамдық құрылыстың шиеленісуімен бірге жапон әдебиеті мен синтоистік діннің тынысын тарылтқан қытай әдебиетінің, будда діні мен конфуцийшілдіктің кеңінен таралуына саналы түрдегі мүмкіндіктер жасалды.

«Нихон секи» шығармасынан кейін IX ғасырда қытайлық үлгіде құрастырылған 5 әулеттік тарих

жазылды. Бұл әулеттік тарих мынандай: «Секу нихонги» (Жапон анналарының жалғасы, 797 ж.), «Нихон коки» (Жапон анналарының жалғасы, 840 ж.), «Секу нихон коки» (Кейінгі Жапон анналарының жалғасы, 869 ж.), «Нихон Монтоку тэнно дзицуруку» («Жапон императоры Монтоку патшалығы туралы түпнұсқалық жазбалар», 879 ж.), «Нихон сандай дзицуруку» («Жапон үш патшалығы туралы түпнұсқалық жазбалар», 901 ж.) бөлімдерден құралды.

IX ғасырдың ортасына дейін жапон елінде қытай әдебиеті үстем болып келген еді, бірақ осы уақытта жапон ұлттық әрпінің ойлап шығарылуы ұлттық әдебиеттің одан әрі дамуына мүмкіндік жасады.

Бакылау сұрақтары

1. Жапония аралдарының байырғы тұрғындары туралы түсінік беріңіз.
2. Жапонияда «Тайк» төңкерісі қашан болды?
3. Мемлекеттік билікті қайта құру жұмыстарының міндетін анықтаңыз.
4. Тэмму реформалық өзгерістерді жалғастыра отырып, мемлекеттік басқару механизміне қандай өзгерістер енгізді?
5. Тэммудың бұйрығы бойынша жаңа әкімшілік-қылмыстық кодекс жазу жұмысы қашан басталды?
6. VIII ғасырдың басында (713 -715 жж.) шөлейт жерлерді игеруді кеңейту мен минералды ресурстарды өндеуді жетілдіру жөнінде мемлекет қандай шаралар жүргізгенін анықтаңыз.
7. Тайхоре заңы бойынша 17 жастан 65 жасқа дейінгі ер адамдар үшін қандай салық түрлері міндеттелді?
9. Қай ғасырда будда діні Жапонияда мемлекеттік дінге айналады?
9. Тэндай және Сингон жаңа буддалық секталары туралы сипаттама беріңіз.
10. IX ғасырда конфуцийшілдіктің кеңінен таралуына қытай әдебиетінің тигізген ықпалы жөнінде тұжырым жасаңыз.
11. Қытайлық үлгіде құрастырылған 5 әулеттік тарих қай ғасырда жазылды?

II бөлім

ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАР

2.1. Ортағасырлық қалалардың пайда болуы мен дамуы

1. Ерте орта ғасырлардағы қала өмірі
2. Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлініп шығуы
3. Ортағасырлық қалалардың пайда болуы туралы теориялар

Ерте орта ғасырлардағы қала өмірі. Ортағасырлық қалалар феодалдық қоғамның экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани өмірінің дамуында маңызды рөл атқарды. XI ғасырда Батыс Еуропаның басым бөлігінде қалыптасқан қалалар феодалдық қатынастардың дамуымен ерте орта ғасырда (V-XI ғасырлар) және дамыған феодалдық қоғамда (XI-XV ғасырлар) қала өмірінің ерекшеліктері айқындала түсті.

Орта ғасырдың алғашқы жүз жылдықтарында Батыс Еуропада натуралды шаруашылық толық үстемдік құрды. Бағынышты халық бұқарасының басым бөлігін құрайтын шаруалар ауыл шаруашылығы өнімдері мен қолөнер бұйымдарын, еңбек

құралдарын және киім-кешектерді өз қажеттіліктері үшін ғана емес, қожаларына (феодалға) салық төлеу үшін де өндіріп отырды. Ал ауыл шаруашылығындағы еңбек пен қолөнердің бірігуі натуралды шаруашылыққа тән құбылыс еді. Әдетте қолөнермен айналысатын азын-аулақ адамдар ғана қала маңындағы елді мекендерде немесе феодал поместьелерінде (сарай қызметкерлері ретінде) өмір сүрді. Ауыл қолөнершілерінің (ұста, қыш жасаушылар, тері илеушілер, т.б.) аз ғана бөлігі қолөнермен бірге ауылшаруашылық өнімдерін дайындаумен айналысты.

Натуралды шаруашылық (тұйық шаруашылық жағдайында өнім айырбастау да кең дами алмады) тек белгілі бір аймақтарда тұрмыстық аса қажетті өнімдерді ғана, атап айтқанда темір, қалайы, мыс, тұз және сол сияқты Еуропада өндірілмейтін, тек Шығыстан ғана әкелінетін: жібек, асыл тастармен безендірілген зергерлік бұйымдар, әдемі әшекейленген қару-жарақтар, тәтті тағамдар және т.б. тауарлар айырбас түрінде жасалатын. Сондықтан мұндай өнімдерді

айырбастаумен көбінесе шеттен келген византиялық, араб, сириялық, еврей көпестерінің өздері айналысатын еді. Батыс Еуропаның басым бөлігінде арнайы сатуға арналған ауылшаруашылық немесе қолөнер бұйымдарын өндіру ісі дамымаған болатын.

Әрине, ерте орта ғасыр дәуірінде кейінгі құлиеленушілік кезеңнен қалған Византия полистері және Батыс Римнің әр түрлі деңгейде кирап, иесіз бос қалған (Милан, Флоренция, Болонья, Неаполь, Амальфи, Париж, Лион, Арль, Кельн, Майнц, Страсбург, Трир, Аугсбург, Вена, Лондон, Йорк, Честер, Глостер, т.б.) қалалары сақталған еді. Бірақ бұлардың көпшілігі әкімшілік орталық немесе шағын қамал («бургтер») ия болмаса діни орталық (архиепископтар, епископтар резиденциясы) ретінде қызмет етті. Қала тұрғындары шағын болғандықтан, қаланың бос жатқан жерлері егістік және мал жайылымы үшін пайдаланылды. Сондықтан қала тұрғындарының ауыл адамдарынан көп айырмашылығы байқалмайтын еді. Ерте орта ғасырдағы қалалардың аз ғана қолөнерші саудагерлері қала тұрғындарының қажеттіліктерін қамтумен ғана шектеліп, төңіректегі өзге селолар үшін қызмет түрін көрсете алмады. Қалалардың басым бөлігі Еуропаның анағұрлым романданған аймақтарында: Италия, Оңтүстік Галлия, вестготтық, кейін арабтық Испания, Византияда сақталды. Дегенмен, бұл аймақтарда

V-VI ғасырларда қалалар өмірі құлдырағанмен де, кейбір тұрғындары көп қалаларда қолөнер жақсы дамып, тұрақты базарлар өз қызметін тоқтатпады. Италия және Византияның кейбір қалалары Шығыспен делдалдық сауданың ірі орталықтарына айналды. Бірақ мұндай тұрғындарының саны аз шағын қалалар экономикалық маңызды роль атқара алмады. **Сонымен ерте орта ғасырда Еуропа көлемінде қала құрылысы толық аяқталған жүйе ретінде қалыптаса алмады. Сондықтан жоғары дамыған қолөнер мен сауда орталығына айналған әсем де зәулім ғимараттарымен аты шыққан бірнеше қалалары бар Византия мен Шығыс елдеріне қарағанда Батыс Еуропаның дамуы артта қалды.**

Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлініп шығуы. X-XI ғасырларда Батыс Еуропаның шаруашылық өмірінде маңызды өзгерістер орын алды. Феодалдық өндіріс тәсілдерінің жетілуі нәтижесінде ерте орта ғасырларда өндіргіш күштердің өсуі қолөнердің және техниканың дамуына ықпалын тигізіп, қол еңбегінің жетілуінен қоғамдық өндірістің кеңеюі мен жіктелуі көрініс тапты. Металл өңдеу мен қорыту, ұсталық және қару-жарак жасау, мата тоқу, тері өңдеу, әдістерінің жетілдірілген түрлері арқылы қыш ыдыстарды өндіру, диірмен және құрылыс істері сияқты қолөнердің жекелеген түрлері анағұрлым жетілдіріле түсті. Металл және тұз өн-

діру, орман ағаштарын дайындау, балық аулау, бағалы аң және теңіз жануарлары терісін дайындау кәсіпшіліктері дамыды. Қолөнер бұйымдарын өндіру барған сайын ауыл шаруашылығындағы еңбектің өзгеше жаңа сферасына айнала бастады. Осылайша қолөнердің жаңа салаларының дамуы қолөнер өндірісінің техникасы мен еңбек тәсілдерін жетілдіруді, қолөнер саласын мамандандыруды талап етті. Алайда ауылда әрі диқаншы, әрі қолөнерші қызметін атқаратын шаруалар жағдайында қолөнершілерді мамандандырудың мүмкіндігі жоқ еді. Сондықтан қолөнер ісімен қолөнершінің дербес айналысуы қажет болды.

Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуіне егін шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы прогрессивті өзгерістер үлкен ықпалын тигізді. Топырақтың құнарлығын арттыру әдістерінің жетілуі, бірнеше пар өгіздерге жегілген темір соқалардың пайда болуы, екі және үш танапты егіншілік еңбек өнімділігін арттыра түсті. Ауылшаруашылық өндірісінің өркендеуіне егістік жер көлемінің артуы да игі әсерін тигізді. Егістік жерлердің кеңеюіне байланысты астық және технологиялық дақылдар егістігі кеңейтіліп, кендір, конопля, вайда (мата бояуға арналған бояу алатын өсімдік) отырғызу, бау-бақша, жүзім шаруашылығы, шарап өндіру, май шайқау кәсіпшіліктері өркендеп жетілдірілді. Міне, ауыл шаруашылығындағы осындай өзге-

рістер нәтижесінде еңбек өнімділігі артып, ауылда азық-түліктің түрлері көбейді. Өнім өндіруге жұмсалатын уақыт шығыны да азайды. Шаруалар үшін үстеме өнімнің көлемі артты. Демек, феодалдық рентаны төлеуге жұмсағаннан басқа шаруаның қолында артық өнім қалатын болды. Ал шаруа әлгі артық жинақталған өнімді қолөнершіге беріп, өзіне қажетті бұйымын ала алатын болды. Сөйтіп, қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуіне экономикалық алғышарттар жасалды. Біріншіден, үстем тап өкілдерінің бағалы заттарға деген қажеттіліктерінің өсуі маман-қолөнершілер қатарының көбеюіне ықпалын тигізді. Екіншіден, ауыр езгіге ұшыраған шаруалар қалаға жиі қашып кетіп отырды. Ал қашқын шаруалар алғашқы қала тұрғындарының негізін құрады. Қалалардың ортағасырлық тарихи қалыптасу жолдары барынша сан түрлі. Ауылдан қашып келген шаруалар барынша өзінің қолөнер кәсібімен айналысуына қолайлы жерлерге (шикізат көзіне жақын, бұйымдарын сатуға қолайлы, қауіпсіз және т.б. жерлерді таңдады) орналасуға тырысты. Әсіресе, қашқын шаруалар Италия және Оңтүстік Францияның ерте ортағасырлық әкімшілік, әскери және шіркеу орталықтарын, көбінесе ескі Рим қалаларын таңдады. Өйткені мұндай ескі мекендерде қорған бекіністердің болуы қауіпсіздік үшін қолайлы болатын. Енді қолөнерші-шаруалардың келуімен байланысты

ескі қалаларға жан бітіп, олар тез гүлденіп көркейе бастады. Ауылмен салыстырғанда мұндай орталықтарда феодалдардың нөкерлерімен, малайларымен бірге орналасуы, діни қызметкерлер, корольдік және әкімшілік өкілдерінің топтасуы – қолөнершілердің бұйымдарын өткізуге қолайлы болды. Сондай-ақ шаруа-қолөнершілер бұйымдарын сатып алуға мүмкіндігі бар мекенжайларды да тәңіректеп, мәселен, ірі феодалдық қоныстар мен қамалдар маңына, құдайға сиынушылар көп жиналатын монастырьларға таяу жерлерге қоныстануға тырысты. Сонымен бірге қолөнершілер маңызды жолдар бойына жақын мекендерге, өзен-көлдердің өткелдеріне, көпірлер маңына, кеме тоқтайтын айлақтарға, өзен құйылыстарына, шығанақ жағалауларына, т.б. қолайлы жерлерге қоныс тепті. Осындай қолөнершілер қоныстары түрлі ерекшеліктеріне қарамастан, кейін қолөнершілік кәсіппен сауда орталығына айналып отырды.

Қалалардың өсу деңгейі Батыс Еуропаның әр түрлі аймақтарында әркілы көрінді. IX ғасырда қолөнер және сауда орталығына айналған қалалар ең алдымен Италияда (Венеция, Генуя, Пиза, Флоренция, Бари, Неаполь, Амальфи), X ғасырда Флоренцияның оңтүстігінде (Марсель, Арль, Нарбонн, Монпелье, Тулуза, т.б.) пайда болды. Өйткені бұл дамыған таптық қоғамда өмір сүрген (Рим империясы) аймақтар-

да феодалдық қатынастар негізінде өндіргіш күштердің өсуі нәтижесінде қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуі, сондай-ақ ауылдағы тап күресінің шиеленісуі мен шаруалардың жаппай қашуы өзгерлерден бұрын басталды. Италия және оңтүстік Франция қалаларының ерте қалыптасып дамуына ықпал еткен негізгі факторлардың бірі – Константинополь, Александрия, Дамаск, Бағдад сияқты бай ірі қалалары бар Византиямен және Шығыстың дамыған Қытай және Үндістан сияқты елдерімен сауда байланысының жақсы жолға қойылуы еді.

X-XI ғасырларда Солтүстік Франция, Нидерландия, Англия және Германия елдерінде, Рейн мен жоғары Дунай бойында қалалар пайда болды. Фландриялық Брюгге, Ипр, Гент, Лилль, Дуэ, Аррас сияқты қалалардың жұқа шұға шығарумен даңқы шықты, бұл қалалар Батыс Еуропаны шұғамен қамтамасыз етіп отырды. XI ғасырда фландриялық шұға жасаушылар жергілікті жүн жетіспегендіктен, шұға жасауға жүнді көрші елдерден, негізінен Англиядан сатып ала бастады. Бұл аймақтағы қалалардың аз ғана бөлігі бұрынғы ескі (римдік) орында пайда болды да, басым бөлігі жаңадан құрылған еді.

Кейін XII-XIII ғасырларда солтүстік аймақтарда рейндік Германияның ішкі жағалауында, Скандинавия елдерінде, сондай-ақ Ирландия, Венгрия, Дунай князьдықтарында, т.б. феодалдық қатынас баяу дамы-

ған елдерде феодалдық қалалар пайда болып, дами бастады.

Ортағасырлық қалалар өзінің сырт көрінісі жағынан мүлде дерлік өзгеше еді. Әдетте ортағасырлық қалалар мұнаралары мен қалың қақпалары бар тас (кейде ағаш) дуалдармен және жау шабуылынан қорғану үшін терең қазылған орлармен қоршалатын болған. Қала тұрғындары мен көпестер күзет қызметін атқарып, әскери жасақтарды құрайтын. Ортағасырлық қалаларды қоршаған дуалдар барған сайын таршылық еткеннен кейін, қала дуалдарының сыртында дуал посадтар пайда болды. Посадтарда маманданған қолөнершілер бір көшенің бойында орналасты. Ұсталар, қару-жарақ жасаушылар, ағаш шеберлері, тоқымашылар, тағы басқа көшелері пайда болды. Осылайша қала сыртындағы қыстақтардың айналасы тағы да жаңа дуалдармен және бекіністермен қоршалды.

Ортағасырлық қалалардың пайда болуы туралы теориялар. Ортағасырлық қалалардың қалыптасуы туралы өз ой-пікірлерін білдірген XIX және XX ғасырдағы буржуазиялық ғалымдардың басым көпшілігі бұл проблемаға формальдық-заңдылық тұрғысынан қарады. Олар ортағасырлық қалалардың қалыптасу тарихын қоғам дамуындағы өзгерістермен, әлеуметтік-экономикалық факторлармен байланыстырып қарамады. Сондықтан да буржуазиялық тарих ғылымы ортағасырлық қалалардың

пайда болуының түпкілікті себептерін дәлелді түрде ашып көрсете алмады.

Буржуазиялық тарихшыларды толғандырған басты мәселе ортағасырлық қалалардың қалыптасуы дамуына негіз болған қоныстардың түрлері мен қала мекемелерінің қалыптасу жолдары болды. «Романистік теория» өкілдері (Савиньи, Тьерри, Гизо, Ренуар) ортағасырлық қалалар мен олардың мекемелерін кейінгі Рим империясы қалаларының тікелей жалғасы деп қарастырды. Солтүстік, Батыс және Орталық Еуропа құжаттарын тірек етуші тарихшылар (неміс және ағылшын) ортағасырлық қалалардың қайнар көзін жаңа феодалдық қоғамның құқықтық құбылысы ретінде қарастырады. «Вотчиналық» теория бойынша (Эйхгорн, Нич) феодалдық вотчина негізінде қала, ал вотчиналық мекемелер және вотчиналық құқық негізінде қалалық мекемелер дамыды дейді. «Маркалық» теория (Маурер, Гирке, кейін Г. фон-Белов) қалалар селолық қауымдық-маркалық құрылыстан өрбіп шықты деген пікір ұсынады. «Бургтік» теория өкілдері (Кейтген, Мэтланд) бекіністер («бург») мен бекіністің айрықша құқықтық ережелері қала мен қалалық құқықты қалыптастырды деп есептейді. «Рыноктік» теория (Р. Зом, Шредер, Шульте) қалалық правоны сауда-саттық ұйымдастырылған жерлердегі айрықша праволармен

байланыстырмақ болған. Ортағасырлық қалалардың қалыптасуы жөнінде біржақты пікір білдірген бұл теориялардың бірде-біреуі вотчина, қауым, қамалдар, тіпті шағын сауда орындары (рыночных местечек) неліктен қалаға айнала алмады деген сұраққа нақты жауап бере алмады.

Кейбір буржуазиялық теориялар бірнеше түрлі көзқарасты біріктіре қарастырды. Мәселен, XIX ғасырдың соңында неміс тарихшысы З. Ритчель мен бельгиялық тарихшы А. Пиренни ортағасырлық қалалардың негізі болған қолөнершілікті жоққа шығарып, қаладағы көпестердің бекіністерді («бургтерді») мекендейтінін алға тартып, көпестер саудасына үлкен мән бере отырып, «бургтік» теория мен «рыноктік» теорияны тұтас бірлікте қарастырады. Алайда бұл «сауда» теориясы қалалардың қалыптасуындағы қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуінің маңызын жоққа шығарады. Осылайша А. Пиренни феодалдық қалалардың спецификасы мен қайнар көздерін ғылыми негізде түсіндіріп бере алмады. Сондықтан шетелдік медиевист ғалымдардың көпшілігі (Р. Бутрюш,

Э. Дюпон, Ф. Веркотерен, Д. Луццато, К. Чиполла, т.б.) қалалардың қалыптасуын саудамен байланысты түсіндіретін А. Пиренни тезисіне қолдау көрсетпеді.

Қазіргі заманғы шетел тарихнамасы (Гансгоф, Планиц, Э. Эннен, Ф. Веркотерен, Эбель, т.б.) ортағасырлық қалалардың археологиялық мәліметтеріне, топографиясы мен қаланың салыну жоспарына жоғары маңыз береді. Алайда бұл құнды мәліметтер қалалардың қалыптасуына себеп болған әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен байланыстыра қарастырылмағандықтан, ортағасырлық қалалардың пайда болу себебі мен сипатын анықтай алмайды.

Қалалардың қалыптасу тарихына қатысты буржуазиялық ғылым құнды деректер қорын жинақтағанымен, идеалистік методологияға сүйенетіндіктен, ортағасырлық қалалар қолөнер мен сауда орталығы болғандығын, сонымен бірге қалалардың қоғамдық еңбек бөлінісінің даму нәтижесінде қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөліну үдерісі негізінде қалыптасқандығы жөнінде ғылыми түсінік бере алмады.

Бакылау сұрақтары

1. Қалалардың неліктен және қалай пайда болғандығы туралы тұжырым жасаңыз.
2. Қолөнердің адамдардың үлкен бір тобының кәсібіне айналуы неге байланысты болды?
3. Қалалардың пайда болуына және өсуіне байланысты еңбектің қандай маңызды бөлігі өмірге келді? «Бург» және «Фурт» сөздерінің мағынасын ашып көрсетіңіздер.

4. «Романистік теория» өкілдері қалалардың қалыптасуы туралы қандай пікір білдірді?

5. IX ғасырда қолөнер және сауда орталығына айналған қалалар қай жерлерде пайда болды?

6. Солтүстік Франция, Нидерландия, Англия, Германия елдерінде қай ғасырларда сауда орталықтары пайда бола бастады?

7. Қалалардың өсуі не себептен сауданың дамуына әкеліп соқтыруы тиісті еді?

8. Еңбектің қала мен қыстақ (деревня) арасында бөлінуі қандай нәтижелерге әкеліп соқтырды?

9. Орта ғасырлардағы шаруашылық неліктен натуралды шаруашылық болғанын түсіндіріңіз.

10. Скандинавия, Ирландия, Венгрия елдерінде және Дунай князьдықтарында феодалдық қалалардың пайда болып дамуы.

2.2. Крест жорықтары және Батыс пен Шығыс

1. Крест жорықтарының алғышарттары мен сипаты

2. Бірінші крест жорығы

3. Шығыстағы кресшілердің мемлекеті

Крест жорықтарының алғышарттары мен сипаты. 1096 жылдан 1270 жылға дейін екі жүз жылға жуық уақыт аралығын қамтыған крест жорықтары батысеуропалық феодалдардың Шығыс Жерорта теңізі елдеріне жасаған басқыншылық соғысы болып табылады. Христиандықтың (крест белгісімен бейнеленген) мұсылмандарға қарсы діни сипаттағы соғысты ұйымдастырушы – католик шіркеуі. Тарихта «Крест жорықтары» деп аталатын бұл соғыс – еуропалық ірі феодалдардың Шығыстың бай жер-

лерін иемденіп, байлықтарын молайту мақсатын көздеген агрессияшыл ниетінен туындаған әрекет. Әсіресе XI ғасырдың соңында феодалдық қоғамдағы жалпы экономикалық өзгерістер қалалардың пайда болуы, әр түрлі елдер арасындағы сауда байланысының өсуі феодалдардың заттық байлыққа деген құмарлығын арттыра түсті. Ал олар байлыққа деген бұл сұраныс-қажеттіліктерін қарудың күшімен жүзеге асырғанды жеңіл санады. Шығыс жерлерін иемденіп, өз иелігіндегі жерлерді ұлғайту мақсатын көздеген католик шіркеуі де бұл соғысқа мүдделі болып отырды.

XI ғасырдың соңында Шығыста қалыптасқан жағдай еуропалық феодалдар мен шіркеудің басқыншылық жоспарын жүзеге асыруға қолайлы мүмкіндік жасады. XI ғасырдың ортасында түрік-селжүктері Бағдатты бағындырып, 1071 жылы Манцикерт (Армения) маңында Византия

әскерін ойсырата жеңіп, содан соң бүкіл Кіші Азияны, Сирия мен Палестинаны жаулап алды. Ал олардың фитимид Египетіне қарайтын Иерусалимді басып алуы католик шіркеуінің Шығысқа қарсы соғысқа жаппай үгіт жүргізуіне сылтау болды. Мұсылмандар қолынан (яғни, Библия бойынша Иерусалимде жерленген Иус Христостың табытын) «тәңір табытын азат ету» ұраны Батыста кеңінен жүргізілді. Папа Палестинада христиандардың қуғын-сүргінге ұшырап отырғандығы, христиандардың қасиетті орындарын қорлау, тонаумен бірге, әсіресе Иерусалимге барған батыстық діндарлар қудалауға ұшырап жатқандығы туралы түрлі лақаптар таратты. Папаның бұл үгіт-насихаты феодалдық Батысқа үлкен толқу туғызды. Оның үстіне Батыстың бұл қозғалысын Византияда қалыптасқан саяси жағдай одан әрі күшейте түсті. Балқанның солтүстігінен басып кірген печенгтер Византия императоры I Алексей Комнин әскеріне соққы беріп, Константинопольге жақындады. Осы сәтті пайдаланған түрік-селжұқтар Византия астанасына бірлесіп шабуыл жасау жөнінде печенгтермен келіссөз жүргізді. I Алексей II Урбан папаға (1088-1099) елшілерін жіберіп, папа беделі арқылы Батыс Еуропаның кейбір князьдарынан көмек сұрауға мәжбүр болды. Алексей Комниннің бұл өтініші батысеуропалық феодалдар мен шір-

кеудің басқыншылық ойларын жүзеге асыруға қолайлы сылтау болды. Өзінің саяси мақсатына жетуді көздеген папа мұсылмандық Шығысқа қарсы қарулы соғысқа шақырып, ашық үн тастады.

Крест жорықтарының әскери-стратегиялық міндеттері, жалпы сипаты және әскер құрамы соғыстың түрлі кезеңінде әр түрлі көрініс тауып отырды. Алғашқы крест жорықтары еуропалықтардың Таяу Шығыстағы әскери-отарлаушылық кең ауқымды қозғалысы болып табылады. Оған ірі және ұсақ феодалдармен бірге шаруалар да қатысты, бірақ жорыққа қатысқан феодалдар мен шаруалардың мақсаты әр түрлі болды. XI ғасырдың соңында жер мен қаржы тапшылығын көрген ұсақ рыцарьлар жаңа жерлерді басып алып, Шығыс елдерін тонауға ұмтылды. Жаңа жерлер арқылы иелігіндегі жер көлемін ұлғайтуды көздеген ірі феодалдар, сондай-ақ Шығыста жеке өздеріне бағынышты дербес мемлекет құру арқылы саяси беделін күшейтуді де ойлады. Ал феодалдық езгіден әбден азап шеккен шаруалардың «теңіздің ар жағына» аттанудағы мақсаты крепостниктік езгіден азат болып, аштықтан арылып, заттық молшылыққа кенеліп, сеньорлардың зорлық-зомбылығынан құтылуға үміттенді. Левантийлік (шығыс жерортатеңіздік) сауда ісіндегі позициясын нығайтуды көздеген Солтүстік Италияның қала республи-

ликалары: Венеция, Генуя, Пизаның көпестері де крест жорықтарына белсене қатысты.

Шаруалардың жаппай қатысуына байланысты Шығысқа жорық алғашында (XII ғ. ортасында) көпшілік сипат алғанмен, стихиялы түрде өрістеді. Шіркеу насихатына сеніп, «қасиетті жерде» (ол кезде Палестинаны осылай атайтын) жағдайларын жақсартып алуға үміттенген кедейлер басты роль атқарды. Дегенмен, XII ғасырдың ортасынан бастап шаруалардың жорықтағы саны азая бастады да, крест жорықтары енді феодалдық-экспансиялық сипат ала бастады. XII ғасырдың аяғында Батыс Еуропа феодалдық мемлекеттерінің Алдыңғы Азия және Византияның мұсылман мемлекеттерімен жүргізген соғысының басты мақсаты Шығыс Жерорта теңізінде территориялық және сауда үстемдігін құру болатын. Крест жорығының діни мазмұны өзінің шынайы маңызын бірте-бірте жоғалтқанымен, крест жорықтары аяқталғанға дейін немқұрайлы (формальды) түрде болса да, жорықтың күрес туы болып қала берді.

Папа басқарған католик шіркеуі крест жорықтарының ең басты дем берушісі, ұйымдастырушысы әрі белсенді қатысушысы болды. Католик шіркеуі «ақ ниетті іске» ақсүйек феодалдардың күш біріктіруіне көмектесіп, крест жорықтарына идеологиялық негіз беріп отырды. Папа

біріншіден Еуропада шіркеулік жер иелігіне қауіпті саналатын рыцарьлар еркіндігін жоюды көздесе, екінші жағынан рыцарьлар күшін бүкіл христиан әлемінде үстемдік орнатуға және Шығыста «апостол тағына» бағынышты жаңа иеліктер құру үшін пайдаланғысы келді.

Бірінші крест жорығы. 1096 жылдың жазында батысеуропалық феодалдардың армиясы Шығысқа аттанды. Жорыққа аттанған рыцарьлар жақсы қаруланып, азық-түлік, қаражат қорын жинау үшін иелігіндегі өз жерлерін епископ, аббаттарға сатты, нәтижесінде рыцарьлар жерінің есебінен шіркеу қызметкерлерінің иелігі кеңейіп отырды.

Жорыққа ең алғашқы болып герцог Годфрид Бульонский бастаған Лотарингия феодалдары аттанды. Оңтүстік Италияның нормандық рыцарьларын көп уақыт бойы Византиямен жауласып, Шығыста тәуелсіз князьдық құруды көксеп жүрген князь Боэмунд Тарентский басқарды. Оңтүстік Францияда жасақталған үлкен армияға Шығыста князьдық құруды арман еткен граф Раймунд Тулузский басшылық етті. Солтүстік және Орталық Франция рыцарьларын герцог Роберт Нормандский, граф Этьен (Блуадан) және граф Роберт II Фландрский басқарды.

Жорыққа аттанған феодал әскерлері біртұтас ұйымдасқан түрде көріне алмады. Өйткені жекелеген

жасақтардың арасында байланыс болмады. Әрбір сеньор жорыққа өзінің жасағымен аттана бастады. Рыцарьлар жасағының соңынан шаруалардың қалың тобыры шұбырды. Жасақ түрлі бағытта жүріп отырды: бірі Рейн-Дунай жолымен, басқалары Адриатика жағалауымен, үшіншісі Италия арқылы, сол жерден теңіз арқылы Балкан түбегіне өтті. Кресшілер Византия иелігіндегі жергілікті халықты жаппай тонаушылыққа ұшыратты.

1096 жылдың соңы мен 1097 жылдың басында Константинопольге жеткен кресшілер дәрекілікпен қала тұрғындарын тонап, византиялық дәстүрді мазақ ете бастады. Кресшілердің басқыншылық бағытынан сескенген император I Алексей рыцарьлардың жеке жасақтарының күшін біріктірмеуге тырысып, Византия мүддесі үшін алдап-арбау, пара беру арқылы рыцарьлар мен сеньорлардан жаулап алған түрік жерлерін қайтарып беру жөнінде ант алды. Содан соң оларды I Алексей Кіші Азияға өткізіп жіберді.

XI ғасырда Кіші Азия түбегінде өзара жауласушы селжұқ мемлекеті құрылды. Мұсылмандардың арасындағы саяси бірліктің болмауы крест жорығын жеңілдетте түсті.

1098 жылдың басында рыцарлар жасағының бірін басқарған Балдуин Фландрский бай қала Эдессаны (Солтүстік Месопотамия жері) бағындырып, кресшілердің алғаш-

қы мемлекеті Эдесс графтығының негізін қалады. Сонымен бір мезгілде кресшілердің негізгі әскері Сирияға өтіп, Шығыс Жерорта теңізіндегі ең ірі және жақсы бекінген Антиохияны қоршады. Бекініс мұнаралары бастығының бірінің опасыздық жасауы салдарынан жарты жылдан соң ғана 1098 жылы маусымда кресшілер қаланы басып алды. Ұзақ талас-тартыстан соң феодалдар қаланы басқару билігін Боэмунд Тарентскийге беруге келісті. Осылайша кресшілердің екінші мемлекеті Антиохия князьдігінің негізі қаланды. Әскерлер Сириядан Палестинаға аттанды. 1099 жылы шілде айында бес күндік қоршаудан соң кресшілер шабуылдап Иерусалимді алды. Кресшілер мұнда да жан түршігерлік азаптаулармен қала халқын қырғынға ұшыратты. Бас сауғалап мешітке тығылған он мың адам өлтірілді. Барып тұрған тағылықтың көрінісі болған бұл қанды қырғын мұсылман әлемінің жадында ұзақ уақыт сақталып, олардың христиандармен қарым-қатынасына да әсерін тигізді.

Шығыстағы кресшілердің мемлекеті. Иерусалимді бағындырғаннан кейін кресшілер Жерорта теңізінің шығыс жағалауының едәуір бөлігін иемденді. Кресшілер қозғалысына қосылып, саудадан мол табыс түсіруге үміттенген венециялық, генуялық және пизалықтардың флотының арқасында кресшілер Акра, Триполь және Тир сияқты портты

қалаларды басып алды. XII ғасырдың басында Шығыста кресшілердің төрт мемлекеті: Оңтүстік Сирия және Палестина территориясында Годфрид Бульонский басшылығымен Иерусалим корольдігі, оның солтүстігінде Триполи графтығы, Антиохия княздығы және Эдесс графтығы құрылды.

Жаңа жер иеліктерін өзара бөлікке салған кресшілер өз отанындағы тәртіпке ұқсас феодалдық жаңа тәртіп енгізді. Жергілікті тұрғындар басыбайлы шаруаларға айналдырылып, енді олар жаңа жер иесіне оброк түрінде астық өнімінің үштен бірінен жартысына дейін, жеміс-жидек, зәйтүннің, жүзімнің белгілі бір бөлігін беріп отыруға тиіс болды. Қатал езгіге ұшыраған шаруалардың ешбір құқығы сақталмады. Сондықтан кресшілер мемлекетінің тарихы жергілікті шаруалардың үздіксіз қарсылық күресіне толы болды.

Кресшілер мемлекетінің саяси құрылысы феодалдық иерархиялық негізде болды. Сеньорлар арасында Иерусалим корольдігі бірінші болып саналды. Иерусалим корольдігіне қалған үш мемлекет вассалды тәуелділікте болғанмен, шын мәнінде олар дербес өмір сүрді. Барлық территория әр түрлі көлемдегі рыцарлық феодалдарға бөлінді, бұлардың билеушілері арасындағы байланыс вассалдық қарым-қатынас түрінде болды. Вассалдар сюзеренге әскери қызмет атқаруға тиісті болды. Осы жерде Батыс Еуропада қалыптасқан

дәстүрлерден айырмашылығы – кресшілер мемлекеті мұсылман князьдықтармен үнемі соғысып отырғандықтан, вассалдарынан жыл бойы әскери қызметті талап етуге құқылы болды. Барондар және басқа вассалдар феодалдар кеңесінің мәжілісіне – ассиз немесе курияға қатысуға міндетті болды. Ірі феодалдардан құралған корольдік курия «жоғары палата», сонымен бірге феодалдық сот әрі соғыс пен бітім мәселелерін талқылайтын әскери-саяси кеңес болып табылды. «Жоғары палата» король билігін шектеп отырды, оның келісімін алмайынша, король ешбір маңызды шешім қабылдай алмады. **Иерусалим корольдігіне қатысты осы феодалдық тәртіп ережелерінің барлығы «Иерусалим ассизи» делінген заңдар жинағына тіркеліп отырған.** Иерусалим корольдігінің саяси билігінің орталықтануына ішкі экономикалық байланыстардың әлсіздігі кедергі жасады. Корольдіктің шаруашылық өмірінде маңызды роль атқаратын сауда ісін негізінен, мемлекеттің ішкі экономикалық байланыстарын құрудан гөрі сыртқы сауданы дамытуға ынталы Венеция, Генуя, Пиза көпестері жүргізді. Италия көпестері Сирия және Палестинаның портты қалаларында үлкен жеңілдіктерге ие болды. Олар жергілікті билікке бағынбады әрі оларды Италиядан бекітілген консулдар басқарып отырды.

Кресшілер мемлекетінде шіркеу аса үлкен жерге ие болды. Католиктік иерархия Шығыстағы феодалдардың ықпалды бөлігін құрды. Олар десятина түрінде көп мөлшерде қаржы жинағанымен, салық төлемеді. Сирия мен Палестинаның теңіз жағалауындағы жіңішке ұсақ иеліктерге бөлшектенген кресшілер мемлекеті өте әлсіз болды. Олардың ұзындығы 1200 км созылған шығыс шекарасы өте осал еді. Сондықтан кресшілер негізінен теңіз жағалауында тұрғызылған қорған бекіністерде өмір сүрді. Иерусалим корольдігіне оңтүстіктен Египет қауіп төндірді. Шығыста Сирияның шөл даласы жағынан кресшілер мемлекеттері селжұқ әмірлерінің шабуылына ұшырап отырды. Оның үстіне басқыншы кресшілер мемлекеттері өзара қырқысып жатты. Кресшілер мемлекеттерінің әскери құрамының тұрақсыздығы мен санының аздығы салдарынан олар сыртқы жауларынан тиісті дәрежеде қорғана алмады. Мәселен, Иерусалим корольдігінің ешқашан 600-ден артық атты рыцарьлары болмаған еді.

Кресшілер иеліктерінің жағдайын нығайту мақсатында бірінші крест жорығынан соң көп кешікпей, ерекше ұйым – рыцарьлық ордендер: тамплиерлер (немесе храмовниктер), иоанниттер (немесе госпитальерлер) құрылды. XII ғасырдың аяғында неміс рыцарларынан тұратын Тевтон

ордені құрылды. Ордендер жартылай әскери, жартылай монахтық ұйымдар болды. «Ордендік туысқандардың» монахтық плащының астынан (тамплиерде – қызыл кресі бар ақ түсті, госпитальерде – ақ кресі бар қызыл түсті, тевтон рыцарьларында – қара кресі бар ақ түсті) рыцарьлық латалар көрінбей тұрды.

Ордендердің басты міндеті кресшілер иеліктерін кеңейтіп қорғап отыру және жергілікті халықтың қарсылығын жаныштау болып табылды. «Ұлы магистрлер» басқарған ордендер тікелей папаға бағынды да, жергілікті аксүйек және шіркеулік өкіметтерге тәуелсіз болды. Ордендер үшін көптеген жеңілдіктер беріледі де, кейін уақыт өте келе олар Шығыста ғана емес, Батыс Еуропадағы ең бай жер иеленушілерге айналады. XII ғасырда Иерусалим корольдігіндегі ордендер біртұтас ірі күшке айналады. Алайда олардың тәуелсіз жағдайы, феодалдармен жиі жанжалдасуы, өзара қырқыстың салдарынан кресшілер мемлекеті одан әрі құлдырай түсті. Шығыстағы иеліктерінен айырылғаннан кейін ордендер іс-әрекеттерін Еуропаға ауыстырды. Иоанниттер, әсіресе тамплиерлер жиналған байлықтарын өсімқорлық және банкалық операцияларына пайдаланды. Балтық теңізі жағалауын агрессиялау үшін Тевтон ордені меченостер орденімен бірігіп өз мемлекеттерін құрды.

Бақылау сұрақтары

1. Крест жорықтарының басты себебі не?
2. Бірінші крест жорығы қашан болды, оған кімдер қатысты?
3. Шаруалардың крест жорығына қатысу себебін анықтаңыз.
4. Феодалдар шығысқа аттануға неліктен ұмтылды?
5. 1071 жылы Манцикерт (Армения) маңындағы соғыстың нәтижесі қалай аяқталды?
6. Католик шіркеуінің бұл жорықтарды ұйымдастырушы болуы неліктен?
7. Кресшілер жаулап алған елдерінде қандай тәртіп орнатты?
8. Кресшілер Иерусалим қаласын қашан жаулап алды?
9. Крест жорықтарына қатысушы шаруалар мен тап күресінің арасында қандай байланыс бар?
10. Кресшілер Константинополь қаласын қашан жаулап алды?
11. Крест жорықтарының XIII ғасырдың аяғында тыйылуының себебі не?
12. Крест жорықтарының Таяу Шығыстың және Батыс Еуропаның халықтары үшін қандай салдары болды?
13. Тевтон ордені қашан құрылды?
14. XII ғасырдың басында Шығыста кресшілердің қанша мемлекеті құрылды?

2.3. XI-XV ғасырлардағы Франция

1. XI-XIII ғасырлардағы саяси бытыраңқылық. Орталықтандыру үдерісі
2. II Филипп Август және Плантагенеттер
3. Альбигой соғыстары және Лангедоктың қосылуы
4. IX Людовиктің реформалары

XI-XIII ғасырлардағы саяси бытыраңқылық. Орталықтандыру үдерісі. Феодализмнің түпкілікті орнауымен бірге Франциядағы орын алған бытыраңқылық елдің әр түрлі аймақтарында бірқатар ерекшеліктерімен айқындалды. Феодалдық өндірістік қатынас мейлінше жоғары дамыған солтүстікте бытыраңқылық

аяқталу кезеңіне жетті де, феодалдық иерархия өзінің күрделенген сипатымен ерекшеленді. **Король тікелей өзінің вассалдарына: герцогтар мен графтарға, сондай-ақ өзінің жеке меншігіндегі жерде (доменде) тұратын барондары мен рыцарьларына ғана сеньор болды.** «Менің вассалымның вассалы менің вассалым емес» деген феодалдық құқық нормасы әрекет етті. Солтүстікте феодалдық бытыраңқылықтың күшеюіне Бретания және Нормандия сияқты өзіндік ерекшеліктерге ие болған ірі феодалдық иеліктер үлкен әсерін тигізді. Кельттер мекен еткен Бретания (XV ғ. соңына дейін) іс жүзінде дербес өмір сүріп келді. Сенаның төменгі сағаларына орналасып, Париждің мұхитқа шығар

жолын қиып тастап отырған Нормандия 1066 жылдан бастап ағылшын корольдігінің жеке иелігіне айналды. Солтүстік-шығыста мүлдем тәуелсіз Фландрия, ал оңтүстік-шығыста Бургундия герцогтігі орналасты. Осылайша Капетингтер жері жан-жағынан король үкіметіне тәуелсіз феодалдық князьдықтарымен қоршаулы тұрды.

Оңтүстікте феодалдық қатынастың орнығуы солтүстіктегідей аяқталған сипат ала алмады. Өйткені елдің оңтүстігінде ірілі-ұсақты аллодтар саны басым болды да, крепостниктік шаруашылық тез қарқынмен дами алмады. Орталық Массивтің таулы аймақтарымен, әсіресе Севенн тауларында ерікті қауым ұзақ сақталып отырды. Қалалардың ертерек дамуы да феодалдық қатынастардың дамуына тежеу болды. Сонымен бірге феодалдық иерархия да оңтүстікте экономикалық жағынан дамып жетіле алмады. Мұнда өздерінің жергілікті династиялары болғандықтан, олар Капетингтер жайында көп ешнәрсе білмеді. Аквитания герцогтары өздеріне «бүкіл Аквитания монархиясының герцогтары» деген титул беріп, өздерін корольмен толықтай теңбіз деп есептеді. XI-XII ғасырларда Солтүстік Франция және Капетингтер династиясының корольдеріне қарағанда оңтүстіктің феодалдық иеліктері өзге шетелдермен (Англия, Испания, Шығыстағы кресшілер мемлекетімен) жақсы қарым-қатынас жасап отырды.

Францияның солтүстік және оңтүстік бөлігінің әлеуметтік-экономикалық және саяси даму ерекшеліктерімен бірге, француз халқының солтүстік және оңтүстік (провансаль) болып екіге бөлінуі елдегі феодалдық бытыранқылықты одан әрі тереңдетте түсті. Осының нәтижесінде ерте кезеңдегідей халық жергілікті әртүрлі Францияның оңтүстігі провансаль, ал солтүстігі солтүстік француз диалектілерінде сөйледі. Тіпті кейінірек, XIII-XV ғасырларда Францияның солтүстік аймақтары «Лангедойль», оңтүстік аймақтары «Лангедок» деген атқа ие болды.

XII ғасырда Францияда мемлекеттік орталықтандыру үдерісі басталады. Орталықтандыру үдерісі алдымен экономикалық және әлеуметтік алғышарттары жақсы қалыптасқан Солтүстік Францияда жақсы қарқын ала бастады. Феодалдық сеньорларды бағындыруға бағытталған король үкіметінің саясаты феодалдар тобының мүддесін қорғауынан анық көрінді. Сондай-ақ король өкіметін нығайтып, орталықтандырудағы басты мақсат шаруалар күресін дер кезінде талқандап отыру еді. Бұған шаруалар күресін талқандауға әскери күштері жетпейтін, әсіресе ұсақ және орта феодалдар мүдделі болып отырды. Сонымен қатар олардың король өкіметінің күшеюіне мүдделілігінің тағы бір себебі, олар король өкіметінің күшеюіне ірі феодалдардың қысымы мен зорлығы-

нан құтқаратын күш ретінде қарады. Франция корольдерінің орталықтандыру саясатының прогрессивті маңызы болды. Орталықтандыру саясатын көздеген король өкіметі елдің өндіргіш күштерінің дамуына кері әсерін тигізіп отырған феодалдық анархиямен күрес жүргізді, қалалардың өсуіне, қолөнер мен сауданың дамуына жағдай жасады. Сондықтан қалалар король өкіметінің ірі феодалдармен күресіне көмектесті, мұндай күш біріктірудің орталықтандырылған мемлекет құру жолында маңызы зор болды. Король өкіметінің бұл саясатына көбіне халыққа үстемдік жүргізіп, салық есебінен мол табыс тауып отырған ірі феодалдар қарсылық білдіріп, өздерінің саяси дербестігін сақтап қалуға тырысты. Және оларды жоғарғы дін басыларының бір бөлігі қолдап отырды. Сондай-ақ король өкіметінің нығаюына феодалдардың арасындағы үздіксіз қырқыс соғыстар қолайлы жағдай туғызды. Осы қолайлы жағдайды пайдаланып қалуға тырысқан король соғыс өрті одан әрі өршітіп отырды.

II Филипп Август және Плантагенеттер. XII ғасырдың басы король өкіметінің түбегейлі нығаю кезеңі болды. VI Людовик (1108-1137) және оның канцлері Сугерий корольдің жекеменшік жеріндегі (доменіндегі) феодалдар Монтлер, Пюизе және Томас де Марльдің қамалдарын басып алып, король горизонын орналасты-

рып, олардың қарсылығын біржолата басып тастады. VII Людовиктің кезінде (1137-1180) Бурж және Санс қалаларын қосып алып, король доменін ұлғайтты. Оның Элеонора Аквитанскаямен некелесуі елдің оңтүстігіндегі ықпалын күшейтті. Алайда некеден ажырасқан Элеонора француз феодалдарының бірі Анжуйский графы француз королінің вассалы Генрих Плантагенетке тұрмысқа шығады. 1154 жылы Генрихтың II Генрих деген атпен ағылшын королі атануы Франция мен Англияның қарым-қатынасын күрделендіре түсті. Өйткені II Генрих Плантагенет Франциядағы Анжу, Мэн, Турень, Нормандия, Пуату қалаларын, кейін (Генрих Элеонора Аквитанскаяға үйленгеннен соң) Аквитанияны иемденеді, осылайша Англияның континентальды иелігі кеңейіп, француз королінің жекеменшіктегі жерінен әлденеше рет асып түседі. Сөйтіп XII ғасырдың ортасында француз корольдерінің күшті бақталастары пайда болады.

Капетингтер мен Плантагенеттер арасындағы бақталастық күрес, әсіресе II Филипп Августтың (1180-1223) тұсында күшейе түсті. Ол мықты саясатшы, мәмілегер (дипломат) болды, өзінің бар күшін Плантагенеттермен күреске жұмылдырды. Ол ағылшын королі II Иоанн Безземельныймен жүргізген күресте үлкен табыстарға жетіп, ағылшын королінің Франциядағы иеліктері

көмпескеленгенін жариялады, ағылшын тағының ең бағалы інжумаржаны саналатын Нормандияны 1202-1204 жылдары жаулап алады. Иоанның озбырлығына наразы болып отырған барондар мен ағылшын қалалары француз короліне қарсылық көрсетпеді. II Филипп ағылшын королінің Франциядағы тағы басқа иеліктерін тартып алуына байланысты Плантагенеттердің меншігінде Пуатудың бір бөлігі мен Аквитания герцогтігі ғана қалды. Иоанның өзіне тиісті иеліктерін қайтару үшін Герман императоры IV Оттон және граф Фландрский мен кейбір феодалдардың көмегіне жүгінуі шиеленісті жағдайды одан әрі ушықтырып, еуропалық деңгейдегі соғыс жанжалына айналдырып жіберді. Бірақ 1214 жылы француздар Ларош-о-Муан түбінде (Анжераның жанындағы) және Бувинда (Фландрияда) болған соғыста ағылшындарды талқандайды. Осылайша II Филипп өзінің соғыс арқылы басып алған жерлерін түпкілікті бекітіп алды. II Филипп король билігін нығайту жолында бытыранқылыққа қарсы күресте қалалардың көрсеткен көмегін түсініп, қалалармен одақтастықты одан әрі нығайту үшін бірқатар қалаларға көптеген коммуналдық хартиялар береді. II Филипптің соғыстағы қол жеткен табыстарының нәтижесінде француз корольдерінің домені мөлшері артып, шамамен төрт есеге кө-

бейеді. Король ірі феодалдардың іс-әрекеттерін бақылауға алып, олардың вассалдық міндеттерін, әсіресе әскери қызметтерін атқаруды талап етіп отырды. Корольдің вассалдық герцогтарының әрқайсысында қалалар мен дін басыларының өкілдерінен және ұсақ рыцарлардан құрылған одақтастары болды. Король өкіметі рыцарьлар мен ірі шонжарлар арасындағы қырқыс соғыстарды өз мүдделеріне шеберлікпен пайдаланып отырды.

Альбигой соғыстары және Лангедоктың қосылуы. XIII ғасырдың басында солтүстік бөлігінен оқшаулау жатқан оңтүстік аймақтарды қосып алу есебінен король доменінің көлемі кеңейе түсті. Оңтүстікте қалыптасқан ішкі жағдайлар король доменіне қосып алу ісін жеңілдетте түсті.

Оңтүстік француз қалаларының экономикалық гүлденуі мен олардың саяси дербестігі бұл аймақта әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуіне әкеліп соқтырды. Сондай-ақ XII ғасырдың 40-жылдарында еретиктік ілімдер – вальденстер мен катарлардың дамуы нәтижесінде идеологиялық күрестің күшеюі байқалды. Францияның оңтүстігіндегі Альби қаласы антифеодалдық және антишіркеулік бағыттағы ерестердің бұқаралық қозғалыс орталығына айналды. Осы қаланың атымен ерестер «альбигалық ерестер» деп аталды.

Қайырымдылық пен қатыгездік туралы дуалистік идеяның жолын

куушы альбигалықтар дүние мен католик шіркеуін сайтан жаратты деп есептеп, шіркеудің негізгі догматтарына қарсы шықты және шіркеу иерархиясы мен шіркеудің жер иеленушілікті, десятинананы жоюды талап етті. Ересытердің бірқатары кедейшілікті уағыздап, байлықтан бас тартуға шақырды. Лионнан шыққан вальденстер ересінің негізін салушы Петр Вальдо «Ешкімнің ештеңені иемденуге құқығы жоқ» деп үйретті. Альбигалықтардың негізгі құрамы қалалықтар мен шаруалардан құралды. Сондай-ақ қозғалыстың бастапқы кезінде шіркеу жеріне қызыққан рыцарьлармен ақсүйектер де қосылды. Граф Тулузский Раймонд та альбигалықтарға оң көзқараста болған. Ересытер қозғалысына кейбір үстем тап өкілдерінің қатысудағы мақсаты шіркеудің жер байлықтарын иемденіп қалу ниетінен көрінді. Ересытер қозғалысы бүкіл оңтүстікті ғана емес, Солтүстік Францияға да таралу қаупін төндірді. Сондықтан III Иннокентий папа 1209 жылы солтүстік француз феодалдарының қатысуымен альбигалықтарға қарсы крест жорығын ұйымдастырды. Симон де Монфор бастаған солтүстік француз епископтары, ақсүйек феодалдар және папа өкілінің жасақтары (легата) 1213 жылы Мюрз түбінде крестшілермен шешуші шайқаста жеңіске жетті. Альбигалықтардың табанды қарсылығына қарамастан, Безье жә-

не Каркассон қалалары басып алынды. Раймонд Тулузский Тулуза, Ним, Бокер және Ажан қалаларын ғана жауға бермей сақтап қалды. Симон де Монфор өлімінен кейін оңтүстікті бағындыру үшін күреске француз королі VIII Людовик араласты. Ол 1224 және 1226 жылдардағы табысты жорықтарынан кейін Тулуза графтығы мен Жерорта теңізі жағалауының бір бөлігін өзінің доменіне (корольдің жекеменшік жері) (1229) қосып алды. 1224 жылы 10 айға созылған қоршаудан кейін альбигалықтардың соңғы тірегі Монтсегюр қамалы алынып, қамалда қалған 200 еретик жойылды. Алайда оңтүстік-батыс графтықтар өздерінің дербестіктерін сақтап, Аквитания Плантагенеттердің иелігінде қалды.

Альбигалықтар соғысынан кейін оңтүстік қалалар экономикалық үлкен зардапқа ұшыраса да, біршама тезірек оңалып дами бастады. Бірақ XII ғасыр кезеңіндегідей жоғары өрлеу дәрежесіне жете алмады. Сондай-ақ альбига соғысы кезінде біршама күшейіп алған итальяндық қала республикаларымен және каталондық қалалармен теңіз саудасында бәсекелесуге енді олардың шамалары келмеді.

IX Людовиктің реформалары. XIII ғасырда IX Людовик (1226-1270) билігі тұсында жүргізілген реформалар (әсіресе сот реформалары) нәтижесінде феодалдық анархия әлсіреп, король өкіметінің билігі

нағая түсті. Реформа нәтижесінде король доменінің территориясында бұрын сеньориалдық соттарда қолданылған сот айтыстарына (яғни, дауларды екі жақты айтыс-тартыстың көмегімен шешуге) тыйым салынды, дауласушы тараптарға істі король сотына жіберу мүмкіндігі берілді. Кез келген феодалдық сот шешімінің үстінен корольдік сотқа шағым беру мүмкіндігі жасалды. Осылайша король соты корольдіктегі сот істері бойынша ең жоғарғы сатыға ие болды. Ең маңызды қылмыстық істер феодалдық сот қарауынан алынып, корольдік соттарда қаралатын болды. Францияда басқаруды орталықтандыруға аса қатты маңыз беріліп отырды. **Корольдік кеңестен «парламент» деп аталған ерекше сот палатасы бөлініп шықты.** Жоғары билік органдарының жергілікті басқару орындарымен байланысын жүзеге асырып отыратын корольдік бақылаушылар тағайындалды. Олар жергілікті әкімшіліктердің іс-әрекетін бақылап, олардың қызмет бабын пайдаланып жасайтын теріс қылықтарын корольге жеткізіп отыруға тиіс болды. **IX Людовик корольдің жекеменшік жерінде феодалдар арасындағы алауыздық соғыстарына тыйым салды.** Ал король доменіне кірмейтін иеліктерде «корольдің 40 күндік» мерзімді ережесі дегенді енгізді. Енді осы мерзім ішінде соғысуға мәжбүр болып отырған жақ корольге арыз бере алатын болды. Бұл феодал-

дар арасындағы қыркыс соғыстарды азайтуға септігін тигізді.

IX Людовик ақша реформасын жүргізді. Реформа бойынша король доменінде бірыңғай монет жүйесі енгізілді. Бұл монет тек корольдің жекеменшік жерінде ғана емес, ел ішінде жергілікті сеньорлардың ақша бірлігімен қатар қолданылатын болды. Өйткені сол кезде 40 сеньор өздерінің жеке монетін соғып шығару құқығын қолданып отырған еді. Дегенмен король монеті жергілікті жердегі жекеменшік монеттерді бірте-бірте ығыстыра бастады. Құрамындағы алтын, күміс қоспаларымен ерекшеленген король монеті ішкі, сыртқы саудада кең қолданысқа ие болып, елдің экономикалық тұтастығын қалыптастыруға әсерін тигізді. Көп кешікпей Францияда сауда және кредит келісімдерін жеңілдететін бірыңғай мемлекеттік ақша жүйесі енгізілді.

IX Людовик Францияның сыртқы саясатында Жерорта теңізіндегі ықпалын нығайтуға күш салды. Інісі Карл Анжуйскийге Оңтүстік Италия мен Сицилияны басып алып, Египет пен Туниске бекінуіне (Жетінші және Сегізінші крест жорықтары) көмектесуге тырысты, бірақ оның бұл ойын жүзеге асырудың сәті түспеді.

Сонымен XI-XIII ғасырларда Франциядағы феодалдық мемлекеттің дамуы бірқатар кезеңдерден өтті. Елдің солтүстік бөлігінде феодалдық бытыраңқылық жойылып,

қалалардың дамуы нәтижесінде аймақтар арасындағы экономикалық байланыстар нығая түсті. Ірі кол-онер-сауда және саяси орталыққа айналған Париж қаласы Францияның астанасына айналды. Алайда Плантагенеттермен күрес корольдің мемлекеттік билікті орталықтандыру

үдерісін тежеп, күрделендіріп отырды. XIII ғасырдың бірінші жартысында оңтүстік аймақтардың бір бөлігі жаулап алу нәтижесінде Капетингтер иелігіне айналды. Ал елдің солтүстік бөлігі Париж бен орталық король өкіметінің билігіне берік топтастырылды.

Бақылау сұрақтары

1. Нормандия қай жылдан бастап ағылшын корольдігінің жеке иелігіне айналды?
2. Францияда мемлекеттік орталықтандыру үдерісі қашан басталады?
3. XII ғасырдың 40-жылдарында қандай еретиктік ілімдер дамыды?
4. III Иннокентий папа 1209 жылы кімдерге қарсы крест жорығын ұйымдастырды?
5. Симон де Монфор өлімінен кейін оңтүстікті бағындыру үшін күреске кім араласты?
6. «Корольдің 40 күндік» мерзімді ережесінің мәнін түсіндіріңіз.
7. Шаруашылықтағы қандай өзгерістер Францияның бірігуінің алғышартына айналды?
8. Халықтың қандай бөліктері мемлекет бірлігіне қолдау көрсетті?
9. IX Людовик қандай реформалар жүргізді?
10. Капетингтер мен Плантагенеттер арасындағы бақталастық күрес қай билеушінің тұсында күшейе түсті?

2.4. XI-XV ғасырлардағы Англия

1. Норман жаулап алушылығы және оның Англиядағы феодализмнің дамуына әсері

2. «Қаһарлы сот кітабы»
3. II Генрихтің сот және әскери реформалары
4. Иоан Безземельныйдың ішкі және сыртқы саясаты
5. «Еркіндіктің ұлы Хартиясы»

Норман жаулап алушылығы және оның Англиядағы феодализмнің дамуына әсері. Англияда XI ғасыр-

дың ортасында феодалдық режим негізінен орныққанымен, феодалдану үдерісі әлі аяқталмаған еді. Шаруалардың басым бөлігі, әсіресе елдің солтүстік-шығысы – Денло аймағындағы шаруалардың еріктілігі сақталып отырды да, жерді феодалдық тәуелділік жағдайында ұстаушылар әлі де жаппай крепостной шаруалар бұқарасына айналып болмаған еді. Сонымен бірге феодалдық поместье және феодалдық иерархия да барлық жерге кең таралып орныкпаған еді. Англиядағы феодалдандыру үдерісінің аяқталуы

XI ғасырдың екінші жартысында нормандардың жаулап алуымен байланысты болды.

1066 жылы Англияға нормандардың басқыншылық жорығы басталды. Жаңа жерлер мен тәуелді шаруалар иеленуді, мол байлық, табыс түсіруді мақсат еткен норман герцогы Вильгельм солтүстік француз және тіпті италяндық рыцарьлардан құралған 15 мыңдық әскери күшті төңірегіне топтастырды. Жорықтың басталуына норман герцогы Вильгельмнің туысы және ағылшын королі Эдуард Исповедниктің қайтыс болуына байланысты Вильгельмнің мұрагер ретінде ағылшын тағына отыруға ұмтылуы себеп болады. Вильгельмнің бұл талабына папа қолдау көрсетті.

1066 жылдың қыркүйек айында Вильгельмнің әскерлері мінген желкенді кемелер Ла-Манш бұғазынан жүзіп өтіп, Англияның оңтүстігіндегі Павенс шығанағына келіп түсті. Эдуард Исповедниктің орнына «даналар кеңесі» («советом мудрых») сайлаған Англияның жаңа королі Гарольдтің жеке жасағы мен жедел түрде шаруалардан құралған жаяу әскеріне қарағанда Нормандия герцогінің ауыр қаруланған атты әскері саны жағынан да басым еді. Нормандықтармен шайқастан үш апта бұрын Солтүстік Англия жерінде король Гарольд әскері тұтқиылдан Вильгельмнің жақтасы Норвегия королі Харальд Хардрадтың шабуылы-

на ұшырады. 1066 жылы қазанда Гастингс портының маңындағы шешуші шайқаста ерлікпен қарсыласқан англосакстар жеңіліске ұшырап, король Гарольд қаза болды. Ал Нормандия герцогы Лондонды басып алып, I Вильгельм жаулаушы деген атпен Англия королі атанды.

Нормандық басқыншыларға, әсіресе елдің солтүстігіндегі англосакстық ақсүйектер мен ерікті шаруалардың басым бөлігі қарсылық көрсетті. Келімсек-басқыншылардың жергілікті халықтың жерін жаппай кәмпескелеу әрекетіне қарсы жергілікті ақсүйектер өкілдерінің бастауымен солтүстік және солтүстік-шығыс Денлода 1069 және 1071 жылдары ірі халық көтерілістері болды. Вильгельмнің бастауымен басқыншылар көтерілісті аяусыз талқандаған соң, көтеріліс болған негізгі аймақтар – Йоркс алқабы мен Дарем графтығы – бірнеше ондаған жылдар бойы қаңырап бос жатты.

Көтеріліс талқандалғаннан кейін англосаксондық ақсүйектердің көпшілігінің жері кәмпескеленіп, басқыншы рыцарьларға бөлініп берілді. Кейбір жер иеліктерін сақтап қалған ұсақ феодалдар – тэндер бәрібір нормандық барондардың (Англиядағы ірі феодалдар осылай аталды) вассалына айналды. Англиядағы өңделетін жердің өте үлкен жетіден бір бөлігі Вильгельмнің жеке меншігіне берілді. Бұл жердегі ормандардың басым бөлігі корольдің аң аулайтын

қорығына айналдырылды. Корольдің жеріне іргелес орналасқан шаруалардың орман ағашын кесуіне, аң аулауына қатаң тыйым салынып, жаза ретінде олардың көздерін ойып отырды.

Қалалардың да басым бөлігі король доменінде орналасты. Осындай аса зор материалдық ресурстарға ие болуы Англиядағы король өкіметінің күшейіп, нығаюына негіз болды.

«Қаһарлы сот кітабы». Нормандардың басқыншылығы Англияда феодалдану үдерісінің аяқталуына түпкілікті негіз болды. Саяси-экономикалық үстемдікке ие болған басқыншылар өздеріне таныс феодалдық тәртіпті орнықтырып, феодалдық қатынасты саяси және құқықтық жағынан нығайтуға тырысты. Вильгельмнің бүкіл ел бойынша жүргізген жер санағының Англиядағы феодалдық тәртіпті күшейтудегі маңызы зор болды. Санақтың пергаментке жазылған қорытындылары халық арасында «Қаһарлы сот кітабы» деген атауға ие болды («Книга страшного суда»). Оның мұндай атауға ие болуы санақ жүргізушіге сот алдында тұрғандай еш нәрсені жасырмай, бүкпесіз айтуға міндетті болғандығы болу керек. Жалған мәлімет беруші қатаң жазаға тартылды. **Санақ екі мақсатта жүргізілді.** Біріншіден, король өзінің вассалдарына тиісті қызметін дұрыс атқаруын талап ету үшін олардың иелігіндегі жер көлемі мен

табыс мөлшерін анықтағысы келді. Екіншіден, халыққа ақшалай салық салу үшін мәліметтер жинағысы келді. Бұл жүргізілген «Ұлы санақ» феодалдық тәртіпті нығайтып, басы бос еркін шаруаның басыбайлыққа (крепостнойға) айналуын тездетті.

Өйткені 1066 жылға дейін басы бос еркін шаруалардың көпшілігі 1086 жылы «Қаһарлы сот кітабына» вилландардың қатарына енгізілді. Виллан термині XI ғасырда Англиядағы жерге тәуелді феодалдық рентаның, әсіресе барщиналық қызмет түрін атқарушы шаруаларға қатысты қолданылды.

II Генрихтің сот және әскери реформалары. Мемлекетті бір орталықтандыруда II Генрихтің жүргізген реформалары маңызды роль атқарды. Сеньориалдық сот есебінен корольдік соттың міндетін (компетенция) кеңейтуге тырысқан II Генрих сот реформасын жүзеге асырды. Сот реформасының мәні белгілі бір мөлшерде ақша төлеген әрбір ерікті адам өзінің ісін вотчиналық соттан корольдік соттың қарауына өткізе алатын болды. Вотчиналық соттарда сот істері бұрынғысынша «Тәңір сотының» көмегімен жүргізілетін болса, енді корольдік сотта ант бергендер арқылы жүргізілетін болды. («Тәңір соты») герман халықтарының арасында кең тараған сот процесінің ежелгі формасы) Бұл жүйе бойынша қылмыскердің кінәлілігін анықтау «Ордалияның» көме-

Гімен, сумен, қыздырылған темірмен, қайнаған ыстық сумен және тағы басқалар қолдану арқылы жүргізіледі. Сот процесін ант бергендер арқылы жүргізушілік сот істерінің сеньориалдық куриялардан корольдік соттарға ағылып түсуіне жол ашты. Сеньориалдық соттардың беделінің төмендеуіне II Генрихтың ауыр деп танылған қылмысты істердің бәрін сеньориалдық соттың міндетінен алып, жер мәселесін шешетін өкілдіктеріне шектеу қоюы да үлкен себеп болды. Корольдік курия сеньориалдық соттардың қараған істері жөнінде шағым-арыздарды қарайтын жоғарғы сот орны болып танылды. II Генрихтың сот реформасы алдымен рыцарлар үшін, сондай-ақ аумақты ерікті шаруалар мен қала тұрғындары үшін тиімді болды. Елдегі каналушы халықтың басым бөлігі крепостной шаруалар үшін бұл реформаның қатысы болмады. Өйткені корольдік соттар вилландардың қожаларының қылмыстық істер жөнінде жазылған шағым-арыздарын қабылдамады. Крепостной шаруалар шағымдарын помещиктік сот қана қарап шешті. II Генрихтың сот реформасы феодалдардың таптық мүддесін қорғады. Король өкіметінің билігін нығайтып, рыцарьлар мен ерікті шаруалардың жоғарғы топтарының мүддесін қорғаған реформа еріктілер мен езілуші тәуелді шаруалар арасындағы қарама-қайшылықты одан әрі тереңдетіп, басыбайлы крепост-

нойларды корольдік соттың қамқорлығынан тыс қалдырып, феодалдық езгіні бұрынғыдан да күшейте түсті.

Корольдік куриялардың сот қызметінің кеңеюі король табысының негізгі көзіне айналып отырды. Ал халықтың басым бөлігі корольдік соттардың салған ауыр айыппұлдарынан зардап шекті. Корольдік соттардың сот процесінде бірте-бірте бүкіл ел үшін жалпы право делінген бірыңғай корольдік право енгізіліп, бұл право сеньориалдық және жүздіктер мен графтық соттарда қолданылған жергілікті праволарды бірте-бірте ығыстырып шығарды.

II Генрих сонымен бірге әскери реформа да жүргізді. Реформа бойынша феодалдардың корольдің мүддесі үшін атқаратын әскери қызметінің мерзімі едәуір қысқартылып шектелді. Ал қысқартылған мерзім үшін, тіпті феодалдар бүкіл әскери қызметінің орнына «қалқандық ақша» («щитовые деньги») дейтін ерекше ақша сомасын төлеуге тиісті болды. Бұл ақшаға король рыцарьларды жалдап алып, барондардың феодалдық жасағынан өзінің тәуелділігін азайтты. Сонымен бірге король әрбір ерікті адамның мүліктік жағдайына қарай белгілі бір қару түрлерін иемденіп, корольдің шақыруы бойынша жорыққа қатысуға міндеттеп жарлық шығарды. Осылайша ерікті шаруалардың ерте замандық жасағының (англо-сакстық «фирдтың») қайтадан бұрынғы қалпына келтіріл-

гендігі байқалды. Міне, II Генрихтың жүргізген реформалары король өкіметінің нығайып, феодалдық мемлекеттің бірорталықтануына ықпалын тигізді.

Иоанн Безземельныйдың ішкі және сыртқы саясаты. XIII ғасырдағы Англияның саяси дамуының негізі ішкі экономикалық байланыстардың күшеюі, феодалдық мемлекеттің бірорталықтануының нығайымымен байланысты жүргізілді. Қаналушы халық бұқарасын ыркына көндіріп, бағындырып ұстап отырды көздейтін феодалдар, әсіресе рыцарьлар, сондай-ақ қаланың ауқатты топтары орталықтандырылған өкімет билігіне қолдау көрсетіп отырды. Алайда Англиядағы феодалдық мемлекеттің бірорталықтану үдерісі селолардағы тап күресі мен қалалардағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі феодалдардың өзара жанжал соғыстарымен, тіпті кейде ұзаққа созылған саяси күрестердің қарулы қалыптасуына ұласуы жағдайында жүріп отырды.

XIII ғасырдағы саяси күрестің алғашқы кезеңі Безземельный деп аталған II Генрихтың кенже ұлы король Иоанның (1199-1216) билігімен тұстас келеді. Иоанн өзінің мұрагерлік билігін бағынышты халыққа қысым жасау құралына айналдырды. Король Иоанның жерді жөнсіз кәмпескелеуі, өзіне ұнамаған шонжарларды тұтқындап, аса ауыр атып-асу жазаларын қолдануы, вас-

салдар жөніндегі феодалдық әдет-ғұрыптарды үнемі бұзып отыруы барондардың қарсылығын күшейте түсті. Барондар тарапынан қолдау таппаса да, Франциядағы түрлі сәтсіз аяқталып жатқан соғыстарға корольдің тым жиі әрі көп мөлшердегі түрлі жәрдем ақша (субсидия) және «қалқандық ақша» («щитовые деньги») сұрауы барондардың наразылығын одан әрі өршіте түсті. Корольдің шіркеу сайлауларына араласып, жөнсіз жиі алым-салықтар төлетуіне наразы болған шіркеу де барондарға қолдау көрсетіп отырды.

Корольдің барондармен қалыптасуының бұл жолғы ерекшелігі – бұрын корольді жақтап келген рыцарлар мен қала тұрғындары енді барондар жағына шықты. Оған корольдік әкімшіліктің зорлық-зомбылығының асқынуы, қалаларға салынатын салық мөлшерінің шамадан тыс өсуі себеп болды. Сонымен бірге Иоанның сыртқы саясаттағы сәтсіз табыстары да наразылықтың күшеюіне түрткі болды. 1202-1204 жылдардағы соғыс нәтижесінде Француз королі II Филипп Август Иоанның Франциядағы бірқатар иеліктерін: Нормандияны, Анжуды, Мэн, Турень, Пуатудың бір бөлігін жаулап алды. Иоанн және оның одақтастарының Ларош-о-Муан мен Бувин түбіндегі (1204) шайқастағы жеңілісі оларды бұл иеліктерді қайтару мүмкүндігінен біржолата айырды. Сонымен бірге бұған дейін

(1207 жылы) Иоанн Стефан Ленгтонды Кентерберийски архиепископы етіп корольдің келісімінсіз тағайындағаны үшін III Иннокентий папамен ұзақ жанжалға киліккен еді.

1212 жылы папа Иоанды тақтан түсіріп, ағылшын тағын француз королі II Филиппке беру туралы жарлығын шығарды. Өзінің бұл әрекеті қоластындағылардың наразылық көтерілісін туғызады деп қауіптенген Иоанн 1213 жылы папаның алдында тізе бүгіп, вассалы ретінде папаға жылына 1000 марка күміс төлеп тұруға міндеттенеді. Корольдің бұл маскара кылығы қарсыластарының (оппозиция) қарсы әрекетін өршіте түсті. 1215 жылы көктемде қала тұрғындары мен рыцарлар қолдауына сүйенген барондар корольге қарсы соғыс ашты. Лондон халқының қолдау көрсетуі көтерілістің сәтті аяқталуына жәрдемін тигізді. **Көтерілісші барондардың талабымен келісуге мәжбүр болған король 1215 жылы 15 маусымда «Еркіндіктің Ұлы Хартиясына» қол қоюға мәжбүр болды.**

«Еркіндіктің Ұлы Хартиясы». 1215 жылғы 15 маусымда король Иоанн Безземельный қол қойған «Еркіндіктің Ұлы Хартиясы» 63 баптан құралды. Бұл құжаттағы баптардың басым бөлігі барондармен шіркеу қызметкерлерінің мүдделерін қорғады. Король шіркеу сайлауының еркіндігін сақтауға, өзінің тікелей вассалдарына шамадан тыс салық

салмауға міндеттенді. Ол «Корольдік жалпы кеңестің» келісімінсіз өзінің тікелей жер ұстаушыларынан феодалдық алым-салықтарды (жәрдем) және «Қалқандық ақшаны» жинамауға келісім берді. Корольдік Ұлы кеңестің құрамы анықталып, кеңес құрамына корольдің тікелей жер ұстаушылары, яғни негізінен, барондардың өздері кірді. Өзге сословие өкілдеріне қарағанда барондардан тек олармен атағы бірдей пэрлер ғана сот алдында жауап ала алатын болды. Хартияның 39-бабына сәйкес король барондарды тұтқындамауға, түрмеге отырғызбауға, дүние мүлкіне тиіспеуге, пэрлердің шығарған заңды үкімінсіз оларды заңнан тыс деп жарияламауға міндеттенді. 34-бабына сәйкес II Генрихтың реформаларынан кейін корольдің сеньориалдық соттардың істеріне араласу жөніндегі құқығының күші жойылды. Ақыры құрамына 25 барон енгізілген хартияның орындалуын бақылап отыратын комитет сайланды. Егер король Хартияны бұзатындай жағдай калыптасса, онда корольге қарсы соғыс жарияланатын болды. Сондықтан бұл Хартия барондар үшін бірқатар экономикалық, соттық және саяси артықшылықтарымен ерекшеленді. Ал рыцарлар мен ерікті шаруалардың жоғарғы тобы үшін Хартияның берген жеңілдіктері әлдеқайда аз болды. Барондар мен корольдің рыцарьлардан тиісті мөлшерден артық феодал-

дық төлемдер талап етуіне тыйым салынды. Барлық ерікті шаруаларға (фригольдерге) корольдің жанындағы ақсүйектер тарапынан жасалатын зорлық-зомбылықтан, шамадан тыс алым-салықтан қорғауға уәде берілді. Сонымен бірге «Ұлы Хартияда» ерікті адамдар үшін II Генрих кезінде енгізілген сот тәртіптері сақтап, қалдырылды. Хартия бойынша рыцарьларға карағанда қалаларға жеңілдіктер аз берілді. Хартиядағы қалалар мен саудаға қатысты прогрессивті мәнге ие болған 13- және 15-баптары бойынша Лондон және басқа қалаларға қатысты бұрынғы жеңілдіктер мен еркіндіктері сақталынды, сонымен қатар өлшем мен таразы бірлігі, шетелдік көпестердің ел ішінде еркін жүріп тұру құқықтары (41-бап) бекітілді. Бірақ Ұлы Хартия корольдің қала халқынан шексіз ауыр алым-салық (таль) жинау еркіндігіне шектеу қоймады. Алайда бұл баптардың сыртқы сауданың дамуы үшін маңызы болғанмен, қала тұрғындары үшін қолайсыздық келтірді, өйткені ағылшын қолөнер өндірісі шетелдік сау-

дагерлердің сапалы бұйымдарымен бәсекелесе алмады.

Хартия бойынша ағылшын халқының негізгі бөлігі виландар ешбір құқықтық артықшылықтарға ие бола алмады. Осылайша олардың феодалдық мемлекеттегі толық құқықсыздығын Хартия тағы бір айқындап көрсетіп берді. Хартияның кейбір баптарынан феодалдық қанаушылық қоғамға тән сипаты анық аңғарылады. Алайда өз заманы үшін Хартияның прогрессивті маңызы болды. Хартия барондарды ғана емес, сол дәуірдегі елдің экономикалық дамуындағы прогрессивті күш болып отырған элеуметтік топ – рыцарьлар мен қала тұрғындары үшін король тарапынан зорлық-зомбылыққа шектеу қойып, сондай-ақ оларды ірі феодалдардың қысымынан қорғады.

Бірақ бұл ұлы Хартия іс жүзінде жүзеге асырылмады. Барондарды бүлікшілер деп таныған папаның жарлығына сүйеніп, корольдің Хартияны орындаудан бас тартуы барондармен соғысқа ұласты. Соғыстың қайнаған кезінде Иоанн қайтыс болған соң барондар оның жас баласы III Генрихты (1216-1272) король деп таныды.

Бақылау сұрақтары

1. Нормандиялық жаулап алудың басты екі нәтижесін анықтаңыздар.
2. XI ғасырда виллан термині кімдерге қатысты қолданылды?
3. Неліктен «Қаһарлы сот кітабы» деген атауға ие болды. Оның мәні.
4. Мемлекетті бір оталықтандырудағы II Генрих реформаларының маңызы туралы түсінік беріңіз.
5. II Генрихтың әскери реформасының мазмұны.
6. 1202-1204 жылдардағы соғыс нәтижесіне талдау жасаңыз.

7. Иоанн Безземельный қай жылдары билік құрды?
8. 1207 жылы корольдің III Иннокентий папамен жанжалдасуына не себеп болды?
9. 1212 жылы папаның қандай жарлығы шықты?
10. «Еркіндіктің ұлы хартиясы» қанша баптан тұрды?
11. Хартияның орындалуын бақылап отыратын комитет құрамына кіргізілген барон санын анықтаңыз.
12. Хартияның 39-бабына сәйкес барондар қандай артықшылықтарға ие болды?
13. Хартияның 34-бабына сәйкес корольдің қандай құқығына шектеу қойылды?
14. Фригольдер деген кімдер?
15. Хартияның прогрессивті маңызын анықтап беріңіз.

2.5. XIV-XV ғасырлардағы Германия

1. Штауфендер (Гогенштауфендер) тұсындағы империя. II Фридрих
2. I Рудольф Габсбург
3. Швейцариялық одақтың құрылуы және дамуы

Штауфендер (Гогенштауфендер) тұсындағы империя. Герман императорларының ұйымдастыруымен неміс феодалдары Шығысты экспансиялаумен қатар Италияны және папаны бағындырып, герман үстемдігін жүргізуді көкседі. Бұл бағыттағы осы саясатты жүзеге асыруға белсенділік танытқан Гогенштауфендер әулетінің өкілі I Фридрих Барбаросса (1152-1190) болды. Талантты қолбасшы, шебер дипломат I Фридрих өзін ежелгі римдік императорлардың және Ұлы Карлдың мирасқорымын деп есептеді. Алғашқыда ірі табыстарға қол жеткізген ол император тағына отыруды көздеп, 1154 жылы Римге алғашқы жорыққа аттанды. Римде герман әскерлері қала тұр-

ғындарының папаға қарсы қозғалысын басуға көмектесті. Осы оқиғадан кейін разы болған папа Фридрихты император тағына отырғызды. Осылайша ешқашан ымыраға келмеген, бір-бірін дұшпан көретін екі жақ – империя мен папа халық көтерілісіне қарсы күресте тез ауыз жаласып, бірігуге мәжбүр болды. Алайда неміс рыцарьларының зорлық-зомбылығы Римде жаппай халық наразылығын тудырып, Фридрих амалсыз қаланы тастап шықты.

1158 жылы I Фридрих Италияға жаңа жорыққа шығып, Ронкальск алқабында (Пьяченцы жанында) солтүстік итальяндық қалалардың өкілдерімен жиналыс өткізді. Жиналыста қалалардың өзара алауыздығын пайдалана отырып, ежелгі Рим құқығын жақсы білетін Балонья заңгерлерінің қатысуымен құрастырылған Солтүстік Италия қалаларының тәуелсіздігін жою туралы император қаулысын жариялады. Қаулы бойынша қаланың сайланып қойылатын консулдарының орнын император тағайындаған наместник-

подесталар алмастыратындығы туралы шешім шығарды. Фридрихтың мақсаты – қалалардың өзін-өзі басқарушылығын жойып, қалаларды басқару билігін өз қызметкерлеріне алып беру. Осылайша Фридрих Солтүстік Италия қалаларының жоғары сот өкіметі билігін иеленіп алғаннан кейін оларды салықпен тұншықтырды. Шын мәнінде бұл Солтүстік Италия қалаларының императорға толықтай бағындырылғандығы еді. Герман императорының билігін мойындаудан бас тартып, тағайындалған подестаны қабылдамаған ең ірі Милан қаласының қарсылығы аяусыз басып тасталды. Екі жыл қоршаудан кейін 1162 жылы Миланды басып алып, базар алаңын соқамен жыртып, қаланың орны тақыр жерге айналдырылғандығының белгісі ретінде тұз сеуіп тастады. Ауылдарға таратылып, басыбайлы крепостнойларға айналдырылған қайсар қала тұрғындары император пайдасына барщиналық міндеткерліктер атқаруға тиісті болды. Солтүстік Италияның өзге қалаларына сабақ болу үшін миландықтарды қатаң жазалау Фридрихтың ойлағанындай нәтиже бермеді. Неміс езгісінің жалпыға бірдей қауіптілігін сезінген қалалар одаққа біріге бастады. Қайта тұрғызылған Миланның бастауымен Солтүстік Италияның 22 қаласы 1167 жылы Ломбард лигасын құрды. Қалалар одағына Барбароссаның бітіспес қарсыласы

III Александр папа қолдау көрсетті. Сонымен бірге Фридрихке немістің Генрих Лев сияқты ең ірі князьдары әскери көмек беруден бас тартты. 1176 жылы Леньяно жанында (Солтүстік-Батыс Милан) император әскерімен Ломбард лигасының арасында шешуші шайқас болады. Соғыста неміс рыцарьлары жеңіліс тауып, Фридрихтың өзі әзер қашып құтылады.

Бұл қала көлөнершілері мен көпестердің біріккен жасағының рыцарьлар әскерін талқандаған тұңғыш соғысы болды. Келесі жылы I Фридрих Венецияда папа алдында тізе бүгіп, алты жылдық келісімге қол қойды. Келісімшарт 1183 жылы Констанца бітімімен бекітілді. Бұл бітім итальяндық қалалардың барлық коммуналдық еркіндіктерін іс жүзінде қайта қалпына келтірген бітім болды.

Барбароссаның немересі көрнекті тұлғалардың бірі император II Фридрих (1220-1250) Италияға бекінуге тырысып әрекет жасады. Сицилияда өскен (бір мезгілде ол Сицилия тағының мұрагеріне үйленген әкесі император VI Генрихтың мұрагері ретінде Сицилия корольдігінің королі болған еді) ол немістің жауынгер рыцарының, еуропалық және шығыстық деспоттың белгілерін бойына жинастырған ерекшелігімен замандастарын таңғалдыратын. II Фридрих төңірегіне византия, араб және еврей оқы-

мыстыларын топтастырып, Неаполь университетінің негізін қалады. Ол грек, Рим және араб авторларының шығармаларының түпнұсқаларын оқып, ғылыми байқаулармен шұғылданды. Аңшылық пен жылқы өсіру кәсібі жөнінде трактаттар жазып, поэзиямен айналысты. Сонымен бірге II Фридрих өз заманының ірі мемлекет қайраткері, көрнекті дипломаты болды. Оның өз замандастарынан ерекшелігі – дін мәселесіне немқұрайлы қарады. Бірақ өзге діндегілер үшін төзімділік таныта отырып, халықтық еретиктер қозғалысын қатаң қудалады.

II Фридрих өзінің базасы ретінде Сицилия корольдігін сақтауға күш салды. Ол біршама орталықтандырылған Сицилия корольдігінің бар күшін Солтүстік және Орталық Италияны жаулап алуға жұмылдырды. Бірақ мұнда ол I Фридрих сияқты қалалар мен папаның табанды қарсылығына кездесті. Оның итальяндық қалалар мен папаға қарсы үздік-создық 30 жылға жуық жүргізген жойқын соғысы Сицилия мен Оңтүстік Италияның қорын (ресурс) әбден тауысып, ең соңында Гогенштауфендер әулетінің күйреуімен аяқталды. Оның мұрагері IV Конрадтың (1250-1254) папа мен және Ломбард лигасымен жүргізген соғысы сәтсіз аяқталды. II Фридрих қайтыс болған соң 15 жылдан кейін 1265 жылы папаның үндеуі бойынша Сицилияға француз королі

IX Людовиктің інісі Карл Анжуйский келді. II Фридрихтың он алты жасар немересі Конрадин француздарды қуып шығуға тырысып күрес жүргізгенмен жеңіліп қалды да, 1268 жылы Неаполь алаңында әулеттің ең соңғы өкілінің басы кесілді. Бірнеше жылдан кейін Фридрихтың кіші баласы түрмеде қайтыс болды. Міне, осылайша Германия мен Италиядағы Гогенштауфендер әулетінің даңқы баянсыз болды. Мәқсатына жету жолындағы бос қиялшылдық пен реакцияшылдыққа бой ұрған Гогенштауфендер әулетінің күйреуі, әрине, тарихи заңдылық еді. Фридрих барлық күш-жігерін Италияны бағындырып, папаны өзіне тәуелді етуге жұмсады.

I Рудольф Габсбург. Гогенштауфендер әулетінің күйреуінен кейінгі кезеңде (1254-1273 жылдары) Германиядағы патша билігінің әлсіреуі елдің территориялық бытыраңқылығын одан әрі күшейте түсті. Шын мәнінде император тағының орны бос тұрмаса да, елде ешқандай жоғары өкімет билігі болмаған еді. (Шетелдік ханзадалар мен корольдер император тәжін ақшаға сатып алып отырды.) Жергілікті территориялық иеліктер өз алдына дербес князьдықтарға айналды. Олардың ішінде алғашқы орынға курфюрсттер (императорды сайлау құқын иемденуші князьдар) шықты. Елдегі қалыптасқан анархия феодалдарға, ең алдымен шіркеуге зардабын тигізді. Сон-

дыктан жеті курфюрсттің төртеуі бірігіп жаңа король сайлауға келісім жасады. 1273 жылы курфюрсттер империялық князьдар тобына жатпайтын граф Рудольф Габсбургты король етіп сайлады. Олардың Оңтүстік Эльзас пен Солтүстік Швейцарияда шағын ғана иеліктері бар габсбургтер әулетінің өкілін сайлаудағы мақсаты – жеткілікті қаражат мүмкіндігі жоқ корольдің курфюрсттермен санаспай дербес саяси билік жүргізуге шамасы жетпейді деп есептеді. Бірақ олардың бұл үміттері ақталмады. Рудольф Габсбург император билігін өз үйінің байлығын арттыруға және ірі мұрагерлік князьдықтар құруға пайдаланды. Оның бұрынғы Штауфендердің доменін және басқа да князьдардың меншігіндегі жерлерді жаулап алуға тырысқан әрекеті сәтсіз аяқталды. Бұдан соң ол империя курфюрсті ретінде өзін сайлауға қарсы болған чех королі II Пшемьслға қарсы соғыс ашып, соғыста жеңіліске ұшырап қаза тапқан чех королінің Австрия, Штирия, Каринтия және Крайна жерлерін Габсбургтер иелігіне қосып алады. Рудольф сондай-ақ Эльзас пен Швейцариядағы өзінің жер меншігін ұлғайтты. Сен-Готардқа баратын сауда жолы бойында орналасқан Ури облысының бір бөлігін басып алып, Габсбургтардың сауда тасымал баж салығы есебінен түсетін табысын арттырды. Осылайша құрамына бірқатар жеке жерлерді қамтыған ірі

территориялық Германия-Австрия князьдығы құрылды. Кейін Габсбургтердің бұл иелігі Орталық Еуропадағы көпұлтты мемлекетке айналды. Рудольф Габсбург князьдар ісіне араласпай, көбінесе өзінің мұрагерлік иеліктерімен айналысты. Рудольф қайтыс болған соң Габсбургтер әулетінің күш-қуатының артуынан қауіптенген князьдар император тағына оның мұрагерін сайламады. Міне, осы кезден бастап германдық такқа Нассау, Люксембургтер және Виттельсбахтар мен Габсбургтердің әулетінен шыққан императорлар мен корольдер бірінен соң бірі келіп ауысып жатты. Бұл император билігінің күшеюіне жол бергісі келмеген князьдардың әрекетінің нәтижесі еді. Князьдардың территориялық дербестігі Германияның саяси өміріне тән сипатқа айналып отырды.

Швейцариялық одақтың құрылуы және дамуы. XIV ғасырдың басында Қасиетті Рим империясы Батыс Еуропадағы саяси ірі құрылым болғанмен, алайда ішкі бірлігі әлсіз калпында сақталып отырды. Империя жерінің негізгі ядросын ежелгі неміс, сондай-ақ отарлау барысында Германия иелігіне айналдырылған Эльбаның сыртқы жағалауы мен Дунай маңындағы кең аймақтар құрады. Бұдан басқа империя құрамына, шын мәнінде, дербес отырған Солтүстік Италия және Тоскананың мемлекеттері мен Чехия корольдігі кірді.

1291 жылы империя территориясында тағы бір дербес мемлекет Швейцария одағы құрылды. Швиц, Ур және Унтервальден орман кантондары (округ) «мәңгілік одақ» құрып Габсбургтерге қарсы азаттық соғысын бастады. Габсбургтер Германия мен Италияның арасындағы сауда жолының бойында орналасқан Сен-Готардты иемденуге және орманды кантондардың ерікті халқын басып алып, бағындыруға тырысты. 1315 жылы Моргартен (Цюрих көлінің оңтүстігі) тауында Швейцария шаруаларының жаяу әскері Габсбургтердің рыцарьлық атты әскерін талқандап жеңді. XIV ғасырдың ортасында өз тәуелсіздігін сақтап қалған бұл одаққа Люцерн, Цюрих, Берн сияқты бес «қалалық» кантондар қосылды. Швейцариялықтардың ұзақ уақытқа созылған күресі мен әскери жаңа жеңістерінің нәтижесінде конфедерация XVI ғасырдың басында империядан бөлініп, шын мәніндегі автономияға қол жеткізді.

Конфедерацияға 13 кантондық және бірнеше одақтық жерлер қосылды. Кантондар бір-бірінен экономикалық және қауымның әлеуметтік құрылымы, құқықтық ережелері жағынан ерекшелігі болғанмен, ерікті шаруалардың ағыл-тегіл көптігі жөнінен олар бір-біріне ұқсас болды. Сондықтан шаруалар еркіндігінің заңы салтанат құрған бұл ел Швейцариядан тыс жерлерде, әсіресе неміс ауылдарында аңызға айналып отырды. Одақтың тұрақты басқару органы болмады. Кантондар өкілдерінің мерзімді жиналысы – тагзатцунг жоғары өкімет органы болып есептелді. Кантондардың әрқайсысы ішкі және сыртқы саясаттағы жеке құқықтарын пайдаланғанымен, бірақ конфедерацияның ортақ мүддесіне қайшы әрекет жасамауға міндеттенді.

XIV-XV ғасырлардағы түрлі соғыстың салдарынан, әулеттік неке мен вассалдық байланыстағы өзгерістердің салдарынан империя шекарасы берік бола алмады.

Бақылау сұрақтары

1. I Фридрихтың Римге алғашқы жорығы қашан басталды?
2. Ломбард лигасы қашан құрылды?
3. Италияндық қалалардың барлық коммуналдық еркіндіктерін іс жүзінде қайта қалпына келтірген бітім қай жылы жасалды?
4. II Фридрихтың Сицилия корольдігін сақтауға күш салуының сыры неде?
5. Курфюрсттер деген кімдер?
6. 1273 жылы курфюрсттер император тағына кімді сайлады?
7. Швейцария Одағы қашан құрылды?
8. Кантондар өкілдерінің мерзімді жиналысы.

9. I Фридрих Венецияда папамен қандай бітім жасады?
10. IV Конрадтың папа мен Ломбард лигасына қарсы жүргізген соғысы қай жылдары болды?
11. Тагзатцунгтің мәнін ашып көрсетіңіз.

2.6. XI-XV ғасырлардағы Италия

1. I Фридрих Барбароссамен күрестегі қалалардың ломбардиялық лигасы
2. Дольчино көтерілісі
3. Тукиндер қозғалысы
4. Цехтық құрылымның ыдырауы және мануфактураның пайда болуы

I Фридрих Барбароссамен күрестегі қалалардың ломбардиялық лигасы. XII ғасырдың екінші жартысында Италияға шетелдік басқыншылардың агрессиялық қауіпі күшейді. I Фридрих Барбаросса бастаған неміс феодалдарының Италия жерлерінің біраз бөлігі бұрынғы Рим империясының жері (X ғ.) болған деген желеумен шапқыншылық соғысты өршітіп отырды.

I Фридрих Барбаросса Италияға бес рет жорық жасады. Шетелдік басқыншылар алдымен көркейіп, дамып келе жатқан солтүстік итальяндық қалаларға қауіп төндірді. Фридрих Барбаросса жорығына дейін итальяндық Ломбардия мен Тоскананың қалаларының империяға бағыныштылығы берік емес еді. Олар кейбір жағдайларда ғана императорға жәрдем ақша (субсидия) мен

көмекке қосымша әскер жіберіп, шетелдік феодалдарға тәуелділік міндеткерліктерінен құтылып отыратын еді. Енді қалалардың жергілікті сеньорлармен жүргізген күресі нәтижесінде үлкен еңбекпен қол жеткізген экономикалық және саяси тәуелсіздігіне шынымен сыртқы жау тарапынан үлкен қауіп төндірді.

Фридрихтың алғашқы жорығынан кейін-ақ оның қала еркіндігінің қас жауы екендігін 1158 жылғы Ронкальск сеймінде солтүстік итальяндық қалалардың тәуелсіздігін жою туралы шешімі анық көрсетті. Сеймге шақырылған Болоньяның білікті заңгерлері римдік құқықтың «Тақсыр не тілесе сол заңды» деген формуласы негізінде бұл шешімнің дұрыстығын дәлелдеді. Алайда ең алғашқы болып бағынудан бас тартқан миландықтарды қатыгездікпен жазалаған Фридрих ронкальск шешімін жүзеге асыра алмады.

Герман басқыншыларының Миланды талқандап, елді тонаушылыққа ұшыратуы бүкіл Италия қалаларының рухын көтеріп, олардың қатты қарсылығын туғызды. 1167 жылы қайта көтеріліп жаңарған Милан мен Мантуя, Феррара, Кремона, Брешия және т.б. қалалардың Ломбардия лигасы құрылды. Императорға қар-

сы құрылған бұл одаққа Солтүстік Италиядағы империя позициясының күшеюінен қауіптенген Сицилия корольдігі мен Венеция да тартылды. Бұл кезеңде феодалдық Еуропадағы үстемдік үшін империямен күрес жүргізіп отырған папа да қалалардың Ломбардия лигасына қолдау көрсетті. Осылайша герман феодалдарының басқыншылығына қарсы күрес жалпы итальяндық маңызды сипат алып, нәтижесінде елдің тағдырын шешуші күреске айналды. Ломбардия лигасы Германдардың жаңа шабуылына қарсы тосқауыл ретінде По өзеніне өтетін өткелге Александрия (III Александр папаның атымен аталды) қамалын тұрғызды. Фридрих бес рет Альпі арқылы өткенмен, оның бұл қамалды алуға мүмкіндігі жетпеді. Леньяно (1176) жанындағы шайқаста Ломбард лигасынан толық талқандалып жеңілген Фридрих папаның алдында тізе бүгуге мәжбүр болды. 1183 жылы Констанцадағы папа мен император арасындағы бейбіт келісімнен кейін ронкальск қаулысының күші жойылып, солтүстік итальяндық қалалардың коммуналдық еркіндіктері қалпына келтірілді. Империяның жеңілісі папаның саяси билігін анағұрлым күшейте түсті. Қала-коммуналарының герман феодалдарымен қиян-кескі күрестегі жеңісі Италияны шетелдік езгіден құтқарып және елдің соңғы жүз жылдықта әлеуметтік-экономикалық және мәдени көркейіп дамуына жол ашты.

Алайда XII ғасырдың аяғы XIII ғасырдың басындағы герман басқыншыларына қарсы күресте Италияда бір-біріне дұшпан екі саяси гвельфтер және гибеллиндер ағымы пайда болды. «Гвельфтер» атауы Гогенштауфендер әулетінің дұшпаны саксондық герцогтардың руы Вельфтер фамилиясынан алынған, ал гибеллиндер Гогенштауфендер қамалдарының бірінің (неміс тілінде – Вайблинген) латынша атауы гибеллиннен алынған. Императорлардың қас дұшпаны ретінде гвельфтер Италиядағы антиимператорлық лагерьдің басшысы папамен одақтаса отырып, қаланың қолөнерші-саудагер топтарына арқа сүйеді. Император жақтаушылары гибеллиндер феодалдық дворяндарды өздерінің әлеуметтік тірегі санады. Бұл саяси екі топтың арасындағы қанды қырқыс қалалар ішінде де, XIII ғасырдағы Италияның сыртқы саяси өмірінде де өшпес із қалдырды. Өзара экономикалық бәсеке жарысында отырған қалалар осы саяси жауласушы лагерьлер жағына жиі өтіп отырды. Егер Флоренция гвельфтік қалаларды қолдаса, ал оның сауда және қолөнер саласындағы бәсекелестері Пиза және Лукка гибеллиндік қалалар жағына өтіп отырды. Осылайша гвельфтер мен гибеллиндер арасындағы қиян-кескі күрес Италияның саяси жағдайын одан әрі шиеленістіріп жіберді.

Дольчино көтерілісі. XIII ғасырда Солтүстік-Батыс Италияда шаруа-

лар наразылығының өсуіне діннен безген (еретик) вальденстер және катарлар тағы басқа секталардың кең таралуының идеологиялық әсері болды. XIII ғасырдың соңғы онжылдығында Парма ауданында монах Сегарелли басқарған «апостольдық ағайындылар» атты жаңа секта пайда болды. «Апостольдық ағайындылар» сектасына кірерде барлық мүлкін қауымға тапсыруға (себебі сектаның жекеменшігі болмады) және шаруалар мен қала кедейлерінің қожаларына бағынбауға шақырды. Папа сектаның бұл әрекетіне тыйым салып, 1300 жылы Сегареллиді ұстап, еретик ретінде Пармада отқа өртеді. Сегареллидің шәкірті бұрынғы француз монастырының тыңдаушысы Дольчино олардың идеясын жалғастырушы болды. Дольчино дүниемүліктен бас тартуға шақырды және сонымен бірге өз байлығымен өздерін қорлаған католик шіркеуін жоюды талап етті.

1304 жылы Дольчино өзінің мыңдаған жақтастарынан құралған қарулы отрядымен Сезии өзенінің алқабындағы Верчеллиге жақын жерде қарсылас жаулары феодалдар әскерін талқандады. 1305 жылы Дольчино бастаған көтерілісшілер қиын тау асуына өтіп кетті. Сан мыңдаған шаруалар мен қала кедейлерінің көтерілісшілерді қолдау қаупінен сескенген папа епископ-феодалдардың өтінішімен Дольчиноға қарсы крест жорығын ұйымдастырып, көтеріліс-

шілерді қатаң жазалауға уәде етті. Дольчино тау ішімен жылжып Савойи, Новары және Верчелли шекарасына жақындады, оған Италия, Швейцария және неміс жерлерінен көтерілісшілерді жақтаушылар қосылып жатты. Кресшілер армиясы қоршап алған соң көтерілісшілер лагерінде аштық басталды. Сондықтан Дольчино әскері тау соқпақтарымен азық-түлік табуға қолайлы алқаптарға қарай жылжи отырып Тривелла маңындағы Цебелло тауын көтерілісшілердің бекініс қамалына айналдырды. Папаның шақыруымен көмекке келген герцог Савойский Верчелли епископының әскерін бастап Цебелло тауына екі рет шабуыл жасағанмен, көтерілісшілер оларға тойтарыс берді. Бұдан соң епископ әскері көтерілісшілер лагеріне жақын маңдағы таудағы ауыл тұрғындарын зорлықпен көшіріп жібергендіктен көтерілісшілер арасында аштық басталды. Лагерьдегі аштық азабынан кейін Дольчино бекіністі тастап шығуға мәжбүр болды. 1307 жылы 23 наурызда Ставелло ауылының маңындағы ашық далада көтерілісшілер ерлікпен шайқасып, жеңіліске ұшырады. Тұтқынға түскен шаруаларды қатыгездікпен жазалау басталды. Дольчиноның жан серігі болған Маргаританы оның көз алдында отқа өртеп, ал өзін азаптап өлтірді. **Дольчино көтерілісі XIV ғасырда Батыс Еуропада болған ең алғашқы ірі шаруалар көтерілісі болды.**

1382-1387 жылдары Солтүстік Италияда болған шаруалардың екінші ірі антифеодалдық қозғалысы тукиндер көтерілісі сияқты шаруалар күресі бұдан әрі жалғаса берді. 1459 жылы Калабрия (Оңтүстік Италия) шаруалар соғысының ошағына айналды. Алайда шаруалардың мұндай бас көтерулерінің барлығын феодалдар аяусыз басып-жаншып отырды.

Тукиндер қозғалысы. XIV ғасырдың екінші жартысындағы ең ірі шаруалар қозғалысының бірі тукиндер көтерілісі (1382-1387) болды. Көтеріліс елдің солтүстік-батыс бөлігін түгел қамтып, әсіресе Канавезеде (Пьемонтаның солтүстік бөлігі) жағдай күрделі сипат алды. Көтерілісшілер ақсүйектер қамалдарын қоршап алып, өртеп, қиратып, сеньорларды өлтіре бастады. Алайда көтерілістің бытыраңқы болуы, талаптарының әртүрлілігі және аймақтағы көтерілісшілер арасында байланыстың болмауы олардың феодалдар мен қалалықтардың және герцог Амедей Савойский әскерінен жеңілуіне себеп болды.

Тукиндер көтерілісіне қатысушылар сеньорлардың ақшалай алым-салықты өсіру әрекеттеріне қарсы шығып, «Бәрің де бір адамдай болып көтеріліске аттаныңдар» деген ұран тастады. Бұл ұранның мағынасы жергілікті диалект бойынша «Тукин» сөзінің мағынасына сәйкес келеді. Шаруалар «азғындаған қатал билеушіге айналған қожаларға қыз-

мет жасағысы келмейтіндіктерін» айтып ашық мәлімдеме жасады. Шаруалардың бұл батыл әрекеттерінен сескенген герцог Савойский бірқатар жеңілдіктер беруге мәжбүр болды. Атап айтқанда, шаруалар енді өз үлестерін ерікті түрде мұрагерлеріне қалдыра алатын болды, сеньордың еркінен тыс үйлену құқығына ие болды, барщина қысқартылып, сеньорлардың өз бетінше жөнсіз алым-салық салуларына шектеу қойылды. Бірақ шаруалар жылына $\frac{1}{4}$ флоринмен (алтын ақшамен) ақшалай салық төлеп тұруға міндетті болды. Сонымен «Тукиндер» көтерілісі, феодалдардың кейбір құқықтарының күшін әлсіретіп, басыбайлық құқықты шаруалар пайдасына жұмсартып және барщинаны ішінара ақшалы рентамен алмастыруға қол жеткізді.

Цехтық құрылымның ыдырауы және мануфактураның пайда болуы. Ортағасырлық Италия қалаларының тарихындағы маңызды ерекшелік XIV ғасырда Орталық Италияның бірқатар ірі және дамыған республика қалаларында, өндіргіш күштердің дамуы негізінде ерте капиталистік қатынастар пайда бола бастады. Ортағасырлық Италия қалаларындағы цехтық қол-өнер шеберлігі мен еңбек бөлінісінің жоғары деңгейде дамуы ерте капиталистік мануфактура өндірісінің қалыптасуының маңызды алғышарттарының біріне айналды.

Капиталистік қоғам дамуының көріністері цех ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуінен, сонымен бірге кейін тұрақты жалдамалы жұмысшыларға айналған шәкірттер мен көмекші шеберлер еңбегін қанаудың күшеюінен анық көрінді. Солтүстік және Солтүстік Италия қалаларында ерте капиталистік қатынастардың қалыптасып дамуының тағы бір алғышарты – жерсіз қалған шаруалардың басым көпшілігі үшін жеке-бас тәуелсіздігінің берілуі болды. Жерінен айырылып табыс табу үшін қалаға кеткен шаруалардың басым бөлігі XIV ғасырдағы жаңа әлеуметтік топ – жалдамалы жұмысшылардың қалыптасуына негіз болды.

Италия қалаларындағы ерте капиталистік қатынастардың даму үлгісі Флоренцияда айқын көрінді, сонымен қатар капиталистік даму үрдісі Болонья, Лукка, Перуджада, Сиен, т.б. қалаларда кең өріс алды. Өнім өндірудегі жаңа қатынастар, әсіресе жүн маталар өндірісінде, кейін жібек мата және кеме жасау кәсібінде де айрықша көрініс тапты.

XIV ғасырдың 30-жылдарында Флоренцияда 200-ге тарта ірі шұға жасау шеберханалары жұмыс істеді. Мұнда жалдамалы жұмысшылар еңбегін пайдаланып жылына 80 мыңға дейін шығарылған кесек шұға өндірісінің құны барлық қала бюджетінен 3 есеге артты. Шұға өндірісі қала мен қала маңындағы 30 мың

адамды еңбекпен қамтыды. Олардың әрқайсысы шеберханада белгілі бір өндірістік іс-әрекет жасады. Яғни, мануфактуралар сипатындағы бұл шеберханаларда еңбек бөлінісі кең қолданыла бастады.

Жалдамалы жұмысшыларға айналған кешегі жерсіз қалған шаруалардың күші сұранысты көп қажет етпейтін қарапайым жұмыстарға пайдаланылды. Мысалы, олар өзен суларына жүн жуу, кептіру, тұту, қайнату, жүн тасу, жүк тиеу, т.б. жұмыстармен айналысты. Флоренция қаласында «чомпи» атауына ие болған ешбір өндірістік құрал-жабдықтары жоқ жалдамалы жұмысшылардың жалпы саны 10 000-ға жетті. Кейбір қалаларда олар мыңдап саналды.

Бірте-бірте жалдамалы жұмысшыларға айналған кедей қолөнершілер мен көмекші шеберлер еңбекшілердің екінші тобын құрады. Олар көбінесе жіп иіру, тоқымашылық, жүн, шұға бояу сияқты, т.б. мамандандырылған жұмыстарға пайдаланылды. Осылайша Флоренция мен тағы басқа республика-қалаларда жаңа әлеуметтік топ – жұмысшылар қалыптаса бастады. Қол еңбегіне негізделген бұл капиталистік алғашқы өндіріс орны мануфактура (латын «manus» – қол және «facere» – жасау) деп аталды. Жеке дәулетті кәсіпкерлердің капиталистік кәсіпорын мануфактура ұйымдастыруға қаржы қорлары жетпеген-

діктен, олар енді қаржы мен құрал-жабдық күштерін біріктіріп компаниялар мен бірлестіктер құра бастады. Италия қалаларындағы мануфактуралық өндірістің дамуы қала басшыларының жеке байлығын арттыра түсті. Қала басқармасының жетекшілері бай пополандар зәулім сарайлар, шіркеулер мен ерекше тас үй құрылыстарын тұрғыза бастады. Осылайша дәулеттілердің сән-салтанатты өмірі мен тәулігіне 14-16 сағат еңбек етіп, лашықтарда тұратын жұмысшылар өмірі қайшылықты (контраст) жағдайда көрініс алды. Жұмысшылар еңбегімен мінез-құлық, іс-әрекеттерін бақылайтын «шетелдік шенеунік» қызмет түрі енгізілді. Өзге қалалардан шақырылған «бақылаушы» жұмысшылардың астыртын бүлік ұйымдастыру немесе «заңсыз» жұмысшылар одағын құру әрекеттерін әшкерелеуі тиіс бол-

ды. Егер жалдамалы жұмысшы қожасының берген өтем (аванс) ақшасының құнын өтемесе, ол түрмеге отырғызылды немесе ауыр жазаға тартылып отырды. Жұмысшыларға төленетін жалақы көлемі де мардымсыз еді, оның үстіне жіберілген сәл кінәлары үшін айыппұл төлеп, еңбек ақысын дұрыс ала алмайтын еді.

Қорыта айтқанда, ерте капиталистік қатынастардың пайда болуы Италия тарихында маңызды роль атқарып қана қоймай, сонымен бірге бұл елдің XIV-XV ғасырлардағы даму ерекшеліктерін жан-жақты айқындап берді. Еңбек өнімділігінің өсуі мен жалпы экономикалық өрлеу нәтижесінде Италия XIV ғасырға қарай Батыс Еуропаның алдыңғы қатарлы елі ретінде қайта өрлеу мәдениетінің қайнар көзіне айналып отырды.

Бақылау сұрақтары

1. I Фридрих Барбаросса Италияға қанша рет жорық ұйымдастырды?
2. 1158 жылғы Ронкальск сеймінде қандай шешім қабылданды?
3. Леньяно (1176) жанындағы шайқастың нәтижесі немен аяқталды?
4. XII ғ. аяғы XIII ғ. басында Италияда қандай екі ағым пайда болды?
5. Дольчино көтерілісі қашан болды? Көтерілісшілер қандай мақсат көздеді?
6. Сигареллидің шәкірті бұрынғы француз монастырының тыңдаушысы?
7. Тукиндер көтерілісі қашан болды?
8. XIV ғасырдың 30-жылдарында Флоренцияда қанша шұға жасау шеберханалары жұмыс істеді?
9. «Чомпи» деп кімдер аталды?
10. Солтүстік Италияда шаруалардың екінші ірі антифеодалдық қозғалысы қай жылдары болды?

2.7. X-XV ғасырлардағы Қытай

1. Сун әулетінің билікке келуі, оның елде саяси тұрақтылық орнату жолындағы шаралары

2. Саяси күрестің шиеленісуі және реформалық қозғалыстың өрістеуі (Оуян Сю, Фан Чжун-Янь, Ван Ань-Ши)

3. Сун империясының сыртқы жағдайы

4. Қытайды моңғолдардың жаулауы және Юань патшалығының құрылуы

5. Чжу Юань Чжэннің көтерілісі және Мин мемлекетінің құрылуы

Сун әулетінің билікке келуі, оның елде саяси тұрақтылық орнату жолындағы шаралары. X ғасырда-ақ феодалдық қоғам дамуының кемелденген сатысына енген Қытай елінде XII ғасырда жеке жер иеленушілік нығая түсті. Оның үстіне императорлық өкімет билігі заң арқылы бос жатқан тың жерлерді чиновник, саудагерлер мен ауқатты шаруаларға жекеменшікке беріп, олардың ірі жер иеленушілерге айналуына жағдай жасап отырды. Тіпті бұрын қазына меншігінде болып келген жерлер императордың төңірегіндегі ақсүйектерге, лауазымды чиновниктермен әскери қызметкерлерге бөлініп берілді. Енді қазынаға салық төлеуші шаруалар ондейтін жер көлемінің мөлшері

мүлдем азайып, шаруалардың басым бөлігі жер иесіне және мемлекетке салық төлеуге мәжбүр болды. Шаруалардың мемлекет пайдасына еңбек ету міндеткерлігімен «екі рет жиналатын» салық мөлшері өсіп отырды. Жылына екі рет көбінесе күріш, бидай, арпа, жібек және кендір маталар сияқты заттық өнімдер жиналатын еді. Салық мөлшері жердің көлемімен жер жағдайына қарай белгіленіп отырды. Осылайша шаруалардың жекебас тәуелділігі күшейе түсті. Вотчиналық жеке тәуелділіктегі жерсіз қалған шаруалар да көбейді. Жерді жалға алып отырған шаруалардың қожасының келісімінсіз кетуге құқы болмады.

Құқықтық жағынан шаруалардың жерге бекітілмегеніне қарамастан, өз иеліктерін сатуға, сатып алуға, мұраға қалдыруға құқылы ірі жер иелері шаруаларды жермен бірге сатып отырды. Сондықтан Суй әулеті билігінің соңғы дәуірінде 200-ге жуық ірілі-ұсақ көтерілістер болды. Ауыр алым-салық пен езгіге шыдамаған халық ұзаққа созылған антифеодалдық көтерілістерге шығып отырды.

X-XII ғасырларда бірнеше жүз мың тұрғындары бар Кайфын, Гуань Чжоу, Ухань, Лоян, Ханьчжоу сияқты қалалар саны көбейе түсті. Қытай қалаларының дамуы қолөнер кәсібінің өсуімен тығыз байланысты болды. Бұл кезеңде, әсіресе металл өндіру мен қорыту, балқыту ісі кең таралды. Жоғары сапалы мата, фар-

фор өндірісі дамыды. Тұнғыш рет жасыл түсті және сұрғылт көк түсті әдемі фарфор ыдыстар шығаруға қол жеткізді. Кітап шығару ісі бұл кезеңнің маңызды жетістіктерінің біріне айналды. Қытайлықтар кітап беттеріне темір, фарфор өндіру, кеме жасаудың тәсілдерін жазып, өсімдік түрлеріне сипаттамалар беріп, олардың дәрілік қасиеттерін көрсетіп отырған. Егіншілік мәдениеті, жібек өндіру, ирригациялық құрылыс мәселелері де жазылып отырған. Оқ-дәрі және компас ойлап табылды. Балшық бомбалардың іші оқ-дәрімен толтырылып отырған. Алыстағы нысаналар үшін ұшына оқ-дәрі бекітілген садақтар қолданылды. Қытайлықтар өздері ойлап тапқан компасты ағаш жәшіктерге орнатып, Тынық және Үнді мұхиттары арқылы ұзақ сапарларға шығып отырды. Қыш және фарфор өндіру ісі игеріліп, әдемі қыш ыдыстар мен құмыралар пайда болады. Қытай қалаларында аяқ киім, киім, дәрі-дәрмек, зергерлік дүкендер ашылады. Бұл Сун дәуіріндегі сауда-саттықтың жақсы дамығандығын аңғартады. Қалалар ірі сауда орталықтарына айнала бастайды. Қолөнердің дамуы сауданың өркендеуіне негіз болып, темір, мыс, қорғасын, мырыш, қолайы, алтын, күміс металдардан қару-жарақ, пышақ, шеге сияқты тұрмыстық бұйымдар жасау кең жайылып, қолөнер шеберханалары көбейді. XIII ғасырдың аяғында Қытай елінде болған сая-

хатшы Марко Поло 10-нан 40-қа дейін шеберлер жұмыс жасайтын шеберханалардың көп екендігін, мұндай еңбек бөлінісіне негізделген шеберханалардың қожайындары жұмыс істемей, тек басқарып отыратындығын, ал барлық жұмысты шеберлер атқаратындығын жазады. Демек Қытай қоғамында қолөнеркәсіп айтарлықтай дами бастаған.

Саяси күрестің шиеленісуі және реформаторлық қозғалыстың өріс алуы (Оуян Сю, Фан Чжунь-Янь, Ван Ань-Ши). XI ғасырдың 30-40-жылдары тап күресінің шиеленісуі жағдайында Қытайда реформалық қозғалыс басталды. Реформалық қозғалысты жақтаушылардың бірі Фан Чжунь-Янь (982-1052) «мемлекеттің іргесі шіріп сөгіле бастады, әкімдер шамадан тыс көбею үстінде, жау жағадан алуда, елді тонаушылар тым еркіндеп жүр» деп жазды. Бастапқыда қозғалыс император атына жазылған көптеген петиция, баяндамалар түрінде көрінді.

Реформалық іс-әрекет жүргізуді жақтаушы Ван Ань-Шидің императорлық билік басына келуімен байланысты 1070 жылдан бастап нақты реформалық жобалар ұсынылды. 1070-1076 жылдары Ван Ань-Ши жақтастары Оуян Сю, Сыма Гуанның қолдауымен «Жана заңдар» қабылдауға қол жеткізді. Олар әлеуметтік шиеленістерді бәсеңдету үшін салықтар мен рынок бағаларын реттеуді көздеді, еңбек

міндеткерлігінен босатылған үстем тап өкілдері де салық төлеп отыру үшін еңбек міндеткерлігін ақша салығымен ауыстыруды қажет деп тапты. Елдегі баға, сауда, ақша қатынас жүйесі мемлекеттік бақылауға алынып, арнайы тексеру басқармалары құрылады. Ірі саудагерлермен бәсекелесуі үшін ұсақ саудагерлерге мемлекеттік несиесі беру жүйесі қарастырылды. Елдің әскери өміріне де өзгерістер енгізіліп, жалдамалы армияның орнына халық жасақтары құрылды. Әрбір он үйден екі әскер алынып, нәтижесінде мемлекеттік шығындар азайып, армия 7 есеге ұлғайтылды. Реформаторлар осындай іс-шаралар жүргізу арқылы орталықтандырылған өкімет билігін нығайтуды, әлеуметтік және саяси дағдарыс қыспағынан шығуды, мемлекеттің әскери күш-қуатын өсіруді мақсат етті.

Алайда реформаға үстем тап өкілдері қарсылық көрсетіп, 1077 жыл Ван Ань-Ши биліктен бас тартып, отставкаға кетуге мәжбүр болды. Туған елі мен халқының ауыр жағдайын мемлекеттік реформалар жүргізу арқылы жақсартуды ойлаған конфуциандық-утопист Вань-Ань-Ши қателескен еді. 1086 жылы Вань-Ань-Ши қайтыс болған соң оның «жаңа заңдары» жойылады.

Вань-Ань-Ши сияқты реформалық қозғалыстың көрнекті өкілдерінің бірі – Цзянсу провинциясында бай отбасында дүниеге келген Фань Чжунь-

Янь еді. Оның императорға ұсынған «он мың иероглифтен» құралған баяндамасында әкімшілік аппаратты қысқартуды, провинциялардағы әскери және азаматтық қызметкерлерді тағайындаудың жүйесін өзгертіп, жылпос, жалқау қызметкерлер үшін қатаң емтихан тәртібін енгізуді ұсынады. Әкімдік қызметкерлерге беріліп отырған жөнсіз көп жеңілдіктерді алып тастауды, мәселен олардың ұрпақтары мемлекеттік қызметке емтихансыз алына беруді әдетке айналдырған еді. Фань Чжунь-Янь елді экономикалық қиындықтан шығаратын жол ирригациялық егіншілік жұмысын қазынаның бақылауына алуды және егіншілердің еңбек міндеткерліктерін азайтуды, сондай-ақ білім беру жүйесіне өзгертулер енгізуді ұсынды.

Реформатордың бұл ұсыныстарына жақтастары қолдау көрсеткенмен, жоғарыдағылардың қатты қарсылығын туғызды. Ақыры бұл қарсылық Фань Чжунь-Янь мен оның жақтастарының отставкаға кетуімен аяқталды. Орта және үстем тап өкілдерінің төменгі бөлігінің мүдделері үшін реформаның табыссыз аяқталуының себебі оның әлеуметтік тірегінің берік болмауымен түсіндіріледі. Өйткені елде феодалдық жеке жер иеленушіліктің нығаюымен бірге, ауқатты феодалдар саны да көбейе түсті. Бұл ірі феодалдар мемлекеттің бір орталықтандырылуына ынталы болмай, керісінше

олар барынша жерді бөлшектеп оқшау отыруға тырысты. Алайда, реформалық күрес әлсірегенмен, елде қайта құруды, өзгерістер енгізуді қажет еткен әлеуметтік, саяси мәселелер барған сайын шиеленісіп, дағдарыс тереңдей түсті.

Сун империясының сыртқы жағдайы. Елдегі әлеуметтік саяси терең дағдарыс Сун империясының көршілердің шабуылына тойтарыс беруіне кері ықпалын тигізіп отырды. X ғасырдан бастап күшейе бастаған қидандармен жасалған бейбіт келісім бойынша Сун елі 1004 жылдан бастап жыл сайын қидандарға контрибуциялық төлем төлеп отырды. Қидандармен бірге X ғасырдың аяғы XI ғасырдың басында танғұттардың Батыс Ся (982-1227) мемлекетінің күшеюі солтүстік-батыс шекарадағы қауіпті күшке айналды. Танғұттар XI ғасырда империя шекарасына солтүстік-батыстан үздіксіз шабуылдап Ганьсу, Цинхай, және Шэньси провинциясының бір бөлігін өздеріне қосып алды. 1044 жылы Батыс Ся мен Қытай елінің келісімі бойынша Сун үкіметі танғұттарға жыл сайын 100 мың жібек орамын, 100 мың күміс құймасын және 30 мың өлшем шай беруге уәде етті. Бірақ бұдан кейінгі тыныштық ұзаққа созылмады. Қидандық Ляо мемлекетімен Батыс Сянның одақтасуына байланысты Сун империясының сыртқы жағдайы шиеленісе түсті.

XII ғасырда Қытайдың солтүстік-шығыс шекарасындағы Маньчжу-

рияны мекендеген чжурчжендердің маньчжур-тұңғыс тайпаларының мемлекеті құрылады. Қытай тарихнамасында бұл Цзинь деген атпен белгілі. Чжурчжендер мал және аңшылық шаруашылығымен айналысқан. Көне заманнан сауданы кәсіп еткен олар жібекке темір, қару-жарак, мал және аң терілерін, жылқыларды айырбастап отырған. Чжурчжендер қидандық Ляо мемлекетін талқандап Қытайдың солтүстігіне көз тіге бастады. Сун империясы үшін солтүстіктегі жау қидандардың орнына енді чжурчжендер қаупі пайда болады. 1127 жылы көктемде чжурчжендер Сун әскерін талқандап, Хуанхэден солтүстікке қарайғы жерлерді тартып алады. Сун елінің қол астында Янцзыдан оңтүстікке дейінгі территория қалды. Басқыншылардың бұл әрекеті елде халық наразылығын туғызды. Алайда Сун үкіметі халық қозғалысына қолдау көрсетпеді. Тіпті үкімет күші басым чжурчжендермен келісімге келуге қадам жасады. Келісім бойынша Сун өкіметі чжурчжендерге Хэбэй және Шаньси провинцияларының біраз бөлігін беріп, 200 мың лан алтын, 4 млн. лан күміс төлейді. XIII ғасырдың басында екі жақ күштің салмағы Сун империясының пайдасына шешіле бастағанмен, бұл кезеңде солтүстіктен тағы бір қауіп төнді. Бұл чжурчжендерді талқандап, оңтүстік Қытайға қатер төндірген моңғолдар еді. Танғұттар мен чжурчжендердің

және Оңтүстік Сун империясының алауыздығын пайдаланған Шыңғыс хан кейіннен Үгедей жергілікті қытайлық әулеттермен әскери одақ құра отырып, өзара жауласып отырған көршілердің бірінен соң бірін әуелі танғұттарды кейін чжурчжендерді талқандады. 1234 жылы моңғолдар Солтүстік Қытай территориясын жаулап алуды аяқтағаннан кейін 1235 жылы бұдан бұрынғы жасалған келісімді бұзып Оңтүстік Сун империясының жеріне басып кірді.

Қытайды моңғолдардың жаулап алуы және Юань патшалығының құрылуы. Қытайды бағындыру үшін моңғолдар төрт рет ірі шайқас ұйымдастырды. Табанды қарсылық көрсеткеніне қарамастан, Қытай өз тарихында алғаш рет тұтастай жат жерлік басқыншылардың билігіне бағынуға мәжбүр болып, ұлы Моңғол империясының құрамына кірді.

Моңғол шапқыншылығы Қытай шаруашылығына зор шығындар әкеліп, күйзеліске ұшыратты. Көне өркениет ошағы болған Қытай қоғамының дамуы тежеліп отырды.

Моңғол ханы Хұбылай Қытайды толық бағындырғаннан кейін жаңадан билікке келген жаңа әулетке қытайша «Юань» деген ат береді. Сөйтіп моңғолдардың қытайдағы құрған мемлекеті қытайлық атаумен Юань (1271-1368) деп аталды. Хұбылай сан ғасырлар бойы қалыптасқан қытайлық билік жүйесін қабылдай отырып, билікке бұрынғы қытайлық

қызметкерлерді жақындатпай ығыстырып отырды. Бірақ моңғолдар мемлекеттік бюрократиялық машинаны өз күштерімен басқаруға қабілетсіз болғандықтан, басқару аппаратына еуропалықтарды, түрік тектестерді, сириялықтарды, тағы басқаларды шақырып отырды. Мемлекеттің қаржы саласын өзбек Ахмед басқарса, сириялық Насыр ад-дин мен Масаргия әскер басқару ісіне, ал итальяндық Марко Поло губернатор қызметін атқарды. Осы кезеңде Қытайға бес мыңға жуық христиандар келіп қоныс тепті. Хұбылай Қытай елінің жерін провинцияларға, 180 округке бөліп, округті басқаратын уәкілдерді өзі тағайындап отырды. Халықтың әлеуметтік құрылысына өзгерістер енгізіп, ең алдыңғы орында моңғолдар, одан кейінгі орында шетелдіктер, ал ең соңғы орында қытайлықтар тұрды. Алдыңғы екі топқа көптеген құқықтық артықшылықтар берілді де, ал қытайлықтардың құқықтары барынша шектеліп отырды. Мысалы, мемлекеттік билікке қытайлықтар жіберілмеді. Қытайлықтардың қару алып жүруіне де тыйым салынды. Мемлекеттік тіл моңғол тілі деп жарияланды.

Моңғолдар жерге меншік түріне де өзгерістер жасап, ауылдар мен қалаларға тиісті жер бөліктері моңғол феодалдары мен моңғол билеуші топтарының туыстарына, қызметке келген шетелдіктерге, сонымен бірге моңғолдарға ерікті түрде қызмет

етіп жүрген қытайлық феодалдарға бөлініп беріп отырды.

Империяның оңтүстігіндегі қытайлық жер иелерінің жекеменшік жерін сату, сатып алу, мұраға қалдыру құқықтары сақталғанмен, моңғолдарға төлейтін салық мөлшері солтүстіктен әлдеқайда жоғары болды.

Моңғол билігі тұсында қытайлық шаруалардың жекебас тәуелділігі күшейе түсті. Шаруалардың ауыл шаруашылығы және үй шаруашылығы мен шеберханалардағы еңбегі күл еңбегімен бірдей болды. Қалалардағы қолөнершілер ауыр салықтан азап шегіп отырды.

Чжу Юаньчжэннің көтерілісі және Мин мемлекетінің құрылуы. Моңғол үстемдігі салдарынан күлдырауға ұшыраған Қытайдың саяси – әлеуметтік және экономикалық жағдайы табиғат апаты (әсіресе Солтүстік Қытайдағы су тасқыны) салдарынан одан әрі терең дағдарысқа ұшырады. Кең алқаптардағы егістік жерлерді су басуы ауыл шаруашылығы мен бірге қаланың өмірін де қиындата түсті. Қала базарлары мен дүкендер босап, шеберханалар жабыла бастады. Мемлекет бос қалған қазына қорын толтыру үшін салық мөлшерін өсіре түсті. Бұл ауыр жағдай халықтың наразылығын туғызып, XIV ғасырдың 30-жылдарында аймақтардағы шаруалар жаппай қолдарына қару алып көтеріліске шыға бастады. **Көтеріліс 1350-**

1356 жылдар арасында өрши түсті. Моңғол езгісіне қарсы халықты жасырын ұйымдастырып жұмыс жүргізіп келген «Ақ лотос» құпия ұйымдары қарулы жасақтар құрып, белсенділік әрекетке көшті. Бастарына қызыл орамал байлағандықтан, «қызыл орамалдылар» деген атпен белгілі болған көтерілісшілер солтүстіктегі Цзинань, Кайфын, Баодин, Датун қалаларын моңғолдардан тартып алып, астанаға қауіп төндірді. Моңғолдарға қарсы күреске Хубэй, Аньхой, Чжецзянь және Цзянси сияқты Орталық Қытай провинцияларының да халқы көтеріліп, қолдау көрсетті. Көтеріліске батыстағы Сычуан аймағының шаруалары да шықты. Шаруа жанұясынан шыққан Мин Юйчжань бастаған көтерілісшілер билікті тартып алып, міндеткерліктерді жойып, салық мөлшерін 10 есе азайтып, шенеуніктерді бақылауға алады. Сычуан аймағын моңғолдардан азат еткен соң Мин Юйчжэн өзін император деп жариялайды. Көтерілісшілер шаруалардың талабын орындап, ірі жер иелерінің жерлерін тартып алып, оларды шаруаларға бөліп берді.

Халықтың жаппай көтерілісі моңғол басқыншылары үшін ғана емес, қытай феодалдары үшін де қорқынышты күшке айналды. Сондықтан олар күш біріктіріп, 1356 жылы «Ақ лотос» ұйымы басқарған көтерілісшілерді талқандау үшін Солтүстік Қытайдағы әскерлерін оң-

түстікке шоғырландырып шабуыл бастады. Моңғолдар көтерілісшілерден Кайфын қаласын және Хуанхэ өзенінің солтүстігіндегі қалаларды тартып алады. Сондай-ақ 1361 жылы Шандунь, Хэнань, Шэнси және Шаньси қалаларында моңғол үстемдігі қалпына келтірілді. Алайда көтерілісшілердің ерлік күресінің нәтижесінде Қытайдың оңтүстігі моңғол басқыншыларынан азат етілді. Азаттық күрес Аньхойлық кедей шаруа жанұясынан шыққан Чжу Юаньчжан есімімен байланысты болды. Он жеті жасында ата-анасыз қалған ол будда дініне кіріп монах атанды. 1354 жылы әскери жасақтарды қолына алып, Янцзыда әскери флот құрады. Осы әскери флоттың көмегімен моңғол әскеріне қарсы шайқастарда жеңіске жетіп, Сучжоу қаласын азат етіп, қаладағы қару-жарақ қоймасына ие болады. Үлкен әскери күшпен бұдан соң енді Ханчжоуды, екі жылдан кейін Орталық Қытайды моңғолдардан азат етеді. «Ақ лотос» ұйымы басқаратын

«Қызыл орамалдылар» әскерінің қосылуы Чжу Юаньчжан әскерінің күшеюіне негіз болды. Бұдан басқа да әскери топтардың қосылуы нәтижесінде ірі әскери күшке айналған Чжу Юаньчжан жасағы 1368 жылы Янцзы аңғарындағы бүкіл жерді моңғолдардан тазартады. Моңғолдарға қарсы күресте жеңіске жеткен Чжу Юаньчжан оңтүстіктегі астана Интян (Нанкин) қаласында өзін жаңа Мин империясының императоры деп жариялайды. Орталық Қытай жерін өзіне қаратып, бекініп алған император Чжу Юаньчжан енді 1368 жылы моңғолдар билігінің орталық астанасы болған солтүстіктегі Дадү (Пекин) қаласын басып алып, Қытайдағы моңғол үстемдігі толық жойылады. Сөйтіп моңғолдың Юань әулетінің билігі құлатылып, таза қытайлық Мин әулетінің билігі келеді. **Мин империясы 1382 жылы Юньанді, 1387 жылы Ляодунді қосып алып, моңғол басқыншыларынан Қытай жерін толық тазартып, елді біріктіру үдерісін аяқтайды.**

Бақылау сұрақтары

1. Сун әулеті билігінің XII ғасырда екіге бөлінуінің себебін анықтаңыз.
2. X-XII ғасырларда Қытайда қандай қалалар пайда болды?
3. Қытайлықтар мен чжурчжендер арасындағы күрес нәтижесі туралы сипаттама беріңіз.
4. Ван Ань-Ши реформасының мәнін түсіндіріңіз.
5. Моңғолдарға қарсы күресте құпия ұйымдардың ролі туралы қандай тұжырым жасауға болады?
6. XIV ғасырдың 30-жылдарында қытай шаруаларының наразылығының күшею себебі неде?

7. Қытайда Юань әулеті биліктің қандай тәсілдерін қолданды?
8. Не себепті Юань әулетінің билеушілері мемлекеттік билікке шетел адамдарын тартуға мәжбүр болды?
9. Ғылым мен техниканы өркендетуде ортағасырлық Қытай қандай жетістіктерге қол жеткізді?
10. Сун империясының сыртқы жағдайы туралы баяндаңыз.
11. Чжу Юаньчжан бастаған көтерілісшілер қандай талаптар қойды?
12. Моңғолдардың Қытайды толық бағындыруы қашан аяқталды?

2.8. X-XV ғасырлардағы Жапония

1. Дамыған феодализм кезіндегі аграрлық қатынастар
2. Сегунаттың орнауы. Мурамоти сегунаты
3. Самурайлар әкімшілігі
4. IX- XIV ғасырлардағы Жапонияда қолөнер мен сауданың дамуы
5. XIV ғасырлардағы Жапония мәдениеті

Дамыған феодализм кезіндегі аграрлық қатынастар. X-XI ғасырларда-ақ егін шаруашылығын интенсификациялау мен тың жерлерді игерудің күшеюі нәтижесінде ауқатты шаруалармен бірге орта шаруалардың басым бөлігі өздерінің жанұяларының күшімен немесе тәуелді адамдардың еңбегін пайдалану арқылы жеке шаруашылықтарын дамытып, ауыл шаруашылығы құралдарымен бидай тұқымының қорын жинақтаған жекеменшік жер учаскесінің иесіне айналып отырды. Осындай шаруашылықтарды қолдау мақсатында XI ғасырдан бастап егін

егу, егіс өнімдерін жинау мен суландыру жүйесінің қондырғыларын орнату жұмыстарын бірігіп жүргізуге аса қатты мән берілді. Ортағасырлық селолық қауым осылайша пайда болды. Шаруашылықтың ұйымдастырушысы жекеменшік субъектісі ретінде көрінген ортағасырлық қауымнан жаңа қауымның ерекшелігі күнделікті жұмыстарды жер мен мүлік меншігінің субъектісі болып табылатын жеке шаруашылықтар жүргізді. VI-IX ғасырларда шаруалардың дербес шаруашылықтар құру үрдісі баяу көрініс алып отырған еді. Кейін әлауқаты көтерілген шаруалар төңірегіндегі кедей шаруаларды бағындыру арқылы жергілікті жер иеленуші феодалдарға айнала бастады. Сөйтіп мұндай дербес шаруашылықтарға ие болған шаруалар өз мүддесі үшін жаңа қауымға бірігуге ұмтылып отырды. Дегенмен шаруалардың басым бөлігі феодалдардан немесе шаруалардың жоғарғы топ өкілдерінен жерді жалға алушы ретінде қала берді.

Көпшілік қауымның және жаңа селолардың пайда болуы аймақтық басқару мен вотчина иелерінің ба-

қылауымен ме, медэн жер салығын жинау жауапкершілігі жергілікті феодалдар немесе ауқатты шаруаларға (месю) жүктелген жерді иеленудің ескі жүйесіне соққы болып тиді. Енді шаруашылығының аралас болуын пайдаланған шаруалар біріге отырып, жеке ақсүйек немесе діни феодалдардың қолдауымен аймақтық чиновниктердің салық тәртібіне қарсы күрес жүргізді.

X ғасырдан бастап тұрғындарының басым бөлігі отырықшылық өмірге көшіп, шаруашылығы нығайған, территориялық шеңбері де айқындалған жаңа деревнялардың көбеюі нәтижесінде XI ғасырда деревня феодалдарының жаңа «жергілікті жер иеленушілер» тобы пайда болады. Олар провинциялардағы төменгі рангалы аристократтардан бұрынғы «жеке жер иелерінен» қалыптасып, осылайша ортағасырлық сипат ала бастады. Енді олардың шаруашылықтарында міндеткерліктің жұмыспен өтеу түрі емес, азық-түлік рентасы басымдық ала бастады.

XIII ғасырда ақша түріндегі салық мөлшері 38 сезн, XIV ғасырдың басында 126, XIV-XV ғасырларда бұл үрдіс кең көлемде тарала түседі. XV ғасырда әскери губернаторлар мен жергілікті феодалдар үшін салық негізінен күріш түрінде жиналғанмен, бірақ астанаға ол көбіне ақша түрінде жіберіліп отырды. Бұл аймақтардағы сауда базарлардың дамуымен байланысты болып отырды. XIV-

XV ғасырлардағы ұсақ дербес шаруа шаруашылықтарының өсуі барлық жерде бірдей көрініс таппады. XV ғасырда елдің шеткі және дамыған аймақтарында да жеке-тәуелді шаруалар (гэнин) еңбектері кең қолданылды. Бірақ негізінен шаруалардың ұсақ дербес шаруашылығы егіншіліктің негізгі шаруашылық түрі ретінде сақталып қалып отырды.

Ірі феодалдық иеліктердің тәуелсіздігінің нығаюы елдің жеке аймақтарының экономикалық дербестігінің күшейіп дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар осы кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдері де едәуір көтеріле бастады. XV ғасырдағы Жапонияның егістік далаларында күріштің жүзге жуық түрлері өсірілген. Ауыл шаруашылығында жетілдірілген суландыру техникасын қолдану нәтижесінде көптеген жерлерде шаруалар жылына 2 рет өнім алуға қол жеткізді. Бұрын мақта егу жұмысы елдің оңтүстік бөлігінде ғана болса, енді шығыста да мақта өсіріле бастады. Өзара қырқыс соғыстар барысында иеліктерінен айырылған рониндер деп аталғандар мен кешегі самурай-жауынгерлердің бір бөлігінің жерге отырықшыланып қоныстануына байланысты өңделген жер көлемі өсе түсті. Сонымен бірге ауыл шаруашылығының көтерілуіне бірқатар міндеткерліктерді жеңілдету де септігін тигізді. Шаруалар бұрын жер иесі феодалға жиналған

өнімнің тең жартысын немесе одан да көп бөлігін беретін болса, енді өнімнің 2/5 бөлігі мөлшерінде беретін болды. Бұл шаруалардың өз шаруашылығын жүргізуге деген ынтасын арттыра түсті.

Сегунаттың орнауы. Мурамоти сегунаты. 1180 жылы Минамото Еритомо бастаған Тайраға қарсы соғыс 1185 жылы Данноура түбіндегі соңғы шешуші шайқаста жеңіспен аяқталды. Соғыс барысында елдің шығысындағы кейін ұлғайып қалаға айналған Камакура селосында самурайлық ведомства (самурайдокуро, 1180 ж.), Әкімшілік ведомства (кумондзе, кейін 1184 жылдан мандокуро), Сот ведомствосынан (1184 ж. монтюдзе) құралған әскери-феодалдар үкіметі бакуфу құрылды. Ерекше сегун атағына ие болған (1192) Еритомо Минамото, яғни «әскери жетекші» жеке басқару және бақылау аппаратын құрып, ірі вотчиналық жер иеліктері (сезн) мен мемлекеттік жерлердің әкімшіліктерін (дзито) және аймақтарды басқаратын әскери губернаторларды (сюго) тағайындады. Дзитоның міндеті ірі жер иелері мен губернаторлар үшін салық түсімін қадағалау және жер өлшемін алып отыру, бос жерлерді шаруаларға бөліп беру, сот және полициялық қызметтер атқару болды. Осы міндеттерін адал атқарғаны үшін олар ірі қоныстар мен үлкен жерлерге ие болып отырды. Салық төлеу толықтай өз биліктерінде болды. Олар

вотчиналық жерден алынған өнімнің 1/10 мөлшерінде салық түрінде алып отырды. Сюго өзіне бекітілген аймақтардағы шаруалар бүлігі мен түрлі қылмыстың алдын алып, вассалдарды сегун және дзито қызметін атқаруға ұйымдастырып отыруға тиісті болды. Бірақ олар шаруалар мен жер иелеріне қоқан-лоқы көрсетіп, тікелей билік жүргізе алмады.

Әскери-полициялық функциялармен шектеліп отырған әскери бакуфу үкіметінің билігі бүкіл ел территориясын қамти алмады. Елде, әсіресе император астанасы орналасқан елдің батысында сегун вассалы болып табылмайтын киото феодалдарына, экс-императорларына ғана бағынышты ұсақ және орташа феодалдардың, вотчиналық чиновниктердің саны басым болды. Мысалы, небәрі он шақты ғана сегун вассалы бар аймақтар да болды. Бакуфу билігінің алғашқы жылдарында ірі вассалдар бүлігі жиі болып отырды. Тіпті император сарайының қысымымен әскери үкімет билігінің өзінің өкілдік билігін асыра пайдаланған дзитоны кері шақырып алған жағдайлары да аз болмады. Алайда аристократтардың өздерінің вотчиналарындағы әскерилердің қастандығын тоқтатуға күштері жетпеді. XIII ғасырдың алғашқы онжылдығында әскери үкімет бірте-бірте өзінің әскери-полициялық қызмет шеңберінен шығып, жер тізімдерін жасап, өздеріне тиісті салықтарын жинай бастады.

Алғашқы сегундар автократиялық саясат ұстанды. Олардың төңірегіне көбіне Киотодан шыққан төменгі рангалы аристократтар шоғырландырылды да, бакуфу құрылуының қозғаушы күшіне айналған вассалдар шығыстық самурайлар билікке жіберілмеді.

Алғашқы сегун Минамото Ёритомо және оның мұрагерлері Ёринэ және Санэтомо өлімінен соң билік сиккэн («басшы») деген атпен оның туысқаны Ходзёның қолына көшті. Сиккэн кезінде сегунның тікелей вассалдары гокэниндер билігі күшейіп, олардың күзет және әскери қызметі мұрагерлік жолмен беріліп отырды. Олар салықты да тұрақты төлемеді. Храмдар мен сарайлар тұрғызуға, сондай-ақ жол салу жұмыстарына бір жолғы ғана ақша төлеп отырды. Бакуфу үкіметінің экономикалық базасын шығыс провинциялардағы сыйлыққа алынған Минамото үйінің рулық жерлері мен Тайрадан конфискацияланған вотчиналар құрады. Мұндай сипаттағы бакуфудың Тайра өкіметі мен бұрынғы императорлық биліктен айырмашылығы көп емес еді. Әскери билік император сарайы мен киоталық үкіметті жойып жіберуге шамасы келмеді, өйткені сэн түріндегі экономикалық базаға ие болып отырған әскери үкімет император билігінің абырой-беделінсіз бүкіл елді бағындыра алмай отырды. Тек кейін 1221 жылы сиккэн Ходзё Еситоки бастаған 200 мыңдық

армия сарайдың сенімді отрядын талқандағаннан кейін ғана император сарайын жою мүмкіндігіне ие болып, әскери өкімет күшейіп нығая түсті. 3000-ға жуық сарай жақтаушыларының мүлкі тәркіленіп, олар дзито қызметіне тағайындалды.

1232 жылы «Дзээй сикимоку» («Госэйбай сикимоку») құқықтық кодексі енгізілуі әскери-феодалдық өкімет билігінің қалыптасуының маңызды кезеңі болды.

Заңдар жинағында сюго мен дзито міндеттері, жоғарғы үкімет билігін құрметтеу талаптары, діни институттар мен вотчина иелерінің құқығы мен мүдделерін қорғау тәртіптері белгіленгенмен, алайда жекелеген феодалдардың шаруаларды қанау ісі мен вассалдардың «үй» заңдары көрсетілмеді. Алайда вассалдар арасындағы дау-жанжалдарды шешудегі рөлі жоғары болды. Сондықтан көптеген аристократтардың жер даулары бойынша бакуфу үкіметіне жүгінуге мәжбүр болып отырды. Шындығында, самурайларға қатысты мәселелерді ғана шешуге бағытталған бұл кодекс ұлттық заңдылық сипатына ие бола бастады. Бұған Минамото Ёритомо (1192-1199) тұсында сэн және дзито иеліктерінің арасындағы жанжал туралы сот шешімі император сарайында қаралып отырды, ал кейін сиккэн Ходзё Ясутоки (1224-1242) кезінде барлық даулар бакуфу пайдасына шешіліп отырды. XIII ғасырдың орта-

сына карай сиккэн Ходзэ Токиёри өзінің жеке билігін нығайтумен бірге жетілдірілген сот жүйесі мен вассалдарды қорғау саясатына қолдау жасап отырды.

Самурайлар әкімшілігі. Моңғолдар тарапынан төнген қауіпке қарсы қорғаныс соғысын жүргізу шаруалардың тұрмысын күйзелтіп қана қоймай, самурайлық дворяндарды да қаржылық қиындықтарға ұшыратты. Бұл қиындықтар қоғамдағы өндірісті ұйымдастырудың ескі формасының дағдарысына анық көздері жеткен әлеуметтік топтардың Ходзэ режиміне қарсы наразылығын күшейте түсті. Наразылық ең алдымен билікке қайта қол жеткізуге ұмтылған императорлық сарай және сауда-саттыққа сезендердің вотчиналық жүйесі шектеу болып отырған елдің оңтүстік және оңтүстік-батыс бөлігінің ұсақ феодалдары, Ходзэ үйінің шеттетуінен кейін армандары орындалмай, елді басқару қызметінен тысқары қалған ірі феодал жанұялары мен кедейлену нәтижесінде вассалдарға айналған көптеген самурайлар тарапынан туды. Сонымен бірге наразылық шеңбері аса ауыр салықтан қалжыраған шаруалар бұқарасының басым бөлігін де қамтыды. Осындай наразылық білдірген әлеуметтік әр түрлі топтарды сегунатқа қарсы жаппай біртұтас күреске ұйымдастырушы император Годайго болды. 1333 жылы сегунат құлатылып, қысқа мерзімге Годайго

билігі орнады. Жеке билік жүргізуге ұмтылған Годайго бакуфу, экс-император-монахтар, регенеттер институты қызметін тоқтатқанмен, аристократтар мен әскерилер арасындағы алауыздықты жоя алмады. Тіпті барлық жер иеліктері үшін императорлық бұйрықты талап ету арқылы әскерилердің мүддесіне шектеу қойды. Императордың бұл әрекетіне қарсы екі жылдан кейін 1335 жылы Асикага Такаудзи бастаған ірі феодалдар көтеріліске шықты. Көтеріліс нәтижесінде Киотодағы әскери үкімет үйі орналасқан кварталдың атымен Мурамоти аталған екінші Асикага сегунаты құрылды. **Асикага ұрпақтары Жапонияны 1336-1573 жылдар аралығында екі жүз жылдан астам уақыт бойы басқарды.** Асикага сегунаты елде бейбітшілік пен тұрақтылық орната алмады, керісінше, әсіресе XV ғасырдың басынан бастап феодалдық қырқыс соғыстар күшейе түсті. Тауға қашып бой тасалаған император Годайго Ёсино селосында Оңтүстік сарай негізін қаласа, ал Асикага Киотодағы император тағына Солтүстік сарайды басқарушы Комёны отырғызды. Бұл осы екі патшалық, екі династия бірігіп қайтадан астанасы Киото болғанға (1392 жыл) дейін өмір сүрді. Екі лагерьге бөлінген феодалдардың арасындағы тартыс қана емес, бүкіл елдің жерін қайта бөлісу үшін жүргізілген күрес, азамат соғысы ұзаққа созылды. Асикага

сегунаты тұсында орталық мемлекеттік аппарат қызмет атқарса да, бірақ үкімет билігі Сиба, Хосокава, Хатакэяма, т.б. сияқты ірі феодалдардың бақылауында болды. Асикага сегунаты тұсында биліктің сипаты үлкен өзгерістерге ұшырады. XIV ғасырдың екінші жартысында Минамото-Ходзе сегунатымен салыстырғанда сегунаттың орталық билігі әлсіреп, тұрақсыздық орын алды. Императорлық сарай мен сегунаттың әкімшілік-басқарушылық билікті өзара бөлісуі нәтижесінде императорлық билік органдарының толық әлсіреуі диархияны жойды. XIV ғасырда азаматтық губернаторлар (сюго) қызметін толық иемденіп алған әскери губернаторлар деревнялық феодалдармен тікелей вассалдық байланыс орнатты. Асикага сегундары сюгоны бір провинциядан екінші провинцияға ауыстыра отырып, әскери күштердің көмегімен ғана самурайларды бақылай алатын болды.

XV ғасырдың басына қарай сегундар әскери губернаторлар қызметінде отырған ірі феодалдардың күшін әлсіретіп, оларды талқандау арқылы орталық биліктің позициясын нығайтуға қол жеткізді.

IX-XIV ғасырлардағы Жапониядағы қолөнер мен сауданың дамуы. Қолөнердің егін шаруашылығынан бөліну үдерісі ұлғая түскенмен, қолөнер саласындағы технологиялық өзгерістер жетістігі баяу жүріп, XVI ғасырға қарай ғана жеделдей

түсті. Ал XIV-XV ғасырларда темір қорытудың жаңа әдістері кең таралып, қазылған шұңқырлардың орнына, темір балқытатын саз балшық көрік ошақтары, тактай темірлерді ұзына бойына кесе алатын аралар, т.б. кеңінен қолданыла бастады. Орталық аудандарда ғана емес, аймақтарда да (периферия) қолөнердің жаңа түрлерін меңгерген қолөнер цехтарының саны өсті. Император сарайы мен сарай төңірегіндегі аристократтар үшін цехтар маңызды қаржы көздері болып отырды. XIV ғасырлардан бастап цехтар қару-жарақ шығарумен де айналыса бастағаны байқалады.

Ауыл қолөнершілері кезбе өмірден отырықшылыққа көшіп, қолөнердің белгілі бір түріне маманданған жергілікті тұрғындар қалыптасады. Қолөнершілер қауымының бұрынғыша ауылындағы храмдар мен қамқоршыларына (патрон) тәуелділігі сақталғанмен, бірақ олардың қолөнер ұйымдары тәуелсіз жағдайда қызмет жасай берді. Жібек маталар, қағаз, фарфор ыдыстар, қыш-құмыра бұйымдарын шығаратын қалалық және ауылдық орталықтар пайда болды. Киото қаласында сакэ өндірісі (XV ғасырда 342 үй осы өндіріспен шұғылданған), Оямадзаки қаласында өсімдік майы өндірілді. Астана маңында ауылшаруашылық өнімдерін өңдеумен айналысатын көптеген ауылдық цехтар жұмыс жүргізді. Қолөнершілер әскери губернаторлар ставкаларынан

да, аймақтардағы феодалдардың усадьбаларында да (үй қоралары, қорақопсы, бау-бақшасы бар жеке қоныс) шоғырлана бастады.

Қолөнердің ықпалымен сауда-саттық күшейіп, XIV ғасырдан бастап сауданың дамуы кең көлемде ұлғаяды. Егер бұрын қолөнер цехтары сауда жасаумен де айналысып келген болса, енді арнайы қолөнершілердің сауда одағы (гильдия) пайда болды. Сонымен бірге қолөнер цехтары да саудамен айналысуды тоқтатпай жүргізе берді. Өсімқорлардың, әсіресе сакэ өндірісімен жиі айналысатындардың қызметі гүлдене түсті. Мұндай өсімқорлар қоймаларын бакуфу (әскери үкімет) салық есебінен түскен күрішті сақтау үшін пайдаланып отыратын болды. Вотчина иелерінің (сээн) салық жинауда қиналатынын пайдаланып, өсімқорлар салықтың суммасын алдын ала төлеп тастап, алым жинау құқығын өздеріне алып (откуп), содан соң әскери губернаторлар мен жергілікті феодалдардың көмегімен шаруалардан салықты жинап алып отырды. Осылайша өсімқорлар да шаруаларды қанау жүйесіне белсене араласып отырғандықтан, XV ғасырда астана маңындағы қалалардағы көптеген шаруалар көтерілісі өсімқорларға қарсы бағытталып отырды. Өсімқорлардың сауда қызметі үшін төлейтін салық мөлшері уақытша үкімет үшін маңызды қаражат көзіне айналып отырды.

Елдің астанасы төңірегіндегі елді мекендер мен аймақтар арасында-

ғы экономикалық байланыстардың нығаяуымен қатар перифериялық (аймақтар), әсіресе ең алдымен гавандардағы, өткелдердегі, пошта байланыс бөлімшелері, шекара маңында және сээн (вотчиналық иеліктер) арасындағы шекараларда перифериялық (аймақтық) базарлар көбейіп, сауда-саттық дами түсті. Кейде бір ғана сээн жерінде 2-3 базар жұмыс жасады. Егер XIV ғасырға дейін базарлар саудагерлердің уақытша жиналатын орны болса, ал XIV-XV ғасырлардан бастап базарлар маңында саудагерлердің тұрақты лашық үйлері пайда болды. Мұндай лашық иелері өздерінің тегін отырықшыланған кезбе саудагерлермен, қолөнершілермен, жүкші, жүк таситын арбакештермен, бұрын аймақтық басқармалар жанында және сээндерде тұрған шаруалар қауымымен байланыстырды.

Әскери губернаторлар мен аймақтық феодалдар иелігінің қалыптасуымен байланысты губернаторлық басқармалар мен вотчина ішіндегі базарларға ықпал етіп, бақылау жасап отыратын болды. XIV ғасырда 2-3 шақырым аумақ шамасындағы қызмет етуші ауылдық базарлар көбейеді, кейін бұл базарлар ұлғайып, XVI ғасырда сауда орталықтарына айналды. Базарлардың қызмет көрсету күндері жиілеп (айына үш күннен алты күнге дейін) отырды. Өте үлкен аумақты қамтып қызмет көрсетіп отырған

базарлар да болды. Мысалы, Обама қаласында базар Жапон теңізінің бүкіл солтүстік жағалауы үшін экономикалық орталыққа айналып, қызмет көрсетіп отырды.

Сауданың дамуы Жапонияның сыртқы байланыстарының дамуына да үлкен ықпалын тигізді. XIII-XIV ғасырдың бірінші жартысында Жапониядағы кең көлемде тұрғызылып жатқан будда храмдарының құрылысына қатысу үшін буддалық монахтар жиі келе бастады. Дзэн сектасының көптеген жапондық монахтары оқу іздеп Қытайға барды. 1323 жылы Жапонияға келе жатып, суға батқан кемеден біздің дәуірімізде су бетіне көтеріліп алынған 20 мың керамикалық қыш ыдыстар мен 27 т шамасындағы мыс ақшалар жеке сауданың кең көлемде дамығанын дәлелдейді.

1274-1281 жылдардағы моңғол шапқыншылығынан кейін Жапония елінің билеушілері дипломатиялық оқшауландудың мүмкін еместігін, аймақтағы сыртқы елдермен байланыс орнату қажеттігін түсініп, XIV ғасырдың бірінші жартысында Қытайға жүк тиелген сауда кемелерін жіберуге келісім берді. Бұл саудадан түскен қаржы будда храмдарының құрылысына жұмсалады. Екі патшалық тұсында XIV ғасырда Оңтүстік сарай билеушілері Қытайға бірнеше рет елші жібереді. 1380 жылы Асикага Ёсимицу сегунның дипломатиялық қатынас орнату мақса-

тында жіберген елшілігіне миндік Қытай елі қарсылық білдірді. XIV ғасырдың соңында Қытай және Корея территориясына шабуыл жасаушы қарақшыларға бакуфудың қатаң шара қолдануы, X ғасырда Қытаймен арадағы үзілген дипломатиялық және сауда қатынасын 1401 жылы қайта қалпына келтіруге мүмкіндік жасады. Қытай үкіметінің жапон сауда кемелерінің қытай порттарына кіруіне жасалған рұқсаты (лицензия) негізінде жүзеге асырылған сауда байланысын XV ғасырдың бас кезінен бастап Асикага сегундары монополиялап алды.

XV ғасырдың ортасынан бастап екі ел арасындағы сауда байланысы жеке феодалдардың қамқорлығы арқасында күшейе түскенмен, шындығында ол ірі көпестердің қолында отырған еді. Өткен кезеңмен салыстырғанда тауар түрлерінде көп өзгерістер болмады, бұрынғыша Қытайдан Жапонияға жібек, парча, хош иісті заттар, парфюмерия, сандал ағашы, фарфор, мыс теңгелер әкелінсе, ал Қытай еліне алтын, желпуіштер, лакталған ыдыстар, күкірт, ағаштың қабық астындағы қатты бөлігі (древесина) қару-жарақтар шығарылып отырды. Мысалы, 1483 жылы жапондықтар Қытайға 37 мың қылыш қаруын жібереді. Қытаймен сауда байланысының пайдалы болғандығы соншалық, тіпті Асикага Ёсимицу өзіне берілген «Жапон королі» (Нихон кокуо) титулына қарсылық

жасамады (Әдетте «король» титулы Қытай еліне бағынышты елдердің билеушілеріне берілді).

Жапонияның Корея және Оңтүстік теңіз елдерімен де сауда байланысы орнатылды. 1429 жылы біртұтас мемлекетке айналған Рюкюмен XV ғасырда жақсы сауда байланысы орнады. 1457 жылы Хоккайдо аралындағы айндардың ірі көтерілісі талқандалғаннан соң, аралдың байырғы тұрғындарын толықтай бағындырудың алғышарттары жасалды.

XIV ғасырлардағы Жапония мәдениеті. XIV ғасырларда жапон халқының мәдениеті кең қанат жайып дамыды. Кескіндеме (мысалы, монохромды кескіндеме – суйбокуга) поэзия, музыка өнерінің жаңа түрлері пайда болды. Егер бұрын көркем шығармалар аристократиялық ортада ғана қалыптасып пайда болса, енді қарапайым халық пен перифериялық (аймақтық) феодалдар өнер туындыларының тыңдаушылары ғана болып қоймай, олардың жеке авторлары ретінде таныла бастады.

XII-XV ғасырлардағы өзара алауыздық күрес нәтижесінде ортағасырлық батысеуропалық рыцарьлары тәріздес жапон самурайлары (буси) қалыптасты. Самурайлық әдебиетті көрнекті екі «Хэйкэ-моногатри» («Повесть о Тайре») және «Тайхэйки» («Повесть о великом мире») эпопеясы толықтыра түсті, оның XII ғасырдың аяғы XIII ғасырдың басында пайда болған алғашқысы сегунаттың құрылуына негіз болған

Тайра мен Минамото арасындағы күресті суреттеуге арналған. Ал XIV ғасырдың ортасында жазылған екіншісі XIV ғасырдың 30-40-жылдарындағы шығыс және батыс феодалдарының арасындағы күрес туралы әңгімелейді.

Кезбе актерлардың (комедиант) көшедегі күлдіргі ойын-сауықтары негізінде дамыған фарс (кегэн) халықтық сипат алып отырды. Фарсларда ең бастысы тәкәппар, менменшіл, бұзық, тойымсыз ашкөз феодалдар мен монахтардың сатиралық күлкілі бейнесі көрсетілді. Қала колөнершілері мен саудагерлердің жыр айтуға құштарлығының артуы поэзияның дамуына ықпал жасады.

Олар сонымен бірге поэзиялық жарыстар ұйымдастырып, әділқазылар алқасы арнайы белгіленген тәртіп ережесі бойынша жарыс қорытындысының жеңімпаздарын анықтап отырды.

XIV-XV ғасырларда Жапонияда сәулет өнері де кең қанат жайды. Қытай сәулет өнерінің нақыштарымен үйлесім тапқан, ежелгі жапон дәстүрі бойынша қалыптасқан сәулет өнеріндегі жаңа бағыт әсем сарайлар мен будда храмдары және ақсүйектердің тұрғын үйлерінің құрылыстарынан айқын көрініс тауып отырды. Бұл тарихи дәуірдегі сәулет өнерінің маңызды ескерткіштері ретінде Киото қаласындағы «Алтын павильон» («Кинкакудзи» 1397 ж.) мен «Күміс павильон» («Гинкакудзи» 1473 ж.) және басқаларды атауға болады.

Бақылау сұрақтары

1. Ортағасырлық селолық қауымның пайда болуы туралы сипаттама жасаңыз.
2. Деревня феодалдарының жаңа дзайти ресю («жергілікті жер иеленушілер») тобы қай ғасырда пайда болды?
3. Еритомо Минамото сегун атағына қай жылы ие болды?
4. «Дзэй сикимоку» («Госэйбай сикимоку») құқықтық кодексі туралы тұжырым жасаңыз.
5. Қай ғасырдан бастап темір қорытудың жаңа әдістері тарала бастады?
6. Киото және Оямадзаки қалаларында өнімнің қандай түрлері шығарылып тұрды?
7. Жапонияның 1429 жылы біртұтас мемлекетке айналған Рюкюмен сауда байланысының дамуы қай ғасырға сәйкес келеді?
8. XV ғасырдағы Жапонияның сыртқы саясаты жөнінде сипаттама жасаңыз.
9. Хоккайдо аралындағы айндардың ірі көтерілісі қай жылы талқандалды?
10. XIV-XV ғасырлардағы Жапонияда сәулет өнерінің дамуы туралы мысалдар келтіріңіз.

III бөлім

КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАР

3.1. Батыс Еуропа елдерінде капиталистік қатынастардың пайда болуы

1. Алғашқы қорлану үдерісі, елдің өзіндік ерекшелігі
2. Капиталистік мануфактура
3. Ауыл шаруашылығында капитализмнің дамуы

Алғашқы қорлану үдерісі, елдің өзіндік ерекшелігі. Алғашқы қорлану үдерісінің тарихи қажеттілігі капиталистік өндіріс әдісінің феодалдық өндіріс әдісінен ерекше белгілерінің басымдығымен анықталады.

Жекеменшік жер иесі феодалға рента алып отыру үшін жеке еңбек құралдарымен жерге тәуелді шаруалар қажет болды. Жердің жекеменшік иесі ретінде ол шаруаларға күш қолданып отырды.

Капиталистік өндіріс әдісі өндірістік құрал-жабдықтары мен күнделікті күнкөріс қаражаты жоқ жалдамалы жұмысшыларды қаражат көзі мен құрал жабдықтарға ие болып отырған капиталистердің қанауына негізделген. Жалдамалы жұмысшы

өмір сүру үшін капиталистке өзінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болды. Ал өндіріс құрал-жабдықтарының жекеменшік иесі капиталист жұмысшының жасаған қосымша еңбегінің құнын төлемей иеленіп отырды. Мануфактура жұмысшыларын мейірімсіз қанау кәсіпкерлерді үздіксіз байытты.

Қоғамның даму тарихында алғашқы қорлану процесінің қалыптасуына ықпал етуші жағдайлар Испания, Португалия, Нидерландия, Англия, Франция елдерінің барлығында бірдей емес, дәйекті түрде әр түрлі көрініс алды. Шаруаларды жаппай зорлықпен жерінен айыру алғашқы қорлану үдерісінің негізіне айналып отырды. Шаруалардың қайыршылық жағдайға жетуі, оларды жерлерінен зорлықпен қуып шығару Англияда өзінің жұмыс күшін болар-болмас жалақыға сатуға даяр, жұмыс іздеген адамдардың көбеюіне алып келді. Сөйтіп шаруаларды күшпен жерден айыру өнеркәсіпті толығынан арзан жұмыс күшімен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасады. Шаруаларды зорлықпен жерінен қуу

Еуропаның басқа елдерінде де орын алып отырды.

Сонымен бірге, көпестер мен өсімқор алып-сатар саудагерлерден шын қарызын қайтара алмаған қаланың және ауылдың ұсақ қолөнершілерін экспроприациялау да қатар жүріп отырды. Феодалдық мемлекет пен қалалық үкіметтің шамадан тыс салығын төлей алмай күйзеліске ұшыраған ұсақ қолөнершілер дербестіктерінен мүлде айырылып, болар-болмас жалақы үшін байларға жалданып жұмыс істеді. Мұндай көрініс XVI ғасырда-ақ Нидерландия, Англия, Франция және Испания елдерінде кең таралып отырды.

Күйзеліске ұшыраған халық бұқарасының қарсылығын феодалдық мемлекеттер күшпен басып тастап отырды. Қалыптасып отырған жаңа капиталистік өндіріс экспроприацияланған бұқара халықтың барлығын жұмыспен қамти алмады. Оның үстіне мануфактурадағы жалдамалы еңбектің жаңа тәртібі мен қазармалық өмірге үйрене алмай бас сауғалап қашқан қаңғыбастар саны көбейе түсті. XVI ғасырдан бастап Англия, Испания, Франция елдерінде қаңғыбастарға, яғни экспроприацияланып, еңбек құралдарынан, баспаналарынан және күнкөріс қаражатынан айырылған шаруалар мен қолөнершілерге қарсы қатаң заңдар шығарылды. Бұл «қан құйлы» заңдарда қаңғыбастар үшін қамшымен дүре соғу, ауыр жұмыс пен

аштықтан азап шегетін арнайы үйлерге тапсыру, тіпті өлім жазалары да белгіленіп отырды.

Осындай түрлі әдістер арқылы капиталистік өндірісті дамыту үшін қажетті қосымша жұмысшы армиясы жасақталып отырды. Сөйтіп, ат төбеліндей аз ғана топтың қолына өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмысшы күшін сатып алып, кәсіпорын ашу үшін қомақты қаржы қоры жинақталды. Сонымен қатар олар жаңа жерлердің ашылуы мен отарларды тонау арқылы да зор ақша қаражатын тауып отырды. Испандық және португалдық конкистадорлары мен көпестері мұндай оңай олжаға ең алдымен кірісті. Олар жаңадан ашылған елдердің табиғат байлығын тонап, халқын қырып-жойып, отарлық сауда-саттықтан да зор қаржы тапты.

Испандықтар мен португалдықтардың ізінше отарларды тонауға ағылшын және голландиялық көпестер ағылды. Еуропадан тыс жерлердің халқын тонап, қазына байлығын ұрлап әкелген байлық метрополия үшін капиталға айналып, құйылып жатты.

Қалыптасып өсіп келе жатқан буржуазия монархтарға қарыз беру арқылы да қорлану көзін тауып отырды. Мемлекет соғыс жүргізу, чиновниктер мен армияны ұстау үшін өсімқорлар мен көпестерден жоғары пайызбен қарыз ақша алуға мәжбүр болып отырды. Ал бұл алған қарыз ақшаларын мемлекет бұқара халықтан түсетін салық есебінен қай-

тарып отырды. Мемлекеттік қарыз ақша бір жағынан буржуазияны байытудың көзі болып отырды.

Алғашқы қорлану әдістері протекционизм жүйесі арқылы да толыға түсті. Протекционизмнің мәні XVI-XVII ғасырларда бірқатар еуропалық (Франция, Англия, Нидерландия, т.б.) елдерде шеттен әкелінетін дайын бұйымдарға баж салығын өсіріп, шетке шикізат және азық-түлік шығаруға, көпестер мен кәсіпкерлерге қаржылай көмек, сыйлықтар мен жеңілдіктер беруге тыйым салынды. Мұның барлығы өндірістің бірқатар саласын дамытуға (алдымен армияны жабдықтауға) мұқтаж болып отырған феодалдық мемлекеттің мүддесі үшін жүргізілді. Сонымен бірге мемлекет кеден (таможня) салығынан да мол табыс тауып отырды. Бірақ бәрінен буржуазияның табысы жоғары болды. Өйткені, ол барлық өндірген тауарларының бағасын жоғары ұстап, шикізат пен азық-түлік бағаларын төмендетуге, сөйтіп шаруалар мен жалдамалы жұмысшылардың есебінен түсетін пайданы ұлғайтуға мүмкіндік алып отырды.

Буржуазия байлығының артып, керісінше халық бұқарасының қайыршылануының күшеюіне бағалар революциясының үлкен ықпалы тиді.

Бағалар революциясы XVI ғасырда ең алдымен Испания, Португалия кейін Франция, Англия және Нидерландияны, тіпті Еуропаның басқа

елдерін қамтыған, отар елдердегі жұмысшылардың арзан еңбегі арқылы өндірілген бағалы металдар алтын, күмістің көптеп әкелінуінен туған жағдай еді.

Алғашқы қорлану үрдісінің барысында буржуазияның қаражат ақша байлығы жасақталып, өндіріс құрал-жабдықтарына капиталистік меншік орнықты. Сонымен бірге бұқара халықтың басым бөлігі жұмыс күшін сатушыларға айналды. Кәсіпкерлердің өндіріс құрал-жабдықтарына деген сұранысы да артты.

Отар иелену жүйесінің басталуымен бірге сауда-саттық әлемдік сипат алуымен, дүнижүзілік капиталистік рынок қалыптаса бастады.

Капиталистік мануфактура. Мануфактура – бұл өндіріс құрал-жабдықтарының иесі көпес-капиталистің немесе кәсіпкер-капиталистің шеберханасы, кәсіпорны. Мануфактурада капиталиске тәуелді жалдамалы жұмысшылар мен өзінің еңбек күшін сатушы үй шаруасымен айналысушылар жұмыс істеді. Жекелеген ұсақ өндірістердің өндіріс орнына айналуының нәтижесінде капиталистік мануфактуралар қатары көбейіп отырды. Бұл пайда болған тұңғыш капиталистік кәсіпорындарда әлі де қол еңбегі қолданылғанмен, оның артықшылығы сол жұмысшылар арасында еңбек бөлінісі болды.

Капитализмнің дамуымен бірге бұрынғы ерікті қолөнершілер енді

байып алған көпес-кәсіпкердің қарапайым жалдамалы жұмысшыларына айналып отырды. Ал көпес-кәсіпкер бірте-бірте өндіріс сферасына араласып, қосымша капитал тауып, енді кәсіпкер буржуазия атанды. Бірақ оның жұмысшылары жұмысты ортақ шеберханада емес, әрқайсысы өз үйлерінде отырып істеді. Мұндай «бытыранқы» мануфактуралар көбінесе тоқыма өндірісінде, сондай-ақ әр түрлі күрделі бұйымдар жасап құрастыратын, арзан зергерлік бұйымдар, сағат, ер жасау, сияқты салаларда пайда болды.

Байып алған кәсіпкер көпестер үшін мануфактура ұйымдастырудың неғұрлым тиімді екінші жолы да болды. Яғни, кәсіпкер капиталист шеберхана, кәсіпорын немесе верфтер (кеме жасайтын немесе жөндейтін орын), шахтылар, қорыту пештерін ашып (немесе сатып алады), оларды қажетті құрал жабдықтармен шикізатпен өзі жабдықтады. Енді осындай еңбек бөлінісіне негізделген кәсіпорында жалдамалы жұмысшылар еңбегін қанау арқылы мол табыс тапты. Өндірілген өнімді де өзі өткізді. Мануфактураның мұндай орталықтандырылған түрлері тау-кен, металлургия, кеме жасау, жібек өндіру, кілем тоқу, қант жасау өндіріс салаларында кең таралды.

Мануфактураның орталықтандырылған түріне қарағанда, бытыранқы түрі анағұрлым кең таралды. Деген-

мен, капиталистік мануфактураның екі түрлі жолы да қатар өмір сүріп, кейін бұл екі жолы бірте-бірте аралас формада көріне бастады. Мысалы, шұға өндіретін мануфактура иесі капиталист жүнді жуып, иіріп тоқуды үйде отырып істейтіндерге берді де, ал одан кейінгі шұғаны бояп, даяр өнім шығаруды өзінің шеберханасындағы жалдамалы жұмысшыларға жасатып отырды. Қалалық және ауылдық қолөнершілердің цехтық және ұсақ дербес өндірістерімен салыстырғанда капиталистік мануфактура, әсіресе орталықтандырылған түрі неғұрлым тиімдірек болды.

Қол еңбегі мен қолөнер техникасына негізделген мануфактура атауы латынның «manus» – «қол» және «faktura» – «бұйым» деген сөзінен шыққан. Мануфактураларда еңбек бөлінісі дамып, әрбір жұмысшы еңбектің белгілі бір түрінің кәсіби шеберіне айналды. Мануфактурадағы еңбек бөлінісі еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасады. Сондықтан өндірістің кейбір салаларында өнім өндірісі он есе, жүз есеге дейін өсіп отырды.

Мануфактура бар мақсаты көбірек пайда табуды көздейтін капиталистің кәсіпорны болып табылды. Мануфактурадағы жалдамалы жұмысшылар қатты қиналып отырды. Жалдамалы жұмысшылардың еңбегін қанау арқылы байыған кәсіпкер еңбектің үдемелілігін (интенсивті) кү-

шейте отырып, еңбек уақытын ұзартып, жалақыны қысқартып, сонымен бірге «қан құйлы заңдар» арқылы күштеп кәсіпорында қаңғыбастар еңбегін кең қолданып отырды. Барактарда өмір сүретін жұмысшылар үшін аса ауыр қазармалық өмір тәртібін енгізді. Әйелдер мен балалар ауыр жұмыстарға жіберілді, бірақ олар төмен еңбекақы алып отырды.

Алайда мануфактура қоғамның өндірістік қажеттілігін толық қамтамасыз ете алмады және шамасы да жетпейтін еді.

Капиталистік мануфактура феодалдық құрсау жағдайында өмір сүрді. Мануфактуралар цехтар тарапынан жиі қысымшылыққа ұшырап, кейбір жерлерде дворяндық мемлекеттер тарапынан талан-таражға түсіп, артынан Испаниядағыдай бірте-бірте жойылып отырды. Ал оның есесіне Англия, Нидерландия, Франция сияқты елдерде капиталистік мануфактуралар нығайып, кеңейіп, олардың маңызы арта түсті.

Ауыл шаруашылығында капитализмнің дамуы. XVI ғасырда шаруаларды күштеп экспроприациялау, кейбір елдерде жүргізілген (Англия, Германия, Нидерланды) реформацияның барысында католик шіркеуі мен монастырьлар жерлерін кәмпескелеу (секуляризациялау) және оны арзан бағамен сату ісі жеделдетіле түсті. Реформация жерге жеке-

меншік пен аграрлық қатынастар сипатына да үлкен өзгерістер әкелді.

XVI-XVII ғасырларда калалармен бірге ауылда да капиталистік қатынастар бірте-бірте қалыптаса бастады. Бірақ еңбек құралдарының жетілуі, қоғамдық еңбек бөлінісі мен феодалдық өндірістік қатынастардың қалыптасуы баяу жүргендіктен ауылдық жерлерде капиталистік қатынастардың дамуы баяу көрініс тапты. Шаруаларды экспроприациялау өте қатаң зорлықпен жүргізіліп отырған ағылшын елінде бұл үрдіс неғұрлым бірыңғай нақты сипат алды. Шаруаларды зорлықпен қуып, жерін тартып алған феодалдар, ағылшын дворяндары, сондай-ақ монастырь жерлерінің едәуір бөлігін сатып алған буржуазиялар ірі жер иесіне айналды. Мұндай ірі жер иелері енді үлкен көлемді жердің бір бөлігін мал жайылымына, екінші бөлігін ауылдық жалдамалы жұмысшылардың еңбек күшіне негізделген ірі шаруашылықтарға айналдырды. Сонымен бірге кейбір жердің жана жекеменшік иелері жердің көп бөлігін шаруаларға немесе калалық буржуазияға арендаға беріп рентының мөлшерін едәуір өсіріп қойды.

Батысеуропалық бірқатар елдерде (Англия, Франция, Италия, Германия) жерді пайдаланудың сыбағаластық (издольщина) түрі кең таралды. Бұл сыбағаластықтың мәні жердің жекеменшік иелері жерді

жалға бере бастады. Тіпті кейбіреулері жермен бірге тұқым және жер өңдеу құралдарын да жалға беріп отырды. Ал жалға алушы жерді өзі немесе (егер жер көлемі үлкен болса) жалдамалы еңбек арқылы өңдеп, келісімшарт бойынша түскен өнімнің бір бөлігін жер иесіне беріп, қалған бөлігін өз пайдасына қалдырды.

Көбінесе жер иесі мен жерді жалға алушы (арендатор) өнім алуға жұмсалатын шығынды да, одан түскен өнімді өзара тең бөлісетін еді.

Рентаның аралық түрі ретінде сыбағаластықтың дамуы елдің жалпы экономикалық дамуына тікелей байланысты болды. Егер шаруашылықтың дамуы капиталистік жолмен жүргізілсе, онда сыбағаластық бірте-бірте аренданың капиталистік түріне қарай өзгеріп отырады.

Деревнядағы буржуазиялық қатынастың қалыптасуының тағы бір түрі қарапайым тауарлы шаруашылықтың дамуы көрініс таба бастады.

Тауарлы шаруашылық дамуының жоғары деңгейіне жеткен кезде ұдайы өндіріс артып, дәстүрлі натуралдық түрден тауарлы өндірістік негізде дамиды.

Англияда капиталистік укладтың орнығуынан кейін капиталистік кәсіпкерліктің ауыл шаруашылығындағы жаңа түрі фермерлікпен тез орын алмастырды. Кәсіпкер фермер белгілі уақытқа дейін үлкен көлемдегі жерді арендаға алып, жер

иесімен келісім бойынша аренда құнын төледі. Жеке еңбек құралдары мен тұқымның да жеткілікті қорын иеленіп отырған арендатор жалдамалы жұмыс күші үшін төлейтін едәуір қаржыны да өзі төледі. Феодалдық тәуелді шаруалардан айырмашылығы фермердің арендаға алған жерге иелік ету құқы болмады. Жердің жекеменшік иесіне төленген аренда ақысы орта мөлшерден жоғары капитал, яғни капиталистік рентаның пайдасы болып табылды.

XVI ғасырда Нидерландияда капиталистік фермерлік шаруашылық жоғары деңгейде көрінді. Әсіресе жерді пайдаланудың сыбағаластық түрі кең таралды. Англия мен Нидерландияға қарағанда Францияда ауыл шаруашылығындағы капитализмнің дамуы баяу көрініс алып отырды.

Шығыс Германия, Венгрия, Чехия, Оңтүстік Шығыс Еуропаның кейбір елдерінде ауыл шаруашылығындағы капиталистік қатынастың қалыптасуы өзгеше сипатқа ие болды. Өйткені бұл елдердің ауыл шаруашылығында капиталистік қатынастар қарқынды дами алмады. Деревнялардағы тауарлы ақша қатынасының даму деңгейі де төмен болды. Сонымен бірге бұл елдердегі қоғамның өзге әлеуметтік топтарына қарағанда прогрессивті бағытқа бой ұрған феодалдық дворяндар анағұрлым жоғары тұрды. Сондықтан прогрессивті күштердің әлсіздігін пайдаланған реакцияшыл феодал-


дық топтар ескі тәртіптерді қалпына келтіруге тырысып отырды.

Еуропаның Англия, Нидерландия және басқа елдерінде азық-түлік пен ауыл шаруашылығының шикізат өнімдеріне ұдайы артып отырған капиталистік өндіріс сұраныстарын жеке ресурстар есебінен қамту мүмкін болмады. Әлемдік сауда базарларының қалыптасуынан кейін бұл елдер азық-түлік пен шикізат өнімдерін, көтерме саудамен шаруалар мен көпестерден гөрі феодалдар мен дворяндар көбірек айналысатын Шығыс Германия, Польша елдерінен тасып отырды. Сондықтан сатылым-

ға түсетін нан өнімін көбейту үшін бұл елдердің феодалдары ақша рентасын ертерек төлеген шаруалардың шағын жер үлестері мен қауым жерлерін тартып алып, оларды басыбайлы шаруаларға айналдырды. Міне, Чехия, Венгрия Еуропаның басқа аймақтарының жерлерінде кең таралған басыбайлылық осылай қалыптасты. Сондай-ақ, осы кезеңде Италия, Испания Португалия елдерінде шаруаларға қысым жасау, жазалау істері одан әрі күшейе түсті. Алайда, осы тұста Еуропадағы буржуазиялық қатынастардың қалыптасуы тез қарқын ала бастады.

Бақылау сұрақтары

1. XVI ғасырда Англияда өнеркәсіп өндірісінің қандай түрлері кең дамығанын анықтаңыз.
2. Сол заманда шұға өндірісі саласында ірі кәсіпорындардың пайда болу себебі неде?
3. Мануфактурадағы жұмысшылар еңбегінің қолөнершілер еңбегінен өнімдірек болу себебін түсіндіріңіз.
4. Қандай кәсіпорынды капиталистік кәсіпорын дейді?
5. Буржуазияның феодалдан және жалдамалы жұмысшылардың тәуелді шаруалардан айырмашылығын анықтап көрсетіңіз.
6. XVI ғасырда Англияда шұға мануфактурасының қалаға қарағанда ауылда көбірек құрылу себебіне талдау жасаңыз.
7. Қоршау саясатының қандай салдары болғандығын анықтаңыз.
8. Бұрынғы феодалдық дворяндармен жаңа дворяндардың қандай айырмашылығы бар екенін көрсетіңіз.
9. Жаңа дворяндарды буржуазиямен жақындастырған не нәрсе?
10. Үкімет кедейленген шаруаларды болмашы айлық төлейтін жұмыстарға қалай көндіріп отырды?
11. Мемлекеттің «қанқұйлы» заңдары кімнің мүддесі үшін шығарылды?
12. XVI ғасырда тап күресінің шиеленісу себебіне талдау жасаңыз.
13. Ағылшын буржуазиясының байлық жинау тәсілдерін түсіндіріп беріңіз.



Меровингтер тұсындағы Франк мемлекеті


Франктердің жаулап алуынан кейінгі иеліктер: 1 – 481 ж.;

2 – Хлодвиг тұсындағы; 3 – Хлодвигтен кейінгі;

4 – жартылай тәуелді жерлер және уақытша бағындырылған территориялар




Каролингтер тұсындағы Франктер мемлекеті
Верден шарты бойынша империя шекараларының бөлінуі




Х-ХІ ғасырлардағы Византия

- 1 – Фома Славянин көтерілісі (820-823); көтерілісшілер жорығы; 2 – Пелопонеске қоныстанған славяндар көтерілісі (841); 3 – ІХ ғ. ІІ жартысында павликандар белсенді қарсылық көрсеткен аудандар; 4 – Х ғасырдағы жергілікті көтерілісшілер; 5 – Петр Делян бастаған көтеріліс (1040-1041). Византия иеліктері;
- 6 – 867 жыл; 7 – 867-1025 жылдардағы бірігуі; 8 – 1041 жылдағы бағынышты иеліктер;
- 9 – Византия империясының 1040 жылғы шекарасы




Крест жорықтары (XI-XIII ғғ.)

1 – кедейлер жорығы (1096); кресшілер жолы: 2 – Бірінші крест жорығы (1096-1099); 3 – Екінші крест жорығы (1147-1149); 4 – Үшінші крест жорығы (1189-1192); 5 – Төртінші крест жорығы (1202-1204); 6 – Алтыншы крест жорығы (1228-1229); 7 – Жетінші крест жорығы (1248-1254). Төртінші крест жорығынан кейінгі XIII ғасырдың басындағы мемлекеттер шекаралары көрсетілген. Схемда Бесінші және Сегізінші крест жорығы көрсетілмеген.




Таяу Шығыстағы кресшілер мемлекеттері

Кресшілер мемлекеттерінің экспансиясының анағұрлым күшейген тұсындағы территориялар (XI-XII ғғ.) сирек сызықтармен; XII ғ. I жарт. территориясы жиі сызықтармен берілген. Кресшілер билігінің құрылған және құлаған жылдары көрсетілген




Жүзжылдық соғыс (1337-1415)

1 – Жүзжылдық соғыс алдындағы ағылшын иеліктері; 2 – Бретиньи келісімі бойынша Англия үлесіне тиген территория; 3 – Бургундия герцогтігінің иелігі; 5 – Жакеря көтерілісі болған аймақтар; 6 – XIV ғасырдың 80-жылдарындағы қала көтерілістері; 7 – ағылшын армиясының жорықтары



Жүзжылдык соғыс (1415-1453)

1 – 1415-1429 жылдары ағылшындар бағындырған территориялар; 2 – Бургундия герцогтігінің иелігі; 3 – француздық короналар жерлері; 4 – Жанна д'Арк бастаған француз әскерінің жорығы; 5 – 1424-1433 жылдардағы ағылшындарға қарсы партизандық күрес аймақтары; 6 – Француз корольдігінің шекарасы



Ортағасырлық поместье (ағылшындық манор схемасы XI-XII ғғ.)

1 – мырзаның жері; 2 – шіркеу жері; 3 – шаруалардың үлестік жері;

4 – сенъор усадьбасы; 5 – священник үйі; 6 – мырзаның диірмені;

Домен жерлері шаруаларға үлестіріліп беріледі; селолық қауымның тәртіп ережесі бойынша, ол жерлер шаруалар күшімен өңделеді



ХІІ-ХІІІ ғасырлардағы Қасиетті Рим империясы


1 – Қасиетті Рим империясының шекарасы; 2 – шіркеу жерлері; 3 – Венеция иелігі; 4 – Фридрих I Барбаросса жорығы (1158) және Милан қаласының талқандалуы; 5 – Фридрих I Барбаросса жорығы және Леньяно шайқас; 6 – Ломбардия лигасының құрамына кіретін қалалар

















ХІІІ-ХІV ғғ. Англия және Уот Тайлер көтерілісі

1 – ХІІІ-ХІV ғасырлардағы ең ірі жүн мен мата тасымалдау орталықтары;
 2 – барон соғыстары кезеңіндегі ірі соғыс ошақтары; 3 – 1381 жылғы көтерілістің солтүстік шекарасы; 4 – көтеріліс басталған аймағы; 5 – көтерілісшілердің белсенді күрес жүргізген аймағы; 6 – көтеріліске қатысқан қалалар; 7 – шаруалардың Лондонға жорығы


Германиядағы шаруалар соғысы (1524-1525)



- | | | | |
|---|---|---|---|
|  | Шаруалар көтерілісі аймақтары |  | Қалалықтардың көтеріліс орталықтары |
|  | Қиян-кескі ұрыс болған жерлер |  | Халқы көтерілісші шаруалармен байланысты болған қалалар |
|  | Көтерілісшілердің ірі әскери лагерлері |  | Франкондық шаруалар әскерінің жорықтары |
|  | Тау-кен жұмысшыларының көтерілісі болған аймақтар |  | Георг фон Вальдбург жорықтары |
|  | Ірі шайқас алаңдары |  | Ландграф Филипп Гессенский және саксондық князьдердің жорықтары |
|  | Шаруалардың жеңісімен аяқталған ұрыс алаңдары |  | Дворяндар отрядының жорықтары |
|  | Шаруалар қоршауында болған қалалар |  | Герног Лотрингский жорықтары |

50 0 50 100 150 200 км

XVI ғ. – XVII ғ. I ж. Франция





Гот жауынгері



Франк жауынгері



Қасиетті Рим империясының тәжі
(қазір Вена қаласында сақтаулы тұр)



Рим папасының өктемдігі оның
бас киімі – тиарадан айқын көрінеді



Мартин Лютер. 1543 ж. *Үлкен Л. Кранахтың портреті*



Англия патшайымы Мария Тюдор
1554 ж. *А. Мордың портреті*

Сурет энциклопедиясы менің түсінігімді
сұрау мақсатында қолданғанда өзіңіздің өңдеуіңізді

Париж университетінде оқыған
Кальвин 23 жасында докторлық
дәрежеге ие болады



Энциклопедиясы менің түсінігімді

3.2. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Германия

1. Германияның экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктері
2. Реформация қарсаңындағы Германиядағы католик шіркеуі
3. Неміс гуманизмі және өзіндік ерекшеліктері

Германияның экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктері. Германия деревняларындағы діни және ақсүйек феодалдар мен князьдардың шаруаларды жаппай басыбайлыққа айналдырып, феодалдық езгіні күшейтуі елде қалыптасып келе жатқан капиталистік өндірістік қатынастардың дамуына тежеу болды. Алайда бұл XV-XVI ғасырлардағы Германия экономикасына тән ерекшелік еді. XV ғасырдың аяғы XVI ғасырдың алғашқы онжылдығындағы Германияның экономикалық өрлеуі аймақтардың шаруашылығының әркелкі дамып отырғанына қарамастан, олардың арасындағы тұрақты сауда, тауар айналысының дамуына ықпал етті. Осылайша өткен ғасырлардан бері өзара оқшау дербес өмір сүріп отырған Германияның түрлі территориялық жеке бөліктерінің арасындағы экономикалық байланыстардың алғышарттары қалыптаса бастады. Саксондық-тюрингтік аудан герман жерлерінің маңызды шаруашылық орталығына айнала бастады. Алайда

бұл үрдіс жалпы германдық рыноктың құрылуына негіз бола алмады. Солтүстік және оңтүстік герман қалаларының экономикасындағы маңызды орын алған сыртқы байланыс, сауданың дамуы негізінен әр түрлі деңгейде көрінді. Оңтүстік Германияның бай қалалары итальяндық қалалармен қызу сауда жүргізіп отырды. XV-XVI ғасырлардағы одақтың әлсіреуіне қарамастан, ганзейлік қалалардың Новгородта, Бергенде, Лондонда және Брюггедегі орналасқан конторлары арқылы транзиттік сауда жасап, бүкіл Солтүстік Германияны тауармен қамтамасыз етіп отырды.

Германияның экономикалық даму ерекшелігі белгілі дәрежеде оның саяси және әлеуметтік құрылымы арқылы анықталып отырды. Сауда мен өнеркәсіптің дамуы нәтижесінде Еуропаның бірқатар ірі елдерінде саяси орталықтандыру үдерісі жеделдей түссе, ал Германияда жергілікті орталықтардың төңірегіне топтасу одан әрі жалғасып, саяси бытыраңқылық ұзаққа созыла түсті. XVI ғасырдың басында «Герман ұлтының Қасиетті Рим империясы» табиғи ресурстары, территориясы жағынан және саяси құқықтық статусы әр түрлі, өзара байланысы нашар дамыған дербес жеке иеліктерден құралды. Империялық князьдар ең басты «империя мүшелері» болды (олардың ішінде курфюрстар маңызды саналды). Бұған империя

графтықтары, прелаттықтар және империяның қалалары да енді. Сонымен бірге жүздеген ұсақ территориялық бірліктер де кірді.

XV ғасырдың 40-жылдарынан император тәжіне ие болып келе жатқан Габсбургтер үйі ең ірі князь үйлері қатарында көрінді. Габсбургтер державасы құрамына Австрия, Тироль, Штирия мен Каринтия және Крайна герцогтықтары, Жоғарғы Рейн бойындағы бірқатар мұрагерлік жерлер, Бургундия графтығы және Нидерландиядағы үлкен иеліктер кірді. 1526 жылдан бастап Габсбургтер державасының құрамына Чех корольдігі (Чехия, Моравия, Силезия және Лужицы) және Венгрияның бір бөлігі қосылды. Габсбургтер державасымен империяның өз ішінде күшейіп алған Бавария герцогтігі және Орта Германияның таулы аймақтарын алып жатқан бай Саксония князьдығы бәсекелесіп отырды. Сонымен бірге империя құрамына бір қала немесе бір монастырьмен ғана шектеліп отырған ұсақ территориялар да кірді. Ф. Энгельс бытыраңқы ел ішіндегі жергілікті және аймақтық орталықтандырудың өкілдері деп сипаттаған князьдардың жергілікті билігінің күшеюі елдің территориялық дербестігін одан әрі күшейте түсті. Әрқайсысы өздері ақша шығарып, салық жинап, сот ісін жүргізіп отырған жергілікті князьдар императорлық орталық биліктің әлсіздігін пайдаланып, ұсақ дво-

рядық иеліктерді немесе қалаларды да өз беттерінше қосып алып билік жүргізіп отырды.

Орталық өкімет билігінің әлсіреп, князьдардың территориялық суверенитетінің күшеюі елдің экономикалық дамуына кері әсерін тигізді. Бақдәулеті шалқыған князьдар қаржы мен қарулы армияның қуаттылығы жағынан өзара жарысып, бәсекелесіп отырды. Князьдардың қажеттіліктерінің өсуімен бірге салық мөлшері де өсіп отырды. Бұл ауыл және қаланың шаруашылық дамуын әлсіретіп, өндірістің дамуын тежеді. Ең бастысы, жеке кәсіпкерлік қызметті дамыту мен өзге елдердегі бәсекелестерімен күресте мемлекет тарапынан көмекпен қолдау таппаған неміс көпестері мен кәсіпкерлері өз күштері мен жеке одақ көмегіне ғана сене алатын болды. Ал бұл неміс князьдарымен, әсіресе Габсбургтерге ақшалай қарыз беріп отырған оңтүстік германдық Фуггер, Вельзер, Гохштеттер сияқты басқа да саудагер-өсімқор фирмалар үшін қолайлы болды. Халықаралық сауда мен несие жүйесінде орасан зор байлыққа ие болған оңтүстік неміс фирмалары өздерінің капиталдарын енді Германияға ғана емес, сонымен бірге Австрия, Чехия, Венгрия, Испания, Англияның тау-кен өнеркәсібіне салып отырды. Венесуэламен құл саудасын жүргізіп отырған Вельзерлер фирмасы бұл елде жеке өзінің отаршылдық саясатын жүргізуді мақсат етті. Фуг-

герлер фирмасы қазыналарын тау-кен, басқа да өнеркәсіп салаларына жұмсады. Осылайша Фуггерлер және басқа Оңтүстік Германияның ірі компаниялары өсімқорлық, сауда-монополистік және өнеркәсіптік қимыл-әрекеттерін өзара тығыз байланыстырып, ұштастырып отырды. Сонымен бірге олар өздерінің монополистік құқық артықшылықтарын пайдалана отырып, жалдамалы еңбекті капиталистік қанау арқылы да қазыналарын молайтып отырды. Бюргерлер арасынан шыққан кәсіпкер-үлестіруші қалалық округтерде таралып орналасқан мануфактура иелері цехтық іс-әрекеттерін тоқтатып, енді өнеркәсіп өндірісіндегі прогрессивті бағыттың бастамашыларына айналды. Бірақ олар өсімқор-сауда компанияларының алдында әлсіз болды. Сондықтан Германиядан тысқары жерлерге де өз ықпалын жүргізіп, германдық мүддеден гөрі өз мүдделерін көбірек ойлайтын бұл компаниялардың іс-әрекеті XV-XVI ғасырларда неміс бюргерлер топтарының арасында наразылық туғызды.

Реформация қарсаңындағы Германиядағы католик шіркеуі. Орта ғасырларда католик шіркеуі феодалдық қоғамның идеологиялық тірегіне айналып отырды. Католик шіркеуі бүкіл әлем, тіршіліктің даму заңдылықтары жаратушының құдіретті күшінің әсеріне бағынышты, ол ешбір өзгеріске жатпайды, ал

езілуші бұқараның үстемдікті мойындап бағынуы да заңдылық деп үйретуден танбады. Адамзат баласының «ежелден күнәхарлығы» туралы іліміне сәйкес адам өз бетінше күнәдан арылуға қабілетсіз. Тек шіркеудің ғажайып құдіреттілігі арқасында (шоқындыру, құдайға құлшылық жасау, тәубеге келтіру, т.б.) адамдарды рақатқа бөлеп, мәңгібақи күнәларынан арылта алады деп түсіндірді.

Папа мен жоғары діни қызметкерлер өздерінің ілімі мен ұйымдарының феодалдық қоғамдағы маңызын жақсы түсінді. Рим папасы ешбір негізсіз болса да өзін қоғамдық құрылыстың тірегі санады. Папа бастаған католиктік дін иелерінің саяси гегемондық пен дүнияуи өкімет билігін бағындыруға ұмтылудағы мақсаты, ең алдымен, өздерінің байлығын жасау талаптарынан туған еді. Папалық дипломаттар, шіркеу салығын жинаушылар мен күнәні кешіру грамоталарын (индульгенция) сатушылар Еуропа елдерінің көшелерінде қаптап жүрді.

Католик шіркеуінің бұл талаптары ірі аксүйек феодалдардың ғана емес, жаңа буржуазиялық идеология калыптаса бастаған қала тұрғындарының басым бөлігінің наразылығын туғызды. XV-XVI ғасырларда мемлекеттік бірорталықтандыру бағытына көшкен елдердегі король өкіметі шіркеу талаптарына ашық қарсылық көрсете бастады. Ал бы-

тыраңқылық жағдайында отырған Германияға папа билігі үстем болды. Дегенмен, XVI ғасырдың басында кейбір герман князьдары өз иелігінің жерінде отырған орташа дінбасыларына билік етіп, оларды тәуелділікте ұстауға тырысты. Тіпті біреулері өз жерінде өзін папа санады. Сондықтан герман князьдарының басым бөлігі реформацияға қолдау көрсетіп отырды. Алайда князьдардың қол астындағы жерлердің басым бөлігі діни өкімет билігінің ықпалында отырды. Германия жерінен жиналған өте үлкен мөлшердегі ақша папаның агенттері, ең алдымен, діншіл князьдар мен алым-салық жинаушылар арқылы папа қазынасына құйылып жатты. Міне, реформациялық қозғалыстың нақ осы Германия елінде басталып, оған халықтың басым көпшілігінің қолдау көрсетуіне осы жағдай септігін тигізген еді. Оңтүстік-Батыс Герман Шваб одағынан кейін іле-шала XV ғасырдың соңында жалпы империялық мекеме құру әрекеті сәтсіз аяқталған соң бытыраңқы Германияның әлсіз жағдайын пайдаланып, папалық куриялардың саяси және қаржылай алаяқтығы, қысымшылығы күшейте түсті.

Герман территориясында князьдар дербестігін сақтау жөніндегі империялық реформаға князьдар белсенді қолдау көрсеткенімен, мұндай дербес князьдықтарға империяның

әскери және қаржылай көмек беріп отыруға шамасы жетпейтін еді.

Осылайша шіркеудің Германияда қалыптасқан ерекше жағдайы елдің ішкі жағдайын одан әрі шиеленістіріп, күрделендіре түскенін анық байқауға болады.

Шіркеу реформасын жүргізіп, саяси өзгерістер жасауға құрылған бағдарламалардың көздеген мақсаты неміс елін папаның ықпалынан құтқару еді. Сондықтан реформаның мәні жөнінде әрбір әлеуметтік топ түрліше пікір білдірді. Дегенмен, шіркеуге реформа қажеттігін түсінген қоғамның оппозициялық түрлі топтары біраз уақытқа дейін ауызбірлік танытып, елде қоғамдық қозғалыстың күшеюіне қозғау салды.

Неміс гуманизмі және өзіндік ерекшеліктері. Шіркеуді қайта құру (реформация) дәуірі кезеңінде қоғамды идеялық жағынан даярлауда гуманистік қозғалыс маңызды орын алды. Неміс қалаларында буржуазиялық қатынастардың пайда болуы елде жаңа идеологияның қалыптасып дамуына қолайлы жағдай туғызды. XV ғасырдың орта шамасында-ақ неміс университеттерінің жас магистрлары мен тыңдаушылары, сондай-ақ әдебиетшілер, уағызшылар мен кезбе ақындар, халықтың әр түрлі топтарынан шыққан білімді адамдар арасында итальяндық гуманистердің үлгісінде антик авторлардың шығармаларын оқып-үйренетін үйірмелер пайда бола бас-

тады. Бұл үйірмелер университеттерде кең ауқымды мән беріліп оқытыла бастаған схоластикалық бағыттарға қарсы күрес жүргізіп отырды. Жаңа гуманистік ағым іргелі ғылымдардың дін ілімінен алшақ болғанын қалады. Немістің радикал гуманистері өз шығармаларында ғылыми дүниетаныммен бірге схоластикаға қарсы күрес, сондай-ақ дін, философия және мораль туралы абстрактілі сұрақтармен қатар оппозицияның көпшілік бөлігін толғандырып отырған неміс халқының ұлттық дамуы, папалық Рим және оның Германияны кемсітудегі агенттік қызметінің рөлі сияқты тағы да басқа мәселелерді де қарастырды. XV ғасырдың аяғы XVI ғасырдың басындағы гуманистік әдеби шығармаларда халық шығармашылығы мен фольклорға аса маңыз берілген.

XV ғасырдың II жартысынан бастап-ақ неміс гуманистері – Рудольф Агрикола (1444-1485), Яков Вимпфелинг (1450-1528), ақын-гуманист Конрад Цельтис (1459-1508) еңбектерінде ғылыми ілім, жоғары адамгершілік сапа, өмірге деген сүйіспеншілік ілімдерін насихаттай отырып, діни уағыздаушылар мен шіркеу қызметкерлерінің надандығы мен дөрекіліктерін әшкерелейді. Базель университетінің профессоры Себастьян Бранттың 1494 жылы неміс тілінде жарық көрген «Ақымақтар кемесі» («Корабль дураков») еңбе-

гі XV ғасыр аяғында жазылған гуманистік әдеби туындылардың тамаша үлгісіне айналды. С. Бранттың иллюстрациялы сатиралық бұл еңбегінде ақымақтар елі Наррагонияға бағыт алған кемеге ұмтылушы бір топ ақымақтардың іс-әрекеті баяндалады. Автор сол кезеңдегі герман қоғамындағы әр түрлі есерсоқ топ өкілдерінің өмірін ақымақтар тобының іс-әрекеті арқылы бейнелеуге тырысады. Сондай-ақ Бранттың бұл сатиралық шығармасында шығу тегінің «бекзаттылығы» жөнінде айттып, масайрап мақтанғанымен, қолдарынан не ерлік, не адамгершілік іс жасау келмейтін рыцарьлар мен «ақсүйектер» қылығы өткір әжуа етіледі.

Бранттың «Ақымақтар кемесі» еңбегінен соң Германия қоғамындағы саяси жағдайға тән үстем тап озбырлығы мен феодалдық қоғамның әділетсіздігіне қарсы халық наразылығы бейнеленген «Рейнеке-Лис» сатиралық поэмасы жарыққа шықты. Тюбинген университетінің профессоры, гуманист Генрих Бебель (1472-1518) мазмұны өткір «фациетий» жанрындағы қысқа новеллалар жазды. Автор бұл еңбегінде дін иелерінің мінез-құлдықтары мен схоластиканы және шіркеу догмасын сынады. Бебель «фациетийлерінің» ішінде антифеодалдық күрес сипатында жазылған еңбектер де кездеседі. Сондай шығармаларының бірінде корадан қой ұрлағаны үшін арты-

нан қуып келе жатқан шаруаларға қасқыр: адал еңбектерімен тапқан дүние, мал-мүліктерінді, тіпті жас қыздарың мен әйелдерінді де тартып алатын, өмірлерінді ойыншық етіп отырған феодалдар, князьдармен салыстырғанда менің бұл қылмысым түк те емес деп дауласады.

XVI ғасырдың басында өмір сүрген неміс гуманистерінің арасында «Германияның қос шырағы» атанған Эразм Роттердамский (1456-1536) мен Иоганн Рейхлин зор беделге ие болды. Голландия елінде туып, жастық шағын монастырьда өткізген Эразм Роттердамский 1493 жылы ғана монастырьды тастап, Нидерландия, Франция, Англия, Италия және Германияның түрлі қалаларында тұрып, итальян гуманистерінің шығармалары мен антикалық әдебиеттерді қызыға оқыды. Эразм Роттердамский өзін-өзі «Бар әлемнің азаматымын» деп атағанымен, оның әдеби қызметі неміс гуманистерімен тығыз байланысты болды. Сондықтан оның шығармаларында неміс гуманизмі мен неміс қалаларындағы прогресшіл күштердің идеологиясына тән ерекшеліктер көрініс тапты.

Эразмның ертеректе жазылған алғашқы шығармаларында-ақ ерікбостандығы, өмірдің барлық саласында теологиялық фатализмге қарсы гуманистік ой-пікірді дамыту үшін адамның ерік-белсенділігіне мүмкіндік жасау қажеттілігі жөнінде айтылды. XVI ғасырда жазыл-

ған сатиралық еңбектерінің ішінде Эразмның 1509 жылы жарияланған «Ақымақтықтың мадақталуы» («Похвала глупости») атты шығармасы ерекше орын алады. Э. Роттердамскийдің мұнан басқа 1518 жылы аяқталған «Үйішілік әңгімелер» («Домашние беседы») атты сатиралық еңбегінде сол тұстағы қоғамда орын алып отырған кемшіліктерді әзіл-оспақ арқылы өткір сынайды. Ол өмірдің барлық саяси, мәдени, діни саласында дерлік даракылық, парықсыздық, ойсыз догматиканың кең етек алғанын көрсетіп, қоғамдағы биік парасаттылық сапасының төмендігіне қынжылып, қайғырады.

Эразмның сатиралық нысанасына схоластикалық «ғылым», монахтар мен дін уағыздаушылары жiнi ілігеді. Ол жоғары католиктік клир, епископ, кардинал және папалардың оспадарлық қылықтарын сыпайы түрде анық жазды. Эразм Роттердамскийдің Мартин Лютерге дейінгі жазылған әр түрлі шығармаларында сол тұстағы қоғамда орын алған әлеуметтік және саяси тәртіп, халықтың басым бөлігінің қайыршылық пен қорғансыздық жағдайы, корольдар, князьдар мен феодалдардың саяси озбырлықтары мен тирандық қылықтары аяусыз әшкереленеді. Сонымен бірге Эразм билік басындағылар мен әскери күштердің мүддесі тұрғысынан ғана жүргізіліп, халықты қайыршылыққа киеліктіріп отырған өз заманындағы

соғыстарды да өткір сынайды. Алайда Эразм қоғамдағы орын алған кемшіліктер мен кеселдің себебін мемлекетті парасатты және әділетті негізде ұйымдастырып басқара алатын қабілетті билеушілердің болмағандығы деп көрсетті.

Католиктік шіркеудің әдет-ғұрып заңдарын, феодалдық идеологияны және бүкіл орта ғасырдағы көзқарастар жүйесін ажуалай отырып, Эразм буржуазиялық қатынастардың пайда болу негіздерінің объективтілігін жақтады. Сонымен қатар, сол тұстағы оппозициялық ой-пікірлердің пісіп-жетілмегендігін анық көре білді. Эразм өз сатирасының радикалдығына қарамастан, діни-шіркеулік принциптерді сақтауға тырысты, христиандық діннің рационалистік (ақыл-ой талабына негізделген) негіздерін сақтауды талап етіп, қандай да болмасын реформациялық көзқарастардың барлығына үзілді-кесілді қарсылық білдірді.

Германиядағы гуманистік мәдениеттің тағы бір ірі өкілі Иоганн Рейхлин (1455-1522) христиандық моральды гуманизммен ымыраластыруға және христиан дінінің құдайшылдық пен адамзат арасындағы байланыстың дәнекері екендігін дәлелдеуге тырысты. Сөйтіп ол жарық дүниенің маңызын жоғары бағалап, дінге ниет ету адамның өзіне байланысты екендігін мойындады. Рейхлиннің пікірінше, «христиандық идея» түсінігі әр түрлі кезеңдегі адам-

зат мәдениетінің ұғымына терең еніп, сіңіп кеткен. Христиандық туралы мұндай кең түсінік католиктік догмамен ешбір қиыспайды деп түсіндірді.

Эразм Роттердамский сияқты Рейхлин де католик шіркеуімен дау-жанжалдан бойын аулақ ұстауға тырысты. Ол өмірінің соңына дейін реформацияға қарсы болды. Бірақ оның обскуранттармен, яғни ғылым мен білімнің қас жаулары – реакцияшыл католиктік уағыздаушылармен жүргізген күресі мағынасыз айтыспен ғана шектеліп қалмады. XVI ғасырдың алғашқы онжылдығының соңына таман Рейхлинге обскуранттардың барып тұрған ең реакцияшыл әскери тобы – кельндік теологтармен ашық күрес жүргізуге тура келді. Сол кездегі Германияның алдыңғы қатарлы ақыл-ой иелері мен өздерін «рейхлиншілдерміз» деп жария еткен жас гуманистердің радикалды үйірмелері Рейхлинді жақтап шықты. «Рейхлин ісі» деп аталған күрес 1509 жылы император Максимилианның христиан дінінің дұшпаны ретінде еврей дінінің кітаптарын жою туралы жарлығынан кейін басталды. Бұл іске сарапшы ретінде шақырылған Рейхлин христиан дінінің бағалы дерегі болып саналатын еврей кітаптарын жоюға қарсы пікір білдірді. Бұл айтыс діни догматтардың тұжырымдарын сыни тұрғыдан түсіндіру мүмкін бе, әлде мүмкін емес пе деген күрес отын одан әрі өршіте түсті.

Гота қаласынан шыққан Муциан Руфтың жетекшілігімен Эрфурт университеті жанынан құрылған көрнекті гуманистер Ульрих фон Гуттен, Крот Рубиан және Эобан Гесс мүшелік ететін радикал гуманистер үйірмесі «Рейхлин ісінде» анағұрлым белсенді қимыл көрсетті. Үйірме мүшелері 1515 жылы өткір тілмен жазылған «Күдікті адамдардың хаттары» (Письма темных людей) атты сатиралар жинағын жария етті. Аса жоғары дарындылықпен құрастырылған сатиралар жинағында кельндік теологтардың дөрекілік, көргенсіздік адамгершілікке жат қылықтарын, бітіспейтін мағынасыз схоластикалық талас-тартысын, «асхана» төңірегіндегі түкке тұрғысыз айтыстармен ғана уақытын текке өткізіп жүргендіктерін әжуәлады. Анонимді түрде жарияланған мұндай «Хаттардың» белгілі авторларының бірі Эрфурт үйірмесінің көрнекті мүшесі Ульрих фон Гуттен (1488-1523) болды.

Рыцарь жанұясында дүниеге келген Гуттен монастырь тәрбиесіне беріледі. Он алты жасында монастырьдан қашып шыққан баланы әкесі үйіне кіргізбеген соң Гуттен кезбе ақын ретінде өмір кешеді. Гуттеннің алғашқы жазылған шығармаларынан-ақ оның гуманистік идеяға соншалықты терең берілгендігі және сол кездегі германияның үстем тап өкілдеріне деген оның жеккөрушілік сезімдері анық аңғарылады. 1513 жы-

лы Италияға барғаннан кейін Гуттеннің Римге қарсы әдеби күресі басталады. Гуттен папа Юлий II-нің адамгершілікке жат қылықтары мен халықты алдап индульгенция сату дағы әрекетін әшкерелеп эпиграммалар жазды. Германияда Гуттен өзімен бірге Италиядан алып келген итальяндық гуманист Лоренцо Валланың «Константиннің жалған және ойдан шығарылған аманаты туралы» («О ложном и вымышленном дарении Константина») атты шығармасын жария етті. Бұл еңбекте Римнің IV ғасырдағы билеушісі Константиннің папаға беріпті-мыс делінетін жалған аманатына сүйеніп, папаның діни билік жүргізудегі қулығы әшкереленеді. Гуттен итальяндық гуманистің бұл шығармасына Рим папасына қарсы саяси күрестегі маңызды құрал ретінде қарады. Дегенмен, Гуттеннің бұл саяси бағдарламасы неміс халқының арасында кең көлемде таныла алмады. Қалалық оппозицияның кейбір жекелеген бөліктерінің көзқарастарын қолдайтын көпшілік гуманистерге қарағанда Гуттен дворяндардың кедейленген төменгі бөлігімен, Энгельстің сөзімен айтқанда, тез қарқынмен құрып бітіп бара жатқан және өздерін құтқарудың жолын ескі империяны қалпына келтіруден іздейтін бөлігімен байланысты болды. Рыцарьлар идеологтары солардың ішінде көрнекті орын алатын Гуттен империяны қайта қалпына келтірудің өзі осы

әлеуметтік топтың – рыцарьлар тобының бұрынғы саяси рөлін қайта қалпына келтіреді деді. Рыцарьлықтың бұл саяси идеясы, әрине, сөзсіз реакцияшыл болды. Бірақ Гуттен рыцарьлықтың әскери жоспарын қолдағанмен, Рим папасы және оның агенттеріне қарсы Германиядағы патриоттық қозғалыстың жеңісінің нәтижесінде гуманистік идеяларды насихаттау табысқа жетіп, ғылым мен өнердің дамуы елдің ішкі күштерін

идеологиялық және материалдық жағынан Рим ықпалынан азат етуге жетелейді деп сенді.

Сонымен бірге Ульрих фон Гуттен қарама-қайшы пікір адамы ретінде танылады. Алайда оның реакциялық саяси жоспарларынан Германиядағы алдыңғы қатарлы ақыл-ой қозғалысына қызу қолдау білдіргені аңғарылады. Алайда Гуттен реформацияшыл қайраткерлердің арасында көрнекті орын алады.

Бақылау сұрақтары

1. Шіркеудің феодалдық құрылыстың сақталуына және нығаюына мүдделі болуының себебі неліктен?
2. Франция мен Англияға қарағанда Германияда феодалдық бытыранқылықтың сақталу себебі не?
3. Герман князьдарының басым бөлігінің реформацияға қолдау көрсетуінің басты себебін анықтаңыз.
4. XVI ғасырдың бас кезінде шіркеу орталықтарының күшеюу себептері қандай?
5. Орта ғасырларда феодалдық езгіге қарсы наразылықтың көбінесе католик шіркеуіне және оның іліміне қарсы күрестен көріну себебі не?
6. Өзін «Бар әлемнің азаматымын» деп атаған гуманист.
7. Э. Роттердамскийдің 1509 жылы жарияланған еңбегі.
8. XV- XVI ғасырлардағы Германия экономикасының ерекшелігі.
9. Гуманист Лоренцо Валланың еңбегінде папаның қылығы қалай әшкереленеді?
10. 1526 жылдан бастап Габсбургтер державасының құрамына қандай жерлер кірді?
11. 1494 жылы неміс тілінде жарияланған «Ақымақтар кемесі» еңбегінің авторы кім?

3.3. Швейцариядағы реформация. Еуропадағы контрреформация

1. XVI ғасырдағы Швейцария одағы
2. Ульрих Цвингли және оның ілімі
3. Цюрихтегі Цвингли реформациясы
4. Цюрихтегі реформация және оның қорытындылары

5. Кальвиндік реформация алдындағы Женева

XVI ғасырдағы Швейцария одағы. XVI ғасырда Швейцария одағына Базель, Шаффхаузен (1501) және Аппенцелль (1513) кантондары қосылды. Одаққа қосылған он үш толық құқылы кантонның 7-і қалалық,

5-і ауылдық, 1-аралас (Цуг) түрінде болды. XVI ғасырдың I жартысында Швейцария халқының саны шамамен 900 мыңға жетті. Одақ үшін нәтижелі аяқталған Шваб соғысынан кейін 1499 жылғы Базель келісімі бойынша империялық міндеткерліктерден босатылуы одақтың империямен байланысын әлсірете түсті. Кейбір кантондар мен олардың жеке топтары Австрия, Савой, тағы басқа елдермен жеке-дара одақ құрып отырды. 1516 жылы Франция королі I Францискмен жасалған келісім бойынша жалдамалы әскер мемлекеттік көлемде ұйымдастырылатын кәсіпшілікке айналады. Жыл сайын Франция мен басқа елдерден 80 мыңға жуық жалдамалы әскер жіберіліп отырды. Кантон өкіметінің жалдамалылар үшін төлейтін зейнетақы мен төлемдерінің мөлшері өте жоғары болды. Бір ғана Францияның төлейтін төлемінің мөлшері жылына 40-50 мың алтын экуоға жетті. Цюрих, Берн, Базельдің билеуші олигархтары бағынышты ауылдық кантондардың қарсылық білдіргеніне қарамастан, оларды жалдамалылыққа күштеп көндіріп отырды.

Швейцария одағы орталық өкіметінің тұрақты ұйымдары, жалпы ортақ ақшалары, біріккен әскери күштері және ортақ ту мен мөрлері болмаса да конфедерация болып қала берді. Одақтың Жоғарғы органы Тагзатцунг болды. Жоғарғы органның сессияларында ішкі және сыртқы

барлық саяси мәселелер қаралып маңызды шешімдер қабылданып отырды. Тагзатцунг одаққа бағынышты жерлер мен фогтардан сайланған кантондардың өкілетті депутаттарынан құралды. Жоғарғы орган сессиясы бір ауыздылық принципі негізінде жүргізілді. Даулы мәселелер туындаған жағдайда ара ағайын татуластырушылардың көмегіне жүгінді. Алайда Кантональды үкіметтің Тагзатцунгтің шешімдерін орындамайтын жағдайлары жиі кездесетін еді. XV ғасырдың аяғынан бастап шешімді дауыс Тагзатцунгтен Цюрихқа ауысып, Тагзатцунг құжаттарды ғана сақтап, шетелмен хат алмасу қызметімен шектеліп, депутаттары мәжілістерге төрағалық етіп отырды.

Кантондардың ішкі одағы, одақтық жерлер, фогтствалар олардың қалалық және ауылдық қауымдары саяси-әкімшілік жүйенің басты жетекшісіне айналып отырды. Қалалардағы басқарудың анағұрлым кең таралған түрлері Үлкен Кеңес, Кіші Кеңес, магистрат болды (ол бургомистрлер, шэфендер коллегиясынан, түрлі салалық комиссиялардан құралды). Екі кеңестің де депутаттар қатары негізінен патрициат және цех өкілдерінен құралды. Жаңа сайлау өткізбей-ақ ұйымның қызметкерлер құрамын толықтыру ісі (кооптация) кең қолданылып отырды. Магистраттар жыл сайын сайланып отырды.

Кіші Кеңес өкілеттігінің күшеюі Үлкен Кеңес жұмысының маңызын

төмендете бастады. Ауқатты шаруалар мен жалдамалы отряд офицерлерінен құралған шағын топ, селолық қауымдарды қарапайым құқық нормалары негізінде басқарып отырды. Алайда, олигархтардың демократиялық билікті тықсырып тежеп отыруы күнделікті қалыпты көрініске айнала бастады.

Ульрих Цвингли және оның ілімі.

Ульрих Цвингли 1484 жылы ауқатты ауыл (деревня) старостасының жанұясында дүниеге келді. Берндегі латын мектебін тамамдап, Вена және Базель университеттерінде курс оқуларын бітірді. Эразм Роттердамский және басқа гуманистермен тығыз байланыста болған ол 1506 жылы Гларус қаласында священник қызметін атқарды. Ол 1515 жылы полктың священнигі болып жүріп, Мариньяно түбіндегі шайқастың куәсі болады. Бұл қан төгіс соғыстың әсері оның жалдамалы әскер туралы пікірін өзгертіп, жеккөрініштілігін оятты. Осыдан соң 1516 жылдан бастап-ақ өзінің жеке реформациялық идеяларын тарата бастайды. Цвинглидің 1517 жылғы Лютердің сөзін тыңдап, ұлы герман реформаторының шығармасымен танысуы оның реформация жолына түсуіне түпкілікті ықпал етті. 1519 жылы Цвингли қасиетті діни қызметкер ретінде Цюрих соборына шақырылып, мұнда ол өзінің реформациялық-ағартушылық қызметін бастайды. Цвинглидің діни доктринасында тәңір құдіреттілігі

туралы жазылған қасиетті кітапты мойындау турлы жалпы реформациялық қағидаларды қолдап, ал шіркеулік иерархияны, монахтық өмірді, некеден безушілік (целибат), т.б. құдайға құлшылық етудің католиктік діни дәстүрлерін жоққа шығарды. Құдайдың құдіретті күші, тағдырдың алдын ала анықталуындағы тәңір күші түсінік идеялары Цвингли доктринасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Цвинглидің лютерандық діни ұғымдармен бірыңғай пікір ұқсастықтары болды. Лютерге ұқсас Цвинглидің ілімі папаның қаулыларына немесе схоластикалық теологтар тұжырымдарына сүйенбей, Қасиетті кітап пен таураттың қағидалары негізінде жазылды.

Ал Цвинглидің әлеуметтік-экономикалық және этикалық ілімдерінің лютерандықтан өзгеше тұжырымының негізі мынаны анықтап көрсетеді: адамдар құдайдың рақымшылдығымен иеленіп отырған бақыт, байлығын тақуалық құлықпен (дін тәртібімен) үйлестіріп тиімді пайдалана білгені абзал. Өзіңнен артық нәрсені өзгеге төлем құнысыз мәңгілікке немесе белгілі мерзімге беру керек. Бірақ өсімқорлықпен қарыз беру өкімет күзіреттілігімен заңдастырылып отырған жекеменшік қоғамда бұл ережелер орындалуға тиісті. Шаруаларды жеке бас тәуелділігінен айыру қажет емес. Бірақ олар белгіленген міндеткер-

ліктерін адал атқаруға, жалдамалы жұмысшылар жауапкершілікпен еңбек етуге, борышкерлер өсімқорлық ақысын (процент) төлеуге міндетті.

Цвинглидің пікірінше, жексенбі (воскресенья) жұмыс емес күн болып есептеледі. Бұл күн еш әрекетсіз, шарап ішіп қыдырыстау үшін емес, керісінше құдайға құлшылық етуге, балаларды имандылық пен әдептілікке тәрбиелеу үшін белгіленген. Бұл талап ережелер прогрессивті бюргерліктің, пайда бола бастаған буржуазияның армандарын орындап, еңбек адамдарын көнбістікке, төзімділікке баулады.

Қоғамның күнәлілігі мен тұңғыш күнә туралы библиялық дәстүрді мойындаған Цвингли мемлекет пен құқықтың қажеттілігі туралы қорытынды жасады. Қоғамдағы бұзықтық пен қылмысты бұлтартпас үшін үстем таптың еркі негізінде аксүйектік өкімет пен заңдар құрылған. Бірақ олар алдын ала жазылып қойылған құдайшыл заңдар негізінде жүзеге асырылып отырады. Бұлай етпейінше, заңсыз болып есептеліп, өкіметті ауыстыруға тура келеді. Аристотельдің саяси көзқарасының ізімен реформатор Цвингли де мемлекеттің жоғарғы түрі аристократиялық деп есептеді. Цвингли швейцариялық саяси шыншылдықты жақтады.

Цюрихтегі Цвингли реформациясы. Цвинглидің ілімі бюргерлік пен қалалық плебс, сондай-ақ Цю-

рих кантондарындағы және оның фогтсволярындағы шаруалар арасында қызу қолдау тапты. 1522 жылы магистрат оразаны, дін иелерінің некесіздігін (целибат) жою туралы жарлық шығарып, Констанцкий епископымен байланысын үзеді. Цвингли 1523 жылы қаңтарда жарияланған «67 тезисінде» реформа ісін магистрат қолына тапсыруды қолдайтынын жариялай отырып, аксүйектік өкіметке ешбір талаптанбайтынын, шаруалардың феодалдық міндеткерлігі туралы мәселелерге өзінің көнбістікпен қарайтындығын мәлімдеді. Ол балаларды шоқындыру, Цюрихтегі анабаптистерге қатысты келісімдерді өзінің қолдайтынын білдірді. Бірақ магистраттың өзі де қаланың кедейлері мен фогтсволярдың шаруаларын қанаушы болғандықтан, өзін өте сақ ұстады. 1523 жылы кантондағы шіркеу мен монастырьлық мүліктерге секуляризация жасалып, бірте-бірте монастырьлар жабылды. Бұрынғы монастырьлық шаруалардың міндеткерліктері өзгеріссіз сол қалпында қалды. Бірақ олардың міндеткерлігі қаланың қайырымдылық қажеттеріне жұмсалды. Мұның өзі шаруалар мен қала плебстерінің арасында жік туғызды.

1524 жылы Цвингли екі діни айттыстың жеңімпазы атанды. Цюрихтегі реформация Цвингли ілімінің негізінде табысты жүргізілді. Католиктік ғибадат етушілік тоқтатылды, икондармен католиктік табынушы-

лықтың басқа да бұйымдары шіркеуден аластатылды. Ал қарапайым адамдар екі бейне алдында тұрып діни жоралғылар жасай алатын болды. Сондай-ақ цвинглиандық рухы негізінде бірқатар әлеуметтік-саяси реформалар жүргізілді. Мәселен, өзге елдердің әскеріне жалдануға және зейнетақы алуға тыйым салынды. Магистраттағы орынның көпшілігі бюргерлікпен цехтағы прогресшіл топтардың өкілдеріне берілді. Енді кантонның барлық тұрғындары үшін цвинглиандық міндетті болып жарияланды. Реформалық шаралардың орындалуын бақылау жұмысы шіркеу ұйымы бағынатын магистратқа жүктелді.

Цюрихтегі реформация және оның қорытындылары. 1526 жылы Цюрихте аяқталған реформация ел ішінде кең таралып, 1528 жылы Берн мен Базельде жеңіске жетті. Берн округі шаруалары үшін магистрат құрамының демократиялануының үлкен маңызы болды. Ал Базельдің саяси құрылыс тәртібі өзгеріссіз күйінде қалды. Шаффхаузенде, Санкт-Галленде, Гларусте цвинглиандық орнатылып, ауылдық округтер мен фогтстваларда қалалар пайда бола бастады. Швейцарияның саяси – конфессиональды жағынан ыдырау нәтижесінде протестанттық (Цюрих, Берн, Шаффхаузен, Констанц) және Австриямен келісім жасаған католиктік (Швиц, Ури, Унтервальден, Люцерн және Валлис) одақтары қалыптасты.

Зор табыстарға қол жеткізген Цвингли Еуропа орталығында протестанттық кантондар мен империялық князьдықтардың ірі федерациясын құруды көздеді. Осы мақсатта 1529 жылы Марбургте ұйымдастырылған кездесу сәтсіз аяқталды. Өзінің діни-саяси көзқарасын табанды түрде қорғаған Лютер Цвинглимен келісімге келуден бас тартты. Мұнан кейін Цвингли кантондардың католиктік одағын талқандау үшін Каппельге армиясын жіберіп мақсатына жетті. 1529 жылы «Ақниет келісімі», («Белому миру») бойынша католиктік кантондардың Австриямен одағы таратылып, ал ортақ басқарылып отырған фогтстваларда реформация жүргізіле бастады. Алайда үкіметті озбырлықпен басып алды (узурпация) деп айыпталған Цвинглидің Цюрихтағы жағдайы қиындай түсті. 1531 жылғы екінші Каппель соғысы католиктік кантондардың одағын талқандау міндетін қойды. Бірақ шешуші шайқаста Цвингли әскері талқандалып, өзі мерт болды.

1531 жылғы екінші Каппель келісімі бойынша протестанттық кантондардың одағы таратылды. Өзге жерлер үшін «билік кімде болса, дін сонда» («чья власт, того и вера») деп аталатын іс жүзінде кейбір аймақтарды католицизмге киліктірген тәртіп орнатылды. Реформациялық қозғалыс орталығы енді Оңтүстік-Батыс Швейцарияға ауыса бастады.

Кальвиндік реформация алдындағы Женева. XVI ғасырдың отызыншы жылдары Женева шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Елдегі экономикалық ауыр жағдаймен бірге халықтың төменгі бөлігі және бюргерлер тобының прогрессивті күштері бірігіп, герцог Савойи мен Женева епископының езгісіне қарсы күреске шықты. 1520-1526 жылдары елде етек алған жаппай халық толқуларының нәтижесінде Женева епископы ақсүйектік биліктен айырылды. Женеваның маңызды стратегиялық сауда жолдарының бойында орналасуы Францияның қызығушылығын туғызды. Женева Францияның бұл әрекетіне жауап ретінде Берн, Базель, Цюрихпен одақтық байланыс орнатып, «реформа партиясы» қызметін жандандырды. 1524 жылы Лион көтерілісі талқандалғаннан кейін Женеваға реформацияны жақтаушы француз босқындарының үлкен тобы келді. 1528 жылғы ақпандағы айтыста Француз уағызшылары Фа-

рель және Фромен бастаған реформация жақтастары жеңіске жетті. Бірақ осыдан кейін 1532-1536 жылдары католиктер мен реформаторлар арасындағы талас-тартыстар күшейіп, бірнеше шіркеулерді басып алған реформаторлардың іс-әрекеттері икондарға қарсы күрес актілерімен қатар жүргізілді. Елде інжілдік қауым (евангелическая община) қалыптасты. 1535 жылғы айтыстағы Фарельдің жеңісінен кейін католиктік билік өзгертіліп, епископпен оның сарайындағылар Женеваны тастап шығуға мәжбүр болды. 1536 жылы қалалық кеңес ресми түрде інжілдік діни сенімдерді енгізуге, тәркіленген (конфискацияланған) монастырьлық мүліктерді қайырымдылық шараларға пайдалануға шешім шығарды, көшелерде ән айтып, би билеуге тыйым салынды, жексенбі күндері ғана мерекелер өткізуге рұқсат етілді. Жексенбілік уағызға келмегендер үшін айып салынып, жаза қолданылатын болды.

Бақылау сұрақтары

1. Швейцария одағының жоғарғы органы қалай аталды?
2. Цвинглидің реформациялық идеялары.
3. Қалаларды басқарудың түрлері туралы сипаттаңыз.
4. Қай жылы Цвингли екі діни айтыс жеңімпазы атанды?
5. 1531 жылғы екінші Капелль соғысының нәтижесі.
6. Цвинглидің жарияланған «67 тезисінің» мазмұны.
7. 1524 жылы Лион көтерілісі талқандалғаннан кейін Женеваға кімдер келді?
8. Цвинглидің реформациялық-ағартушылық қызметі қашан басталды?
9. Кантондардың протестанттық одағы қашан таратылды?

10. Қай жылы Цвингли әскері талқандалып, өзі мерт болды?

11. Цвинглидің лютерандық діни ұғымдармен қандай пікір ұқсастықтары болғанын анықтаңыз.

3.4. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Италия

1. Италия соғыстары (1494-1559 жж.)

2. XVI-XVII ғ. I жартысындағы Италияның саяси картасы

3. Италиядағы реформация және контрреформация

Италия соғыстары (1494-1559 жж.). Саяси бытыраңқылық жағдайындағы Италияның құнарлы бай жерлері жетіжылдық соғыстың аяғына дейін-ақ француз дворяндарының назарын аударып отырды. VII Карл одан кейін VIII Карл да әскери рыцарьлардың Апеннин түбегіндегі жорықтарына қолдау көрсетіп отырды. Өйткені түбектің құнарлы жерлеріне ие болу дворяндардың байлығын арттырып қана қоймай, Шығыс Жерорта теңізіндегі Франциялық көпестердің саудадағы бәсекелестігін шектеуге де мүмкіндік беретін еді. Олардың бұл әрекетіне XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Анжуй әулеті, кейін 1442 жылдан Неаполитан корольдігін «Анжуй мұрагерлігі», яғни Арагон әулетінің билеп тұруы негіз болды. 1494 жылы «Анжуй мұрагерлігін» француздарға қайтаруды сылтау еткен VIII Карл әскерінің (1494 жылы Неаполь королі

қайтыс болғаннан кейін тақтың орны бос тұрған еді) Италия территориясына баса-көктеп кіруі Еуропаның түрлі аймақтарында ұзаққа (65 жыл) созылған қырғын соғыстың бастамасына айналды. Бұл соғыс театрына Апеннин түбегінің негізгі бөлігі қамтылды. **Ұзақ мерзімге созылған италия соғысы екі ірі кезеңге бөлінеді: 1494-1513 жж.** (VIII Карл және XII Людовиктің жорықтары) **және 1515-1559 жж.** (I Франциско мен II Генрих әскерлерінің император V Карл Габсбург пен испан королі II Филиппен жүргізген соғыстары).

1494-1495 жылдың күзі мен қысында Неаполитан корольдігін қырып-жойып, 1495 жылы ақпан айында Неапольді басып алған француз әскерлерін жергілікті халық испандық езгіден азат етушілер ретінде қарсы алды.

Италиялық мемлекеттердің өзара алауыздық саяси күресі VIII Карл жорығының табысты аяқталуына септігін тигізді. Алайда арада бірнеше ай өткеннен кейін-ақ VIII Карлдің қатыгездік тонаушылық саясаты көпшіліктің наразылығын туғызды (көптеген жерлер мен сарайлар француз дворяндарына үлестіріліп берілген еді). 1495 жылы көктемде Апеннин түбегін басқыншылардан азат ету мақсатында папа Венеция, Ми-

лан, Испания және герман императорымен одақтасып, «Қасиетті лиганы» құрды. Сол жылдың күзінде «Қасиетті лига» әскерімен болған қантөгіс шайқастан кейін VIII Карл аман қалған шағын гарнизонымен Италияны тастап шықты.

Француз басқыншыларынан кейін түбектегі дау-жанжалдардың шиеленісіп өршуі саяси күштердің қайта топтасуы мен жекелеген итальяндық мемлекеттердің ішкі саяси бағыттарының өзгеруіне алып келді. Мәселен, Миланмен қырқысып отырған Венеция Франциямен одақтасуға тырысты. Папаның Тосканаға қызығуынан сескенген және флоренттік үстемдікке қарсы шығып отырған Пизаны ыркына көндіруді ойлаған Флоренция да бұл одақпен жақындасып ымыраласуға ұмтылды. Қалыптасқан осы қолайлы жағдайды пайдаланып Францияның жаңа королі XII Людовик 1499 жылы күзде Италияға жорық ұйымдастырды. Жорық нәтижесінде Милан, кейін Ломбардия жері түгелдей француздар қолына көшті. Миланға қарсы соғыста Францияға Венеция және бүкіл Романье жерін басып алған өте сақ саясаткер, баласы Чезаре үшін француздардың көмегімен мемлекет құруды көздеген IV Александр Борджиаға папа қолдау көрсетті. Осы жағдайды пайдаланып Италиядағы үстемдігін күшейтуді көкसेген XII Людовик жаңа қадамдар жасауға көшті. 1500 жылы ол Неаполитан

корольдігін бөлісу жөнінде Испаниямен келіссөз жүргізді.

Басқыншыларға қарсы халық бұқарасы батыл қарсылық көрсеткенмен, оқшау жағдайда қалған Неаполитан корольдігін 1502 жылдың көктемінде испан және француз әскерлері бөліске салады. Осылайша екі ірі империяның қол астына өткен түбектегі жергілікті итальян мемлекеті Франция мен Испания билеушілерінің арасында бұралаң саясат ұстанып, әр түрлі лигаға қосылып отырды. Итальяндық саясатта, әсіресе Венеция мен папа белсенді роль атқарып отырды. Венеция Ломбардиядағы иелігін кеңейтіп Апулия, Бриндизи, Трани және Отранто қалаларын иемденіп, Чезаре Борджиа үкіметі құлатылғаннан кейін Романьеға үстемдік етті. Алайда Венецияның бұл әрекеті көптеген итальяндық мемлекеттердің наразылығын туғызды. Венеция үшін қалыптасқан осы қолайсыздықты пайдаланып, II Юлий папа 1504 жылы Франция, Испания және империяның қатысуымен антивенециялық одақ құрады (ол 1508 жылдан бастап Камбрей лигасы деп аталды). 1509 жылы Венеция Камбрей лигасы әскерінің шабуылынан жеңіліп, нәтижесінде басқыншылардың тонаушылығына қарсы халықтың жүргізген күресіне қарамастан (әсіресе Падуя), Солтүстік Италиядағы қалаларының көпшілігінен айырылады. Сонымен қатар Венеция Оңтүстік Италия тер-

риториясы мен Романьеден бас тартатындығы жөнінде папамен және Испаниямен келісім жасауға мәжбүр болды. Осыдан соң көп кешікпей папа Ломбардияға орныққан француз және империя әскерлерімен күресу үшін Венециямен одақтасты. 1511 жылы папа «варварларды қуып шығу» ұранын көтеріп, бірқатар солтүстік италия қалаларын Испания елі кіретін «Қасиетті лигаға» біріктірді. 1512 жылы сәуірде Равенна түбіндегі кантөгіс шайқаста негізгі күші испандықтардан құралған Лига әскерлері француздардан жеңіліс тапты. Алайда француздардың жеңісі баянды болмады. Өйткені одақтасының герман императорының Лигасы жағына өтіп кетуіне байланысты XII Людовик Миланмен Ломбардиядағы қамалдарын тастап шығуға мәжбүр болды. Папа II Юлий Флоренцияны бағындырып және олардан контрибуция алудағы табысты еңбектері үшін испан-швейцар әскерлерін марапаттауға келісімін берді. Флоренция билеушілері катыгездік тонаушылықтың алдын алып, 1513 жылы наурызда контрибуция төлеуге және Медичи үкіметін қалпына келтіру туралы папаның талабын орындауға келісім берді. Италия соғыстарының бірінші кезеңінде Флоренцияның жаулаушылық саясаты күйрегенмен, Апеннин түбегіндегі Испанияның ықпалы өсетүсті. Италияндық мемлекеттер сол бұрынғыша шетел басқыншыларына

бірігіп одақ құрып, күш біріктіре алмады.

Жаңа папа X Левтің Испаниямен достық одағының күшеюінен сескенген Венеция 1513 жылы Франциямен келісім жасады. 1515 жылы Мариньяно түбіндегі шайқаста король I Франциско бастаған француз-венециандық әскерлер швейцарлықтарды талқандап жеңді. Соғыстағы жеңістің нәтижесінде Франция Миландағы үстемдігін қайта қалпына келтірді. Ал Венеция Камбрей лигасымен болған соғыста айырылған Солтүстік Италиядағы иеліктерін қайтарып алды. Осылайша Апеннин түбегі төрт ықпалды аймақ сферасына бөлінді: түбектің солтүстігіне Венеция мен Франция, Орталық Италия папаның ықпалында, ал оңтүстік аймақ Испания үкіметінің қол астына қарады. 1519 жылы испан королі I Карлдың V Карл деген атпен Германия императоры болып сайлануына байланысты саяси жағдай шұғыл өзгере бастады. Апеннин түбегіндегі үстемдік үшін Франция мен империя арасындағы бақталастық күрес күшейе түсті. I Франциско түбектің орталық аудандарымен байланысқа қолайлы Солтүстік Италиядағы стратегиялық маңызды орталық Миланды иеленуге тырысып бақты. Ал император француздарды Италиядан қуып шығып, өз үстемдігін орнатуды көздеп отырды.

1521 жылы көктемде I Францисконың V Карл әскеріне қарсы

бастаған соғысы үздік-создық жеңістермен 1525 жылдың ақпан айына дейін созылды. Павии түбіндегі шайқаста француз әскері жеңіліске ұшырап, корольдің өзі тұтқынға түсті. Соғыстан титықтап шаршаған екі жақ күресін тоқтатты. Осы кезде испандықтарды түбектен қуып шығу мақсатын көздеген Венеция үздіксіз соғыс пен шетелдік басқыншылардың жүгенсіз әрекетінен әбден шаршаған герман мемлекетін біріктіруге белсене кірісті. Италияның ірі Венеция, Папа облысы, Генуя, Флоренция, Милан мемлекеттері Франциямен одақтасып, 1526 жылы Коньяк лигасын (Коньяк қаласының атымен аталған) құрды. Алайда лига мүшелерінің арасындағы дау-жанжал салдарынан Ломбардиядағы соғысты дұрыс ұйымдастыра алмағандықтан, 1527 жылы көктемде Миланнан айырылып тынды. Бұл біріккен испан және империя әскерлерінің жолындағыларды қансырата қырып-жойып, Римге қарай жылжуына мүмкіндік жасады. 1527 жылы 6 мамырда Рим қаласының төрт мың тұрғынының бастары кесіліп, үйлері тоналып, шіркеулер мен антикалық ескерткіштер қиратылды. Римді талқандауға қатысқан жалдамалылар арасында католиктік орталыққа діни фанаттық тұрғыдан соққы беруші протестанттар аз болмады. Осы қайғылы оқиғадан кейін I Франциско V Карлге қарсы соғыс әрекетін күшейтіп, 1528 жылы жазда Неопо-

литан корольдігінің едәуір бөлігін жаулап алды. Алайда француз әскерлерінің арасында жұқпалы оба ауруының таралуына байланысты бұл табысты жорық ұзаққа созылмады. I Франциско 1529 жылы тамызда Камбре бітімін жасауға мәжбүр болды. Бітім бойынша V Карл Италия королі атанып (1530 жылы папа оған тәж кигізді), Неополитан корольдігіне ие болды. Осыдан кейін 1559 жылғы Като-Камбрези бітіміне дейінгі соңғы отыз жыл бойына Италия империя мен Франция арасындағы бақталастық күрес аренасына айналып қала берді. Ал жергілікті билік олардың арасындағы саяси ойындар қауқарсыз фигуралары болып отырды. Като-Камбрези бітімі Испанияның Апеннин түбегіндегі билігін күшейтті. Өзара қырқысып біріге алмаған Италия мемлекеттері үшін жарты ғасырдан астам жүргізілген соғыстың зардабы аймақтағы жерлердің қаңырап бос қалуына, сондай-ақ зор заттық шығындарға ұшыраған халықтың қайыршыланып, кедейленуіне алып келді.

XVI-XVII ғасырлардың I жартысындағы Италияның саяси картасы. Кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Италия бытыраңқылық жағдайда қала берді. Италия соғыстарынан кейін ел территориясының жартысынан астам бөлігіне Испанияның билік етуі Апеннин түбегіндегі мемлекеттердің бірігуіне қосымша кедергі болып отырды. Милан гер-

цогтығы құрамына Сицилия және Сардиния аралдары кіретін Неаполитан корольдігі, Тосканадағы (Тиррен теңізі жағалауы) шағын иелік Испанияға қарады. Италияның ірі мемлекеттерінің ішінде Савой герцогтігі (оған Савой, Пьемонт және Ницца кірді), Корсика аралы мен Лигурийск жағалауының солтүстік бөлігіне иелік ететін Генуэзск республикасы, Адриат теңізінің шығыс жағалауындағы және Ломбардияға иелік етуші Венеция республикасы, орталығы – Флоренция Тоскана герцогтігі, Папа облысы дербестігін сақтап қалды. Көптеген шағын мемлекеттер: Парма, Пьяченца, Модена, Мантуя, Феррара, Урбино герцогтықтары, Монферрат маркграфтығы, Лукка және Сан Марино республикаларының тәуелсіздігі сөз жүзінде ғана сақталды.

XVI-XVII ғасырдың алғашқы жартысында Италияның ірі мемлекеттерінде, әсіресе Савой және Тоскана герцогтықтарында орталықтандыру саясаты табысты жүргізілді. Бұл аймақтық консолидация (бірігіп нығаюы) Италия елінің бірігу жолындағы алғашқы ірі кадам болды. Алайда өте баяу көрініс тауып ұзаққа созылған бұл бірігу үдерісі Италияда тек XIX ғасырда ғана аяқталды.

Италиядағы реформация және контрреформация. XV ғасырдың соңғы онжылдығында Италияда басталған реформация алды қозғалысы Джироламо Савонарола есімі-

мен байланысты болды. Қоғамды моральдық тазарту идеясы, діни жаңартулар жасау мен шіркеулерді реформалау XVI ғасырдың алғашқы онжылдығында әр түрлі топ өкілдерін ойландырған ортақ мәселе еді. Шіркеу саясаты (әсіресе, папаның ашкөздікпен Италия мемлекеттерінің ісіне араласып отыруы) сарай төңірегіндегілер мен көпестер арасында наразылық туғызды. Ел ішінде (әсіресе шаруалар арасында) ортағасырлық вальденстер мен альбигойлық ерестер дәстүрі кең таралып отырды. XVI ғасырдың алғашқы онжылдығында Италияда кең таралған анабаптистер мен анти-тринитарилер идеясы қарапайым халықты өзіне тартушы күшке айналды. Әсіресе, Оңтүстік Италияда антипапалық, антииспандық сипатта кең көлемде өрістеген бас көтерулер күшейді. Неаполь қаласы реформациялық қозғалыстың басты орталығына айналды. XVI ғасырдың 30-жылдары шіркеу иерархиясын өзгерту қажеттілігі туралы тезисті жақтаушы реформаторларды қолдап, христиан дінін гуманистік көзқарас негізінде ұғынатын Хуан де Вальдес үйірмесінің қызметі кең таралды. Меланхтонның шіркеуге қарсы көзқарасын жақтаушы белгілі дін қызметкері Бернардино Окино халық арасында Вальдес идеясының кең таралуына күш-жігерін жұмсады.

Лукка, Флоренция, Венеция және Феррар, т.б. қалаларда реформа-

циялық қозғалыс ошақтары пайда болды. Сонымен қатар, бір жағынан, протестанттық доктриналар – лютерандық, кальвинизм, цвинглиандық, Меланхтон ілімі және италияндық негіздегі «философиялық ерестер» Италия қоғамындағы гуманистік интеллигенциямен бірге көзі ашық алдыңғы қатарлы топ өкілдерінің қызығушылығын туғызды. Міне, сондықтан діни және философиялық идеялардың өзара тығыз байланыстылығымен реформациялық теорияларға гуманизмнің ықпалының болуы Италия реформациясына тән басты ерекшеліктердің бірі ретінде көрінді. Екінші жағынан, реформациялық қозғалыс идеясы көптеген ұсақ колөнершілер, саудагерлер, қала кедейлері тарапынан қолдау тауып отырды. Олар өздерінің арасында секталар құрып, уағыздар айтып, ал діни идеялар жөнінде әлеуметтік интерпретациялар (түсініктер) беріп отырды. Реформациялық ілімнің теориялық мәнін ұғыну аристократтар, ірі саудагерлер, интеллигенция өкілдерінен құралған үйірмелерге тән болғандықтан, олардың нақты идеялық бағыты болмады. Италияда реформациялық күштердің ірі әлеуметтік қозғалысқа ұласа алмай бытыраңқы болуы Тридент соборынан кейінгі белсенді шабуылға көшкен шіркеудің жеңісін жеңілдете түсті.

XVI ғасырдың екінші жартысында Италияда кең таралған контрреформация реформациялық қозғалысқа ғана емес, сонымен бірге қайта өрлеу дәуіріндегі ақсүйектік мәдениеттің дамуына да шектеу қойды. 1559 жылдан «тыйым салынған кітаптар» заңы бойынша қайта өрлеу дәуірінің көптеген көрнекті шығармаларының («Декамерон», Боккаччо, Валла, Макиавелли, Аретино, т.б.) таралуына тыйым салынды. Иезуиттер ордені контрреформацияның күшті құралына айналды. 1542 жылы испан үлгісінде енгізілген инквизиция соты өзінің аса қаталдығымен ерекшеленді. Инквизиция отына халықтық ерес уағызшылары, протестантшылдық пен ақсүйектік еркін ойдың жақтаушылары, сондай-ақ кейінгі орта ғасырдың көрнекті ірі ойшылдары Джордано Бруно және Джулио Чезаре Ваннини тасталды. Көптеген гуманистер мен реформаторлар Швейцария және басқа еуропалық елдерге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды.

XVI ғасырдың аяғы XVII ғасырдың алғашқы онжылдығында Италияда католиктік реакция орнығып, еркін ойдың ошақтары аяусыз талқандалып отырды. Бірақ мәдениет пен ғылым дамуына тежеу болған осы ортағасырлық қиын кезең Бруно, Галилей, Кампанелла сияқты данышпан ойшылдарды шығарды.

Бақылау сұрақтары

1. XII Людовиктің Италияға жорығы.
2. Италия соғыстарының кезеңдері.
3. Италияда басталған реформация алды қозғалысы кімнің есімімен байланысты болды?
4. Шіркеу саясаты кімдердің наразылығын туғызды?
5. Ел ішінде ортағасырлық вальденстер мен альбигойлық ерестер дәстүрі кімдердің арасында кең таралып отырды?
6. «Тыйым салынған кітаптар» заңы қай жылы енгізілді?
7. Реформациялық қозғалыс ошақтары қай қалаларда пайда болды?
8. Қай жылы I Франциско Камбре бітімін жасауға мәжбүр болды?
9. Мариньяно түбіндегі шайқас қай жылы болды?
10. Коньяк лигасы кімдердің арасында құрылды?

3.5. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Англия

1. Ағылшын абсолютизмі және оның ерекшеліктері
2. Англиядағы реформация
3. Тюдорлардың ішкі саясаты
4. Отарлық экспансия

Англия абсолютизмі және оның ерекшеліктері. Англия елі 1485-1603 жылдар аралығында Тюдорлар әулетінен шыққан корольдер билігінде болды. Өкімет билігін нығайтып алған корольдер шексіз билікке қол жеткізді. Король өкіметінің күшеюіне қарсылық білдірген ірі феодалдармен VII Генрих қатаң күрес жүргізіп отырды. Елдегі ақсүйектердің қарулы жасақтарын тарату туралы король заңының орындалуын бақылайтын орган ретінде құрылған «Жұлдыз палатасы» саяси сенімсіздер істері жөніндегі король

сотына айналып, король абсолютизмінің жауларын аяусыз жазалап отырды. XVI ғасырдың бірінші жартысында Лондонмен байланысы нашар дамыған шеткері аймақтар Уэльс, Корнуолл және солтүстік графтықтарда король өкіметінің билігі күшейтіліп, арнайы басқару мекемелері құрылды.

Басқа елдердегі абсолюттік монархиядан **ағылшын абсолюттік монархиясы үш түрлі ерекшелігімен өзгешеленді.** Біріншіден, жергілікті жерлердегі тюдорлардың бюрократтық билік аппараты әлсіз болды. Сондықтан сословиелік монархия тұсындағыдай король саясатын жүргізуші жергілікті билік маңызын жоймады. Графтықтар мен қалалардағы маңызды лауазымды қызметтер джентри мен қалалық буржуазиялық жоғарғы топ өкілдеріне беріліп отырды. Екіншіден, Тюдорлар әулеті өздерінің өкімет билігін күшейту үшін

парламентті де пайдаланды. Өйткені ұсақ және орташа дворяндар мен қаланың билеуші топтарынан құралған парламенттің төменгі палатасы король өкіметін жақтап отырды. Тюдорлардан үлкен жер үлесін алып отырған аристократия өкілдерінен құралған жоғары палата да король заңдарын бекітуге мүдделі болды.

Ағылшын абсолютизмінің бұл екі ерекшелігі XVI ғасырдағы корольдің абсолюттік билігіне қарсы болған ірі феодалдық күштердің Қызғалдақ пен Сарғалдақ соғысынан кейін және Тюдорлар әулеті жүргізген репрессияның нәтижесінде әлсірегенін, ал қалыптасқан жаңа екі тап буржуазия мен дворяндардың король билігін қолдайтындығын анық көрсетеді.

Ағылшын абсолютизмінің үшінші ерекшелігі тұрақты армиясының болмауы еді. Тюдорлар өз мемлекетінің географиялық орналасу жағдайына қарай күшті әскери флот құруға баса көңіл аударып отырды. Ал ағылшын армиясы корольге жәнтәнімен берілген мүлкіне қарайғы еріктілер есебінен құрылған байырғы жасақтық сипатын сақтап отырды.

Англиядағы реформация. VIII Генрих кезінде басталған Англиядағы шіркеу реформасы Тюдорлар тұсындағы абсолютизмді нығайтудың маңызды құралына айналды. VIII Генрихтың алғашқы әйелі V Карлдың туысы Екатерина Арагонскиймен ажырасуына Рим папасының келісім бермеуі шіркеу реформасын

жүргізуге себепші болған еді. Рим папасының әрекетіне жауап ретінде ағылшын парламенті 1534 жылы Ағылшын шіркеуін Римге бағынудан босатып, «Суперматия туралы акт» негізінде король шіркеу басшысы деп таныды. **Реформациялық қозғалыстың негізінде ағылшын дворяндары мен қалалықтардың абсолютизмнің құралы ретінде ұлттық протестанттық шіркеу құруға, сондай-ақ шіркеу жерлері мен мүліктерін иемденуге деген ұмтылысы жатқан еді.** 1536-1539 жылдардағы парламенттік актілер бойынша Англиядағы барлық монастырьлар жабылып, олардың мүліктері мен жерлерін король конфискация жасады. 1545 жылы барлық шағын шіркеулер жабылып, олардың мүліктері король меншігіне айналды. Мұндай кәмпескелеудің нәтижесі дворяндар мен буржуазияның жер меншігін ұлғайтып, корольдің қазына байлығын арттыра түсті. Мол табыс тауып, жедел баюды мақсат тұтқан шіркеу жерлерінің жаңа иелері жердің бұрынғы тұрғындары шаруаларды қуып шығып, жерді жаңадан қоршап, жер салығын өсірді.

Реформация қатаң террорлық жолмен жүргізіліп отырды. Ағылшындардың шіркеудің жаңа ұйымына толық бағынуы талап етілді. Шіркеудің негізгі принциптерін мойындамағандарды өлім жазасы күтіп тұрды. Халық бұқарасының жаңа шіркеуге қарсы наразылығынан қауіптенген VIII Генрих жұмысшы-

лар (мастеровойлар) мен күндік жұмыс істейтіндердің, жер иелерінің және үй қызметшілерінің өз беттерінше Библияны оқуына, түсініктеме берулеріне тыйым салды. Өйткені олардың мұны радикалдық сектанттық ілімдердің рухы негізінде ұғынып насихаттаулары мүмкін еді. Реформацияның белсенді қайраткерлері корольдік канцлер Томас Кромвель және реформациядан кейін Кентерберий архиепископы қызметіне ие болған Томас Кранмер болды.

VIII Генрихтың алғашқы некеден туған қызы V Карл Габсбургтың мұрагері Испанияның болашақ королі II Филиппке тұрмысқа шыққан католик дініне әбден берілген қызы Мария Тюдор (1553-1558) тұсында Англияда католиктік реакция кең канат жайып тұрды. Абсолюттік билік саясатына наразы дворяндардың, әсіресе Англияның экономикалық жағынан артта қалған аудандарынан шыққан топтардың қолдауына сүйенген Мария католиктікті қалпына келтіріп, Реформация қайраткерлерін қуғындап отырғаны үшін «Қанішер» атанды. Алайда Мария әкесінің тұсында тартып алынып, ақсүйектер иелігіне берілген шіркеудің мүлкі мен жерлерін қайтаруға батылы бармады. 1554 жылы Мария мен II Филипптің некелесуі туралы хабар жаңа дворяндар өкілі Томас Уайатт бастаған Кенттегі ірі көтерілістің басталуына себеп болды. Басым бөлігі кенттік шаруалардан құралған

10 мыңға жуық көтерілісшілер Англияны испандықтардың басқыншылық қаупінен қорғауды және корольдік билікті испандық пиғылдағы кенесшілерден тазартуды талап етіп, Лондонға қарай жылжыды. Бірақ Уайатт отряды Лондонға келіп жеткенмен, дворяндар мен қаланың бай тұрғындарының халық наразылығынан қорқып, сатқындық жасауы салдарынан көтеріліс жеңіліске ұшырады. Көтеріліс басшысы Уайатт дарға асылды. Алайда Англияның Испаниямен одақтасуына қарсы елде наразылық өсе түсті. Францияға қарсы соғысты тездету мақсатында Мария өзінің күйеуі II Филиппке ақша мен қару-жарак беріп көмектесті. Бірақ Англияның континенттегі соңғы иелігі Кале қаласы 1558 жылы француз әскерінің қолына көшті.

Марияның өлімінен кейін ағылшын тәжі VIII Генрихтың папа мойындамай қойған екінші некесінен туған қызы I Елизаветаға (1558-1603) берілді. Елизавета тұсында ағылшын абсолютизмі ерекше нығайып, күшейе түсті. Елизаветаның реформаланған шіркеуді қалпына келтіру әрекетіне дворяндар мен буржуазияның басым бөлігі қолдау көрсетіп отырды. Оның тұсында құрастырылған діннің ағылшындық символының («39 статья» деп аталған) түпкілікті редакциясын 1571 жылы ағылшын парламенті қабылдады. Реформацияның ағылшын шіркеуі католиктік және протестанттық шіркеулер

арасындағы біркелкі орта жағдайдағы ағым болды. Ұлттық сипат алған шіркеу абсолютизмнің тірегіне айналды. Шіркеулерде құдайға құлшылық ету ағылшын тілінде жүргізілді. Шіркеуге папаның үстемдігі жойылып, индульгенциялар мен иконды, шірімей сақталған өліктерді құрметтеу сияқты шіркеу ғұрыптарына тыйым салынып, діни мерекелер саны азайтылды. Сонымен бірге қайта құрудан кейінгі шіркеуде жер иелігі бар епископтардың діни басқару иерархиясы сақталып отырды. Бірақ шіркеуді корольдің өзі басқарды, дін иелері корольге абсолюттік монархияның мемлекеттік аппаратының бір бөлігі ретінде бағынды. Король қазынасының маңызды табыс көзіне айналып отырған ондық (десятина) салығы бұрынғы қалпында халықтан жиналып отырды.

Тюдорлардың ішкі саясаты.

Тюдорлар өздерінің таптық тірегі феодалдық дворяндар мүддесін қорғап отырды. Әсіресе, бұл олардың жерді қоршауды тоқтатып, шаруаларды феодалдық қоғамдық тап ретінде сақтау әрекеттерінен анық байқалды. Жерді қоршау феодалдық деревняларды қиратып, шаруалар наразылығын күшейтіп, қайыршылар мен қаңғыбастар санын көбейтіп, елдегі әлеуметтік дағдарысты бұрынғыдан да күрделендіре түсті. Сонымен қатар король қазынасына түсетін табыс көзін де азайтып отыр-

ды. Сондықтан Тюдорлар өздерінің Англиядағы барлық жердің жоғарғы сеньоры құқығын пайдалана отырып, қоршау саясатына қарсы бірқатар заң актілерін қабылдады. 1489 жылғы парламенттік акт қоршаулар кезінде үйлер мен мал қораларын бұзуға тыйым салып және 20 акрдан кем емес егістік жерлері бар усадьбалардағы бұзылған құрылыстарды қалпына келтіруді міндеттеді.

Сонымен қатар, Тюдорлар фермерлік аренданың ұлғаюын тоқтатуға әрекет жасады. VII Генрих тұсында стратегиялық маңызды аймақ Уайт аралындағы қоршау жөніндегі парламенттік заң бойынша жылдық табысы 10 марк (марка-2/3 ф. ст.) құрайтын бір фермадан артық ферма ұстауға тыйым салынды. Ал VIII Генрих тұсындағы 1534 жылғы парламенттік заң актісі бойынша Англияда арендаға екеуден артық ферма алуға және 2 мыңнан артық қой ұстауға тыйым салынды.

XVI ғасырдың бірінші жартысында қоршау жағдайларын бақылап отыратын және қоршау жөніндегі заң тәртібі ережелерін бұзушылар үшін жаза белгілейтін екі комиссия тағайындалды. XVI ғасырдың екінші жартысында да қоршау әрекеттеріне қарсы заңдар шығарылып отырды. Бірақ 1593 жылы шарбақпен қоршауды жақтаушылар тобының талабы бойынша Елизавета үкіметінің заңдарға тыйым салуы елде қоршаудың кең таралуына жағдай жасады. **Алай-**

да 1597-1598 жылдардағы егістік жерлер мен егіншілерді қолдау жөніндегі қабылданған жаңа заңда қоршауды тоқтату қажеттігі көрсетіліп, егістік жерді жайылымға айналдыруға тыйым салу және қоршау кезінде қирап, бүлінген шаруашылық усадьбаларын қалпына келтіру талаптары көрсетілді. Бірақ бұл заңның күші барлық графтықтарға бірдей таралып, әрекет ете алмады.

Шарбақпен қоршауға қарсы қабылданған заңдар осылайша нәтижесіз аяқталып отырды. Тюдорлар жерді қоршауды тоқтатып, дворяндардың жерге тұрақты феодалдық меншігі мен барлық артықшылықтарын сақтауға тырысты. Мұның өзі дворяндардың шаруаларды экспроприациялауын біршама жеңілдетті. Графтықтардағы және приходтардағы (христиандар шіркеуінің қарауындағы қауым, осы қауым адамдары тұратын жер) жерлерді қоршаушы – дворяндар қоршауға қарсы шығарылған заң актілеріне бағынбай, қоршау жағдайларын тексеруші комиссия жұмыстарына қарсы әрекеттер жасап отырды. Олар әр түрлі айла-тәсілдер арқылы қоршап алған жерінің және қоршау кезінде келтірген, яғни бұзылған үйлер мен қора-қопсы көлемін жасырып отырды. Сондай-ақ бұл актілердің орындалуын бақылап отыру үшін корольдің жергілікті дворян өкілдерінен тағайындаған әлемдік судьяларының өздері қоршауға мүд-

делі немесе бұрынғы қоршауға қатысқандар болып отырды.

VIII Генрих алым-салық жинайтын арнаулы палата құрды. Өйткені барлық дворяндар оның вассалдары сияқты өз жерлерін мұрагерлікке қамқорлыққа берген жағдайда алымдарды король қазынасына төлеуге міндетті болды. Бұл шаралар арқылы Генрих XVI ғасырдағы жердің буржуазиялық элементтер қолына қарқынды көшу жағдайында Англиядағы жер иеленудің феодалдық құрылымын нығайтуды, сондай-ақ корольдің табысын ұлғайту мақсатын көздеді.

Тюдорлар Англиядағы шұға тоқу кәсібін дамытып, сонымен бірге заңды түрде жүн иіру мануфактурасының өсуін тежеп, цехтық колөнердің құлдырауын тоқтатуға әрекет жасады. 1555 жылғы тоқымашылар туралы акт бойынша тоқымашының ауыл мен қалада тоқыма станогын ұстауға құқы болғанмен, станоктар санын шектеп ұстауға тиісті болды. Тағы бір акт қалалардан тыс жерлерде шұға тоқумен айналысуға тыйым салды. Елизавета қалалардағы цехтық колөнердің құлдырауын тоқтатып, селолық мануфактуралардың дамуын тежеуге тырысқанмен, шұға тоқитын мануфактуралардың өсуін тоқтату мүмкін болмады.

Дегенмен, осы кезде Тюдорлар теріс пиғылдағы аксүйектер бүлігін талқандай отырып, бүкіл елді қол астына біріктіріп, елдегі сауда-

ның дамуына кең жол ашып, сауда компаниялары үшін бірқатар жеңілдіктер қарастырды. Сондай-ақ, отарлық экспансия, кеме жасау және теңізде жүзу, құл саудасы мен теңіз қарақшылығын қолдап, қаңғыбастар мен қайыршыларға қарсы қатаң түрдегі заңдар шығарып отырды. Елдегі халық қозғалыстарын аяусыз жаныштап отырды. Олар отандық өндірістің дамуына қолдау көрсетіп, протекционистік шаралар қолданды. Елизавета билігі тұсында өндірістің барлық түрлерінің монополиялары мен патенттерін сату кең қолданылды. Сөйтіп, ақырында осы әрекеттердің барлығы өздерінің мүдделері үшін мықты монархиялық билікті қажет етіп отырған, жаңадан көтеріліп келе жатқан буржуазия мен оның одақтасы жаңа дворяндардың Тюдорлар абсолютизмін қолдауын қамтамасыз етті. Жаңа буржуазия мен жаңа дворяндардың осы қолдауына сүйенген Тюдорлар өкімет билігін нығайтып, бірқатар ішкі және сыртқы саяси мәселелерді шешуге қол жеткізді.

Қорыта айтқанда, Тюдорлар әулетінің саясаты қарама-қайшылықты саясат болды. Өйткені олар, біріншіден, феодалдық құрылыстың беріктігін сақтап отыруға тырысты, екіншіден, буржуазиялық элементтердің қызметіне қолдау білдіріп, қамқорлық жасап отырды.

Отарлық экспансия. XVI ғасырда король өкіметіне бағынбай жеке

дербес иеліктерге бөлініп бытыраңқы отырған Ирландияны Тюдорлар оңай бағындырды. Ирландия жері ағылшын дворяндары мен буржуазиясы үшін қанаудың маңызды объектісі және Англия елінің теңіздегі үстемдік үшін Испаниямен соғыстағы маңызды тірек пункт еді. Сондықтан олар Тюдорлардан бүкіл Ирландия жерінің ағылшын отарына айналуын талап етті. (XVI ғасырдың басында ағылшындар Пейл деп аталатын оңтүстік шығыс жағалауына ғана иелік еткен еді). 80-жылдардағы Елизаветаның бір хатында «Ирландияның оңтүстік және батыс жағалаулары гавандарға бай және бұл арал Еуропаның америкалық бөлігіне жақын орналасқан» деп жазған болатын.

Тюдорлардың алғашқы екі королі VII Генрих пен VIII Генрих Пейлдегі өкімет билігін нығайтып алғаннан кейін, ирландия парламенті ағылшын королінің келісімі негізінде шақырылып, Лондонда алдын ала қаралған заңдарды ғана талқылауға тиісті болды. 1541 жылы VIII Генрих өзін Ирландия королі деп жариялады. (XII ғасырда-ақ Рим папасы ағылшын короліне Ирландия лорды атағын берген еді.) Ортағасырлық Ирландиядағы католиктік шіркеудің табысы жылына 110 мың фунт стерлингке жетті. Ал елде елу алтыға жуық монастырьлар бар еді. Ирландиядағы ағылшын реформациясы және оның шіркеу

байлықтарын секуляризациялау ісі 1536-1541 жылдары Дублиндегі парламент арқылы жүргізілді. Бұл Тюдорлар үшін аралды түгелдей бағындырудағы маңызды құрал болды. Өкіметтің қудалауына қарамастан, ирландықтардың көпшілігі католик дінін ұстанып отырды. Ал бұл Рим мен Испанияның Англиямен күресі үшін өте қолайлы болды. Тюдорлар Ирландия графтықтарының жерінде ағылшындардың корольдік чиновниктері мен әскерилер штатын құрумен бірге көптеген алып қамалдар тұрғызды. Тюдорлар Ирландияны тонай отырып, оның XVI ғасырдағы феодалдық Англияға тәуелді болып отыруына ерекше маңыз берді. Сондай-ақ ирландықтарды жерлерінен жаппай экспроприациялап, (жерлерінен еріксіз айыру) ағылшын отаршылдарын орналастырды. Парламент Ирландия жерін алғашқы жаппай конфискелеуді 1557 жылы Дублинде Мария Тюдор тұсында жүргізді. Пейл графтығымен көршілес Лейк және Оффали графтықтарындағы ирландық көсемдердің және Пейл лордтарының арасындағы қақтығысты ағылшын өкіметі көсемдердің бүлігі деп жариялап, екі графтықтағы жердің бәрін конфискация жасады. Бұл конфискацияланған жерлерді тиімді шарттармен ағылшын әскери қызметшілері мен чиновниктеріне үлестіріп, ал ирландықтарға шөлейт жерлердің 1/3 бөлігін қалдырды. Ирландықтардың көтеріліс қаупі төнген

жағдайда жерлерін қорғау үшін әрбір ағылшын басқыншыларына қару ұстауға рұқсат етілді.

Елизавета тұсында ағылшын өкіметі Манстер провинциясында (Оңтүстік-Батыс Ирландия) граф Десмонд бастаған ирландықтарды ағылшындықтарға қарсы көтеріліске арандатып айдап салды. Көтеріліс аяусыз жанышталғаннан кейін көтерілісті сылтауратып 1586 жылы провинцияның ауқымды аймағында тұрып жатқан тұрғындар жерінің көп бөлігін (4-тен 12 мың акр дейін) ақсүйек өкілдері мен корольдің сүйіктілеріне үлестіріп, ағылшындарды қоныстандырып, феодалдық жер қатынастарының ағылшындық жүйесі негізіндегі шарттар бойынша бөліп берілді. Отаршылдықтың қатаң тәртібі «Отаршылдардың әрбір помещьесі ирландықтарға қарсы шағын әскери гарнизонға айналу керек» деп жазылып, ағылшындардың ирландықтармен некелесуіне де тыйым салынды. Ағылшын басқыншыларынан өз елін азат етуге тырысқан ирландықтар Тюдорлардың белсенді түрде жүргізген отаршылдық саясатына қарсы аяусыз күрес жүргізіп отырды. 1594 жылы Ирландияның солтүстігіндегі Ольстерде графтар Тирон мен Тирконель бастаған ірі халық көтерілісі басталды. Көтерілісшілер католиктерге дін бостандығын, лауазымды орындарға ирландықтардың да тағайындалуын және ағылшындар енгізген сауда саласындағы түр-

лі қысымдарды жоюды талап етті. Көтеріліс басшылары Солтүстік лиганы құрып, 16 мыңдық армияны әскери дайындықтардан өткізді. Осылайша көтерілісшілер Блекуотер өзенінде ағылшын әскеріне үлкен соққы берді. Көтерілісшілерге қолдау көрсетіп отырған Ирландияның оңтүстік аймағы Испаниядан ақшалай және әскери көмек алып отырды. Бұл ағылшындардың жағдайын одан әрі қиындата түсті. Елизавета көтерілісшілерге қарсы граф Эссекс бастаған 22 мыңдық армиясын аттандырды. Көтерілісті баса алмаған Эссекс келісім жүргізуге мәжбүр болды. Сол үшін ол Ирландиядан кері шақырылып, жазаға тартылады. Елизавета тағайындаған Ирландияның жаңа наместнигі Маунтджой ирландықтарға қарсы жойқын соғыс жүргізді, ағылшындар бейбіт халықты қырып-жойып, деревнялар мен егістік далаларға өрт қойды. Сөйтіп 1603 жылы көтеріліс аяусыздықпен талқандалды. Жаңа король I Яков Стюарт Ольстердің алты графтығының жерін конфискациялап, шаруашылықты ағылшын үлгісінде жүргізу шарты негізінде жердің көп бөлігін ағылшын мен шотланд отаршылдарына таратып берді.

Ағылшындар Ирландия жерін отарлап, конфискация жасағанмен, буржуазиялық аграрлық төңкерістің формасы бола алмады. Ирландияда ағылшын отаршылдарының ірі феодалдық жер иеленушілігі құрылды,

ал ирландықтар еріксіз жерлерінен айырылды, енді олар алғашқы қорлану кезіндегідей отаршылдық тонауға ұшырап, аса ауыр шарттармен ұсақ арендаторларға айналып отырды. Сөйтіп жаппай жерінен айырылып, отаршылдық тонау арқылы ирландықтар Англияның алғашқы қорлану көзіне айналдырылды. Экспроприацияланған ирландиялық шаруалардың басым бөлігі Англия мен басқа елдерге кетіп жалдамалы жұмысшыларға айналып отырды.

Ирландияны экспансиялап қана қоймай, ағылшын отаршылдары Америка құрлығына да көз тігіп отырды. Алайда Америкадағы отарлық иеліктерімен бірге, 1581 жылы барлық отарларымен Португалияны өзіне қосып алып күшейген Испания олардың бұл ойын жүзеге асыруға кедергі болып отырды.

XVI ғасырдың ортасынан бастап Англияның Испаниямен жүргізген күресі Испания отарларымен контрабандалық сауда жасау, Америкадан алтын мен күміс тасып отырған порттар мен кемелерге қарақшылық шабуыл түрінде көрініс тапты.

Ағылшын теңізшісі Елизаветаның атақты қарақшыларының бірі Френсис Дрейк 1578 жылы шағын эскадрасымен Магеллан бұғазы арқылы өтіп, Чили мен Перу жағалауларындағы испан қалаларын тонап, Еуропаға жөнелтуге дайындап қойған алтынның мол қорын тартып алады. Содан соң Дрейк Тынық мұхитын жүзіп

өтіп, Молукк аралдарына жетіп және Қайырымды Үміт (Добрая Надежда) мүйісін айналып, 1580 жылы Англияға үлкен олжамен оралады. Осылайша ол ағылшындардың ішінде ең алғашқы болып жер шарын түгел айналып шықты. Мұнан соң көп ұзамай сүйіктісі Уолтер Рэли патшайымның қолдауымен Солтүстік Американың шығыс жағалауын (Солтүстік Флорида) басып алды. Бұл Америкадағы алғашқы ағылшын отары еді, бірақ Англияның отарлауы ұзаққа созылмады. Дрейк Плимутқа оралғаннан кейін Елизаветаның рақымымен рыцарьлар дәрежесіне көтеріліп, Англиядағы бірқатар жер иеліктеріне ие болады.

Ал 1585 жылы адмирал шенінде Вест-Үндістанға әскери экспедицияны бастап барған ол Испанияның бірқатар отарлары мен көптеген кемелерін тонап, Англияға үлкен олжамен оралады. 1587 жылы Пиреней

түбегінің жағалауына жаңа әскери экспедициямен барғанмен, ол Лиссабонды ала алмады. Бірақ Кадисте тұрған испан флотының бір бөлігін жойып жібереді.

Елизавета өкіметі қарақшылар әрекетіне қолдау көрсетіп отырды. Англияда испандықтарға қарсы қарақшылар экспедициясын жабдықтайтын арнайы компаниялар құрылды. Мұндай компанияларға патша мен жоғарғы топ өкілдері жарна төлеп отырды. Испанияны орасан зор шығынға ұшыратып отырған қарақшылар экспедициясы жылына 3 миллион дукат көлемінде пайда түсіріп, Англия үшін алғашқы капитал қорының көзіне айналды.

1562 жылы ағылшын теңіз қарақшылары Африкадан Америкадағы испан отарларына негр құлдарды әкелу арқылы алғашқы ағылшын құл саудасының негізін салды.

Бақылау сұрақтары

1. Тюдорлар әулеті қай жылдары билік құрды?
2. XVI ғасырда ағылшын теңіз саудасының жедел өркендеу себебі не?
3. Көпестер сауда компанияларын қандай мақсатпен құрды?
4. Ағылшын буржуазиясының байлық жинау тәсілін фактілермен дәлелдендер.
5. Ағылшын дворяндары шаруаларды жерінен не себепті қуды?
6. Қоршаудың қандай салдары болғанын дәлелдеп көрсетіңіз.
7. Жаңа дворяндарды буржуазиямен жақындастырған не?
8. Үкімет кедейленген шаруаларды болмашы айлық төлейтін жұмысқа қалай көндірді?
9. XVI ғасырда тап күресінің шиеленісу себебі не?
10. Англияда XVI ғасырда шұға мануфактураларының қалаға қарағанда, деревняда көбірек құрылу себебін түсіндіріңіз.

11. Англияда XVI ғасырда өнеркәсіп өндірісінің қандай түрлерінің дамығанын анықтаңыздар.
12. Англия мен Испания арасындағы күрес қандай себептерден туды?
13. Ағылшын және Испан отаршылары әрекеттерінде қандай ұқсастық бар?
14. Англияның тұңғыш отарларын картадан табыңыз.
15. Ирландия халқының Тирон мен Тирконель бастаған ірі халық көтерілісі қашан басталды?

3.6. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Франция

1. XVI ғасырдағы Францияның экономикалық дамуы. Аграрлық құрылыс
2. Франциядағы абсолютизмнің қалыптасуы
3. Галликан шіркеуі. Реформация
4. Реформацияның буржуазиялық бағыты
5. Дворяндық бағыт
6. Нант эдикті
7. IV Генрихтың ішкі және сыртқы саясаты

XVI ғасырдағы Францияның экономикалық дамуы. Аграрлық құрылыс. XVI ғасырдың басында Франция халқының басым бөлігін тәуелсіз ұсақ жер иеленушілер құрады. Елде шаруа шаруашылығының цензива түрі кең таралды. Цензива иелері цензитарийлер өздерінің шаруашылықтарын сатуға, сыйлыққа беруге және мұрагерлікке қалдыра алатын құқықтық артықшылықтарын кеңінен пайдаланды. Осылайша цензива XVI ғасыр басындағы француз деревняларының тұрақты даму жағдайын қалыптастыруға септігін

тигізді. Шаруалар өз еңбегінің өнімділігіне тәуелді шаруашылық өндірісін дамытуға ынталы болды. Жекебас бостандығы бар цензитарийлермен қатар Францияның солтүстік және шығыс аймақтарында тәуелді шаруалар (сервтер, менмортабилер) болды. Шаруалардың саудамен байланысты жеке шаруашылықтарының өсуі, деревнядағы мүліктік және әлеуметтік жіктеліс капиталистік қатынастардың қалыптасуына қажетті қолайлы жағдайларды туғызды. Бірақ сол кезеңде бұл үрдістің дамуына ең алдымен дворяндардың жерге жекеменшік монополиясы, қоғамның сословиелік құрамы феодалдардың саяси үстемдігі тежеу болып отырды.

Франциядағы салық жүйесі алғашқы қорлану көзінің негізгі тетігіне айналды. XVI ғасырдағы шаруалар төлемдерінің ішінде мемлекеттік салық алдыңғы орынға шықты. Ауыр салық жағдайындағы цензива ақысымен бірге, ауылшаруашылық өндірісін жақсартуға жұмсалатын цензитарий шығындары шаруалар борышын көбейтіп өсіре түсті. Амалы таусылған шаруалар өсімқорлардан қарыз алуға немесе өзінің жер иелі-

гін сатуға мәжбүр болды. Ауыр алым-салық жағдайындағы цензива ақысымен бірге, ауылшаруашылық өндірісін жақсартуға жұмсалатын (жаңа жерлерді жыртып, батпақтан құрғату және құрал саймандар сатып алу) цензитарий шығындары үшін қарыз ақша алудың қажеттілігі шаруалар борышын көбейте түсті. Өсімқорлық енді деревняларға кең тарала бастады. Өсімқорлар жерді кепілге салу (ипотека) арқылы қарыз берушіге айналды. Бұл қарыз ақшаға төленетін пайыз займ бойынша жыл сайын есептелді. Ипотека әр түрлі мерзімге, тіпті мұрагерлік жолмен де белгіленіп отырды. Осылай шаруалар енді кепілдікке қойылған жер иесі ғана болып қалды. Тіпті бұдан басқа шаруалардың жерлерін енді көбінесе қалалықтар сатып алып, кейін қайтадан сол шаруаларға 5-10 жылға арендаға беретін болды. Осылайша белгіленген негізгі шарттар бойынша бұрынғы жер иесі енді өз жерінің арендаторына айналады да, қарапайым арендатор мен жарты пайдаға жұмыс істейтін шаруа өкілі пайда болады. Нақ осы кезеңде жерді феодалдық ереже арқылы ұстаудан капиталистік арендаға көшудің өтпелі формасы ретінде жерді жарма-жарлық әдіспен арендау кең таралады.

Ағылшын шаруаларын жерден жаппай қуу арқылы жүргізілген Англия экспроприациясынан ауыр алым-салықтар арқылы шаруалар ша-

руашылығын ыдыратып талқандау ісі Франциядағы экспроприациялау үдерісінің өзіндік ерекшелігі еді. Сондықтан Франциядағы алғашқы қорлану үдерісі де өзгеше сипатта көрініс тапты. Сөйтіп Францияның күйзеліске ұшыраған шаруалары арендатор немесе қаңғыбастар мен жалдамалы жұмысшылар санын көбейтіп отырды.

XVI ғасырдың 40-жылдарының басында Францияда қаңғыбастар туралы заң актілері қабылданды. 1547 жылы II Генрих (1547-1559) I Франциск (1515-1547) тұсында қаңғыбастарға қарсы қабылданған шаралардың заңдық күшінің әлсіздігін мойындауға мәжбүр болды. **1566 жылы қабылданған Мулен ордонансы XVI ғасырдың II жартысында қайырымды эдикттерді ауыстырған «Қаңғыбастарға қарсы қан құйлы» заңдардың бастамасына айналды.**

Дегенмен, XVI ғасырда Франциядағы аграрлық қатынастардың дамуы шаруаларды жаппай экспроприациялауға кедергі болып отырды. Алғашқы қорлану үдерісі қанаудың жаңа түріне сәйкес жартылай сипатта көрінді. Сонымен қатар баяу болса да экспроприацияның басталуы жаңадан туындап келе жатқан мануфактуралар үшін еңбекшілер қатарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Франциядағы абсолютизмнің қалыптасуы. XV ғасырдың ортасында қалыптаса бастаған абсолюттік

монархия дамуының маңызды кезеңі І Франциска билігімен сәйкес келеді. Францияның біріктірілуі аяқталып, король өкіметінің шексіз билігі орныққаннан кейін елдегі саяси өмірдің барлық маңызды мәселелері король төңірегіндегі аз ғана топтың (4-5 адам қатысқан) шағын мәжілістерінде шешіліп отырды. І Франциск тұсында Бас штаттар ассамблеясын шақыру тоқтатылып, парламенттің саяси ықпалын төмендетуге тырысты. Осы мақсатта парламентте талқыланатын мәселелерді корольдің жақын кеңесшілері, сарапшы заңгерлері мен хатшыларынан құралған корольдің Үлкен кеңесінің мәжілісінде қарау тәжірибесі енгізіле бастады. Салық жинау ісі орталықтандырылып, салық корольдің өзі құрған мекемесі арқылы жиналып отырды. Абсолюттік биліктің салық саясаты, табыстың қайнар көздерін көбейтіп, тікелей және қосымша салықты тұрақты түрде өсіріп отыруды көздеді.

Король өкіметі бірте-бірте жергілікті билікті де орталықтандыру бағытында жұмыстар жүргізе бастады. Әкімшіліктің бұрынғы өкілдерінен тұратын (балъилер, сенешальдар, прево және губернаторлар) муниципальды мекемелердің дербестігі шектеліп, оларды бірте-бірте неғұрлым орталықтың бұйрығын бұлжытпай орындап отыратын көнбіс мекемелер ығыстыра бастады. Губернаторлар жұмысын корольдің

жақын адамдарынан тағайындалған лейтенанттар алмастырды. Олардың қарауында тұрақты армия мен жалдамалы әскер, қамал гарнизоны, әскери қару-жарақ және амуниция (әскери қызметшілердің қару-жарақ, киімдерінен басқа керек-жарақтары сақталатын) қоймалары болды. XVI ғасырдың аяғында аймақтарда орталық өкіметтің жаңа арнаулы чиновниктері (агенттер) – интенданттар пайда болды. Франция абсолюттік монархиясының басты ерекшелік белгілері бюрократиялық аппарат осылай қалыптасты. Феодалдық аксүйектер мен қалалар дербестігіне (сепаратизм) қарсы күресте монархиялық абсолюттік биліктің нығаюы үшін елдегі бюрократия позитивті маңызды рөл атқарды. Басым бөлігі жалдамалы швейцарлықтар мен неміс ландскнехтыларынан құралған корольдың тұрақты армиясы шексіз билікті нығайтудың маңызды құралына айналып отырды.

Дегенмен, елде феодалдық дербес билік (сепаратизм) пен муниципальды еркіндік әлі де сақталып отырғандықтан, XVI ғасырда абсолютизмнің қалыптасуы толық аяқталмады. Жергілікті жерлердегі лауазымды аксүйектердің елдің бірігуіне қарсы қауіптілігі әлі де жойылмады. Аймақтардағы армия мен флотты басқарып, губернаторлық қызмет атқарып отырған корольдік кеңестің өкілдері, яғни басқару аппаратының көмегімен түрлі сыйлықтар (жер, т.б.)

мен зейнетақылар тағайындалып отырған патша әулетінің ұрпақтары мен туыскандары өз мүдделері үшін Францияның саяси бірлігіне қолдау көрсетіп отырды. Өздеріне жоғарыдан қорғаушы мен қаржы іздеп отырған аймақтардың кедейленген ұсақ және орташа дворяндары бұл ақсүйектер ықпалының өсуіне мүдделі болып отырды. Сондықтан мұндай дворяндардың француздық ақсүйектер төңірегіне топтасуы күшейе түсті.

Галликан шіркеуі. Реформация. 1516 жылы Буржск Прагматикалық санкциясы алынып тасталды. I Франциск пен папа I Левтың арасында жасалған Болон келісімі бойынша шіркеудің жоғарғы қызметіне тағайындау құқығы корольге берілді. Король ұзақ уақыт бос орындарға тағайындамай, шіркеулік бенефицийлерден өз пайдасына табыс түсіруге құқығы болды. Сонымен бірге, корольдің француздық діни қызметкерлердің (духовенство) келісімінсіз аннаттар алу құқығы қалпына келтірілді. (Аннаттар – римдік куриялар пайдасына епископ, аббат қызметіне тағайындалған дін өкілдерінен ұсталған ақшалай табыс). Осылайша инвеститура құқығы ақсүйектер мен діни өкімет арасында бөліске түсті. Өзін-өзі билеу құқығын жоғалтқан галликан шіркеуі монархиялық билікке бағындырылып, шіркеуге түсетін табыстар папаның үлесіне тиді. Шіркеудің жо-

ғарғы қызметіне тағайындаулар корольдік сыйлыққа айналдырылды.

XVI ғасырдың 20-жылдары Францияда реформациялық идеялар кең тарала бастады. Реформациялық идеяның қалыптасуына гуманистік қозғалыс ықпалын тигізді. Париждегі корольдік лекторлар Коллегиясы (College de France) 1530 жылдан бастап гуманистік ағымдар тарату орталығына айналды. Гуманизмнің ықпалымен Францияда реформацияға дейін шіркеулерді реформалау идеясы кең таралды. Шіркеу қызметін жаңғыртуды жақтаушылардың бірі еркін өнердің магистрі Лефевр д'Этапль (1450/55-1536/37) 1512 жылы (Лютерден 5 жыл бұрын) болашақ реформацияның сенімді ақтау және діни шындықтың қайнар көзі ретіндегі қасиетті жазу түсінігі туралы негізгі екі принципін қалыптастырды.

Франциядағы реформациялық қозғалыс үш кезенге бөлінеді. Бірінші кезең (XVI ғасырдың 20-30-жылдарының басы) бірыңғай Лютерандықтың (көбінесе қалаларда) кең таралуымен байланысты. XVI ғасырдың 20-жылдарында Париждің Сорбонна университетінің діни факультеті ерестерге қарсы ашық пікірлері арқылы көріне бастады. 1521 жылы Лефевр д'Этапль мен оның жақтастары жазаға тартылды. Цехтық шеберханалардағы езілуші колөнершілердің басым бөлігі үшін Реформациялық қозғалыс идеясы әлеуметтік қарсылық түріне айнала бастады.

Бұл қозғалыстан аса көп қауіп-тене қоймаған француз королі діни шыдамдылық бағытын ұстанды. **Қозғалыстың екінші кезеңі** (1534-1559) төменгі дінбасылар есебінен Реформацияның әлеуметтік базасының бірте-бірте кеңеюі және еретиктер санының өсуі, батыл пікірлер айтқан жаңа дін жақтаушыларының белсенділік көрсетуінің күшеюімен сипатталады. 1534 жылы реформация жолын қушылар өздерінің құрастырған жарнамасын король сарайының қабырғасына жапсырып қойды. Олардың бұл әрекеті I Францисконың діни шыдамдылық таныту саясатынан бас тартып, қатаң шаралар қолдануына түрткі болды. 1535 жылы корольдің бұйрығы бойынша 35 еретик отқа өртеліп, 300-ге жуығы түрмеге қамалды. 1536 жылы Кальвиннің «Христиан дініндегі уағыз» кітабының алғашқы басылымы жарық көрді. Сөйтіп кальвинистер лютерандықты ығыстыра бастады. 1547 жылы II Генрихтың тұсында кальвинистермен күресу үшін «Отты палата» атты төтенше трибунал құрылды. Айыпталушылардың басым бөлігін төменгі дінбасылар мен қолөнершілер құрады. Үш жыл ішінде «Отты палата» 500 айыпталушыға үкім шығарып, оның 60-ы өлім жазасына кесілді. 1559 жылы Францияның кальвинистік шіркеуінің алғашқы синод жиналысына Париж, Орлеан және Руана қалаларындағы кальвинистік қауым өкілдері қатынасты.

1560 жылдардан бастап дворяндардың қолдау көрсетуі қозғалыстың шеңберін кеңейтіп, Реформацияны жаңа сатыға көтерді. Бұл реформация сипатына түпкілікті өзгерістер әкелді. Монарх қайтадан діни еріктілік бағытын ұстанып, папаны гусшілдер рухы негізінде біртіндеп шіркеуге реформа жасауға көндірді. Ол діни қызметкерлердің неке туралы дәстүрі мен құдайға құлшылық етуде ұлттық тілді енгізуді ойлады. Алайда мұндай реформа монархияның заттық қажеттілігінің күшеюіне шек қоймағанымен, папаның бедел-абыройын төмендететіні анық еді. Сондықтан Рим шіркеуі мұндай өзгерістерге келісім жасамады. 1560 жылдан бастап Реформацияның ең ұзаққа созылған **үшінші кезеңінде** азаматтық немесе діни соғыстар басталды.

Әлеуметтік салада әртекті көрінген реформациялық қозғалыстың негізгі екі буржуазиялық және дворяндық бағытын бөліп көрсетуге болады.

Реформацияның буржуазиялық бағыты. Реформациялық қозғалыстың дворяндық бағытымен салыстырғанда, ертерек қалыптасқан буржуазиялық бағыт түп-тамырының анағұрлым беріктігімен ерекшеленді. XVI ғасырдың алғашқы он жылдығында лютерандыққа ұқсас реформациялық идеялар қала халқының басым бөлігі үшін ауыр езгі мен шамадан тыс салыққа қарсы әлеуметтік қарсылық түріне айналып отырды. Ең алдымен реформациялық идея-

лармен шеберхана шеберлері мен жалдамалы жұмысшылар жақсы қаруланды. Діни топтарға біріккен шеберхана шеберлері негізінен корольдік католик дінін ұстанды.

XVI ғасырдың 40-жылдарында қаланың сауда өндіріс саласындағылардың көпшілігі кальвинизмді өздеріне жақын тұтты. Өйткені кальвинистік идея қалыптасып келе жатқан буржуазия мүддесіне көбірек жақын еді. Цехтық саясат, салық салу қызметінің қалалық биліктен алынып, мемлекеттік басқару жүйесіне бағындырылуына байланысты қалыптасып келе жатқан жас буржуазия енді абсолюттік монархиялық биліктің қол астына тартыла түсті. Алайда XVI ғасырда олар жергілікті билікті қалпына келтіруді қолдап күрес жүргізе бастады. Сауда, өндіріс саласындағы кедергілерді азайтып, муниципальдық артықшылықтарды сақтап қалу үшін абсолюттік билікке қарсы күрес жүргізген буржуазия кальвинизмді ту етіп ұстады. Бұл күресте буржуазия феодалдық ақсүйектер мен дворяндардың сепараттық топтарымен бірігуге ұмтылды. Дегенмен, реформация ықпалында жүрген дворяндардың белсенділік көрсетуіне байланысты бұл одақ көп жағдайда өзінің беріктігін сақтай алмады.

Францияның өзге облыстарындағы қалаларда жаңа реформациялық ілімді жақтаушылардың көптігіне қарамастан, Францияның әлеумет-

тік-саяси дамуының ерекшелігі елдің оңтүстік және оңтүстік-батыс қалаларында кальвинизмнің кең таралуына ықпалын тигізді. Оңтүстік-батыс провинцияларының Они, Перигор, Керси және Лангедок қалаларында барлық Франция протестанттарының $\frac{2}{3}$ орналасты. Ірі сауда-өнеркәсіп орталығына айналған, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары Ларошель, Бордо, Монтобан, Тулуза, Монпелье және Ним қалаларында қаланың үстем тап өкілдері мен саудагер кәсіпкерлерінің арасындағы күрес шиеленісіп отырды. Сондықтан қалалардың ішкі өміріндегі мұндай күрестің өршуі коммуналдық басқару тәртібін жойып, король билігін күшейтуді қажет етті. Сөйтіп, Ларошель қаласында сауда-өнеркәсіп олигархтары (саудагерлер, арматорлар, үй және жер иеленушілер) туғызған қалаішілік күрестен соң, 1535 жылы I Франциск араласып коммуналды басқаруды жойып, орнына тұрақты мэр басқаруын енгізді.

Францияның солтүстік, батыс және орталық провинцияларында кальвинизмнің кең таралуының басты себебі абсолюттік монархияның салық саясаты болды. Қалалық реформациялық қозғалыста плебстер ерекше орын алды. Ларошель аудандарында, Пуатье, Бретани және Батыс Нормандияда шіркеу, монастырьларды талқандап, иконға қарсы күрес жүргізушілер арасында

қаланың төменгі тобының өкілдері белсенділік танытты. Сондай-ақ Оңтүстік-Батыс Франция қалаларындағы тұрғындардың төменгі бөлігі қала ішіндегі толқуларға үздіксіз қатысып, белсенді күрес жүргізіп отырды. Бірақ бұл қозғалыстың бағдарламасы да, тұрақты жетекшілері де болмады. Француз ауылдарында (деревняларында) ең бастысы Оңтүстік-Батыс Францияда реформациялық идеялар кеңінен тарала алмады. Шаруалардың басым бөлігі католик дінін уағыздаушыларды қолдады.

Дворяндық бағыт. Сарай төңірегіндегі, сондай-ақ провинциялардағы феодалдық аристократтардың бір бөлігі антиабсолюттік оппозиция ядросына айналды. Олар әлі де аристократтарға тәуелділігін жоғалтпаған дворяндар қатарының өкілдерінен құралды. Абсолюттік билік тұсында қалыптасқан вассалдық байланыстың орталықтанған жаңа жүйесі вассалды бағыныштылықтың бұрынғы сипатына өзгерістер енгізіп, корольмен провинциялық дворяндар арасындағы ақсүйектік биліктің әлсіреуіне алып келді. 1560 жылы Бас штаттар ассамблеясында дворяндардың бір бөлігі өзі және өзін жақтаушылар үшін сеньордың дін таңдау құқы туралы пікір білдірді. Билік үшін күрестегі екі бақталастық топқа бөлінген антиабсолюттік одақтың ерекшелігі дворяндардың жеке-леген әрекеттерге көшуі болды.

Кальвинистік лагерь көбінесе Францияның оңтүстік және оңтүстік-батыс

облыстарында кең таралды. Оңтүстік өңірдің аристократтары мен дворяндары кальвиндік реформацияға шіркеу иеліктерін секуляризациялау арқылы өздерінің экономикалық жағдайларын жақсарту құралы ретінде қарады. Феодалдық-аристократиялық бұл бағыттың жақтаушылары гугеноттар деп аталды. Олардың көсемдері патшалық әулеттің өкілдері Наварра королі Антуан Бурбон (1552 жылдан кейін оның баласы Генрих Наваррский болашақ IV Генрих король) және принц Конде болды. Гугеноттық дворяндыққа қарсы орталық және солтүстік-шығыс провинциялардағы корольдің ескі домендерінде орналасқан католиктік бағыттың дворяндары тұрды. Корольдік кеңес құрамына кіре отырып, шіркеудің лауазымды орындарына сайлану мүмкіндіктеріне ие болған дворяндар шіркеу мүлкін секуляризациялауға құлықсыздық танытып, өздерін тақ пен католик дінінің қорғаушылары санады.

Гугенот-дворяндардың тиранға айналған қатыгез монархтарға қарсы төңкеріс жасауға, тіпті оларды өлтіруге де құқылы екендіктерін айттып, памфлеттер жариялады. Олар өздерінің халық еркіндігі мен құдай еркіне қарсы әрекет жасап отырған тиран монархтарға қарсы бағытталған күресін кальвин іліміндегі тирандық билік туралы анықтама негізіне сүйеніп жүргізді. Монархтың билігіне шек қою олардың саяси идеа-

лына айналды. «Франко-Галлия» трактатының авторы «мантиялық дворяндар» өкілі Франсуа Отман (1524-1590) ертеден аксүйектердің монарх сайлануына қатысқандығын алға тартып, гугеноттық феодалдық аристократтардың саяси билікке ұмтылуын тарихи негіздеуге тырысты. Алайда, бұл жоғары сословие өкілдерінен шыққан тиранға қарсы күресушілер дворян-католиктермен ынтымақтаса отырып, халық көтерілістері кезінде өздерінің таптық мүддесін қорғады. Бірақ реформацияның дворяндық бағыттан басқа кальвиндік діни сенімдегі адмирал Гаспарам де Колиньи мен оның жақын серігі, әскери колбасшы Франсуа де Лану ұсынған бағыт қатарласа жүрді. Ел тағдырына алаңдаған Колиньи мен де Лану сыртқы саясатта Испанияға қарсы соғысты Францияның болашағымен, Америка отаршылдығына қарсы Нидерландиядағы азаттық қозғалысқа қолдау білдірумен, мемлекеттік және шаруашылықтың барлық саласындағы дворяндардың жасампаздық еңбегімен байланыстыра қарастырады.

Реформациялық қозғалыстың екінші кезеңінде өздерінің белсенділігімен көрінген дінбасылар дворяндық бағытта басты орын алды. II Генрихтың «Отты палата» сот хаттамасы шығу тегі жағынан әр түрлі дінбасылардың төменгі топтарының арасында протестанттық идеялардың кең таралғандығын айғақтайды. Мо-

нархия қамқорлығында отырған галликан шіркеуінің өзіндік ерекшелігі де, папаның ықпалының әлсіреуі де француз дінбасыларының арасындағы қайшылықтарды жоюға әсерін тигізбеді. Монархияның ерекше қамқорлығындағы галликан шіркеуіне папаның ықпалы төмендегенмен, француз дінбасыларының арасындағы қайшылықтар жойылмады. Керісінше, шіркеу князьдары мен ірі феодалдық жер иелерінің және қалалық священниктер арасындағы, сондай-ақ халық бұқарасына жақын жүрген ауылдың, қаланың ұсақ священниктердің арасындағы алауыздық бұрынғыдан да күшейіп, дінбасылардың жағдайын күрделендіре түсті. Осылайша монархияның жүргізіп отырған шіркеу саясатына байланысты дінбасылар арасында король саясатын жақтаушы және оған қарсылық білдіруші екі топ пайда болды. Монархияның шіркеуге көзқарасы оны папамен жақындастыра түсті.

Галликан шіркеуінің мемлекетке бағыныштылығының деңгейі туралы монархты жақтаушылардың арасында бірыңғай ортақ пікір болмағандықтан, дінбасылардың реформациядағы бірыңғай әлеуметтік бағдарламасы болмады. Сондықтан олар реформациялық қозғалыста дербес бағыт ұстана алмады. Папа төңірегіндегі епископтардың бір бөлігі феодалдық аристократтардың сепараттық бағытына қолдау білдір-

гендіктен, дінбасылардың төменгі бөлігінің реформациялық ой-пікірлері қала тұрғындарының төменгі тобы мен кальвиндік бағыттағы буржуазиялардың бір бөлігінің антифеодалдық қозғалысымен ұштасып отырды.

Нант эдикті. Франциядағы Бурбондар әулетінің негізін салушы (IV Генрих атанған) Генрих Наваррский (1589-1610) ақылды, өте сак саясаткер ретінде елдегі жауласушы екі жакты бітімгершілікке шақырып, елдегі әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақтандыруға тырысты. **1598 жылы Испаниямен келісім жасалғаннан кейін католик дінін ресми мемлекеттік дін ретінде жариялаған Нант эдиктісі шығарылды.** Сонымен қатар гугеноттардың да дінге сену құқығы (Парижден басқа жерлерде) сақталды. Католиктік дінбасыларға бұрынғы құқықтары мен дүние-мүліктері қайтарылып берілді. Кальвинистрге католик дініндегілермен бірдей мемлекеттік лауазымды қызмет атқаруға рұқсат етілді. Сонымен бірге, гугеноттар Бас штаттар үлгісі негізінде ұйымдастырылған саяси жиналыстар өткізуге, корольмен байланысып отыру үшін король сарайында өздерінің өкілдерін ұстауға, заңның (эдикті) орындалуының кепілі ретінде оларға ең басты Ларошель, Сомюр, Монтобан сияқты екі жүзге жуық қамалдар берілді. Бірақ «корольдің рақымшылығы» деп аталған бұл сыйға берілген құқықтық

еркіндіктер белгілі бір мерзімге ғана беріліп, мерзімі біткеннен кейін оның ұзартылуы немесе тоқтатылуы мүмкін еді.

IV Генрихтың ішкі және сыртқы саясаты. XVII ғасырдың басында Францияда феодалдық князьдықтарды орталықтандырылған мемлекеттік аймақтарға айналдыру үдерісі аяқталып, Францияда біртұтас монархиялық билік орнату сипатындағы саяси дамудың жаңа кезеңіне енді. Мемлекеттің жеке аймақтарының артықшылықтары мен еркіндіктерін жою мақсатындағы елдің әкімшілік, сот, қаржы жүйесін бір ізге салу үдерісі күрделі де ұзақ мерзімге созылды. IV Генрих елді түрлі соғыс күйзелісінен шығарудың мүмкіндіктерін жасап, алдымен мемлекеттік қаржы жүйесін бірыңғай тәртіпке келтіру шараларын жүргізді. IV Генрихтың салық саясатын жүргізуге жауапты бірінші министр Сюлли сатып алушылардың бассыздығын шектеп, шаруаларға салынатын салық ауыртпалығын жеңілдетіп, мемлекет пен дворяндарға ауыл шаруашылығынан түсетін үлкен табыс көздерін қарастырды. Корольдің сауда және өндіріс саласында жасаған қамқорлық көмегінің арқасында (сырттан әкелінетін тауарларға салынатын салықты өсіру, жеңілдетілген салық түрлері, теңіздің ар жағындағы компаниялық мекемелерімен сауда келісімшарты, т.б.) буржуазиялардың жағдайы жақса-

рып, нығайып отырды. Нәтижесінде шашыраңқы өз алдына бөлек отырған мануфактуралар жұмысы жақсарып, дами бастады. Сонымен бірге тау-кен, артиллериялық және мата, жібек, кілем тоқу, әйнек шығару өнеркәсіптеріндегі орталықтандырылған мануфактуралар жұмысы қалыптастырылды. Бірқатар артықшылықтарымен ерекшеленетін мата, жібек, алтын талшықтары қосылған жіптер және фаянс бұйымдарын шығаратын өндірістер саласында корольдік мануфактуралар пайда болды. Кейбір мануфактураларда 700-800 шамасында жұмысшылар жұмыс жасады. Елдің экономикалық өміріндегі мұндай өзгерістер буржуазияның саяси санасының өсіп-жетілуіне ықпалын тигізді. Мұны сауда-өнеркәсіптік саладағы буржуазиялардың кейбір саяси мәселелерде өздерін ақсүйек және рулық дворяндардан бойын аулақ ұстауынан анық аңғаруға болады. Азамат соғысы жылдарында жан-жақты қолдау көрсетілген еркіндіктің муниципальдық (жерге, үй-жайларға иелік ету құқығы жеке адамдардан еріксіз алынып, оны жергілікті басқарма орындарына беру) бағдарламасының тиімсіздігі әбден дәлелденді. Соғыстың ауыр сынағынан кейін буржуазиялардың абсолюттік билікке қолдау көрсету қажеттігіне әбден көздері жетті. Алайда абсолюттік билік жөнінде үстем тап өкілдері бірыңғай пікір білдірмеді. Мемлекеттегі өз ықпа-

лын сақтап қалуға тырысып отырған феодалдық аристократия монархиялық биліктің күшеюіне өз мүддесі тұрғысынан қарады. IV Генрих тұсында аристократтар Король кеңесіне қатысудан және сыртқы саясатқа араласудан бірте-бірте аластатылды. Аристократтардың орталық биліктегі саяси ықпалының төмендеуі олардың король рақымшылығына бағыныштылығын күшейте түсті. Сонымен қатар ақсүйектердің провинциялардағы губернаторлық билігіне шектеу қою қаупін төндірді. IV Генрих губернаторлар билігін шектеу мақсатында аймақтарға қаржы және сот істерінде өз жұмысына берілген адамдарды провинцияларға бас наместник етіп жіберіп, ақсүйектерге жергілікті әскери күштерді басқару қызметін ғана қалдырды. Корольдің бұл әрекеті аристократтардың наразылығын туғызды. Сондықтан орталық билікке қайтадан қол жеткізуге ұмтылған аристократтардың монархқа қарсы күресі IV Генрих билігінің соңына дейін тоқтамады. IV Генрих өлімінен кейінгі басталған азамат соғысының қолдаушылары осы аристократтар болды.

Абсолюттік монархияның әлеуметтік тірегіне айналған рулық орташа дворяндардың жағдайы елдегі өзгерістер салдарынан біршама төмендеген еді. «Бағалар революциясымен» байланысты аймақтық дворяндардың шаруалар жерінен тү-

сетін таза табыстары қысқарып, зардап шекті. Сонымен қатар сот және әкімшілік қаржы мекемелеріндегі маңызды қызметтерге, мемлекеттік бюрократиялық аппарат басына буржуазия тегінен шыққан чиновниктер келіп, дворяндар мұндай бай табыс көздерінен де айырылып отырды. IV Генрихтың дворяндарға қолдау көрсетуі тиісті нәтиже бермеді. Монархия қазына есебінен армияға зор көлемде қаржы бөліп отырды. Дворяндардың қызметінің ең маңыздысы осы армияға қызмет ету болды. Өз иелігіндегі жерге шаруашылық жүргізудің жаңа әдістерін белсенді түрде енгізген жаңа дворяндар айтарлықтай табыстарға жетіп отырды. 1600 жылы IV Генрихтың тікелей қолдауымен агроном әрі экономист жаңа дворяндар өкілі Оливье де Серр шаруашылықты жүргізудің жаңа үлгілерін ұсынған, яғни жартылай арендау ісін үйлестіру және жібек шаруашылығын дамытуды насихаттаған агротехникалық трактатты жариялады.

Орталық және аймақтық биліктегі корольдік кенесте, парламентте, есеп палатасында, қалалық муниципалитетте маңызды лауазымды қызмет атқарушы «мантиялық дворяндардың» саяси беделі өсе түсті. «Мантиялық дворяндар» табысы жоғары шіркеулік және сарай төңірегіндегі қызметтерге қожалық етуші дипломатиялық корпус құрамына кірді. Жоғарғы чиновниктер фео-

далдық аристократиямен жақындасып отырды. XVI ғасырдағы өрлеу кезеңінде олар төртінші сословиені құраса, ал XVII ғасырда басқа барлық сословиелерден жоғары тұрды.

Сословиелер арасындағы қайшылықтардың тереңдеп, шиеленісуі IV Генрихтың жеке билігін күшейтуге түрткі болды. Өзінің 16 жыл билік құрған мерзімі ішінде IV Генрих Бас штаттарды шақырудан бас тартып, маңызды мәселелерді өзі тағайындаған адамдардан құралған шағын кеңесте (нотаблдерде) қарағанды жөн санады. Осылайша IV Генрих тұсындағы француз абсолюттік монархиясының бюрократиялық аппарат түріндегі өзіндік ерекшелігі айқын көріне бастады.

IV Генрих испандық және австриялық Габсбургтерге қарсы бағытталған сыртқы саясатын белсенді жүргізіп отырды. Австриялық Габсбургтермен күресте ол протестанттық Германия князьдарымен одақтасты. Габсбургтер әулеті бүкіл Батыс Еуропадағы католиктік реакцияшыл күштердің тірегі болып отырған еді. Габсбургтермен соғысты болмай қоймайды деп есептеген IV Генрих Еуропада құрамына Франция, Англия, Голландия және Германияның протестанттық князьдары, сондай-ақ Скандинавия елдері мен Швейцария кірген антигабсбургтық коалиция құру жобасын жасады. Бірақ соғысқа әзірліктің қызған кезінде 1610 жылы Испанияның қолдауымен феодал-

дық католиктік реакцияшыл күштердің корольге қарсы ұйымдастырған оныншы қастандығынан кейін

IV Генрих жауынгер католиктіктердің бірі Равальяктың қолынан қаза тапты.

Бақылау сұрақтары

1. XVII ғасырда Францияда өнеркәсіп пен сауда қалай дамыды?
2. Француз буржуазиясы табысының қандай көздері болды?
3. XVI ғасырдың аяғында тап күресінің шиеленісуі қандай себептерге байланысты туындады?
4. Францияда қаңғыбастар туралы заң актілері қашан қабылданды?
5. Еуропадағы реформацияның нәтижесі қандай болды?
6. Кальвин ілімі және ол құрған шіркеу буржуазияның неғұрлым шешуші бөлігін немен қызықтырды?
7. XVI ғасырдың аяғында аймақтарда пайда болған интенданттар қандай қызмет атқарды?
8. 1535 жылы I Францисконың коммуналды басқаруды жойып, орнына тұрақты мэр басқаруын енгізудегі мақсаты не?
9. Католик шіркеуі реформацияға қарсы қандай әдістермен күресті?
10. Англия экспроприациясынан Франциядағы экспроприациялау үдерісінің өзіндік ерекшелігі қандай?
11. Нант эдиктісі қашан қабылданды?

3.7. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар

1. XVI ғасырдағы халықаралық қатынастар
2. Дипломатиялық қызметтердің рәсімделуі
3. Халықаралық қайшылықтардың ошақтары

XVI ғасырдағы халықаралық қатынастар. XV ғасырдың аяғынан бастап Еуропа елдері халықаралық қатынастардың жаңа кезеңіне ене бастады. Бұл кезеңде бірқатар ел-

дердегі территориялық қалыптасу үрдісінің көрініс алуы феодалдық-абсолюттік мемлекеттердің қалыптасуына алғышарт жасады. **Ұлы географиялық ашылулар Жана Жер мен Шығысты Еуропаға жақындатуда маңызды рөл атқарды.** Испанияның мұхиттың арғы жағынан отар иеленуі, Португалияның Оңтүстік Шығыс Азиядағы теңіз жолдарына үстемдік құруы бұл елдерді алғашқы отарлық державаға айналдырды. Еуропаның саяси картасы XVI ғасырға тән сипаттағы капитализмнің генезис үрдісіне бейімделген терең әлеуметтік-саяси

өзгерістермен айқындалды. Еуропа елдеріндегі капиталистік укладтың пайда болуы, бірте-бірте ұлттың қалыптаса бастауы, жекелеген халықтардың ұлттық мүддесінің маңыз алуымен қатар жүріп отырды. XVI ғасырдың басында біртұтас мемлекеттік билік орнатуда Англия, Франция, Испания, Португалия, Дания және Швеция елдері едәуір табыстарға қол жеткізді. **Нидерландия буржуазиялық революциясының нәтижесінде XVI ғасырдың екінші жартысында провинциялардың Біріккен Республикасы пайда болды.** Сонымен бірге дүниежүзі тарихында XVI ғасыр кең-байтақ көпұлтты V Карл державасының қалыптасуы мен ыдырауының куәсі болды. Біртұтас мемлекеттердің құрылуы халықаралық саясатқа да үлкен ықпалын тигізді.

Абсолюттік монархиялардың қалыптасуымен бірге даму деңгейі жағынан орташа және ұсақ елдерді өздеріне қосып алған ірі елдер арасындағы халықаралық қатынастар шиеленісіп отырды. Мемлекеттер арасындағы қақтығыстар жиілеп жалпы еуропалық дау-жанжалдарға ұласып жатты. «Саяси күштердің тепе-теңдік» жүйесі құрылды. Саяси тепе-теңдік XVI ғасырдағы халықаралық қатынастардың басты принципіне айналды.

Дипломатиялық қызметтердің рәсімделуі. XVI ғасыр мемлекеттің сыртқы саясаты қызметін жүргізіп

отырған орталық және жергілікті мекемелердегі дипломатиялық қызметтердің рәсімделу заманына айналды. Тұрақты дипломатиялық өкілдіктер институтының қалыптасуымен бірге, нақты дипломатиялық иерархияның орнығуы негізінде өз өкілін (агент) жіберуші мемлекеттердің маңызы артып отырды. Италия немесе неміс герцогтары мен князьдарына қарағанда Франция, Испания және Англия елдерінің корольдері өздерінің елшілері үшін ерекше көңіл бөлініп, құрмет көрсетілуін талап етіп отырды. Мемлекет билеушілерінің барлығының бірдей елші тағайындау құқы бола бермеді. Өзге ірі монархқа тәуелді болып отырған корольдің жанында қарапайым агенттің болуына рұқсат етілді де, ал елші ұстауға құқы болмады. **XVI ғасырда елшілер үшін ерекше «құрметті агент» термині қалыптасты.** X Лев папаның билігі тұсында (1513-1521) папаның тұрақты нунциатурасының қызметі басталды. 1513 жылы кардиналдар жиналысында папа Германия, Франция және Англиядағы өзінің тұрақты өкілдері нунциелерін тағайындады. Дипломатиялық қызметтердің рәсімделуімен бірге дипломатиялық жаңа салтанатты дәстүрлер қалыптаса бастады. Елшілерді қабылдау, шығарып салу құрметі қатаң түрде белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылып отырды. Италия корольдерінің гуманистердің сыртқы істер қызме-

ті саласындағы хатшылық қызметін жиі пайдалануы дипломатиялық әсем тіл мен хат стилін қалыптастырды.

Гуманистердің ықпалымен әр дипломат міндетті түрде меңгеруге тиісті болған асығыс хабар немесе құпия хабарлар жеткізу тәсілдері ойлап шығарылды. Дипломатиялық құпия хабарлар жеткізу стилінің қалыптасуына Венеция елшілері үлкен үлес қосты. Венециялық агенттер шетелден жіберген егжей-тегжейлі толық әрі дәл жазылған құпия хабарларымен XVI ғасырда-ақ белгілі бола бастады. Дипломатиялық қызмет рәсімделуімен бірге осы кезде халықаралық құқық саласы қызметі де қалыптасты. 1582 жылы Бальтазар Айаланың «Соғыс және әскери мекемелер құқығы туралы» («О праве войны и военных учреждений») еңбегінде елшінің дербес құқығы ілімін талдап көрсетеді. Сонымен қатар, осы кезде халықаралық құқық негізін салушылардың бірі Альберико Джентилидің «Елшілік қызметі туралы» (1585) еңбегі де кеңінен танылмал болды.

Халықаралық қайшылықтардың ошақтары. XVI ғасырда халықаралық жанжалдарға шекара даулары, әулет ішіндегі талас, сауда монополиясы үшін күрестер себеп болып отырды. Ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы жағдайында шекаралық мәселелер өткір қойыла бастады. Жеке елдер арасындағы шекараның анықталмауы, халқының ті-

лі мен мәдениеті ұқсас әр түрлі туысқан мемлекеттердің саяси дербестігі сақталған шекаралық аймақтар қиянкескі соғыс объектісіне айналып отырды. Ортағасырлық биліктің әулеттік принципі ұлттық мемлекеттердің дамуына басты кедергі болды. Әулеттік негізде (некелесу немесе мұрагерлік жолмен) ұлттық құрамы әр түрлі, территория жағынан бытыраңқы тұтастай ел немесе аймақ бір король билігінің қол астына бағындырылатын еді (мысалы, V Карл империясы). XVI ғасырдан бастап теңіз жолдары арқылы шикізат көзі мен монополиялық отар иеленуді мақсат еткен мемлекеттер арасындағы күрес күшейе түсті. Қалыптасып келе жатқан буржуазияның саудадағы талабынан туған соғыстар дворяндардың мүддесі үшін жасалған ортағасырлық отарлық жорықтармен әбден ұйқасып отырды.

XVI ғасырда Еуропадағы соғыс қаупін күшейткен халықаралық қайшылықтардың негізгі үш түйіні:

- 1) Испанияның сауда және отар иеленудегі мүддесінің XVI-XVII ғасырлардағы Франция, Англия мүдделерімен сәйкес келуі. Сондай-ақ XV ғасырдың аяғы XVI ғасырдың бірінші жартысындағы Италия соғыстары мен XVI ғасырдың екінші жартысындағы Испания мен Англия арасындағы соғыс;
- 2) Еуропалық мемлекеттермен Осман империясының арасындағы қатынастар;
- 3) Балтық теңізіндегі үстемдік үшін Сол-

түстік Еуропа елдерінің арасындағы күрес.

Франк-габсбургтық және англо-испандық қайшылықтардың негізінде бір жағынан император V Карлдың Еуропадағы гегемондыққа ұмтылуы, императордың одан кейін II Филипптің көрші мемлекеттердің ішкі ісіне араласуы, екінші жағынан Франция мен Англия мемлекеттерінің ұлттық мүддесі тұрған еді.

Өзін барлық католиктердің діни әкесі, әулие кароль санаған император V Карл, біртұтас әмбебап католиктік монархия туралы ортағасырлық идеяны іске асыруға әрекет жасады. Ол Батыс Еуропаның едәуір бөлігін қол астына бағындыра отырып, әулеттік неке мен әскери күш қолдану арқылы өзінің ықпалды аймағын кеңейтуге ұмтылды.

Францияның XVI ғасырдағы сыртқы саясаты француз мемлекетінің V Карл иеліктерімен қоршалуы арқылы анықталып отырды. Франция бұл қоршауды саяси бытыраңқылық пен әулетішілік дау-жанжалдар орын алып отырған Италия жерінде бұзуға тырысты. Сонымен қатар француз дворяндары мен көпестерін Италияның мол байлығы қызықтырды. Габсбургтер мен Франция арасындағы мүдде қайшылығымен бірге, олардың Еуропадағы үстемдік (гегемон) үшін күресі ақыры Италия соғыстарына (1494-1559) әкеліп тынды.

Францияның Италияға жорығы әскери-отаршылдық сипатта болды.

Француз монархтары «Анжуй мұрагерлігі» (Француз әулетінен таралған) деген әулеттік талапты сылтауратып, Апеннин түбегін өздерінің ықпалды аймағына айналдырып, Жерорта теңізіндегі сауда жолдарынан италияндық бәсекелестерін ығыстырып шығарды. Сонымен қатар Габсбургтер қол астындағы Артуа, Франш-Конте сияқты басқа да Францияның шығыс облыстарын қосып алып шекара мәселесін де шешуге қол жеткізді. Осылайша француз монархтарының көздеген мақсаты V Карл державасын іштен әрі сырттан да жасалған әрекеттері арқылы әлсіретуді көздеді. I Франциск 1525 жылы түрік сұлтанымен одақтасты.

Италияндық соғысқа бүкіл еуропа елдері: Габсбург империясы мен Франциядан басқа италияндық мемлекеттер, папа елі, Англия, Дания, сондай-ақ Осман империясы да тартылды. Соғыс нәтижесінде Францияға барлық шекара мәселесін шешудің сәті түспеді. Като-Камбрези бітімі бойынша (1559) Францияға лотарингиялық үш епископтық (Мец, Туль және Верден) қосылды. Бірақ Францияның габсбургтер қоршауынан шығуы бұл соғыстағы басты жетістігі болды.

Атлантикадағы сауда монополиясы үшін күрес 1588 жылғы әскери жанжалға ұласқан ағылшын-испан қайшылығының негізі болған еді. XVI ғасырдың екінші жартысындағы еуропалық елдердің арасындағы

қатынастардың шиеленісуі Англияның ішкі ісіне араласуға сылтау іздеген V Карлдың саясатын жандандыра түсті. Испан тағының мұрагері Филипптің (V Карлдың баласы) ағылшын ханзадасымен неке келісімін жасай отырып, Англияны өзінің ықпалды аймағына айналдыруға ұмтылды. Бірақ некелесу кезіндегі ағылшын жағының қырағылығы императордың жоспарын жүзеге асыртпады. II Филипп Елизавета Тюдор үкіметіне қарсы құпия қастандық ұйымдастырушыларды қолдап, Англияға теңізден тікелей әскери шабуыл жасауды ұйымдастырды.

Англияның Испаниямен күресі оның отарларымен контрабандалық сауда жасау және испан кемелерін қарақшылық тонау түрінде өрістеді. 1588 жылы «Жеңілмейтін армаданың» күйреуі II Филипптің жоспарларын жүзеге асыртпады. Испаниямен соғыстағы жеңісінен кейін Англияның XVI ғасырдың соңындағы отар жаулап алу мүмкіндігі кеңейе түсті.

Еуропа елдерінің сауда бәсекелестігіндегі табыс әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен анықталады. XVI ғасырдың аяғында батысеуропалық халықаралық қатынастардағы жаңа күштердің орналасуындағы өзгерістер Испания мен Италия мемлекеттерінің рөлін төмендетті. Ұлттық мемлекеттер арасындағы қайшылықтар мен Габсбургтер державасының бөлшектенуі

алдағы жүзжылдықтар үлесіндегі жаңа қақтығыстар қауіпін төндірді.

Осман империясының агрессиялық саясаты Еуропадағы әскери қақтығыстарға итермелеген ең басты қауіпті ошақтарға айналып отырды. Осман сұлтандарының жеке иеліктерінің шекарасын кеңейтуі Еуропа мемлекеттерінің тәуелсіздігіне қатер төндірді. Алайда түрік иеліктерінің ұлғаюына қарсы батысеуропалық мемлекеттер бірлесіп қауіпсіздік әрекеттерін жасауға асыға қоймады. Олар керісінше түрік сұлтандарын сыртқы саяси мүдделері үшін пайдаланып отырды. Мәселен, 1525 жылы Италияндық соғыс кезінде I Франциск сұлтан Сүлейменнен жәрдем сұрап, келісім жүргізді. Елші арқылы жіберген француз монархының жолдауы Еуропадағы осман иеліктерін кеңейтуді көздеп отырған түрік сұлтанының жоспарымен үйлесім тапты. Осы кезде сұлтан армиясы Мохаче түбіндегі чех-венгрлердің біріккен әскерін талқандап, 1529 жылы Вена қабырғасына жақындады.

Екі державаның ортақ жауына айналған Габсбургтер империясы сол кезеңдегі халықаралық жағдай Францияның Осман империясымен одақтасуына түрткі болған еді. Сондықтан екі ел арасындағы бұл келісім барған сайын берік бола түсті. 1536 жылы Франция мен Осман империясының арасында ең алғашқы («Турецкие Капитуляции») келісімі жасалды. Келісімнің құпия бөлімінде

Франция түрік сұлтанының Габсбургтерге қарсы күресіне қолдау көрсетуге міндеттеме алады. Ал бұл үшін француз монархы Осман империясымен саудада төменгі баж салығын төлеу жөнінде біржақты артықшылықтарға ие болды.

Түріктердің қол астында отырған Балкан елдерінің басқыншыларға қарсы күресі, батысеуропалық елдер мен Осман империясы арасындағы қайшылықты шиеленістіріп отырды. Түрік иелігіне қараған еуропалық аймақтағы халықтардың басқыншыларға қарсы белсенді күресі ұлт-азаттық соғыстарға ұласып отырды.

Халықаралық қайшылықтың тағы бір күрделі түйіні Солтүстік-Батыс Еуропада қалыптасты. XVI ғасырда Балтық теңізіндегі сауда монополиясы үшін кескілескен күрес басталды. Күрестің бірінші кезеңі скандинавиялық мемлекеттердің ганзейлік көпестерге қарсы наразылығы арқылы көрінді. Ұлттық мем-

лекеттердің күшеюіне байланысты неміс және батыс славян қалаларының сауда (Ганза) одағының Балтық теңізіндегі монополиялық күші әлсіреп отырды. Дания мен Швеция елдері ганзейліктермен сауда бәсекелестігінде тәуелсіздікке қол жеткізді.

Данияның Швеция мен Норвегияны отарлауға ұмтылуы және бұл елдерде халықтардың тәуелсіздік үшін қозғалысының күшеюі Балтық бойындағы сауда монополиялық күресінің ерекшеліктерін күрделендіре түсті. Күрес барысында саяси жаңа одақтар қалыптасып, күрес аренасына Польша-Литва және Москвалық мемлекеттер шыға бастады. Күрестің шиеленісуі Дания мен Швеция арасындағы соғысқа (1563-1570) алып келді. Саудадағы бәсекелестік күреске жаңа саяси күштердің тартылуы XVII ғасырда халықаралық қайшылықтарды одан әрі шиеленістіре түсті.

Бақылау сұрақтары

1. Қай елдердің корольдері елшілер үшін қатаң құрмет көрсетілуін талап етіп отырды?
2. Қай ғасырда елшілер үшін ерекше «құрметті агент» термині қалыптасты?
3. Дипломатиялық құпия хабарлар жеткізу стилінің қалыптасуына қай елдің елшілері маңызды үлес қосты?
4. Францияның Италияға жорығының сипаты қандай?
5. «Жеңілмейтін армаданың» күйреуі қай жылы болды?
6. Өзін барлық католиктердің діни әкесі, әулие король санаған император кім?
7. Като-Камбрези бітімі қашан болды?
8. Халықаралық құқық негізін салушылардың бірі Альберико Джентилдің еңбегі қалай аталады?

9. «Соғыс және әскери мекемелер құқығы» еңбегінің авторы кім?

10. XVI ғасырда Еуропадағы халықаралық қайшылықтардың негізгі үш түйіні жөнінде түсінік беріңіз.

3.8. Қытайдағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі және XVII ғасырдағы шаруалар көтерілісі

1. XVI-XVII ғасырдың I жартысындағы Қытайдағы саяси күрестер мен көтерілістер

2. Мин империясының XVI-XVII ғасырдың I жартысындағы сыртқы саясаты

3. Еуропалықтардың Қытайға енуі. Ашық есік саясатына көшу

XVI-XVII ғ.ғ. I жартысындағы Қытайдағы саяси күрестер мен көтерілістер. Қытайда XVI-XVII ғасырлардағы жер және тауар-акша қатынастарының дамуымен бірге ұсақ шаруалардың жекеменшік жеріне салынатын салық мөлшерінің өсуі, ақшалай салық түрінің енгізілуі, әсіресе елдің оңтүстік-батыс (Гуйчжоу, Шаньдун) және солтүстік-батыс провинцияларындағы (Шэньси және Ганьсу) шаруалар көтерілісінің күшеюіне басты себеп болды. Аш-жалаңаштық пен азапты өмірден әбден қажыған шаруалар, қолөнершілер, ескекшілер, т.б. тауларға қашып барып, қарулы көтеріліске шыға бастады. Оларға әскерден қашқан жауынгерлер де қосылып отырды. **1628-1644 жылдары халық**

көтерілістері бүкіл Қытай жерін қамтыды. Бірде жеңіс, бірде жеңіліс тауып отырған халық көтерілістері XVII ғасырдың 40-жылдары өзінің шарықтау шегіне жетті. Көтерілісшілер ірі жер иелерінің, шенеуніктердің жерлеріне, әскери гарнизондарға шабуыл жасап, азық-түлік, қару-жарақтар алып отырды. **Көтерілісшілерге діни секталар мен құпия қоғамдар, әсіресе «Ақ Лотос» ұйымы белсенді қолдау көрсетті.** 1622 жылы осы қоғам мүшелері Шаньдундегі көтеріліске басшылық жасап, кейін бұл көтеріліс өзге провинцияларға кең жайылады. 1628 жылы елдегі қуаңшылық халықтың ауыр жағдайын одан әрі ушықтыра түсті. Елде көтерілістің жаңа ошақтары пайда болды. 1628 жылдың аяғы мен 1629 жылдың соңында Шэньси аймағындағы көтерілісшілер жеке қалалар, аудан, кейін бүкіл уездік жерлерді түгел басып алады. Көтерілісшілер Мин әулетін құлатып, шектен тыс алым-салық мөлшерін азайтып, жемқор қызметкерлердің көзін құртуды көздеді. Көтерілісшілер шығысқа қарай Шэньси провинциясына бағыт алып, 1632 жылы шамамен екі жүз мыңға жеткен қалың қол осы провинцияның оңтүстік бөлігін түгел бағындырып, жергілікті тұрғындардың қолдауымен Пекинге

қарай жылжыды. Алайда астананы алудың сәті түспеді. Көтерілісшілердің қаптаған қалың қолы ұйымдастырушылықтың жетіспеуі салдарынан ұсақ отрядтарға бөлініп кетіп отырды. **1639 жылдың соңында ғана халық қозғалысының жаңа өрлеу кезеңі басталады.** Көтерілістің негізгі күші шаруалар, қала кедейлері, қолөнершілер мен солдаттардан құралды. Көтеріліс барысында қаланың төменгі тобының өкілдері мен жер иеленушілер де көтеріліске қатысып, басшылық жасады. Хубэй-Шэньси аймағында көтерілісшілерге егінші жанұясынан шыққан, кейін малшы әрі пошта тасушы болып қызмет жасаған Ли Цзычэн (1606-1645), ал сычуаньдық көтеріліске үкіметтік әскердің жауынгері болған Чжан Сяньчжун (1606-1647) басшылық жасайды.

Елдің басым бөлігін жаулап алған көтерілісшілер жергілікті өкімет билігін жойып, халыққа байлардың мал-мүлкі мен азық-түлік, астықтарын тартып алып, бөліп беріп отырды. Жоғарғы билік пен армияны көсемдер Кеңесі басқарды. Сонымен бірге көсемдер Кеңесі басқару органдары мен салық жүйесін реформалауға қадам жасады. Алғашқыда олар шаруалар мен қолөнершілерден алынып келген салықтың барлық түрін жойды. Алайда жетіспеушілік зардабын жою үшін салық түрлерін қалпына келтіруге мәжбүр болады.

Көтерілісшілердің негізгі мақсаты императорды тақтан тайдырып, оның мұрагерлері мен ірі феодалдардың көзін жою болды. Көтерілісшілер халық арасында барлығына бірдей тең жер бөлу, әлеуметтік теңдік және «әділетті» сауда идеясын насихаттады.

Көтеріліс өзге де провинцияларда өрши түсті. Сычуан аймағында Чжан Сяньчжун бастаған шаруалардың ірі көтерілісі болды. 1643 жылы жазда Ли Цзычэн бастаған көтерілісшілер Пекинге жорыққа дайындалды. 1644 жылдың сәуір айында Пекинге бет алған көтерілісшілерге жол бойындағы қалалар қақпаны ашып, өз еркімен қосылып отырды.

1644 жылдың 25 сәуір күні Пекин қаласы көп қарсыласпай-ақ Ли Цзычэн бастаған көтерілісшілерге беріледі. 15 жылға созылған елдің ішкі жағдайының саяси шиеленісі, әрі маньчжурлардың үздіксіз сыртқы шабуылынан әбден әлсіреген Мин әулеті көтерілісшілерге қарсы тұра алмады. Көтерілісшілер алдында тізе бүккен император жазғы бақтағы ағашқа асылып өледі. Император қазынасы мен сарай мүлкі тәркіленіп, азық-түлік қорлары халыққа таратылып берілді. Ірі феодалдар, әскери зұлым басшылар өлім жазасына кесілді. Ірі саудагерлер мен алыпсатарлардан контрибуция алынды. Бүкіл билік Ли Цзычэн бастаған көтеріліс көсемдеріне берілді. Көтерілісшілер өкіметі дәстүрлі монархиялық билік үлгісі негізінде құрылды.

Мин империясының XVI-XVII ғасырдың I жартысындағы сыртқы саясаты. XVI ғасырда Мин империясының сыртқы саясатындағы басты бағыт еуропалықтармен байланыс орнатуға бағытталды. Үндістан теңіз жолы ашылғаннан кейін, 1516 жылы Фернандо Перес де Андраде бастаған португал кемелері Қытайдың Кантон қаласына келді. Қытай елі португалдықтарға теңіз жағалауындағы қалаларға сауда орындарын ашып, саудамен айналысуына рұқсат берді.

XVI ғасырда Қытай солтүстіктегі көршілерінің шабуылына қарсы қорғаныс соғыстарын жүргізіп отырды.

XVI ғасырдың аяғына қарай Мин империясы мен Жапония үкіметі арасындағы қатынас шиеленісе түсті. Жапония билеушісі Тоетоми Хидэесидің көрші Қытай мен Кореяға қарсы жаулаушылық сипаттағы жорығының жоспары әзірленді. Жапонияның Қытайға жорығы 1592 жылы Корея елін басып алудан басталады. Бірақ Жапонияның 160 мыңдық әскеріне қарсы тұру үшін өзінің вассалы болып отырған Кореяға Қытай көмек жіберіп, жапон әскеріне тойтарыс берілді. Жапондықтарға қарсы күресте корейлік партизандар мен Корей флоты да асқан ерлік көрсетеді.

1597 жылы Қытаймен жасалған келісімді бұзып, 100 мыңдық әске-

рімен жапондықтар Кореяға басып кіреді. Жапон әскерлері Қытайдың әскери горнизондарын қиратып, қытайлықтарды Кореядан қуып шығарды. Алайда Корей партизандары мен әскери флотының қытайлықтармен бірігіп жүргізген қиян-кескі шайқасы жапондықтарға ауыр соққы тигізді. Кореяның жапондықтарға қарсы жүргізген ерлік шайқасы жапондық билеуші Тоетоми Хидэесидің өлімінен соң ұзаққа созылмады.

XVII ғасырдың I жартысында Қытайдың ішкі жағдайының шиеленісуі, солтүстігіндегі көршілері Маньчжурлар қарулы қарсылығының күшеюі Қытай Мин империясының ішкі және сыртқы жағдайын одан әрі қиындатып жіберді.

Еуропалықтардың Қытайға енуі. Ашық есік саясатына көшу. Үнді мұхитына үстемдік орнатқан еуропалықтар Малаккадағы Қытай отарларына назар аудара бастады. Еуропалықтардың отарлаушылық мақсатын түсінген Қытай шетелдік саудагерлердің қытай еліне еніп, қоныстанып сауда жасауына тыйым салды. 1516 жылы елші ретінде португал королінің хатын әкелген Перестің 1521 жылы Нанкиннен кетуін талап етті. XVI ғасырдың ортасында Қытай елі еуропалықтардың Гуанчжоуға жақын жердегі шағын портты пайдаланып сауда жасауларына рұқсат берді. Шетел кемелерінің Макаодан басқа портқа тоқтауына тыйым салып,

осылайша 1557 жылы Макао португал отарына айналды.

XVII ғасырдың 20-жылдарында Қытай елінің теңіз жағалауларына Голландия және ағылшын кемелері де барды. 1624 жылы голландықтар Тайвань аралын алады. Ағылшындар Қытай жағалауына 1637 жылдан бастап келе бастаған еді. Алайда қытайлықтар шетелдіктердің емін-еркін сауда жасауына тыйым салып, жабық есік саясатын ұстанды. Осылайша 1574 жылы испандықтар Филиппинен, ал голландықтар Тайваньнан кетуге мәжбүр болды.

Орыс патшалары Иван Грозный мен Василий Шуйский тұсында орыс-қытай байланысы орнатылды. Алайда орыс елшілері Қытайға жете алмады.

Орыс-қытай сауда байланысының негізін салған алғашқы орыс миссия-

сы том казагы елші Иван Петлин тұсында жүзеге асырылды. 1618 жылы пекиндік сарайдағылар Петлин арқылы Москваға тұрақты сауда байланысын орнату жөнінде жазылған грамота жіберді. XVI ғасырдың соңы XVII ғасырдың басында Қытайға миссионерлер (итальяндықтар, немістер, португалдықтар) көптеп келе бастады. Олар өздерін астроном, механик, артиллерист деп таныстырып, Қытай қалаларына тұруға рұқсат алады. Әсіресе, отты қару жасауды меңгерген миссионерлерді Қытай елі үлкен ықыласпен қабылдады.

Осылайша қытайлықтардың сеніміне кірген миссионерлер қытай елі туралы мәліметтер жинап, саудагерлер мен қару-жарак сатушыларға делдалдық қызмет көрсетті.

Бакылау сұрақтары

1. XVI-XVII ғасырлардағы Қытай шаруалар көтерілісінің күшеюінің себебін анықтаңыздар.
2. Көтерілісшілерге діни секталар мен құпия қоғамдар, әсіресе «Ақ Лотос» ұйымы неліктен белсенді қолдау көрсетті?
3. Ли Цзычэн бастаған көтерілісшілер Пекинді қай жылы жаулап алды?
4. Хубэй-Шэньси аймағында көтерілісшілерге кім басшылық жасады?
5. XVI ғасырда Мин империясының сыртқы саясатындағы басты бағыт.
6. Фернандо Перес де Андраде бастаған португал кемелері алғаш Қытайға қай жылы келді?
7. Голландықтар Тайвань аралын қай жылы басып алады?
8. Қай жылдан бастап Қытай жағалауына ағылшындар келе бастады?
9. Орыс-қытай сауда байланысының негізін салған алғашқы орыс елшісі.
10. Қай орыс патшасының тұсында орыс-қытай байланысы орнатылды?

3.9. Жапонияның бірігуі

1. Ода Нобунаганың Жапонияны біріктіру әрекеті және оның реформалық саясаты

2. Еуропалықтардың Жапонияға енуі. Португалдықтардың келуі

3. Хидэсидің елді біріктіру ісін жалғастыруы және оның басқыншылық саясаты

Ода Нобунаганың Жапонияны біріктіру әрекеті және оның реформалық саясаты. Ода Нобунага өзінің көршісі ірі феодал Сайтоның қызына үйленеді де, кейін қайын атасы мен оның сенімді көмекшілерін және балаларын өзара бір-біріне айдап салып өлтіріп, қайын атасы Сайтоның ұлан-байтақ жерін өзіне қосып алып, мақсатына жетеді.

1560 жылы Ода үш мың жауынгерімен Окэхадзама түбіндегі шайқаста (қазіргі Айти префектурасы) ірі феодалдар Имагава мен Токугава Иэясудің біріккен 45 мыңдық әскерін талқандап, жеңіске жетеді. Ода Нобунага өз әскерін азықпен толық қамтып отыру үшін 1558 жылы азық-түлік рентасын енгізеді. Оданың тұсында енгізілген бұл рента кейін елді біріктіру ісін жалғастырушы Хидэеси тұсында да жалғасын тауып, «кокудака» деген атпен феодалдық қоғам соңына дейін сақталып отырды.

Ода бүкіл ел территориясының жартысына жуығын бағындырған

соң жаулап алынған аймақтардағы шекара бекеттерін қысқартып, мемлекетке, сондай-ақ сарай төңірегіндегі аристократтар мен шіркеу үшін де ең басты табыс көзі болып отырғанына қарамастан, жүк тасымалы үшін феодалдардан алынатын ауыр салық түрін жояды. Табыс көзінен айырылғысы келмеген аксүйектер Оданың бұл әрекетіне қарсылық білдірді. Алайда сарай төңірегіндегілердің әлденеше рет жазған жазбаша өтініштерінен (петиция) соң, Киотодағы қысқартылған жеті шекара бекетін қалпына келтіруі Оданың сауда капиталы мүддесін қорғау саясатының тұрақсыз болғандығын дәлелдейді. Бірақ Ода көпшілік сауда өкілдерімен ымыраласып, олармен жақсы байланысып отырады. Отты қару өндірісімен айналысып отырған Сакай қаласының тұрғыны көпес Имай Сокюға теңіз тағамдары мен тұз өндіретін дзадан (гильдия – сауда бірлестіктері) салық жинау құқы берілді.

Ода дзадан түсетін табыс арқылы вассалдарына ақы төлеп отыруды көздеп, дзаны сарай төңірегіндегілер мен шіркеудің қол астынан өзінің ықпалына көшіруге тырысты. Ода жолдар төсеу, қарақшыларға жаза қолдану, «еркін базар» алаңдарын құру арқылы сауданың дамуына жағдай жасап отырды. Алайда қамалдар төңірегіндегі қалалардың территориялық шектеулігі, басқа жердегі монополиялық дза үстемдігі сауданың еркін дамуына кедергі болып отырды.

Сұйық және сусымалы денелер үшін (сыпучих тел) жеке өлшемдер қысқартылып, 1,8 л шамасындағы бірыңғай киоталық өлшем (ке масу) енгізілді. Ода айырбас курсы енгізу арқылы күрішті айырбас құралы ретінде қолдануға тыйым салды. Шетелдерден тоқыма жіптері мен жібек, дәрі-дәрмектер, ыдыс-аяқтар сатып алу үшін алтын мен күмісті қолдануға жағдай жасап отырды. Оданың тұсында алтын ақша (ханкин) шығарыла бастады. Алайда Яман князьдығының жеріндегі Икуно күміс руднигін (қазіргі Хего префектурасы) басып алғанмен, алтын, күміс қорының аз болуы жаппай ақша шығару ісіне кедергі келтірді.

Сауданың дамуындағы қалалардың маңызын түсінген Ода өзіне ұсынылған құрметті сегун атағынан бас тартып, оның орнына Оцу (Бива көлінің оңтүстігі) Кусацу (Оцу қаласының шығысы) және Сакай қалаларында өкілдерін орналастыру құқығына ие болған қалаларды бақылауынан тыс қалдырмауға тырысып отырды. 1568 жылы оның Сакай қаласына ауыр әскери салық (ясэн) салуы қала тұрғындарының қатты наразылығын туғызды. Алайда оппозициялық күш талқандалып, қала тұрғындарының қару ұстауларына тыйым салынды. Ал әскери күріш салығын төлеуден бас тартқан Киото қаласының солтүстік бөлігі мен Амагасаки қаласының тұрғындары

талқандалып, үйлеріне өрт қойылды. Хирано қаласының Одаға қарсы Сакай қаласымен құрған одағы қатаң бақылауға алынып, тұрғындары репрессияға ұшырады. Сакай қаласы ғана өзінің тәуелсіздігін сақтап отырды.

Әр түрлі айла-шаралар арқылы өзінің жер иелігін кеңейтуге қол жеткізген Ода Нобунага шаруалар көтерілісін талқандай отырып «сегундық-князьдық» (сегунско-княжскому) (бакухан) мемлекеттің негізін салды. 1582 жылы Киото храмдарының бірінде қарсыластар әскерінің қоршауында қалған Ода өзін-өзі өлтіреді.

Еуропалықтардың Жапонияға енуі. Португалдықтардың келуі. 1543 жылы Жапонияға португалдықтардың, алты жылдан кейін испандықтардың келуімен байланысты отты қарулар кең таралып, бұл әскери соғыс ісіндегі зор төңкерістерге негіз болды. Енді әскери жорықтарға салт атты самурайлардан гөрі, әбден шыныққан, отты қару қолдана алатын кәсіби жауынгерлер қажет болды. Ірі жер иесі княздар өздерінің жеке жасақтарын самурайлардан ғана емес, ауыл шаруашылығынан қол үзіп, әскери дайындықта шыныққан шаруалардан жасақтап, тіпті бұл әскери шаруаларға өздерінің қамалдарының жанында тұруды талап етіп, оларға сыйлық ретінде күріш үлестіріп отырды. Соғыста отты қарудың қолданылуы бекініс қамалдарының қорғаныстық қа-

білетінің жетілдірілуіне ықпал етіп, қамалдар сыртынан қалың қабырғалар тұрғызылып, су толтырылған терең ор қазылатын болды. Мұндай тірек мекендер кейін қамал маңындағы қала орталығына айналды.

Португалдықтар мен испандықтардың келуімен бірге Жапонияда христиан діні кең таралды. Католиктік миссионерлердің Кюсю аралында белсенді әрекет жүргізуі нәтижесінде христиан шіркеуі мен мектептер ашылды. Христиан дінін қабылдаған көптеген князьдар вассалдарына да өздерінен үлгі алуды талап етеді. Князьдар бұл әрекеті арқылы шетелдік саудагерді елге көптеп тартып, отты қарумен қарулану мүмкіндігін кеңейтуге, өзара алауыздық соғыстарда еуропалықтардан қолдау тауып отыруға тырысты.

Еуропалықтардың Жапонияға келуі жергілікті сауда капиталын күшейтіп, әскери соғыс ісін жетілдіріп қана қоймай, ішкі алауыздықты одан әрі шиеленістіре түсті, сонымен бірге еуропалықтар Жапония елін де 1571-1575 жылдары испандықтардың қол астына түскен Филиппин елінің үлгісінде басыбайлылыққа айналдыруға тырысты.

Хидэесидің елді біріктіру ісін жалғастыруы және оның басқыншылық саясаты. Ода Нобунагадан кейінгі Жапония елінің екінші біріктірушісі Тоетоми Хидээси резиденциясы орналасқан Киото қаласындағы аудандарының бірінің аты

бойынша 1582-1598 жылдар аралығы «Персик тауы кезеңі» (Момояма дзидай) деп аталды.

Хидэесидің шын есімі – Хиэси. Фудзивара фамилиясын иемденуге тырысқан ол өмірінің соңғы кезеңінде ғана «Тоетоми» фамилиясын қабылдағанын тарихи құжаттар дәлелдейді.

Хидээси 1536 жылы Накамура (Овари провинциясы – қазіргі Айти префектурасы) ауылында орта шаруа жанұясында дүниеге келді. Сегіз жасында әкесінен айырылған оны өгей әкесі буддалық монастырьға тапсырады. Мінезі сотқар баланы үйіне қайтарғысы келетінін айтқан монахты Хиэси монастырьды өртейтінін айттып қорқытады. Алайда монастырьдан қуылған Хиэсиді өгей әкесі оқуға беріп құмырашы, кейін ағаш шебері, темір ұстасы кәсібіне үйретеді. Алайда қолөнер кәсібін тез меңгерген ол одан тез жиреніп, ақыры қарақшылар тобына қосылып, бірнеше жыл бірге жүреді.

Кейін ол храмға салық жинап жүрген синтоистік монахқа кездесіп, онымен бірге ел кезіп, ұзақ жүреді. Кейін монахтың көмегімен Мацусита феодалға жалшы болып кіріп, бұл жерде 5 жыл қызмет етеді. Мацусита Хиэсидің өзінің жауынгері болғанын қалап, оған қару-жарақ сатып алуды ұсынады. Алайда Хиэси бұл ұсыныстан бас тартып қашып кетеді де, кейін тапқан ақшасына қару сатып алып, жалған атпен Ода

Нобунагаға әскери қызметші болып кіріп, өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі.

Ода қамалдың ұзаққа созылған жөндеу жұмысын аяқтауды Хиёсиға тапсырады. Хиёси жұмысшыларды он адамнан әр топқа бөліп, әр топқа жауаптыларды бекітіп, қамалдың жөндеу жұмысын екі күнде-ақ аяқтап бітіреді. Кейін Хиёси Оданың сенімді әскери қолбасшысы әрі кеңесшісіне айналады. 1566 жылы Ода Хиёсиға көрші Сайтоның жерімен шекараны бөліп тұрған Суномата өзен жағасына бекініс тұрғызуды тапсырады.

Хиёси жергілікті қарақшыларды жинап, қамал тұрғызады да, Сайтоның шабуылына тойтарыс беріп, әскерін талқандайды. Бұған риза болған Ода Хиёсиға Сайтоның жерінің бір бөлігін, сонымен бірге әскери штандарт атағын және өлген әкесі Нобухидэның атындағы екінші иероглифті сыйға тартады. Осылайша хидэ иероглифы оның Хидэёси аталуына негіз болды.

Осыдан соң Ода соғыста Хидэёсиға алдыңғы шепті басқаруды сеніп тапсыратын болды.

Ода қайтыс болған соң екі жылдан кейін Хидэёси өзінің қарындасын Токугава Иэясуға қалыңдыққа беріп, ықпалды аймақты бөлісу жөнінде келіседі. Келісім бойынша Хамамацу қаласының шығысындағы жерлер Токугава иелігіне, ал Нагоя қаласының Батыс бөлігіндегі жерлер Хидэёсиға тиесілі болды. Бірақ Хидэ-

ёси 1587 жылы бұл келісімді бұзып, Кюсю аралын ғана емес, сыртқы саудадағы маңызды орталық Хаката және Нагасаки қалаларына билігін орнатып, кейін Канто ауданын, үш жылдан соң Солтүстік Шығыстағы Муцу аймағын (қазіргі Аомори префектурасы) бағындырып, елді біріктіру ісін аяқтайды.

Хидэёси күріш саудасына бақылауды күшейту мақсатында Иодо өзенінің құяр сағасына қамал тұрғызады. Осака қаласы сол кезден бастап күріш саудасының орталығына айналды.

Хидэёсидің жүргізген ішкі саясатының Одаға ұқсастықтары көп болды. Жаулап алынған территориялардың жер көлемі өлшеніп, бұл жерлер «аса күшті бақылау аймақтары» категориясына жатқызылды. «Аса күшті бақылау аймақтарына» Осака, Киото, Нара, Оминато (Хонсю аралының солтүстігі, қазіргі Аомори префектурасы) және сыртқы саудада маңызды рөл атқаратын Хаката мен Нагасаки қалалары жатқызылды.

Хидэёси бүкіл елде алғаш рет халық санағын (кэнти) өткізді. Бұл санақ бойынша шаруалар екі топқа: салық төлеуші «негізгі шаруалар» (хомбьякусе) (салық төлеушілер санын көбейту үшін бұл топқа ауқатты, жағдайы орташа шаруалардың барлығын жатқызуға тырысты) және жері жоқ «санақтан тыс» (те ходзурэ) шаруаларға бөлінді. Олардың ел ішінде көшіп-қонуына рұқсат берілді.

Хидээсидің халық санағын жүргізудегі мақсаты оның вотчиналық шаруашылықты үзілді-кесілді жойып, селолық қауымдастық пен вассалдық қатынасты дамытуға баса көңіл аударғандығын аңғартады.

Хидээси бірқатар маңызды реформалар жүргізді. 1568 жылы шаруаларды жерге тұрақтандыру мен алым-салықтың мөлшері жөнінде бұйрық шығарды. Бұл бұйрыққа сәйкес шаруалар өнімнің 1/3 бөлігін, ал сеньорлар 2/3 бөлігін иемденуге құқы болды. Басыбайлы шаруалардың қарулары тартып алынды. 1588 жылғы «Семсер жинау» (Катанагари но рэй) туралы заңына сәйкес шаруалардан тартып алынған семсер мен пышақтар шеге жасау үшін және Ұлы Будда мүсінін шегендеуге пайдаланылды.

Елдің тәуелсіздігін сақтау үшін және елдің бірлігі үшін қауіпті саналатын діни, әсіресе буддалық қызметкерлер шаруалардан үш жыл бұрын қарусыздандырылған еді.

Әлеуметтік сословиелік топқа бөлу туралы 1591 жылғы шыққан заң бойынша халық самурайлар (си) шаруалар (но) және қалалық (симин) үш топқа бөлінді. Сол кезеңде ешбір әлеуметтік топқа бөлінбеген көпестер мен колөнершілер қалалық топқа енгізілді.

Ода Нобунага сияқты Хидээси да ақша рентасын (каммон) азық-түлік рентасымен (кокудака) ауыстырды. Бірақ Хидээси рентаның атын өзгертеді.

Хидээси билігі тұсында үздіксіз соғыстармен жер салығының тиісті мөлшерде жиналмауы қаржылық базаның тұрақсыздығына ықпалын тигізіп отырды.

Қаржы тапшылығын болдырмау үшін Хидээси Ода Нобунага кезінде сарай төңірегіндегі көпшіліктің өтінішімен қалпына келтірген Киотодағы шекара бекеттеріне 1582 жылдан бастап сарай бақылауын тоқтатады. Бұл шара базардағы тауардың еркін сауда қозғалысын қалыптастыруға жағдай жасады. Кейін үш жылдан соң сарай төңірегіндегі аристократтар мен храмдар үшін үлкен табыс әкеліп отырған колөнер-сауда бірлестіктеріне бақылауды жою үшін әуелі Киото да кейін провинциядағы да таратылды. Сұйық және сусымалы денелер үшін (ке масу) барлық жерде бірдей 1,8 литрге теңестірілген Киотолық өлшем бірлігі енгізілді. Тауар ақша қатынасын дамыту алтын, күміс, мыс өндіруді жетілдіруге негізделген ақша шығару ісі жүзеге асырылады.

Хидээси тұсында князьдардың әкімшілік және сот құқығын қолдайтын «сегундық – князь» мемлекеті нығайып отырды.

Сакай қаласының көпесі Кониси Рюса Хидээсидің ресми жабдықтаушысы болса, ал теңіздің арғы жағындағы Корея, Қытай, Сиам және Филиппин елдерімен кең көлемде сауда байланысын жасап отырған Камигая Содзин, Симай

Сосицу және Харада Магоситиро сияқты Хидэесидің банкирлері болды. Бұл қалталы қаржыгерлер Хидэесидің саяси сыртқы істеріне ықпал етіп, мысалы, Харада Магоситиро Хидэесиді Филиппинді жаулап алуға көндірді.

Қытай және Корея елдерімен ресми сауда байланыстарын қалпына келтіруге ұмтылған Хидэеси Корей үкіметінің Жапония вассалы болуын талап етіп, 1591 жылы Цусима аралының князі Соны Корей еліне жібереді. Корей үкіметі бұл талапты орындаудан бас тартқан соң, 1592 жылы сәуір айында 137 мыңдық жапон әскері Корей түбегінің оңтүстігіне түсіріліп, үш колоннаға бөлінген әскер 20 күн ішінде маңызды стратегиялық пунктерді басып алып,

Сеуілге жақындады. Жапондық басқыншыларға қарсы корей халқының күресін бастаған талантты адмирал Ли Сунсин аз ғана уақыт ішінде қорғаныс шебін құрып, жапон әскерінің тылынан партизандық қозғалыс ұйымдастырды. Жапондық басқыншылар елді тонап қана қоймай, тонаушылық соғыстағы жеңістің куәсі ретінде құлағы кесілген 38 мың кәрісті Жапонияға жөнелтіп, Киотодағы «Құлақтар моласына» (мимидзука) жерлейді.

1598 жылы Хидэесидің өлімінен кейін жапон елінің тұңғыш біріктірушілерінің еңбегін жоққа шығарған Токугава Иэясу мен Хидэесидің баласы Хидэери төңірегіне топтасқан қарсыластарының арасындағы өзара алауыздық күрес қайтадан өрши түсті.

Бақылау сұрақтары

1. Оданың азық-түлік рентасын енгізудегі мақсатын түсіндіріп беріңіз.
2. Бүкіл елді бағындырғаннан кейін Ода Набунаганың қандай әрекеті аристократтар қарсылығын туғызды?
3. Ода Нобунагадан кейінгі Жапония елінің екінші біріктірушісі.
4. Португалдықтар мен испандықтардың келуімен бірге Жапонияда кең таралған дін туралы сипаттама беріңіз.
5. Окэахадзама түбіндегі шайқастың қорытындысы туралы тұжырым жасаңыз.
6. Жапония елінің тарихында 1582-1598 жылдар аралығы қандай кезең деп аталды?
7. Хидэесидің жүргізген ішкі саясатының Одаға ұқсастықтарын анықтаңыз.
8. Хидэеси да ақша рентасын рентаның қандай түрімен ауыстырды?
9. Хидэеси жүргізген реформалардың мәні туралы қандай тұжырым жасауға болады?
10. Хидэесидің жүргізген халық санағы бойынша шаруалар қанша топқа бөлінді?
11. Жапонияның Қытай және Корея елдерімен ресми сауда байланыстарын қалпына келтіру үшін қандай шаралар жүргізілді?
12. Жапондық басқыншыларға қарсы корей халқының күрес басшысы туралы сипаттама жасаңыз.
13. 1588 жылғы «Семсер жинау» туралы заңының мақсатын анықтаңыз.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Францияда Капетингтер әулетінің билігі басталды:

- A. XI ғ.;
- B. VIII ғ.;
- C. X ғ.;
- D. IX ғ.;
- E. VII ғ.

2. XVI-XVII ғғ. Батыс Еуропа елдерінде қандай тәртіп қалыптасты?

- A. Абсолюттік монархия;
- B. Тирания;
- C. Буржуазиялық үкімет;
- D. Әскери тәртіп;
- E. Демократиялық тәртіп.

3. Германдықтардың вандал тайпалары қай жерді мекендеген?

- A. Моңғолияны;
- B. Ауғанстанды;
- C. Үндістанды;
- D. Арменияны;
- E. Солтүстік Африканы.

4. Лоди Бахлул кланы Делидегі үкімет билігін қашан басып алды?

- A. XV ғ. ортасында;
- B. XVI ғ. басында;
- C. XIV ғ. аяғында;
- D. XIII ғ. аяғында;
- E. XIII ғ. басында.

5. Франк мемлекеті қашан құрылды?

- A. 401 ж.;
- B. 486 ж.;
- C. 491 ж.;
- D. 500 ж.;
- E. 378 ж.

6. 1441 ж. Жапонияда өкіметке қарсы көтерілісті кім ұйымдастырды?

- A. Самурай-рониндер;

- В. Қалөнершілер мен саудагерлер;
- С. Кедей шаруалар;
- Д. Чжурчжендер;
- Е. Аксүйек-феодалдар.

7. XIV-XV ғасырлар тарихындағы Еуропада болған тұңғыш шаруалар көтерілісі:

- А. Стеллинг;
- В. Тукин;
- С. Дольчино;
- Д. Жакерия;
- Е. Чомпилар көтерілісі.

8. Франктер мемлекетінің негізін қалаушы:

- А. Хлодвиг;
- В. Карл;
- С. Болл;
- Д. Константин;
- Е. Гус.

9. 439 жылы Солтүстік Африкада кімдердің корольдігі құрылды?

- А. Остготтардың;
- В. Бургундардың;
- С. Вандалдардың;
- Д. Франктердің;
- Е. Лангобарттардың.

10. Дүниежүзін алғаш айналып шыққан саяхатшы:

- А. Фернандо Магеллан;
- В. Америго Веспуччи;
- С. Васко де Гамма;
- Д. Христофор Колумб;
- Е. Бартоломео Диаш.

11. Үшінші крест жорығы қашан болды?

- А. 1206-1208 жж.;
- В. 1208-1209 жж.;
- С. 1205-1208 жж.;
- Д. 1189-1192 жж.;
- Е. 1119-1121 жж.

12. Франк королі Ұлы Карлдың ел басқарған уақытын анықтандар:

- A. 768-814 жж.;
- B. 724-760 жж.;
- C. 701-762 жж.;
- D. 806-879 жж.;
- E. 697-724 жж.

13. Франк империясы қашан құрылды?

- A. 800 ж.;
- B. 769 ж.;
- C. 796 ж.;
- D. 1701 ж.;
- E. 901 ж.

14. Жапонияға шетелдіктердің келуіне («жабық есік саясаты») қашан тыйым салынды?

- A. XVI ғ. 20-жылдарында;
- B. XVI ғ. 90-жылдарында;
- C. XV ғасырдың басында;
- D. XVII ғ. 30-жылдарында;
- E. XV ғ. 80-жылдарында.

15. Англиядағы орталықтанған мемлекеттің құрыла бастауы:

- A. X ғ.;
- B. VIII ғ.;
- C. XII ғ.;
- D. XI ғ.;
- E. VII ғ.

16. Францияны орталықтандырылған мемлекетке біріктіру қашан басталды?

- A. IX ғ.;
- B. X ғ.;
- C. XI ғ.;
- D. XII ғ.;
- E. XIII ғ.

17. Францияда Бас штаттар қай жылы шақырылды?

- A. 1302 ж.;
- B. 1158 ж.;

- C. 1256 ж.;
- D. 1310 ж.;
- E. 1278 ж.

18. Жүзжылдық соғыс қай жылы басталды?

- A. 1238 ж.;
- B. 1239 ж.;
- C. 1312 ж.;
- D. 1337 ж.;
- E. 1356 ж.

19. Жүзжылдық соғыс қанша жылға созылды?

- A. 1223-1323 жж.;
- B. 1323-1423 жж.;
- C. 1191-1291 жж.;
- D. 1291-1391 жж.;
- E. 1337-1453 жж.

20. Уот Тайлер басшылығымен болған көтеріліс қай жылы басталды?

- A. 1337 ж.;
- B. 1381 ж.;
- C. 1351 ж.;
- D. 1402 ж.;
- E. 1329 ж.

21. Маздакиттер қозғалысының қозғаушы күші кімдер болды?

- A. Қолөнершілер мен саудагерлер;
- B. Құлдар мен еріксіз шаруалар;
- C. Ақсүйектер, ірі жер иелері;
- D. Ірі ақсүйектер;
- E. Қауымдас дикандар мен қолөнершілер.

22. Бірінші Крест жорығы қашан басталды?

- A. 1096 ж.;
- B. 1095 ж.;
- C. 1097 ж.;
- D. 1098 ж.;
- E. 1099 ж.

23. Кресшілер Иерусалимді қашан басып алды?

- A. 1101 ж.;
- B. 1099 ж.;
- C. 1093 ж.;
- D. 1102 ж.;
- E. 1104 ж.

24. Кресшілер Константинопольді қашан басып алды?

- A. 1098 ж.;
- B. 1202 ж.;
- C. 1204 ж.;
- D. 1203 ж.;
- E. 1205 ж.

25. Төртінші Крест жорығы нені айқындады?

- A. Еуропа серілерінің игілікті мақсатын;
- B. Кресшілердің Шығыс мұсылмандарына көмек беру ынтасын;
- C. Серілердің Шығыс мәдениетін игеру ынтасын;
- D. Тонаушылық, басқыншылық мақсатын;
- E. Батыс Еуропа кресшілерінің қайырымдылық ынтасын.

26. Крест жорықтарының саны:

- A. 5;
- B. 10;
- C. 12;
- D. 14;
- E. 8.

27. Франктердің бірінші королі:

- A. Хлодвиг;
- B. Ұлы Карл;
- C. Сигарий;
- D. Аттила;
- E. I Карл.

28. Хуан Чао бастаған шаруалар көтерілісі қашан басталды?

- A. 799 ж.;
- B. 803 ж.;
- C. 843 ж.;

- D. 854 ж.;
- E. 874 ж.

29. Моңғол басқыншылары Қытайдан қашан қуылды?

- A. 1408 ж.;
- B. 1368 ж.;
- C. 1338 ж.;
- D. 1332 ж.;
- E. 1330 ж.

30. Қытайдың астанасында күнделікті газет қай уақыттан шығарыла бастады?

- A. IX ғ.;
- B. VII ғ.;
- C. VIII ғ.;
- D. VI ғ.;
- E. X ғ.

31. Теодорлар әулеті Англияны қай жылдан бастап биледі?

- A. 1450 ж.;
- B. 1460 ж.;
- C. 1398 ж.;
- D. 1485 ж.;
- E. 1470 ж.

32. XVI ғасырда Германияның дамуын тежеген жағдай:

- A. Ұзаққа созылған соғыстар;
- B. Аурудың таралуы;
- C. Осман түріктерінің үстемдігі;
- D. Мұсылман дінінің таралуы;
- E. Феодалдық бытыраңқылық және ауылдағы шаруалардың басыбайлылығы.

33. Реконкистаның уақыт шеңбері:

- A. 600-1500 жж.;
- B. 650-1398 жж.;
- C. 640-1401 жж.;
- D. 718-1492 жж.;
- E. 704-1440 жж.

34. Рафаэльдің ең танымал суреті:

- A. «Тенектен шыққан Курос»;
- B. «Сунион мысынан шыққан Курос»;
- C. «Тесей және Антиопа»;
- D. «Қабан аулау»;
- E. «Сикстин мадоннасы».

35. «Мона Лиза» атты ең таңдаулы суреттің авторы:

- A. Леонардо да Винчи;
- B. Еврипид;
- C. Витрувий;
- D. Пракситель;
- E. Лукиан.

36. Ұлы Карлге императорлық атақ қашан берілді?

- A. 962 ж.;
- B. 785 ж.;
- C. 800 ж.;
- D. 782 ж.;
- E. 809 ж.

37. Вандал корольдігі қай жерде пайда болды?

- A. Испанияда;
- B. Италияда;
- C. Само князьдығында;
- D. Солтүстік Африкада;
- E. Португалияда.

38. Еуропалықтар Шығыс Африкада қашан болған?

- A. 1524 ж.;
- B. 1624 ж.;
- C. 1430 ж.;
- D. 1497 ж.;
- E. 1538 ж.

39. Отыз жылдық соғыстың неше кезеңі болды?

- A. 5;
- B. 4;
- C. 3;

D. 2;

E. 6.

40. Кальвинизм пайда болған Еуропа елі:

A. Нидерландия;

B. Франция;

C. Швейцария;

D. Германия;

E. Англия.

41. Испаниямен күресте 7 солтүстік провинцияның біріккен одағы қандай келісім бойынша жүзеге асты?

A. Аррас униясы (1579 ж.);

B. Утрехт униясы (1579 ж.);

C. Нант эдикті (1598 ж.);

D. Кельн эдикті (1579 ж.);

E. Одер униясы (1589 ж.).

42. Испания мен Франция арасындағы 1494-1559 жж. болған соғыс қандай бітіммен аяқталды?

A. Париж;

B. Като-Камбризи;

C. Вестфаль;

D. Калиев;

E. Вашингтон.

43. Роберт Кет бастаған шаруалар көтерілісі қашан болды?

A. 1549 ж.;

B. 1547 ж.;

C. 1582 ж.;

D. 1572 ж.;

E. 1559 ж.

44. «Тезис хаттар» кімнің шығармасы?

A. М. Лютер;

B. Г. Галилей;

C. Шаруалар;

D. Т. Мюнцер;

E. Ян Гус.

45. «Жеңілмейтін Армаданы» ағылшындардың талқандаған жылы:

A. 1595 ж.;

- B. 1588 ж.;
- C. 1579 ж.;
- D. 1565 ж.;
- E. 1568 ж.

46. Като-Камбризи бітімімен аяқталған соғыс кімдердің арасында болды?

- A. Англия мен Франция;
- B. Франция мен Германия;
- C. Германия мен Испания;
- D. Франция мен Испания;
- E. Испания мен Португалия.

47. «Сикстин Мадоннасы» кімнің шығармасы?

- A. Микеланджело;
- B. Альбрехт Дюрер;
- C. Рафаэль Санти;
- D. Леонардо да Винчи;
- E. Тициан.

48. Ортағасырлық Түркиядағы қолөнершілердің цехтық бірлестігі қалай аталды?

- A. Шрени;
- B. Диуан;
- C. Дза;
- D. Санжак;
- E. Эснаф.

49. XIV ғ. Қытайдан тәуелсіздік алған Корей мемлекеті қалай аталады?

- A. Коре;
- B. Чосон;
- C. Силла;
- D. Пикче;
- E. Когуре.

50. Неміс гуманисі Ульрих фон Гуттен қандай әлеуметтік мазмұны бар өлең жазған?

- A. «Қоғам»;
- B. « Біз теңбіз»;
- C. « Ешкім»;

- D. «Халық»;
- E. «Біз».

51. Кейінгі ортағасырлық Жапониядағы феодалдық рентаның негізгі түрі қалай аталды?

- A. Тэнно;
- B. Тэдонми;
- C. Ронин;
- D. Мүлік;
- E. Вакф.

52. Кейінгі Ирандағы егіншілікпен айналысқан шаруалар қалай аталды?

- A. Декхан;
- B. Райат;
- C. Авариз;
- D. Мофияхед;
- E. Иляб.

53. Солтүстік Американың шығыс жағалауындағы Англияның бірінші отары:

- A. Нью-Йорк;
- B. Вирджиния;
- C. Филадельфия;
- D. Жаңа Амстердам;
- E. Нью-Джерси.

54. 732 жылы Пуатье түбінде франктер кімдерге соққы берді?

- A. Славяндарға;
- B. Германдықтарға;
- C. Испандықтарға;
- D. Арабтарға;
- E. Гректерге.

55. XIII ғасырда Рим папасының еретиктермен күресу үшін құрған арнаулы шіркеу соты:

- A. Инквизиция;
- B. Геноцид;
- C. Резервация;
- D. Индульгенция;
- E. Реформация.

56. Бірінші крест жорығынан кейін қандай ордендер қалыптасты?

- A. Иуда, Иусус;
- B. Ливон, Алькантар;
- C. Ливон, Тевтон;
- D. Сант-яго, Алькантар;
- E. Тампиерлер, Тевтон.

57. Фридрих I Барбаросса Италияға неше рет жорық жасады?

- A. 3 рет;
- B. 4 рет;
- C. 5 рет;
- D. 1 рет;
- E. 2 рет.

58. 875-884 жж. Қытайда болған шаруалар соғысының басшысы?

- A. Хуан Чао;
- B. Хуан Хао;
- C. Ван Сяньчжи;
- D. Чжу Вэн;
- E. Дайцзы.

59. Дели сұлтандығы пайда болған уақыт:

- A. 1241 ж.;
- B. XII ғ. аяғы.;
- C. 1281 ж.;
- D. 1206 ж.;
- E. XIV ғ.

60. Жапонияда 1485-1493 жж. болған оқиға:

- A. Ямасиро провинциясындағы шаруалар соғысы;
- B. Феодалдар арасындағы бакталастық күрес;
- C. Феодалдық бытыраңқылық басталды;
- D. Моңғолдар жаулап алуға әрекет жасады;
- E. Қолөнершілер корпорациясы пайда болды.

61. Токугава «сегун» болып жарияланған жыл:

- A. 1639 ж.;
- B. 1582 ж.;
- C. 1624 ж.;

- D. 1637 ж.;
- E. 1603 ж.

62. Жапонияға шетелдіктердің келуіне тыйым салынған кезді ата.

- A. XVII ғ. 30-жылдары;
- B. XV ғ. 80-жылдары;
- C. XVI ғ. 20-жылдары;
- D. X ғ. басы;
- E. XVI ғ. 90-жылдары.

63. Жапонияда «тэнно» деген сөз нені білдіреді?

- A. «Император» дегенді;
- B. «Ұста», «шебер» дегенді;
- C. «Ұстаз» дегенді;
- D. Ру, тайпа көсемі;
- C. Қылмыскер дегенді.

64. 1603 жылы Токугава әулетінің негізін салған кім?

- A. Тоёмоту;
- B. Ода;
- C. Т. Иэясу;
- D. Симай;
- E. Иэмицу.

65. Франк мемлекетіндегі аллод – бұл:

- A. Меншік иесінің еркіне қарай сатуға, айырбастауға, сатып алуға, сыйға тартуға, мұраға қалдыруға болатын дербес жанұялық жер меншігі;
- B. Шартты жер иелігі;
- C. Салық;
- D. Кедей шаруа;
- E. Рыцарь.

66. Ұлы географиялық ашулардан кейін дүниежүзілік сауданың басты орталығы болған қай қала?

- A. Париж;
- B. Женева;
- C. Антверпен;
- D. Рим;
- E. Берлин.

67. 1549 ж. Англиядағы қоршап алуға қарсы шаруалардың ірі көтерілісін басқарған кім?

- A. В. Оранский;
- B. Герцог Альбе;
- C. Роберт Кет;
- D. Спартак;
- E. Джон Болл.

68. Нидерланды буржуазиялық революциясы қашан болды?

- A. 1566 ж.;
- B. 1556 ж.;
- C. 1576 ж.;
- D. 1586 ж.;
- E. 1596 ж.

69. Қытайда Юань династиясының негізін салушы:

- A. Арық-бұға;
- B. Хұбылай;
- C. Мөңке;
- D. Жошы;
- E. Хуан Чао;

70. Ливон соғысы:

- A. 1514-1518 жж.;
- B. 1546- 1549 жж.;
- C. 1558-1582 жж.;
- D. 1514- 1524 жж.;
- E. 1518- 1528 жж.

71. XVI ғасырда Англияда «жаңа дворяндар» деп атады:

- A. Парламентаризмді жақтаушыларды;
- B. Батрактар еңбегін пайдаланғандарды;
- C. Білімді дворяндарды;
- D. Қалада өмір сүргендерді;
- E. Теңіздің ар жағындағы елде болғандарды.

72. Қытайда XII ғасырда пайда болған чжурчендер мемлекеті:

- A. Суй;
- B. Сун;

- C. Цзинь;
- D. Тан;
- E. Мин.

73. Кортестің Мексиканы бағындыруы:

- A. 1519-1521жж.;
- B. 1510 -1515 жж.;
- C. 1502-1518 жж.;
- D. 1542-1546 жж.;
- E. 1518-1523 жж.

74. Түріктер Константинопольді қашан басып алды?

- A. 1380 ж.;
- B. 1406 ж.;
- C. 1453 ж.;
- D. 1495 ж.;
- E. 1505 ж.

75. X-XV ғғ. Жапон шаруалары қалай аталды?

- A. Бэдәуй;
- B. Шинака;
- C. Арат;
- D. Самурай;
- E. Бонгэ.

76. Реконкиста аяқталған жыл:

- A. 1415 ж.;
- B. 1442 ж.;
- C. 1479 ж.;
- D. 1492 ж.;
- E. 1500 ж.

77. Крест жорықтары болған жылдар:

- A. 1096-1099 жж.;
- B. 1096-1098 жж.;
- C. 1099-1102 жж.;
- D. 1147-1149 жж.;
- E. 1147-1177 жж.

78. Зерлі сот кітабы:

- A. Англияда 1086 ж. нормандық жаулаушы Вильгельм жүргізген халық санағы;
- B. Протестанттық діни ілім жазылған кітап;
- C. Орталық әкімшілік ережелері жазылған кітап;
- D. Ақсүйектерге титул тарату кітабы;
- E. Провинция халқы ережелері.

79. Бургунд корольдігінің астанасы:

- A. Равенна;
- B. Лион;
- C. Карфаген;
- D. Толедо;
- E. Тулуза.

80. Крест жорықтары қай жылдар аралығын қамтиды?

- A. 1096-1270 жж.;
- B. 1196-1270 жж.;
- C. 1096-1180 жж.;
- D. 1098-1170 жж.;
- E. 1096-1170 жж.

81. Тайвань аралын шетелдіктер қашан алды?

- A. 1624 ж.;
- B. 1620 ж.;
- C. 1600 ж.;
- D. 1628 ж.;
- E. 1626 ж.

82. Аббасидтер қай ғасырда тақта болған?

- A. 8-15 ғғ.;
- B. 7-10 ғғ.;
- C. 8-10 ғғ.;
- D. 8-9 ғғ.;
- E. 8-13 ғғ.

83. Феодализмнің экономикалық негізі немен байланысты?

- A. Саудамен;
- B. Мал шаруашылығымен;
- C. Қаламен;

- D. Жермен;
- E. Қолөнермен.

84. Феодалдық рентаның неше түрі болған?

- A. 3;
- B. 2;
- C. 5;
- D. 4;
- E. 6.

85. Капитализм қай мемлекеттерде тез дамыды?

- A. Франция;
- B. Германия, Ресей;
- C. Польша;
- D. Англия, Нидерланды;
- E. Бельгия.

86. Эмфитевсис ол:

- A. Салық;
- B. Ең жақсы жерлер;
- C. Пайдаланбаған жерлер;
- D. Рыцарьларға берілген жер;
- E. Ұзақ мерзімге жер.

87. Медиевистер зерттеген ғылым саласы:

- A. Қазіргі заман;
- B. Орта ғасырлар;
- C. Алғашқы қоғам;
- D. Жаңа заман;
- E. Құлиеленушілік құрылыс.

88. Француз королі Сұлу Филипп пен папа Бонифаций VIII арасындағы тартыс немен аяқталады?

- A. Папаның жеңілісі және өлімімен;
- B. Папаның күшеюімен;
- C. Корольдің жеңілісімен;
- D. Келісімшартпен;
- E. Корольдің кешірім сұрауымен.

89. «Үш теңіздің арғы жағына саяхат» атты шығарманың авторы кім?

- A. А. Курбский;
- B. И. Пересветов;
- C. А. Никитин;
- D. Феофан Грек;
- E. А. Рублев.

90. Англосаксондық корольдігінің бірігуі:

- A. 805 ж.;
- B. 803 ж.;
- C. 829 ж.;
- D. 809 ж.;
- E. 604 ж.

91. Мехмед II қай империяны басқарған?

- A. Араб;
- B. Иран;
- C. Тәжік;
- D. Осман;
- E. Грек.

92. 1526 ж. Үндістанға кім шабуыл жасады?

- A. Тимур;
- B. Бабур;
- C. Аббасидтер;
- D. Шыңғыс хан;
- E. Түріктер.

93. Германияда саксон әулеті билікке келген уақыт:

- A. 1011 ж.;
- B. 830 ж.;
- C. 950 ж.;
- D. 1200 ж.;
- E. 919 ж.

94. Қай орыс патшасы Қытаймен дипломатиялық байланысқа үлес қосты?

- A. Иван Грозный;
- B. I Петр;
- C. I Александр;

- D. Иван Калита;
- E. I Екатерина.

95. X ғ. қай мемлекет Қасиетті Рим империясы деп аталды?

- A. Франция корольдігі;
- B. Италия;
- C. Англия корольдігі;
- D. Испания;
- E. Германия корольдігі.

96. А. Никитин қай елге саяхатқа барды?

- A. Қытайға;
- B. Австралияға;
- C. Түркияға;
- D. Үндістанға;
- E. Аравия.

97. Англияда орталықтанған мемлекет қай ғасырда пайда болды?

- A. VIII ғ.;
- B. X ғ.;
- C. XII ғ.;
- D. XIII ғ.;
- E. XV ғ.

98. «Салий ақиқатында» кісі өлімі үшін төленетін ақшалай айып:

- A. Вергельд;
- B. Вассал;
- C. Вавассор;
- D. Виконт;
- E. Виллан.

99. Жанна Д'Арк кім?

- A. IV Людовиктің нақсүйері;
- B. Жүзжылдық соғыс кезіндегі ұлттың батыр қызы;
- C. Жакерия шаруалар көтерілісінің басшысы;
- D. Ағылшын шіркеуінің негізін салушы;
- E. Француз гугеноттарының көсемі.

100. Қызыл орамалдылар көтерілісі дегеніміз – бұл:

- A. Қытайдағы моңғол басқыншыларына қарсы көтеріліс;
- B. Сербияның түрік-османдарына қарсы көтерілісі;

- C. Уот Тайлер басшылығындағы ағылшын шаруаларының көтерілісі;
- D. Чех халықтарының католик шіркеуіне қарсы күресі;
- E. Ацтектердің испан басқыншыларына қарсы күресі.

101. «Варфолемей түні» деген атаумен қандай оқиға байланысты?

- A. Нидерланды буржуазиялық революциясының басталуы;
- B. Францияда протестанттарды қырып-жою;
- C. Иезуиттер орденінің құрылуы;
- D. Бастилияны алу;
- E. X. Колумбтың Американы ашуы.

102. Географиялық ашулардан кейін қандай порт әлемдік сауданың басты орталығы болды?

- A. Лондон;
- B. Венеция;
- C. Генуя;
- D. Антверпен;
- E. Лиссабон.

103. Король Хильпериктің (561-584 жж.) эдикті аллодка қатысты қандай өзгерістер енгізді?

- A. Жер қауымның меншігі;
- B. Жер қауымшының ұлының ғана меншігі;
- C. Жер қауымшының меншігі;
- D. Жер мемлекеттің меншігі;
- E. Жер меншік құралы емес.

104. Сегізінші крест жорығы:

- A. 1259-1260 жж.;
- B. 1245-1248 жж.;
- C. 1269-1270 жж.;
- D. 1256-1257 жж.;
- E. 1237-1238 жж.

105. Иезуиттердің орденінің негізін салушы:

- A. Мартин Лютер;
- B. Жан Кальвин;
- C. Ян Гус;
- D. Игнатий Лойола;
- E. Томас Мюнцер.

106. Германияда Реформацияның басталуына себеп болған:

- A. Лютердің 1517 жылғы «95 тезисін» жариялауы;
- B. 1500 ж. кітап басу ісінің пайда болуы;
- C. 1500 ж. Бразилияны португалдықтардың ашуы;
- D. Кортестің 1519 жылғы Мексикадағы қызметіне байланысты;
- E. Цвинглидің 1518 ж. Цюрихтағы қызметіне байланысты.

107. Нидерландияда капиталистік өндіріс қарым-қатынастардың дамуына қандай жағдай ерекше әсер етті?

- A. Революция;
- B. Шаруалардың жойылуы;
- C. Соғыс;
- D. Жаңа идеологияның қалыптасуы;
- E. Сыртқы жорықтар.

108. 439 жылы Солтүстік Африкада кімдердің корольдігі құрылды?

- A. Вандалдардың;
- B. Бургундардың;
- C. Остготтардың;
- D. Франктердің;
- E. Лангобардтардың.

109. Орта ғасырлар қандай қоғамды қамтиды?

- A. Алғашқы қауымдық қоғамды;
- B. Құлиеленушілік қоғамды;
- C. Феодалдық қоғамды;
- D. Капиталистік қоғамды;
- E. Социалистік қоғамды.

110. 687 жылы Франк мемлекетіндегі билікті кім жеңіп алды?

- A. Пипин Геристальский;
- B. Ұлы Карл;
- C. Хильперик;
- D. Хлодвик;
- E. Лотарь.

111. Не себепті XIII ғасырда католик шіркеуі инквизиция сотын қолданды?

- A. Еретиктерді жазалау, құрту үшін;
- B. Басқа жерден келгендерді қуу үшін;
- C. Елде тәртіп орнату үшін;

- D. Шіркеу барлық азаматтарды біріктіру қызметін атқарды;
E. Шіркеудегілер халықты имандылыққа тәрбиелеумен айналысты.

112. Англияда Тюдорлар билік құрған кезең:

- A. 1285-1503 жж.;
B. 1485-1603 жж.;
C. 1345-1456 жж.;
D. 1545-1615 жж.;
E. 1385-1395 жж.

113. XVI ғ. Англияда кімдерді «жаңа дворяндар» деп атады?

- A. Парламентаризмді жақтаушыларды;
B. Батрақтар еңбегін пайдаланғандарды;
C. Білімді дворяндарды;
D. Қалада өмір сүргендерді;
E. Теңіздің арғы жағындағы елдерде болғандарды.

114. 1588 ж. Темзаның құяр сағасында қай елдер арасында атақты теңіз шайқасы болды?

- A. Англия мен Франция;
B. Англия мен Португалия;
C. Нормандия мен Португалия;
D. Англия мен Испания;
E. Испания мен Португалия.

115. Жапониядағы ерте феодалдық құрылыстың негізгі принциптері қандай құжатта бекітілді?

- A. Тайхоре кодексінде;
B. Сетоку-тайси декларациясында;
C. Куньлунь жарлығында;
D. «Нихон тэга» заңында;
E. Ямато заңдарында.

116. Византия империясының құлауы қай жылы болды?

- A. 1099 ж.;
B. 1241 ж.;
C. 1389 ж.;
D. 1453 ж.;
E. 1526 ж.

117. Константинопльде 532 ж. болған оқиға:

- A. Византияның остготтармен соғысы;
- B. I Юстиниан такқа отырды;
- C. I Юстиниан тактан түсті;
- D. Византия-Иран соғысы;
- E. «Ника» көтерілісі.

118. Галлияға орналасқан герман тайпалары қалай аталды?

- A. Франктер;
- B. Кельттер;
- C. Сакстар;
- D. Вандалдар;
- E. Вестготтар.

119. Галлияны жаулап алған Франк тайпаларының басшысы кім?

- A. Хлодвиг;
- B. Мехмед;
- C. Карл Великий;
- D. XI Людовик;
- E. Томас Мюнцер.

120. 486 жылғы шешуші шайқаста франктер римдіктерді қай қала түбінде талқандады?

- A. Рим;
- B. Суассон;
- C. Париж;
- D. Милет;
- E. Лондон.

121. 1437 жылы Германияда император тәжі қай әулеттің қолына өтті?

- A. Франкондык;
- B. Гогенштауфендер;
- C. Штауфендер;
- D. Люксембург;
- E. Габсбургтер.

122. Қасиетті Рим империясы қашан құрылды?

- A. 962 ж.;
- B. 862 ж.;
- C. 843 ж.;

- D. 500 ж.;
- E. 963 ж.

123. VII ғ. лангобардтардың королі Дезирейді талқандаған:

- A. Хлодвиг;
- B. I Оттон;
- C. Карл Мартелл;
- D. Ұлы Карл;
- E. Алфред.

124. 855 ж. Лотарьдың мемлекеті мына корольдіктерге ыдырады:

- A. Италия, Прованс, Лотарингия;
- B. Прованс, Фландрия, Бургундия;
- C. Гасконь, Италия, Лотарингия;
- D. Бургундия, Италия, Фландрия;
- E. Нормандия, Бретань, Прованс.

125. Ганза одағы:

- A. Ағылшын және Францияның Германияға қарсы одағы;
- B. Сеньорларға қарсы күрестегі колөнершілер одағы;
- C. Солтүстік және Балтық теңіздеріндегі саудадан өз бәсекелестерін ығыстыру үшін немстің 70-тен астам қалаларының біріккен одағы;
- D. Франция және Германияның Англияға қарсы одағы;
- E. Жерорта теңізі жағалауындағы еуропалық қалалар одағы.

126. 1054 жылы:

- A. Гусьшілердің католик шіркеуіне қарсы күресі өршіді;
- B. Бас штаттар құрылды;
- C. Ганза одағы құрылды;
- D. VII Григорий мен IV Генрихтің арасында кескілескен күрес болды;
- E. Христиан шіркеуі батыс және шығыс болып екіге бөлінді.

127. 1204 жылы:

- A. Кресшілердің Константинопольді алған жылы;
- B. Еуропада Реформация жүргізілді;
- C. Жүзжылдық соғыс болды;
- D. Бас штаттар құрылды;
- E. Франциядағы шаруалар соғысы жеңіліс тапты.

128. Ағылшындар мен француздар арасында 1356 жылғы шайқас қай қала түбінде болды?

- A. Пуатье;
- B. Креси;
- C. Азенкур;
- D. Париж;
- E. Лондон.

129. Жүзжылдық соғыс жылдарындағы Франциядағы шаруалар соғысы қалай аталады?

- A. Реформация;
- B. Жакерия;
- C. Реконкиста;
- D. Инквизиция;
- E. Протестант.

130. Франциядағы «жактар» көтерілісінің басшысы:

- A. Жанна Д'Арк;
- B. Гильом Каль;
- C. Ян Гус;
- D. Карл Смелый;
- E. Роберт Кет.

131. 1066 жылы Англияны жаулап алған кім?

- A. Бургундия королі Карл Смелый;
- B. Нормандия герцогы Вильгельм;
- C. Француз королі XI Людовик;
- D. Жакерия көтерілісшілері;
- E. Шаруа Гильом Каль.

132. Ағылшын парламенті қашан шақырылды?

- A. 1356 ж.;
- B. 1265 ж.;
- C. 1465 ж.;
- D. 1365 ж.;
- E. 1345 ж.

133. Англиядағы 1381 ж. көтеріліс басшысы кім?

- A. Томас Мюнцер;
- B. Мартин Лютер;

- C. Гильом Каль;
- D. Роберт Кет;
- E. Уот Тайлер.

134. 1389 жылы:

- A. Иоганн Гутенбергтің алғашқы кітабы шығарылды;
- B. Джордано Бруно дүниеге келді;
- C. Косово даласындағы шайқас;
- D. Бас Штаттар шақырылды;
- E. Уот Тайлер бастаған шаруалар көтерілісі болды.

135. XII ғ. Жапония шаруалар қауымы бүкіл тұғындардың қанша пайызын құрайды?

- A. 90;
- B. 70;
- C. 50;
- D. 60;
- E. 80.

136. «Қорқынышты сот кітабы» деген не?

- A. Шіркеу ағымын уағыздаушы кітап;
- B. Саяси мәселелер көрсетілген кітап;
- C. Салық сөлшері көрсетілген кітап;
- D. Қылмыс істелгені үшін қолданылатын жазалар жазылған сот кітабы;
- E. Корольдің шығарған жинақ кітабы.

137. «Гаргантюа мен Пантагрюэль» романының авторы кім?

- A. Мигель;
- B. Шекспир;
- C. Томас Мор;
- D. Француа Рабле;
- E. Себастьян Франк.

138. Герман мемлекетінің құрылуына әсер еткен себептер:

- A. Франк империясы бөлінгеннен кейін;
- B. Варварлардың жаулап алуынан кейін;
- C. Нормандардың соғыстарынан кейін;
- D. Саяси күшейген соң;
- E. Корольдің әскери саясатынан кейін.

139. Уот Тайлер тарихта қандай атпен белгілі?

- A. Ағылшын жаушысы;
- B. Атақты философ;
- C. Ірі феодал;
- D. Қайырымды король;
- E. Шарулар көтерілісінің көсемі.

140. Франк мемлекетіндегі «капитулярий» дегеніміз:

- A. Заң жобасы;
- B. Жоғары сот жарлығы;
- C. Салық жүйесі;
- D. Император жарлықтары;
- E. Жылнама.

141. Англиядағы Джек Кэдтің көтерілісі қай жылы басталды?

- A. 1460 ж.;
- B. 1455 ж.;
- C. 1467 ж.;
- D. 1450 ж.;
- E. 1451 ж.

142. IX ғ. соңында Қытайда болған шаруалар көтерілісінің жетекшісі:

- A. Сунь Ятсен;
- B. Цинь Шихуан;
- C. Хуан Чао;
- D. Чан Кайши;
- E. Конфуций.

143. «Хараксири» сөзінің мағынасы:

- A. Бостандық алу;
- B. Қызмет ету;
- C. Қарнын жарып жіберу;
- D. Ұрлық жасау;
- E. Заң шығару.

144. Византияда 527-565 жылдар аралығында билік жүргізген император:

- A. Ягайло;
- B. Юстиниан;
- C. Ұлы Карл;
- D. Отто;
- E. Юстин.

145. Қай гуманист өзін «Бар әлемнің азаматымын» деп атаған?

- A. Ульрих фон Гуттен;
- B. Конрад Цельтис;
- C. Себастьян Брандт;
- D. Эразм Роттердамский;
- E. Рудольф Агрикала;

146. Вилла тұрғындарының қауым мүшелері ретінде жер қатынастар реттеушілік ролі Салий ақиқатының қай тарауында айтылған?

- A. «Сотқа шақыру туралы»;
- B. «Қоныс аударушылар туралы»;
- C. «Бір уыс топырақ туралы»;
- D. «Рахимбургтар туралы»;
- E. «Ірі кара малды ұрлату туралы»;

147. Сефевидтер мемлекетіндегі әскербасы қалай аталды?

- A. Куллар агаси;
- B. Гулям;
- C. Янычар;
- D. Беклер бек;
- E. Мамлюк.

148. Ұлы Карл шапқыншылығына айрықша қарсылық көрсеткен:

- A. Галдар;
- B. Сакстар;
- C. Остготтар;
- D. Англдар;
- E. Вандалдар.

149. «medium aevum» – орта ғасырлар терминінің отаны:

- A. Италия;
- B. Франция;
- C. Германия;
- D. Ресей;
- E. Дания.

150. Тарих ғылымының орта ғасырларды зерттейтін саласы:

- A. Иранистика;
- B. Медиевистика;
- C. Элитология;

- D. Геральдика;
- E. Нумизматика.

151. XV ғ. Еуропада әлемдік сауда орталығына айналған қала:

- A. Лиссабон;
- B. Кельн;
- C. Антверпен;
- D. Марсель;
- E. Париж.

152. Франктердің қоғамдық құрылысы туралы құнды мәлімет беретін дерек:

- A. «Сали ақиқаты»;
- B. «Эпарх кітабы»;
- C. «Егіншілік заңы»;
- D. «Зәрлі сот кітабы»;
- E. «Сары реестр».

153. Ұлы Карл Бавар герцогтығын жойған жыл:

- A. 800 ж.;
- B. 778 ж.;
- C. 804 ж.;
- D. 811 ж.;
- E. 843 ж.

154. Тевтон ордені құрылған жыл:

- A. 1190 ж.;
- B. 1099 ж.;
- C. 1119 ж.;
- D. 1096 ж.;
- E. 1237 ж.

155. Католик шіркеуінің Рим папасының атынан беретін «күнәдан арылту» жөніндегі грамотасы:

- A. Инквизиция;
- B. Инвеститура;
- C. Индульгенция;
- D. Легат;
- E. Симония.

156. Төртінші крест жорығы қашан болды?

- A. 1241-1245 жж.;

- B. 1202-1204 жж.;
- C. 1304-1306 жж.;
- D. 1405-1406 жж.;
- E. 1203-1205 жж.

157. Вестфаль бітімінің жасалуы қай соғыстың аяқталуын көрсетеді?

- A. Франция-Италия;
- B. 30 жылдық соғыс;
- C. 7 жылдық соғыс;
- D. Жүзжылдық соғыс;
- E. Қырым соғысы.

158. Ришельенің басқарған жылдары?

- A. 1624-1642 жж.;
- B. 1643-1651 жж.;
- C. 1615-1633 жж.;
- D. 1618-1624 жж.;
- E. 1618-1651 жж.

159. Нидерланды буржуазиялық революциясы қашан болды?

- A. 1552-1605 жж.;
- B. 1558-1604 жж.;
- C. 1566-1609 жж.;
- D. 1569-1609 жж.;
- E. 1555-1566 жж.

160. «95 тезис» кімнің шығармасы?

- A. М. Лютер;
- B. Г. Галилей;
- C. Шаруалар;
- D. Т. Мюнцер;
- E. Т. Мор.

161. Испандықтардың «Женілмейтін армадасының» күйреуі:

- A. 1204 ж.;
- B. 1381 ж.;
- C. 1453 ж.;
- D. 1588 ж.;
- E. 1640 ж.

162. Англиядағы тақ үшін Алқызыл және Ақ раушан гүлдерінің соғысы қай жылы болды?

- A. 1450-1480 жж.;
- B. 1455-1485 жж.;
- C. 1460-1490 жж.;
- D. 1465-1495 жж.;
- E. 1467-1497 жж.

163. Ағылшын абсолютизмінің ең шарықтау шегі қай король кезінде болды?

- A. VIII Генрих;
- B. Елизавета;
- C. Мария Стюарт;
- D. VII Генрих;
- E. Филипп II.

164. Норман герцогы Вильгельм XI ғасырда Англияны қандай атпен биледі?

- A. Кромвель;
- B. Жаулап алушы;
- C. Стюарт;
- D. Карл;
- E. Людовик.

165. «Гаргантюа и Пантагрюэль» романының авторы кім:

- A. Мигель;
- B. Шекспир;
- C. Себастьян Франк;
- D. Француз Рабле;
- E. Томас Мор.

166. Прекарий ол:

- A. Шаруа мен әскерлердің жері;
- B. Ұзаққа алынған жер;
- C. Құлдарға берілген жер;
- D. Мұрагерлікке берілген жер;
- E. Әр түрлі мерзімге алынған жер.

167. Пиза, Лукка, Токсана қай мемлекеттің қалалары?

- A. Германия;

- В. Италия;
- С. Дания;
- Д. Франция;
- Е. Англия.

168. Перуды жаулап алушы:

- А. Кортес;
- В. Колумб;
- С. Магеллан;
- Д. Писарро;
- Е. Дрейк.

169. Англосаксондықтардың даттарға қарсы күресін ұйымдастырған:

- А. Альфред;
- В. Шекспир;
- С. Себастьян Франк;
- Д. Француз Рабле;
- Е. Томас Мор.

170. XVI-XVII ғғ. Еуропадағы алғашқы табысты революция:

- А. Нидерландия революциясы;
- В. Француз революциясы;
- С. Ағылшын революциясы;
- Д. Швейцариядағы революция;
- Е. Неміс революциясы.

171. Ұлы географиялық ашылулар кезінде Американы ашқан кім?

- А. Кортес;
- В. Писарро;
- С. Колумб;
- Д. Дрейк;
- Е. Магеллан.

172. Барокко стилі қашан пайда болды?

- А. XVI ғасырдың соңы – XVII ғасырдың басы;
- В. XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың басы;
- С. XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басы;
- Д. XVIII ғасырдың басы;
- Е. XVI ғасырдың басы – XVII ғасырдың ортасы.

173. Тарай және Минамото руы арасында билікке талас қай жылдары болды?

- A. 905-907 жж.;
- B. 1403-1405 жж.;
- C. 1155-1190 жж.;
- D. 1505-1507 жж.;
- E. 1233-1301 жж.

174. Нидерланды XVI ғ. ортасында кімнің қол астында болды?

- A. Англия;
- B. Испания;
- C. Германия;
- D. Франция;
- E. Италия.

175. «Бірінші капитуляция» деп аталып кеткен бітім шарты қашан және қандай мемлекеттер арасында жасалған?

- A. 1428 ж. Ресей мен Түркия арасында;
- B. 1488 ж. Түркия мен Венеция арасында;
- C. 1535 ж. Түркия мен Франция арасында;
- D. 1498 ж. Франция мен Түркия арасында;
- E. 1562 ж. Түркия мен Англия арасында.

176. Ұлы гуманист ғалымдар:

- A. Л. Пастер;
- B. К. Рубенштадт;
- C. Р. Мангуст;
- D. Н. Коперник, Д. Бруно, Г. Галилей;
- E. К. Кроссмен.

177. «Алтын булла» кімнің мүдделерін қорғады?

- A. Соттың;
- B. Шіркеудің;
- C. Шаруалардың;
- D. Рыцарьлардың;
- E. Князьдардың.

178. Мануфактура қандай өндірістің белгісі?

- A. Феодалдық;
- B. Ежелгі;

- C. Коммунистік;
- D. Социалистік;
- E. Капиталистік.

179. Карл Мартелдің әскери қызметі үшін жерді сыйға беруі қалай аталды?

- A. Феод;
- B. Домен;
- C. Бенефиция;
- D. Прекарий;
- E. Аллод.

180. «Гайдуктер» деген терминді түсіндіріңіз:

- A. Жұмысқа жалданушы;
- B. Шапқыншылар;
- C. Болгар және серб партизандары;
- D. Түрік шонжарлар;
- E. Пираттар.

181. Португалдардың географиялық ашулары/1418-1460/ кімнің қызметіне байланысты?

- A. Принц Энрике Мореплаватель;
- B. Бартоломоу Диас;
- C. Писарро;
- D. Кортес;
- E. Христофор Колумб.

182. «Ұлы Карлдың өмірі» шығармасының авторы:

- A. Дьяков;
- B. Севильский;
- C. Эпарх;
- D. Турский;
- E. Эйнгард.

183. X ғ. қай мемлекет Қасиетті Рим империясы деп аталды?

- A. Франция корольдігі;
- B. Италия;
- C. Англия корольдігі,
- D. Испания;
- E. Германия корольдігі.

184. Бенефиций деген не?

- A. Мемлекеттік қызметі үшін берілетін жер;
- B. Мұрагерлікке берілетін жер;
- C. Король жаулап алған жер;
- D. Шіркеу жері;
- E. Әскери қызметі үшін берілетін жер.

185. Ұлы Карл империясы құлағаннан кейін оның территориясында қандай корольдіктер құрылды?

- A. Испания, Германия корольдіктері;
- B. Франция, Нидерланды, Белгия корольдіктері;
- C. Венгрия, Чехия, Польша корольдіктері;
- D. Франция, Германия, Италия корольдіктері;
- E. Италия, Греция, Македония корольдіктері.

186. Францияда Бас штаттар қай жылы шақырылды?

- A. 1302 ж.;
- B. 1158 ж.;
- C. 1256 ж.;
- D. 1310 ж.;
- E. 1278 ж.

187. Бас штаттар не үшін шақырылды?

- A. Корольдің жеке басының билігін тұрақтандыру үшін;
- B. Рим папасымен күресу үшін;
- C. Халық жасақтарын жинау үшін;
- D. Соғыс пен бейбітшілік мәселесін шешу үшін;
- E. Тұрақты әскер құру үшін.

188. Нидерланды буржуазиялық революциясы қашан болды?

- A. 1552-1605 жж.;
- B. 1558-1604 жж.;
- C. 1566-1609 жж.;
- D. 1569-1609 жж.;
- E. 1555-1566 жж.

189. Ұлы гуманист жазушылар:

- A. Б. Клодт;
- B. Т. Драйзер;

- С. Э.А. По;
 D. Т. Мор, Ф. Рабле, В. Шекспир, М. Сервантес;
 Е. А. Дюма.

190. Литтер:

- А. Ерте орта ғасырларда франк қоғамындағы тәуелді адамдар;
 В. Феодал;
 С. Әскер;
 D. Ерте орта ғасырларда франк қоғамындағы жартылай ерікті адамдар;
 Е. Құл.

191. 841-842 жж. Саксониядағы шаруалар көтерілісі қалай аталды?

- А. «Стеллинг»;
 В. «Степлинг»;
 С. «Стреллинг»;
 D. «Столлинг»;
 Е. «Строллинг».

192. Францияда Валуа династиясының билігі қашан басталды?

- А. 1328 ж.;
 В. 1338 ж.;
 С. 1348 ж.;
 D. 1358 ж.;
 Е. 1368 ж.

193. Біріккен Испан мемлекеті кімнің тұсында құрылды?

- А. Фердинанд Арагонский мен Изабелла Кастильскаяның династиялық некесінен кейін;
 В. II Филипп кезінде;
 С. Король VI Альфонс кезінде;
 D. Араб билеушілері кезінде;
 Е. IV Генрих кезінде.

194. XV ғ. Англияда қалыптасқан «жаңа дворяндар» қалай аталды?

- А. Джентри;
 В. Фригольдерлер;
 С. Грандалар;
 D. Лордтар;
 Е. Аксүйектер.

195. Византиядағы әскери әкімшілік округтер:

- A. Фемдер;
- B. Феод;
- C. Солид;
- D. Пан;
- E. Домен.

196. Италияда Дольчино көтерілісі жеңілген жыл:

- A. 1304 ж.;
- B. 1307 ж.;
- C. 1314 ж.;
- D. 1327 ж.;
- E. 1330 ж.

197. Нидерландияда капиталистік өндіріс қарым-қатынастардың дамуына қандай жағдай ерекше әсер етті?

- A. Революция;
- B. Шаруаның жойылуы;
- C. Соғыс;
- D. Жаңа идеологияның қалыптасуы;
- E. Сыртқы жорықтар.

198. Германияда Штауфендер әулеті қай жылдары билік құрды?

- A. 1485-1495 жж.;
- B. 1455-1485 жж.;
- C. 1138-1254 жж.;
- D. 1425-1455 жж.;
- E. 1230-1320 жж.

199. Қай жылы Испания Голландия Республикасының тәуелсіздігін мойындады?

- A. 1570 ж.;
- B. 1800 ж.;
- C. 1640 ж.;
- D. 1700 ж.;
- E. 1609 ж.

200. Креси шайқасы:

- A. 1356 ж.;
- B. 1376 ж.;
- C. 1326 ж.

D. 1346 ж.;

E. 1386 ж.

201. Соңғы орта ғасырлардағы жаңа таптар:

A. Буржуазия мен феодалдар;

B. Жұмысшы және шаруалар;

C. Көпестер және жұмысшылар;

D. Буржуазия және жалдамалы жұмысшылар;

E. Жалдамалы әскер.

202. Вестгот корольдігінің ірі бекіністерінің арабтарға тізе бүккен жылы:

A. 709 ж.;

B. 711 ж.;

C. 714 ж.;

D. 755 ж.;

E. 800 ж.

203. Нанси түбіндегі шайқас:

A. 1455 ж.;

B. 1446 ж.;

C. 1477 ж.;

D. 1499 ж.;

E. 1456 ж.

204. Нант эдикті қабылданды:

A. 1598 ж.;

B. 1586 ж.;

C. 1548 ж.;

D. 1562 ж.;

E. 1542 ж.

205. Иранды арабтар қашан жаулап алды?

A. 651 ж.;

B. 570 ж.;

C. 682 ж.;

D. 710 ж.;

E. 510 ж.

206. XV ғ. ағылшын шаруаларын жерсіздендіру процесі қалай аталды?

A. Аллод;

- В. Галимат;
- С. Вергельд;
- Д. «Қоршау саясаты»;
- Е. Литургия.

207. 1568-1582 жж. Жапонияны біріктіруді бастаған:

- А. Асикага;
- В. Ода Нобунага;
- С. Т. Хидэеси;
- Д. Такугава Иэясу;
- Е. Такугава Иэмицу.

208. Үндістанға алғаш теңіз жолы арқылы барған кімнің экспедициясы?

- А. Америго Веспуччи;
- В. Васко да Гама;
- С. Христофор Колумб;
- Д. А. Никитин;
- Е. Фернан Магеллан.

209. Токионы орта ғасырларда қалай атаған?

- А. Эдо;
- В. Киото;
- С. Осака;
- Д. Токата;
- Е. Токио.

210. Түрік сұлтаны Баязиттің билеген жылдары:

- А. 1357-1389 жж.;
- В. 1389-1402 жж.;
- С. 1451-1481 жж.;
- Д. 1359-1389 жж.;
- Е. 1452-1502 жж.

211. XVI ғасырда көтеріліске шыққан неміс шаруаларының бағдарлама-сы:

- А. «12 статья»;
- В. «Игі іс»;
- С. «Вормдық бағдарлама»;
- Д. «95 тезис»;
- Е. «Хельброндық бағдарлама».

212. Англияда Жерсіз Иоанн корольдік (1199-1216 жж.) еткен кезде 1215 жылы қабылданған құжат:

- A. «Еркіндіктің Ұлы Хартиясы»;
- B. «Зэрлі сот кітабы»;
- C. «Егіншілік заңы»;
- D. «Алтын булла»;
- E. Азаматтық құқықтар жинағы.

213. Франктер королі Ұлы Карл қайда жорық жасады?

- A. Испания және Италия;
- B. Польша және Австралия;
- C. Египет және Греция;
- D. Сирия және Парсы;
- E. Швеция және Дания.

214. Реконкиста:

- A. VIII-XV ғғ. Пиреней жарты аралы халықтарының арабтар жаулап алған жерлерін қайтарып алуы;
- B. Міндеткерлік бойынша әскери қызметке алынған адам;
- C. Сеньорына атты әскер қатарында қызмет етуге міндетті адам;
- D. Леон мен Кастилия одағы;
- E. Орталық Испания атауы.

215. Жапонияда қандай қылмыс өте ауыр деп есептелді?

- A. Адам өлтіру;
- B. Қожасының мал-мүлкін ұрлау;
- C. Өңделген егістікке зиян келтіру;
- D. Әке-шешесіне қарайласпау;
- E. Қауымдық мүлікті ұрлау.

216. «Салий ақиқаты» бойынша галл-римдіктердің екінші категориясына жататындар:

- A. Саудагерлер;
- B. Құлдар;
- C. Қолөнершілер;
- D. Ұсақ поместье иелері;
- E. Король отбасы.

217. Вильгельм Оранский кім?

- A. Ағылшын шіркеуінің негізін салушы;

- В. Француз гугеноттарының көсемі;
- С. XVII ғ. голландиялық суретші;
- Д. Нидерланды буржуазиялық революциясының қайраткері;
- Е. Иезуиттер орденінің негізін салушы.

218. Франциядағы азамат соғысының 1585-1589 жж. кезеңінің шарықтау шегі қалай аталды?

- А. «Үш Генрихтер соғысы»;
- В. «Гизалар үйінің» соғысы;
- С. «Гугеноттар тайталасы»;
- Д. «Католиктер келісімі»;
- Е. «Жүзжылдық соғыс».

219. Орта ғасырларда түрік-османдарға бағынбаған Африканың солтүстігіндегі мемлекетті атаңыз.

- А. Ливия;
- В. Египет;
- С. Алжир;
- Д. Марокко;
- Е. Тунис.

220. «Индульгенция» сөзінің мағынасын анықтаңыз:

- А. Салық;
- В. Күнеларды қешіру жайлы арнайы грамота;
- С. Шіркеу дәстүрі;
- Д. Храмның түрі;
- Е. Қолөнер туындысы.

221. Гусшілдер қозғалысы нені білдіреді?

- А. Серб халықтарының осман тәуелсіздігіне қарсы күресі;
- В. Польша шляхтыларының Польшаны бөлуге қарсы күресі;
- С. Чех халықының католиктік шіркеуге және шетелдік күш көрсетуге қарсы күресі;
- Д. Крест жорықтарының басталуын уағыздау;
- Е. Шіркеудің еретиктермен күресі.

222. Неміс жаулаушыларына қарсы Италия қалалары ұйымға бірікті:

- А. Ломбардия лигасы;
- В. Феррара лигасы;
- С. Рим лигасы;

- D. Мантуя лигасы;
- E. Милан лигасы.

223. Колониялар (отар) деп қандай территориялар аталды?

- A. Адамдарға жеткіліксіз мекендер;
- B. Өз тәуелсіздігін жоғалтқан және басқыншылардың езгісіне тап болған халықтар мекендеген территориялар;
- C. Өңделмеген территориялар;
- D. Адамдарға қажетті жаңа сауда тұрақтар;
- E. Жаулап алынған жерлердегі әскери бекіністер.

224. Ұлы Карлдің сакстармен соғысы:

- A. 772- 804 жж.;
- B. 773- 805 жж.;
- C. 772-779 жж.;
- D. 758-768 жж.;
- E. 774-776 жж.

225. Түрік османдардың тұрақты жаяу әскері:

- A. Мамлюктер;
- B. Гайдуктер;
- C. Янычарлар;
- D. Райя;
- E. Табориттер.

226. Византиядағы VII-VIII ғғ. кедей шаруалардың атауы:

- A. Апорлар;
- B. Индальгенция;
- C. Коммендация;
- D. Сеньория;
- E. Колонат.

227. Батыс Рим империясы құлады:

- A. 465 ж.;
- B. 486 ж.;
- C. 496 ж.;
- D. 446 ж.;
- E. 476 ж.

228. Герман тайпалары саяси мәселелерін қай жерде шешкен?

- A. Сенат шешімінде;

- В. Халық жиналысында;
- С. Діни кеңесінде;
- Д. Ақсүйектер одағында;
- Е. Құқық келісінде.

229. Пуритандықтар:

- А. Діни-протестанттық күрес жүргізушілер;
- В. Неміс феодалдарының бір орталыққа бағынбау саясаты;
- С. Ағылшын жұмысшыларының абсолютизмге қарсылығы;
- Д. Ағылшын буржуазисының абсолютизмге қарсы оппозициясы;
- Е. Ағылшындардың испандық саясатқа бағынбауы.

230. Оттон I Италияға алғашқы жорығы:

- А. 958 ж.;
- В. 951 ж.;
- С. 982 ж.;
- Д. 978 ж.;
- Е. 965 ж.

231. XV ғасырда қандай елдер алғашқы болып географиялық ашуларға қатынасты?

- А. Россия, Франция;
- В. Франция, Англия;
- С. Испания, Португалия;
- Д. Албания, Эфиопия;
- Е. Германия, Франция.

232. Англияда орталықтанған мемлекет қай ғасырда пайда болды?

- А. VIII ғғ.;
- В. X ғ.;
- С. XII ғ.;
- Д. XIII ғ.;
- Е. XV ғ.

233. Франк королі Хлодвигтің билігі:

- А. 481-511 жж.;
- В. 483-512 жж.;
- С. 488-514 жж.;
- Д. 489- 518 жж.;
- Е. 486- 490 жж.

234. Германияда реформация қашан болды?

- A. XIII ғ. аяғында;
- B. XIV ғ. басында;
- C. XVI ғ. басында;
- D. XVII ғ. басында;
- E. XVIII ғ. басында.

235. Отыз жылдық соғыс жылдары:

- A. 1618-1648 жж.;
- B. 1624-1654 жж.;
- C. 1615-1630 жж.;
- D. 1640-1670 жж.;
- E. 1620-1650 жж.

236. Буржуазия деген сөз қай тілден шыққан, қалай аударылады?

- A. Грек тілінен аударғанда «саудагер»;
- B. Неміс тілінен аударғанда «банкирлер»;
- C. Латын тілінен аударғанда «жаңа азамат»;
- D. Француз тілінен аударғанда «қала тұрғыны»;
- E. Испан тілінен аударғанда «аксүйектер».

237. 630 жыл шамасында:

- A. Империяны бөлісу жөнінде Верден келісімі жасалды;
- B. Арабтардан Азербайжанның азат етілуі;
- C. Араб тайпаларының көпшілігі ислам дінін қабылдады;
- D. Византия иеліктеріне оңтүстіктен арабтар шабуыл жасады;
- E. Чех мемлекеті пайда болды.

238. Кордова қаласы:

- A. Испанияның астанасы;
- B. VIII ғ. араб мемлекетінің Испаниядағы астанасы;
- C. Араб халифатының астанасы;
- D. Мұсылман дінінің орталығы;
- E. Тигр өзені бойындағы қала.

239. 1096 жылы:

- A. Төртінші Крест жорығы;
- B. Ағылшын парламенті құрылды;
- C. Иерусалимге шұбырған кедейлер тобы селжүктермен шайқаста талқандалды;
- D. Кресшілер Византия астанасын тіке шабуылмен алды;
- E. Батыс Еуропа феодалдарының шығысқа жасаған жорықтары аяқталды.

240. Кресшілердің мемлекеті:

- A. Польша мемлекеті;
- B. Болгар патшалығы;
- C. Венгер корольдігі;
- D. Иерусалим корольдігі;
- E. Германия мемлекеті.

241. XV ғ. аяғында:

- A. Жүзжылдық соғыс аяқталды;
- B. Польша мемлекеті құралды;
- C. Францияның бірігуі аяқталды;
- D. Жакерия жеңіліске ұшырады;
- E. Германияның бірігуі аяқталды.

242. XIV ғ. қай елде парламент лордтар және қауымдар палатасына бөлінді?

- A. Франциядағы Бас штаттар;
- B. Англия парламенті;
- C. Киев Русінде Земство соборы;
- D. Парламент екі палатаға бөлінген жоқ;
- E. Германия парламенті.

243. XII ғ. Францияда пайда болған рыцарьлық дастан:

- A. Роланд туралы жыр;
- B. Робин Гуд;
- C. Түлкі туралы роман;
- D. 12 статья;
- E. 95 тезис.

244. XII-XV ғғ. құрылыстар қалай аталды?

- A. Астрология;
- B. Астрономия;
- C. Моникалы;
- D. Романдық;
- E. Готикалық.

245. Үндістанды жаулап алып Ұлы Моғолдар империясының негізін салушы:

- A. Хорезмшах Мұхаммед;
- B. Ақсақ Темір;
- C. II Мехмед;

- D. Стефан Душан;
- E. Бабыр.

246. Жапонияда сегунаттың әскери басқармасы қалай аталды?

- A. Сеен;
- B. Бакуфу;
- C. Асикага;
- D. Тайка;
- E. Дайме.

247. Солтүстік герман қалаларының Ганза одағы қалыптасқан уақыт:

- A. XII ғ. соңы;
- B. XIV ғ.;
- C. XIII ғ.;
- D. XVI ғ.;
- E. V ғ. соңы.

248. Гуманистердің қайсысы көне грек тілінен Вульгатаны (латын тіліндегі Библия) латыншаға аударып, оның қатесін шығарды?

- A. А. Бругал;
- B. Лютер;
- C. Эразм Роттердамский;
- D. Ультрих фон Гуттен;
- E. Иоганн Рейхлин.

249. Еуропалықтардың Қытайға алғаш келуі:

- A. 1501 ж.;
- B. 1516 ж.;
- C. 1506 ж.;
- D. 1498 ж.;
- E. 1510 ж.

250. Каппель түбіндегі шайқас.

- A. 1531 ж.;
- B. 1541 ж.;
- C. 1521 ж.;
- D. 1438 ж.;
- E. 1569 ж.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНЫҢ ЖАУАПТАРЫ

1 - C	43 - A	85 - D	127 - A	169 - A	211 - A
2 - A	44 - A	86 - E	128 - A	170 - A	212 - A
3 - E	45 - B	87 - B	129 - B	171 - C	213 - A
4 - A	46 - D	88 - A	130 - B	172 - A	214 - A
5 - D	47 - C	89 - C	131 - B	173 - C	215 - C
6 - A	48 - C	90 - C	132 - B	174 - B	216 - D
7 - C	49 - B	91 - D	133 - E	175 - C	217 - D
8 - A	50 - C	92 - B	134 - C	176 - D	218 - A
9 - C	51 - B	93 - E	135 - E	177 - E	219 - D
10 - A	52 - B	94 - A	136 - C	178 - E	220 - B
11 - D	53 - B	95 - E	137 - D	179 - C	221 - C
12 - A	54 - D	96 - D	138 - A	180 - C	222 - A
13 - A	55 - A	97 - D	139 - E	181 - A	223 - B
14 - D	56 - C	98 - A	140 - D	182 - E	224 - A
15 - D	57 - C	99 - B	141 - D	183 - E	225 - C
16 - E	58 - A	100 - A	142 - C	184 - E	226 - A
17 - A	59 - D	101 - B	143 - C	185 - D	227 - E
18 - D	60 - A	102 - D	144 - E	186 - A	228 - B
19 - E	61 - E	103 - A	145 - D	187 - A	229 - D
20 - B	62 - A	104 - C	146 - B	188 - C	230 - B
21 - E	63 - A	105 - D	147 - A	189 - D	231 - C
22 - A	64 - C	106 - A	148 - B	190 - A	232 - D
23 - B	65 - A	107 - A	149 - A	191 - A	233 - A
24 - C	66 - C	108 - A	150 - B	192 - A	234 - C
25 - D	67 - C	109 - C	151 - C	193 - A	235 - A
26 - E	68 - A	110 - A	152 - A	194 - A	236 - D
27 - A	69 - B	111 - A	153 - B	195 - A	237 - C
28 - E	70 - C	112 - B	154 - A	196 - B	238 - B
29 - B	71 - B	113 - B	155 - C	197 - A	239 - C
30 - C	72 - C	114 - D	156 - B	198 - C	240 - D
31 - D	73 - A	115 - A	157 - B	199 - E	241 - C
32 - E	74 - C	116 - D	158 - A	200 - D	242 - B
33 - D	75 - E	117 - E	159 - C	201 - D	243 - A
34 - E	76 - D	118 - A	160 - A	202 - B	244 - E
35 - A	77 - A	119 - A	161 - D	203 - C	245 - E
36 - C	78 - A	120 - B	162 - B	204 - A	246 - B
37 - D	79 - B	121 - E	163 - D	205 - A	247 - B
38 - D	80 - A	122 - A	164 - B	206 - D	248 - C
39 - B	81 - A	123 - D	165 - D	207 - B	249 - B
40 - C	82 - E	124 - A	166 - E	208 - B	250 - A
41 - B	83 - D	125 - C	167 - B	209 - A	
42 - B	84 - A	126 - E	168 - D	210 - B	

ГЛОССАРИЙ

Аллод – VI ғасырдың аяғында ерікті франктердің мұралық үлес жерлері шағын жеке жанұялардың толықтай еркін пайдаланатын жекеменшік жеріне айналдырылды. Бұл аллод деп аталды. Енді жер қауым мүшесінің мұраға қалдыра алатын, сыйға тартуға немесе сатуға болатын жеке меншігіне айнала бастады.

Абсолюттік монархия – феодалдық қоғамдағы мемлекет басқару түрі; мемлекеттік жоғарғы өкімет түгелдей монархтың дара, шексіз билігінде болады.

Алым (оброк) – феодалдық Еуропада шаруалардың өз шаруашылығында өндіретін өнімдер мен бұйымдарды мырзасына төлем түрінде беруі. Тауар-ақша қатынасының дамуына байланысты алым кейін ақша түрінде төленіп отырды.

Антагонистік таптар – таптық қоғамдағы бірін-бірі қанайтын тап өкілдері. Мысалы, феодалдық қоғамдағы феодалдар мен шаруалар, капиталистік қоғамдағы буржуазия мен жұмысшылар.

Астролябия – жұлдыздардың орналасуына қарай кеменің келе жатқан жерін анықтау үшін бұрыштарды өлшеуге арналған ортағасырлық аспап.

Аутодафе (исп. діннің ісі) – орта ғасырларда көптеген елдерде инквизиция сотының үкімі жарияланысымен, еретиктерді және олардың жазғандарын жиналған халық алдында өртеп жіберіп отырған. Ол аутодафе – дін ісі деп есептелінеді.

Бенефиция латынның қайырым, сыйлық деген сөзінен шыққан. Кароль Карл Мартелл тұсында жерді сыйлыққа үлестіріп берушілік мейлінше кең қолданылды.

Бокленд – грамота бойынша сыйланған жер. Англо-сакс тілінде «бок» – грамота, «land» – жер деген сөз. «Бокленд», яғни грамота бойынша иемденетін жер деген сөз. VII ғасырда басталған феодалдану үдерісі кезеңінде англосакстарда арнайы грамоталар арқылы жер сыйлаушылық кең таралды. Бокленд Англияда ірі феодалдық жер иеленушіліктің өркендеуі үшін маңызды рөл атқарды.

Бонгэ – X-XV ғасырлардағы жапон шаруаларының атауы.

Барон – Батыс Еуропадағы дворяндық лауазым, орта ғасырда барон корольдің бірден-бір вассалы, рыцарьлардың сеньоры болды.

Булла – папа грамотасына жіппен ілулі тұратын қорғасын мөр. Бұл атау кейін грамота сөзіне ауысты. Католик шіркеуі мен папа тарихы жөніндегі түп деректер папа грамоталары орта ғасырлар тарихында маңызды орын алады.

Барокко (итал. ғажайып) – XVI-XVIII ғасырлардағы Еуропа мен Американың архитектуралық өнеріндегі негізгі стильдік бағыт. Сәулетті, монументальды сарайлар мен шіркеулер айшықты, сәнді, күрделі өрнектермен безендірілген.

Баррикада (француз тілінде «бөгде» деген сөз) – қарулы күресте көшелерге, жолдарға кез келген заттарды (тас, құм, ағаш, жабдық, т.б.) үйіп, бөгесін жасау арқылы олардың жолын бөгеу, бетін қайтарып, кедергі келтіру.

Барщина – басыбайлы шаруалардың феодал шаруашылығында жетісіне бірнеше күн тегін, еріксіз істейтін жұмысы. Барщина мен оброк тәуелді шаруалардың негізгі борышы саналды. Барщина кеңінен таралған еріксіз еңбек түрі.

Варварлар – (гректің «жат жерлік адам» деген сөзінен шыққан) – надан, қатыгез адамдар. Гректер мен римдіктер осылай атаған герман тайпаларының шапқыншылығы құлиеленушілік құрылысты жойды.

Гегемония – (гр. «hegemonia» – басымдылық, басшылық, үстемдік) – белгілі бір таптың немесе мемлекеттің басқа таптардан, мемлекеттерден басым болуы, басшылық етуі, жетекшілік рөлі.

Герцог – 1. Ертедегі германдықтарда сайланып қойылатын әскери көсем, одан соң тайпа басшысы; 2. Феодалдық бытыраңқылық дәуірінде ірі жер иеленуші феодал (король вассалы); 3. Батыс Еуропадағы ең жоғарғы дворяндық титул.

Готика («гот» герман тайпасының атынан шыққан) – XII ғасырда Францияда қалыптасып, кейінгі орта ғасырларда бүкіл Батыс Еуропаға тараған, негізінен сәулет өнері стилі.

Домен – 1. Батыс Еуропада феодализм дәуіріндегі феодалдық поместьенің бөлігі, онда феодал өзінің меншікті шаруашылығын жүргізіп, оған кіріптар және жерсіз шаруалар еңбегін пайдаланады; 2. Король домені – корольдің мұрагерлік жер меншігі.

Дза – Жапониядағы қолөнершілер бірлестіктері. XII ғасыр басында Хэйан (Киото) және Нара сияқты ірі қалаларда құрылып, кейін XIII ғасырда дзалар бүкіл елде кең тарай бастады. Дзалар алдымен император сарайы үшін, кейін сарай ақсүйектері мен бай монастырьлар үшін еңбек етті. Дзалар әрі цех, әрі гильдия қызметін атқарды.

Жакерия – 1358 жылы мамыр айының аяғында болған Франция тарихындағы ірі шаруалар көтерілісі. Сол кездегі шаруаларға қарата айтылған жалған ат (кличка) «Жак простак» сөзі бойынша көтерілісшілер «жактар» деп аталды. Кейін осыдан «Жакерия» атауы пайда болады.

Кардинал – католик шіркеуінің Рим папасынан кейінгі жоғарғы атағы: XI ғасырдан бастап кардиналдар Рим папаларын сайлайды.

Коммуна – өзін-өзі басқаруға қол жеткізген қала.

Король – 1. Феодалдық немесе буржуазиялық мемлекеттің басшысының титулы; 2. Ауыспалы мағынасында өндірістің, банкінің қожасы; 3. Карта, шахмат ойындарындағы атаулар.

Медиевистика – (латынның осы терминінен шыққан) Орта ғасырлар тарихын зертейтін ғылымның бір саласы.

Марка – көршілес қауым. Аллодтың пайда болуымен байланысты қауым – марка бұрынғыдай руластардан емес, көршілерден құралды. Қауым – марка мүшелерінің әрқайсысы енді жеке-дара жанұяның қожасы ретінде өзінің жер үлесінің аллодының толық меншікті иесі бола алды.

Майордом (лат. «maior» – үлкен, «domus» – үй) – бастапқыда франк мемлекетінде король сарайының шаруашылық басқарушысы болған майордомдар кейін ірі жер иеленушілерге айналып, корольдіктің белгілі бір аймағының басқару жұмыстарын өз қолдарын, шоғырландырды. Жергілікті жер аристократиясының көсемі, әскери қолбасшы ретінде танылды.

Монарх (гр. «monarchos monos» – бір, «archos» – әкім) – өкім билігі басында бір өзі тұрған шексіз билік иесі (патша, император, король, фараон, сұлтан, шах).

Ост-Үндістан компаниясы – Колумбтың саяхатынан кейін Вест-Үндістан (Батыс Үндістан) деп аталған Кариб теңізінің аралдарынан басқа Үндістан түбегіне орналасқан елдерді Ост-Үндістан деп атай бастады.

Прекарий – орта ғасырларда қолданылған жерді пайдаланудың бір түрі. Бұл әдіс Меровингтер кезеңінен басталып, VIII-IX ғасырларда кеңінен таралды. Прекарий сөзбе-сөз аударғанда «өтініші бойынша берілген жер» деген ұғым береді. Дәлірек айтқанда жерді шартты түрде ұстау деген сөз. Ірі жекеменшік жер иесі жері жоқ немесе жері аз шаруаларға белгілі бір шартпен (бір жылға, кейде тіпті өмірлік) жер береді.

Сегун – феодалдық құрылыс кезеңіндегі Жапонияның әскери-феодалдық билеушілерінің титулы.

Секта (лат. «secta» – оқу, бағыт) – Мемлекеттік үстем шіркеуден бөлініп шыққан діни қауым, топ. Ол діни бағыттағы догматтық көзқарасқа байланысты болды.

Сеньор (лат. «senior» – үлкен, аға) – орта ғасырда Батыс Еуропада әрбір ірі жер иесі феодал ұсақ феодалдарға, өзіне әскери қызмет атқарғаны үшін жерінің бір бөлігін шаруаларымен қоса бөліп беріп отырды. Жер иесі сеньор болды да, ал жер алған феодалдар оның вассалдары деп аталды.

Тэ-донми – кейінгі орта ғасырларда Жапониядағы феодалдық рентаның негізгі түрі осылай аталды.

Тэнно – ерте феодалдық Жапон мемлекетінде «император» ұғымын білдірді.

Шіркеу ондығы – Батыс Еуропада шіркеудің дін басылары мен храмдарды күтіп ұстау үшін халықтың барлық тапқан табысының оннан бір бөлігі алынатын айрықша салығы. Бұл салық бойынша орта ғасырда салық төлеушілер тек шаруалар болды.

Феодалдық рента (француздың «қайтарып беру» деген сөзінен шыққан) – феодалдың жалға берген жерінен жинап отыратын салығы. Орта ғасырларда феодалдық рентаның үш формасы: жұмыспен өтеу түріндегі рента (немесе барщина), азық-түлік түрінде (немесе заттай оброк) және ақша түріндегі (ақшалай оброк) болды.

Эмфитевзис – Рим империясының соңғы дәуірінде ұзақ мерзімге жалға жер алу, яғни эмфитевзис кең таралды. Эмфитевтер жер иелеріне белгіленген төлемдерін төлеуге және шаруашылықты жақсы жүргізіп отыруға міндетті болды.

Эпарх – Византия империясында Константинополь қаласының бастығы, қала бастығы.

Эрлдер – Англосакс тайпаларындағы ру ішіндегі аксүйектердің атауы.

Этати – Ерте феодалдық Жапон мемлекетінің құрылу кезеңінде құрылыс жұмыстарындағы міндеткерлік енгізілді. Ол «этати» деп аталды.

Яцукэ – Ерте феодалдық Жапон мемлекетінде «Яцукэ» деген үй шаруашылығындағы жекеменшік малай құлдар әлі де сақталып отырды.

ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫНЫҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕСІ

395	Рим империясының Батыс және Шығыс болып бөлінуі
406-442	Вандалдардың Рим империясының территориясына шапқыншылығы болды
410	Аларих бастаған вестготтар Римді бағындырды
418 – VIII ға- сырдың басы	Вестготтар мемлекеті
429-439	Вандалдардың Солтүстік Африканы жаулап алуы
439-534	Солтүстік Африкадағы вандалдар корольдігі
V ғ. ортасы – VII ғ. басы	Англосаксондық корольдіктердің құрылуы
455	Вандалдардың Римді басып алып, тонап талқандауы
457-534	Астанасы Лион болған Бургунд корольдігінің құрылуы
476	Батыс Рим империясының құлауы
481-511	Хлодвиг франк тайпаларының көсемі, королі
486	Суассон түбіндегі шайқас. Солтүстік Галлиядағы римдіктерді салиилік франктердің талқандауы. Франк корольдігінің құрылуы
486-751	Франк корольдігінің Меровингтер әулеті
493-555	Италиядағы Остгот корольдігі
507	Пуатье түбіндегі шайқас. Франктердің вестготтарды талқандауы. Аквитанияны жаулап алуы
527-565	Юстиниан I, Византия императоры
532	Константинопольдегі «Ника» көтерілісі
535-555	Византияның остготтармен соғысы және Остгот корольдігін жаулап алуы
541-552	Остгот корольдігін Тотиланың басқаруы
568-774	Италиядағы лангобардтар корольдігі
VI ғ. аяғы – VII ғ.	Славяндардың Балкан түбегіне қоныстануы
709-714	Арабтардың Испанияны жаулап алуы
715-741	Карл Мартелл Франк мемлекетінің майордомы
718-1492	Испанияда Реконкиста кезеңі
718	Испанияда Астурия корольдігінің құрылуы
732	Пуатье түбіндегі шайқас. Франктердің арабтарды талқандауы.
741-768	Пипин Короткий 751 жылдан Франк мемлекетінің королі

751-843	Франк мемлекетіндегі Каролингтер әулетінің билігі
768-814	Ұлы Карлдың билік етуі
800	Ұлы Карлдың император тағына отыруы
843	Верден келісімі. Каролингтер империясының бөлінуі.
871-899	Ұлы Альфред, Англия королі.
875-884	Хуан Чао бастаған Қытай шаруаларының көтерілісі
936-973	I Оттон Германия королі (962 жылдан император)
951	I Оттонның Италияға алғашқы жорығы
962	Герман королі I Оттонның Римде император тәжін киюі және Рим империясының құрылуы
969-1279	Қытайдағы Сун әулетінің билігі
987-1328	Франциядағы Капетингтер әулетінің билігі
1024-1125	Германиядағы Франкон әулеті билігі
1039-1056	III Генрих герман императоры
1054	Христиан шіркеуінің шығыс (православиялық) және батыс (католиктік) бөлікке бөлінуі
1066-1087	I Вильгельм Жаулаушы, Англия королі
1068-1073	Қытайдағы Ван Аньши реформасы
1086	Англиядағы «Қорқынышты сот кітабы»
1096-1099	Бірінші крест жорығы
1100-1135	I Генрих, Англия королі
1138-1254	Штауфендер әулеті билігі
1147-1149	Екінші крест жорығы
1152-1190	I Фридрих Барбаросса, Германия императоры
1154-1399	Англиядағы Плантагенеттер әулеті билігі
1154-1189	II Генрих Плантагенет, Англия королі
1176	Леньяно түбіндегі шайқас. Фридрих Барбароссамен шайқаста Ломбардия лигасының жеңісі.
1180-1223	II Филипп Август, Франция королі
1189-1192	Үшінші крест жорығы
1199-1216	Иоанн Безземельный, Англия королі
1202-1204	Төртінші крест жорығы
1215	Еркіндіктің Ұлы Хартиясы
1216-1272	III Генрих, ағылшын королі
1226-1270	IX Людовик, Франция королі
1265	Англиядағы ағылшын парламенті
1269-1270	Сегізінші крест жорығы

1272-1307	I Эдуард, ағылшын королі
1273-1291	I Рудольф Габсбург, герман королі (император)
1279-1295	Құбылай Қытайда Юань әулетінің негізін салушы
1279-1368	Қытайдағы Юань әулетінің билігі
1291	Швейцариялық Одақ
1294-1303	Папа Бонифаций VIII
1304-1307	Италиядағы «Апостольдық ағайындылар» көтерілісі
1327-1377	III Эдуард, Англия королі
1328-1589	Франциядағы Валуа әулеті билігі
1337-1453	Англия мен Франция арасындағы жүзжылдық соғыс
1346	Креси түбіндегі шайқас, ағылшындардың француздарды талқандауы
1356	Император IV Карлдың алтын булласы
1356	Пуатье шайқасы
1358	Жакерия көтерілісі
1368-1644	Қытайдағы Мин әулеті билігі
1378	Чомпилер көтерілісі
1381	Уот Тайлер көтерілісі
1382-1387	Солтүстік Италиядағы тукиндер көтерілісі
1389	Косово даласындағы шайқас
1410	Грюнвальд түбіндегі шайқас; Тевтон ордені әскерлерінің талқандалуы
1415	Ян Густің отқа өртелуі
1415	Азенкур жанындағы шайқас, француздардың ағылшындардан жеңілуі
1419-1434	Гусшілдер соғыстары
1428-1429	Ағылшындардың Орлеанды қоршауы
1429	Жанна д'Арк бастаған француз әскерлерінің Орлеанды қоршаудан босатуы
1431	Жанна д'Арктың отқа өртелуі
1442	Арагонның Неаполитан корольдігін жаулап алуы
1444	Варна түбіндегі шайқас; түріктердің кресшілерді талқандауы
1450	Англиядағы Джек Кэд көтерілісі
1451-1481	II Мехмед, түрік сұлтаны
1453,	Түріктердің Константинополь қаласын жаулап алуы,
29 мамыр	Византия империясының құлауы
1455-1485	Англиядағы Алкызыл және Ақ раушандар соғысы
1461-1483	XI Людовик, Франция королі

1473-1543	Николай Коперник
1475-1564	Микеланджело Буонарроти
1477	Нанси маңындағы шайқас, Бургундардың жеңіліп, Карл Смелыйдың қаза табуы, Бургундия мемлекетінің ыдырауы
1479	Арагон мен Кастилияның Испан корольдігіне бірігуі
1480	Испанияда инквизицияның құрылуы
1485-1603	Англиядағы Тюдорлар әулетінің билігі
1485-1509	VII Генрих Тюдор
1492	Гранада әмірлігінің құлауы, Реконкистаның аяқталуы
1492	Христофор Колумбтың Американы ашуы
1493-1519	I Максимилиан Габсбург, герман императоры
1494-1553	Франсуа Рабле, француз гуманисі
1494-1559	Италия соғыстары
1497-1498	Васко да Гаманың теңіз жолы арқылы Үндістанға баруы
1509-1547	VIII Генрих, ағылшын королі
1517	Лютердің 95 тезисін жариялауы. Германияда реформацияның басталуы
1518-1531	Цвинглидің Цюрихтегі қызметі
1519 -1521	Фердинанд Кортестің Мексиканы жаулап алуы
1521	Германиядағы Вормс рейхстагы, Лютерге қарсы эдикт қабылдануы
1519-1522	Магелланның жер шарын алғаш айналып шығуы
1524-1525	Германиядағы шаруалар соғысы
1525,	Томас Мюнцердің өлтірілуі
27 мамыр	
1531	Каппель түбіндегі шайқас. Цвинглидің қаза болуы.
1531-1536	Писсаро экспедициясының Перуді жаулап алуы
1536 -1564	Кальвиннің Женевадағы қызметі
1540	Иезуиттер орденін папаның бекітуі
1548-1600	Джордано Бруно
1549	Англиядағы Роберт Кет бастаған шаруалар көтерілісі
1553-1558	Мария Тюдор, ағылшын патшайымы
1556-1564	I Фердинанд, герман императоры
1556-1598	II Филипп, испан королі
1558-1582	Ливон соғысы
1558 –1603	Елизавета, ағылшын королевасы
1559	Испания және Франция арасындағы Като-Камбрези бітімі
1560-1574	IX Карл, Франция королі

1562 -1598	Франциядағы азаматтық соғыстар
1564-1576	II Максимилиан, «Қасиетті Рим империясының» императоры
1564-1616	Уильям Шекспир
1564-1642	Галилео Галилей
1568 -1571	Испаниядағы морискилер көтерілісі
1568-1582	Жапониядағы Ода Нобунага билігі
1571	Лепанто маңындағы шайқас
1566-1609	Нидерландия революциясы
1572	Париждегі Варфоломей түні
1574-1589	III Генрих, Франция королі
1576	Францияда Католиктік лиганың құрылуы
1576-1612	II Рудольф, «Қасиетті Рим империясының» императоры
1579	Нидерландия солтүстік провинцияларының Утрехт униясы
1582-1598	Жапонияда Хидэёсидің билік етуі
1584	Вильгельм Оранскийдің өлімі
1585	Париж лигасының құрылуы
1588	«Жеңілмейтін Армаданың» күйреуі
1588	Париж көтерілісі
1589-1610	IV Генрих Бурбон, Франция королі
1591-1598	Жапонияның Кореяға басып кіруі
1598	IV Генрихтың Нант эдикті
1600	Ағылшын Ост-Үндістан компаниясының құрылуы
1602	Голландия Ост-Үндістан компаниясының құрылуы
1607	Ағылшынның Виргиниядағы отарының құрылуы
1609	Германияда католиктік лиганың құрылуы
1609	Морискилердің Испаниядан қуылуы
1610-1643	XIII Людовик, Франция королі
1614-1615	Франциядағы Бас штаттар
1618-1648	Еуропадағы отыз жылдық соғыс
1624-1642	Ришельенің Францияны басқаруы
1626-1628	Францияның оңтүстігіндегі гугеноттармен соғыс
1635	Францияның отыз жылдық соғысқа енуі
1639	Жапониядағы Токугава режимі
1640	Испаниядан Португалияның бөлінуі
1644	Қытайда Маньчжурлар әулеті билігінің басталуы
1648	Вестфаль бітімі
1659	Францияның Испаниямен жасаған Пиреней бітімі
1665	Испанияның Португалияның тәуелсіздігін тануы

ӘДЕБИЕТТЕР

1. История средних веков. В 2 т. Т.1; Учеб. для вузов по спец. «История» / Под ред. З.В.Удальцовой и С.П. Карпова. – М.: Высшая школа, 1990.
2. История средних веков. В 2 т. Т.2; Учеб. для вузов по спец. «История» / Под ред. З.В. Удальцовой и С.П. Карпова. – М.: Высшая школа, 1991.
3. История средних веков. Учеб. для студентов ист. фак. пед ин-ов. / Под ред. Н.Ф. Колесниченко. – 2-ое изд. испр.и доп. – Москва: Просвещение, 1986.
4. История средних веков. (в двух томах). / Под ред. С.Д. Сказкин и др.изд. 2-ое. перераб. – М.: Высшая школа, 1977.
5. Н.Ә. Алдабек. Қытай тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
6. История Востока в шести томах. Т.2; Восток в средние века – М.: Изд. «Восточная литература» РАН, 1999.
7. История Востока в шести томах.Т.3; Восток на рубеже средневековья и нового времени XVI-XVIII вв. – М.: Изд. «Восточная литература» РАН, 1999.
8. Васильев Л.С. История Востока. В 2 т. Т.1; Учеб. по спец. «История». – М., 1998.
9. История Китая: Учеб. для студентов вузов. / Под ред. А.В. Меликсетова. – М.: Изд-во МГУ, 1998.
10. Жумагулов К.Т. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начало средних веков). – Алматы, 2002.
11. Всемирная история: Раннее средневековье. 7 т. / А.Н. Бадак, И.Е. Войнич, Н.М. Волчек. и др. – М.: «АСТ, Харвест», 2001.
12. Егер О. Всемирная история в 4 т. Т. 2. Средние века.– М.: ООО «Издательство АСТ», 2000.
13. Гутнова Е.В. Историография истории средних веков. 2-е изд. – М., 1985.
14. Мендрин В.М. История сегуната в Японии. – М.: СПб., 1999.

1562-1598	Франзиядағы көпшілік оқытқыштар
1564-1576	Д.Макломе және Кристиг Рим империясының императоры
1564-1616	Уильям Шекспир
1564-1642	Галилео Галилей
1568-1871	Испаниядағы қызылдар
1568-1582	Жапониядағы Ода Нобуна баласы

«Жоғары білім» сериясы

Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызы

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
(V ғ. екінші жартысы – XVII ғ. ортасы)**

Оқу құралы

Редакторы Ажар Ермішова

Техникалық редакторы Эльмира Заманбек

Корректоры Назгүл Бимағанбетова

Дизайнері Жәніс Қазанқапов

Компьютерде беттеген Ұлжан Бердібекова

Басуға 05.04.2013 қол қойылған.

Шартты баспа табағы б.т. 18,72. Пішімі 70х90 1/16.

Тапсырыс №0067. Таралымы 1000 дана

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қ., Ш. Айманов көшесі, 13